

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

ӘОЖ: 378.026.1

Қолжазба құқығында

**АХАТАЕВА ҰЛСАНА БОРАШҚЫЗЫ**

**Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-  
әрекетін дамытуға даярлау**

6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші  
пед.ғ.д., профессор  
Амирова А.С.

Шет елдік кеңесші  
PhD доктор, профессор  
Селахиддин Огулмуш  
(Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2021

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b>	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b>	4
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	5
<b>КІРІСПЕ</b>	6
<b>1 БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУЫҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	15
1.1 Болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің ғылыми еңбектерде қарастырылуы	15
1.2 «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні мен сипаты	29
1.3 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері	47
<b>2 БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУЫҒА ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІН МОДЕЛЬДЕУ</b>	63
2.1 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың қазіргі жайы	63
2.2 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі...	76
<b>3 БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУЫҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ</b>	102
3.1 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бастапқы кезеңінің диагностикасы	102
3.2 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың мазмұны мен әдістемесі	111
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперименттік жұмыс нәтижелері	146
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	153
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	156
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b>	167

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста төмендегі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. - Астана, 2017, 12 сәуір

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 Жарлығы

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы

ҚР МЖМБС 31-10-2018 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2018

Жаратылыстану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2015.

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Іс-әрекет**– адамның дүниемен қарым-қатынас тәсілі. Іс-әрекет барысында адам табиғатты, қоршаған айналаны игеріп, шығармашылық тұрғыда өзгертеді

**Зерттеу** (тура алғанда «іштей іздеу») кең мағынасында – деректерді анықтау мақсатындағы жаңа білім іздеу мен жүйелі тексеру. Тар мағынасында – қандай да бір нәрсені зерттеудегі ғылыми әдіс (үдеріс)

**Зерттеушілік іс-әрекет** – оқушылардың алдын ала белгісіз нәтижеге қарай шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын шешуге бағытталған оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формасы

**Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру** – оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытып, өзіндік жұмыстармен айналысуға, пәннің белгілі бір аймағында білімін жүйелендіруге, жинақтауға, тереңдетуге мүмкіндік береді және практикада қолдануға үйретеді

**Оқушының зерттеушілік іс-әрекеті** – баланың дүниетаным жайында көзқарасын дамытудың маңызды көздері

**Құзыреттілік** – білім, білік және тәжірибені еңбек қызметінде пайдалану қабілеті

**Даярлық** – тұлғаның бір нәрсе жасауға келісім беруі және өз үлесін қосуға мүдделі екендігін білдіретін термин, белгілі бір мәселеде көмектесуге оның толық дайын екендігінің белгісі, бір нәрсені істеуге дайын болу немесе толықтай дайын болуы

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОО – жоғары оқу орны

БОПӘ – бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

ШЛ – шығармашылық лаборатория

УШҰ – уақытша шығармашылық ұжым

СҒҚ – студенттердің ғылыми қоғамы

ЭТ – эксперименттік топ

БТ – бақылау тобы

СӨЖ – студенттік өзіндік жұмысы

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Қазіргі таңда қоғамдағы қарқынды өзгерістер бүгінгі заман тұлғасынан шығармашылықпен ойлауға қабілетті, өзіндік пікірі мен бастамашылдық сияқты жаңа сапалардың болуын талап етеді. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында маман даярлауда оларды дамыту ғана емес, сонымен бірге қазіргі қоғамның интеллектуалдық әлеуетін сақтап қалуға ықпалын тигізетінін түсіну қиын емес. Елімізде қабылданған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту», - деп көрсетілген [1,б. 4]. Аталған мақсаттарды жүзеге асырудың көзі жоғары оқу орнында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау болып табылады.

Болашақ мамандарды даярлауға қойылатын талаптың бірі бүгінгі қоғамдық сұранысқа жауап беретіндей білімді меңгерумен қатар, өмірлік тәжірибеде қолданудың әдістемесін жетік білу үшін шығармашылық ізденіске түсе білетін тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті, - деп көрсетілген [2,б. 4]. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысында жоғары оқу орнында білім алушылар барлық кәсіби қызмет түрлерін меңгере отырып, ғылыми-зерттеушілік білім беруді шешудегі шығармашылық ізденістер, педагогикалық тәжірибені зерттеу, рефлексия, жобалау, диагностика жүргізу мәселесіне басымдық берілу қажет.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы ұсынған Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасында: «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында оқушылардың бойында қалыптастыруға қажетті дағдылар», - айқындалған [3,б. 12]. Бүгінгі жоғары оқу орнында білім алушылар келешек мұғалім болғандықтан солардың ішінде біздің жұмысымызға тікелей қатысты ғылыми-зерттеу, сын тұрғысынан ойлау, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті, проблемаларды шешу қабілеті дағдыларын университет қабырғасында меңгерту қажет деп есептейміз.

Біз қарастырып отырған болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау нақты зерттеу объектісі болмағанымен, жалпы болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлау, олардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту мәселелері әрқырынан талдағанына зерттеу барысында көз жеткізілді. Теориялық еңбектерді зерделеу нәтижесі психология мен педагогика ғылымдарындағы зерттеушілік іс-әрекет мәселесінің ғылыми бағыттарының сипаттарын білуге мүмкіндік берді.

Болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің психологиялық және педагогикалық астарлары: Қ.Б. Жарықбаев [4], Х.Т. Шеръязданова [5], А. Ерментаева [6], М.Қ. Бапаева [7], К.А. Абульханова [8], Р. Қоянбаев [9], Т.С. Сабыров [10], А.Е. Әбілқасымова [11], А.Қ. Рысбаева [12], Б.Т. Кенжебеков [13], Б.А. Тұрғынбаева [14], А.С. Амирова [15], К.Ж. Бұзаубақова [16], М.З. Джанбубекова [17], Қ.М. Нағымжанова [18], С.А. Нұржанова [19], А.Ш. Байтоқаева [20], Г.К. Баймукашева [21], Г.А. Байдан [22], Б. Барсай [23], Н.С. Қатаев [24], Н.Ф. Сморгунова [25], М.В. Дедловская [26], Е.Г. Диканова [27], А.Қ. Мошқалов [28], А. Сыздықбаева [29], К. Мулдабекова [30], А.С. Касенова [31], Г.Т. Абдуллина [32], М.Н. Оспанбекова [33], Т.Б. Кенжебаева [34], Ж.Б. Абишев [35], И.Н. Аляева [36] сияқты ғалымдар еңбектерінің түйінді мәселесі болған.

Зерттеушілік іс-әрекетті философиялық тұрғыда зерттеген ғалымдар т.б. еңбектері жұмысымыздың әдіснамалық негіздерін құрайды. Шығыс ғұламалары Аристотель [37], Әл-Фараби [38], философтар Ф. Бэкон [39], Р. Декарт [40], Дж. Локк [41], И. Кант [42], С.Л. Франк [43], Д. Маккинон [44], А.Ф. Осборн [45], А.М. Селезнев [46], И. Тейлор [47], Э.Г. Юдин [48], Т. Ғабитов [49], Ә. Нысанбаев [50], Қ. Әбішов [51], Д. Кішібеков [52], Г.А. Кактаева [53], әдіснамашы ғалымдар В.В. Краевский [54], А.М. Новиков [55] еңбектерінің зерттеушілік іс-әрекет мәселесінің әдіснамасы арқауы болған.

- зерттеушілік іс-әрекетті тәжірибе арқылы дәлелдеу қажеттігі А. Байтұрсынов [56], М. Дулатов [57], М. Жұмабаев [58], Ж. Аймауытов [59] және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

- болашақ мамандардың оқушылардың зерттеушілігін дамыту қоғамның барлық кезеңінде де педагогика ғылымының көкейкесті мәселесі ретінде бүгінгі күнге дейін Қазақстанда, ТМД және шетел ғалымдарының еңбектерінде зерттеліп келеді. ТМД көлемінде психолог ғалымдар А.Н. Леонтьев [60], Л.С. Рубинштейн [61], А.Н. Поддъяков [62], И.А. Зимняя мен Е.А. Шашенкова [63], Н.Н. Ставринова [64], А.И. Савенков [65], Д. Берлайн [66], В.В. Давыдов [67], Н.В. Сычкова мен П.Ю. Романов [68], В.А. Петровский [69], В.В. Селиванов [70], В.П. Зинченко [71], отандық психологтар Ж.И. Намазбаева [72], С.М. Жақыпов [73], Н. Тоқсанбаева [74], М. Мырзатаева [75] және т.б. атап өтуге болады.

Болашақ мамандар мен бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуды әрқырынан отандық педагог ғалымдар мен әдіскер-ғалымдар: Ш.Т. Таубаева [76], Н.С. Амелина [77], З.А. Исаева [78], Р.С. Рахметова [79], Қ. Аймағамбетова [80], Ү.Б. Жексенбаева [81], А.Е. Жұмабаева [82], Ж. Сардарова [83], Б.Н. Кадірова [84], Г.И. Уайсова [85], Г.Т. Садуақас [86], С.С. Измуханбетова [87], А.Б. Ибашова [88], А.М. Текесбаева [89], Р.Қ. Қарсыбаева [90], А.М. Жубандыкова [91], Н.Ғ. Даумов [92], Н.Т. Сартаева [93], т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Сонымен ғылыми әдебиеттерді аналитикалық зерттеу және қорытып талдау нәтижесінде айқындалған ізденіс бағыттардың жиынтығы

педагогикада ғасырлар бойы зерттеушілік іс-әрекеттің педагогикалық негізін құруға мүмкіндік беретін теориялық базаның кезеңдермен жинақталғанын көрсетеді. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдаулар барысында Қазақстандағы бастауыш мектептердегі оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетті дамыту мәселесінің ғылыми-педагогикалық және әдістемелік тұрғыда әрқырынан зерделенгеніне көз жеткізілді.

Білім саласында жүріп жатқан өзгерістер әлемдік білім кеңістігіне енудің алғышарты ретінде бастауыш сыныптарда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетпен айналысуына, сыни ойлауға, проблеманы шешуге, білімді дайын күйінде бермей, белсенді іс-әрекетке түсуіне басымдық берілуі осы аталғандарды іске асыратын бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды даярлау міндетін жүктейді.

Алайда, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен педагогикалық-әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар, нәтижеге бағытталған білім беруді мақсат етіп отырғандықтан, оны жүзеге асыратын болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мәселесі арнайы қарастырылмағандығы айқындалды.

Осы тұрғыдан алғанда:

- қазіргі қоғам сұранысынан туындап отырған бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың қажеттігі мен білім парадигмасының өзгеруіне сәйкес оларды ұйымдастыруға даяр болашақ мамандарды дайындау мәселесінің арасында;

- мектеп оқушыларымен бастауышта оқытылатын барлық пәндер бойынша зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың талап етілуі мен болашақ мамандарды олардың бұл әрекеттерін дамытуға даярлаудың әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы **қарама-қайшылықтардың** бар екендігі анықталды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және аталған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу мәселесін айқындап, диссертациялық жұмыстың тақырыбын «Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» деп тандауымызға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың ғылыми-теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін жасап тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу, ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

**Зерттеудің нысаны:** жоғары оқу орнындағы оқыту үдерісі.

**Зерттеудің пәні:** кәсіби білім алу барысында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі дайындалып ЖОО білімдік үрдісіне енгізілсе, *онда* студенттердің оқушылардың оқу әрекетіндегі табыстылығын қамтамасыз ететін

зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлығының тиімділігі артады, өйткені арнайы жүргізілетін білімдік және тәжірибелік жұмыстар олардың аталмыш сапасының дамуына мүмкіндік береді.

### **Зерттеудің міндеттері**

1. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің теориялық негіздерін айқындау;

2. «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәнін нақтылау;

3. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық еңбектерде зерттелуін айқындау;

4. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

5. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемесін дайындау және тәжірибелік эксперимент арқылы тиімділігін тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлығы олардың тұлғалық сапасы, жалпы кәсіби дайындығының ізденушілік элементі ғана емес, бұл үдерісті табысты ететін негізгі фактор болып табылады.

**Зерттеу теориялық және әдіснамалық негіздері:** тұлғаның іс-әрекетте қалыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық ілімдер, тұжырымдамалар, ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы; рефлексия; өзін-өзі дамыту туралы тұжырымдамалар; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, инновациялық технологиялар туралы педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалар, ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалар, оқытудың дидактикалық заңдары мен принциптері.

**Зерттеу көздері:** философтардың, педагогтар мен психологтар еңбектері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және көпсатылы оқу орындарының оқу үдерісіне байланысты ұсынған құжаттары (тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары), педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ресми материалдар мен құжаттар (Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттары, университеттік білім беру жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жинақталған әлемдік озық тәжірибелер және автордың педагогикалық, ғылыми іс-тәжірибелері алынды.

### **Зерттеу әдістері**

- Теориялық әдістер: ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау, жинақтау, контент-талдау, құрылымдау, ассоциациялау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау;

- эмпирикалық әдістер: ойша эксперимент, сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика, педагогикалық эксперимент, статистикалық алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу, мониторинг, сараптау.

**Зерттеу базасы:** тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті мен Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті «5В010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттерімен жүргізілді. Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарға барлығы 120 студент қатысты, оның 61 студенті эксперимент тобы және 59 студенті бақылау тобы ретінде алынды.

#### **Зерттеудің негізгі кезеңдері**

Бірінші кезеңде (2017-2018 ж.ж.) білім саласында жүріп жатқан өзгерістерге орай болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мәселесінің өзектілігі айқындалып, осы мәселеге қатысты шетелдік және отандық ғылыми-теориялық, әдістемелік еңбектер таңдалып, мәселенің зерттелуі мен жоғары білім жүйесіндегі тәжірибенің жай-күйіне талдау жасалуы барысында зерттеудің теориялық негіздері; зерттеу тақырыбы және ғылыми аппараты анықталды.

Екінші кезеңде (2018-2019 ж.ж.) зерттеудің ғылыми болжамына сәйкес жоғары білім беру жүйесінде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың ерекшеліктері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Зерттеу тақырыбының тиімділігін арттыратын тәжірибелік-экспериментке арналған арнайы курс бағдарламасы мен әдістемесі әзірленді.

Үшінші кезеңде (2019-2020 ж.ж.) зерттеу барысында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауға бағытталған арнайы курс бағдарламасы, оқу-танымдық зерттеу мен ғылыми зерттеу тапсырмаларының практикаға ендірілуі белгіленген зерттеу базаларында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда сынақтан өткізілді. Тәжірибелік-эксперимент барысында алынған нәтижелер сарапталып, статистикалық тұрғыда өңделіп, диссертация түрінде рәсімделді.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі**

1. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің теориялық негіздері айқындалды;

2. «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні нақтыланды;

3. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық еңбектерде зерттелуі айқындалды;

4. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

5. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың оқу-әдістемелік кешені дайындалды.

## **Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы**

1. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемелік кешені: болашақ мамандарға арналған «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы; бастауыш сынып оқушыларына арналған «Зерттеу алгоритмі» атты күнделік-дәптері мен «Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар» атты әдістемелік құралы дайындалды. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар**

1. Жоғары оқу орнында болашақ мамандарды даярлау үдерісі психологиялық, педагогикалық зерттеу еңбектерінде қарастырылып келеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің психологиялық даярлығы субъектіліктің мәндік сипаттамалары мен тұлғаның қасиеттері қалыптасуында қоғаммен, ортамен өзара әрекеттерінің күрделі динамикалық жүйесі екенін түсінуге жағдай жасалады. Болашақ мамандардың оқу-танымдық қызметі зерттеушілік ізденуімен, оның ішінде мәселелерді болжай білуімен, проблеманы шешуімен ерекшеленеді. Студенттердің белсенділігін, ізденімпаздығын, шығармашылық қабілеттерін дамытатын, оқу-танымдық зерттеу мен ғылыми-зерттеу жұмысы бағытында мамандар даярлау мәселесі теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделеді. Осы бағыттағы зерттеулер біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық негізін құрайды.

2. Зерттеушілік іс-әрекет алдымен жобалауды қажет етеді. Зерттеушілік іс-әрекетті жобалау ұзақ уақытты қажет ететін үдеріс, сондықтан болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үшін студенттердің білімі мен білігін зерттеушілік тұрғысынан ұйымдастырып, теорияны тәжірибемен байланыстыра шешуге басымдық беріліп, қажет біліктерін нақтылауға мүмкіндік туғызылады. «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының психологиялық-педагогикалық тұрғыда нақтыланған мәні мен оның сипаты зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі болып табылады.

3. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуды оқыту үдерісінде іске асыру, бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынастың субъектілік дамуын, яғни оқушының логикалық ойлауын, қиялын жетілдіріп, жаңа зерттеу нысанын жоспарлайды, оның жолдарын қарастырады. Зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру оқыту үдерісінің тұтастай жүйесін белгілі бір сипаттамаларымен, логикалық құрылымымен және оның жүзеге асыру үдерісімен реттеуді білдіреді. Болашақ мамандардың бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлығы оның кәсіби дайындығының бір бөлігі ретінде қарастырылып, оқу-зерттеушілік пен ғылыми-зерттеушілік әрекетті ұштастыруға мүмкіндік туғызатындай

психологиялық-педагогикалық біліммен қаруландыратын, теориялық негіздемесі жаңа тұрпаттағы педагогтің кәсіби сапасының көрсеткіші ретінде алынады.

4. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жүргізілген контенттік талдау, болашақ маманның зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға даярлауда басшылыққа алатын тұғырларын, принциптерін, әдістерін, компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауда басшылыққа алынып, оның құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруға негіз болды. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың өлшемдері мен компоненттері өзара бір-бірімен тығыз байланыста аталған даярлықтың негізгі құрылымын көрсетеді.

5. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіне болашақ мамандарға арналған «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасынан, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Зерттеу алгоритмі» атты күнделік-дәптері мен «Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар» атты әдістемелік құралынан тұратын әдістемелік кешенді тәжірибеге енгізуімен іске асырылады.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:** зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған педагогикалық технологиялардың сараланып қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін тексерумен арнайы курсты жоғары оқу орнының тәжірибесіне енгізумен қамтамасыз етілді.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімдігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі:** зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 9 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3 мақала ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 1 әдістемелік құрал жарық көрді:

1. The Evaluation of Primary School Teacher Role on Research Activities. International Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education (IJCRSEE) Serbia. – 2020. - V.8. -No.3. – P. 29-38. Scopus (индекс хирша).

2. Болашақ педагогтарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. – Алматы, 2020. - №8. –Б. 99-104.

3. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың теориялық негіздері. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. – Алматы, 2020. - №12/4 (150). –Б. 116-120.

4. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік іс-әрекетін анықтау. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. – Алматы, 2020. - №12/6 (152). –Б. 41-44.

5. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы зерттеушілік іс-әрекеттің орны. «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты». «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы. Алматы 2017. – Б. 34-38.

6. Инновациялық технологиялар негізінде болашақ мамандарды оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға даярлау. «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты». «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы ІІ халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы. Алматы 2018. – Б. 29-32.

7. «Зерттеу» мен «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні мен сипаты. «Педагогикалық инновациялар заманауи білім беру жүйесін дамыту ресурсы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. – Ақтөбе, 2019. – Б.19-22.

8. Бастауыш мектепте зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың жолдары. «Ғылым мен техниканың дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Шымкент: Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, 2020. – Б.274-278.

9. Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар: әдістемелік құрал. – Шымкент, 2020. – 206 б.

**Диссертация құрылымы:** диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 173 бетке компьютермен теріліп басылған. Ол 21 кесте, 26 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 164 аталымнан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеудің ғылыми аппараты, зерттеудің көкейкестілігі, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, зерттеу әдістері, базасы, зерттеудің негізгі кезеңдері, тәжірибелік маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі мен негізділігі, зерттеу нәтижелерінің сенімдігі, мақұлданыуы, тәжірибеге ендірілуі баяндалады.

**«Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың теориялық негіздері»** деп аталатын бірінші тарауда болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесі ғылыми еңбектерде қарастырылып, теориялық тұрғыдағы ғылыми

еңбектерге жасалған талдаулар барысында теориялық негіздері айқындалып, «зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының философиялық, психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі мәні, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері келтіріледі.

**«Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үдерісін модельдеу»** деп аталатын бірінші тарауда болашақ мамандарды оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту даярлығының жайы талданып, ЖОО оқыту үдерісінде оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштерінен түзілген, өте жоғары, жоғары, орта, төмен, өте төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделі сипатталады.

**«Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың тәжірибелік-эксперименттік жұмысы»** атты үшінші тарауда болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бастапқы кезеңінің диагностикасы, әдістемелік кешені даярланып: болашақ мамандарға арналған «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Зерттеу алгоритмі» атты күнделік-дәптері мен «Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар» атты әдістемелік құралының мазмұны келтіріледі. Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен олардың қорытындылары ұсынылады.

**Қорытындыда** зерттеу нәтижелері бойынша алынған тұжырымдар сипатталады. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

**Қосымшада** ғылыми және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда қолданылған зерттеудің нәтижелерін диагностикалау әдістемелері, оқу-әдістемелік құралдың мазмұны, сынақтан өткізілгендігі туралы акті, басқа да диссертацияға енбеген материалдар беріледі.

# 1 БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің ғылыми еңбектерде қарастырылуы

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деп нақты қадап көрсеткен болатын [94,б. 9]. Осы міндетті іске асырудың бірден бір жолы болашақ мамандарды даярлауда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың тетіктерін меңгеріп, оны тәжірибеде қолдана білуге үйрету болып табылады.

Болашақ мамандардың психологиялық даярлығы олардың іс-әрекеті мен қарым-қатынасының ахуалы ретінде жалпы бағытын анықтайды, мән-мағынасын көрсетеді, адамгершілік-рухани негізін тұрақты етеді, оң нәтижеге жеткізеді. Оқушылардың зерттеу іс-әрекетін дамытуда субъектілік іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруге қатынасымен, осы орайда дербестік, белсенділік, бастамашылдық, жауапкершілік сезінуімен сипатталады.

Студенттерді психологиялық дайындау проблемасын қазіргі заманға лайық етіп шешу іргелі зерттеу жүргізу арқылы ғана мүмкін болады. Мұнда психология ғылымында жинақталған білім мен құралған әдіс-тәсілдер негізінде болашақ мамандарды субъект тұрғысынан психологиялық дайындау мәселесі көтеріледі. Осы орайда субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің тұлға, маман ретінде өзіндік дамуына негіз болатын бірегей жағдай ретінде Қ.Б. Жарықбаев қарастырды [4, б. 9-13].

Студенттерге психологиялық білім беруде психология пәндері бойынша білімнің топтастырылған сипаттағы дәрістері тиімді болады. Ал студенттерді меңгерілген психологиялық академиялық білімді тәжірибеде қолдана алуға бағыттауды кәсіби дайындаудың басты шарты ретінде Х.Т. Шерьязданова көрсетеді [5, с. 12]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, интербелсенді әдістерді дәрістерде қолдану топтық жұмысты ұйымдастырудың теориялық білімді тәжірибеде қолдану, яғни зерттеу жұмысын жүргізуге даярлығын арттыруға болады деп санаймыз.

А. Ерментаева студенттердің психологиялық даярлықтарының дамуына ықпал ететін субъектіліктің құраушыларын анықтау үшін ғылыми еңбектерге кең ауқымды талдау жасай отырып, субъект параметрлерін нақтылау арқылы субъектіліктің мәнін ашатын, оны жан-жақты сипаттайтын өлшемдік қасиеттерді бөліп көрсеткен, тұлғаның субъект дәрежесіне жетуін танытатын субъектіліктің мәндік сипаттамаларын қорытындылап, жинақтаған. Олар: 1) белсенділік; 2) психологиялық қасиеттердің тұтастығы, ықпалдастығы; 3)

психологиялық қасиеттердің жүйелігі; 4) дербестік, автономдық; 5) саналылық; 6) жасампаздық; 7) имандылық, ізгіліктілік; 8) рух күші; 9) жауапкершілік; 10) қайраттылық, жігерлілік; 11) бастамашылық; 12) өзіне сенімділік және басқаларға сенім артуға қабілеттілік; 13) өз тағдырының, өмір жолының авторы бола алу; 14) дүниені тану мен өзгертіп, түрлендіруге қабілеттілік; 15) әлеуметке бағдарланған белсенділік; 16) шығармашылыққа қабілеттілік; 17) өзін-өзі тануға, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі актуалдандыруға қабілеттілік; 18) психологиялық қасиеттерді, процестерді, жай-күйді өзекті ете алу; 19) іс-әрекеттің белгілі бір түрлерін меңгеріп, оларды жетілдіре алу; 20) өмір сүру мен іс-әрекетте жеке-даралық сипаттағы стратегиялар мен мәнерлерді қолдана алу, яғни бірегейлікпен танылу; 21) өз болмысымен басқа да адамның болмысын, оның даралығын, құндылығын күшейте алу; 22) басқа адамды субъект ретінде қабылдауға, түсінуге қабілеттілік; 23) қарым-қатынасты диалогтік (субъект-субъект) негізде құруға, жетілдіруге қабілеттілік; 25) қайшылықтардың қандайын да шешуге қабілеттілік [6, б. 15]. Сонымен қатар автор субъектілік мазмұнында осы кезге дейін ғалымдардың назарынан қағыс қалып келген, бірақ студенттерді психологиялық дайындауда барынша ескеруді қажет ететін де жақтары бар.

*Біріншіден*, іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруге психологиялық даярлықтың болуы субъектілікті анықтауға мүмкіндік береді. Олай болса, болашақ маман субъект ретінде іс-әрекетті тек меңгеруге, қарым-қатынасты тек жүзеге асыруға ғана емес, жетілдіруге де қабілетті болады. Бірақ ол үшін арнайы (іс-әрекетті тікелей орындауға қатысты) біліммен қатар психологиялық даярлық жеткілікті дамуы шарт.

*Екіншіден*, психологиялық даярлық арқасында студенттер субъектілік ұстаныммен әлеуметтік ортаның, қоғамның, ұлттың, жалпы адамзаттың дамуына, жетілуіне ізгі қатынаспен мүдделілік таныта алады. Сонда болашақ маманның субъектілік қасиеттері өзінің ғана емес, басқалардың да дамуына рухани-адамгершілік құндылықтар, ғылыми-психологиялық білім негізіндегі қатынастарын қамтиды. Бұл қатынасты студенттердің әлеуметтік белсенділігі ретінде анықтаймыз.

*Үшіншіден*, студенттердің өз жан қуаттарына, психикалық қасиеттері мен жағдайына, өзінің психологиялық дамуына, өзінің әлеуметтік-психологиялық проблемаларына қатынасы оны субъект ретінде сипаттауға негіз болады. Басқаша айтқанда, болашақ маманның өз психологиясын, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, әлеуетті мүмкіндіктерін, шама-шарқын саналы түрде дәлме-дәл аңғаруға, түсінуге, білуге, дамытуға психологиялық даяр болуы субъект мазмұнына кіреді. Осы орайда ғана студент өзінің ішкі-сыртқы проблемаларын субъект ретінде өзі шеше алады [6, б. 15]. Автордың ұсынған тұлғаның өлшемдік қасиеттерінің қалыптасуы мен студенттерді психологиялық даярлауда ескеруге тиісті жақтарына басымдық беріп, болашақ маманның бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істейтінін ескере отырып, зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда аталған жағдайлар тікелей басшылыққа алынуы тиіс деп

санаймыз. Себебі, болашақ маман тек қана білім беріп қоймайды, зерттеу жұмысын ұйымдастыруда, немесе оған басшылық жасауда оқушылардың белгілі шешім қабылдауда кез келген проблеманы шешуге субъектілік көзқараста болуын қажет етеді.

М.Қ. Бапаева тұлғаның дамуының қайнар көзі – іс-әрекет болып табылады. Іс-әрекет тұлғаның қасиеттері қалыптасатын, субъектінің (белсенді адамның) әлеммен (қоғам, ортамен) өзара әрекеттерінің күрделі динамикалық жүйесі ретіндегі үдеріс деп түсініледі. Сонымен қатар автор субъектілік дегеніміз – адамның өз белсенділігінің, сыртқы әлемді ақиқат дүниені өзгертудің қайнар көзі екендігін білдіреді. Субъектілік іс-әрекеттің тұлғалық мағынадағы бағыттылығы мен таңдаулылығын анықтайтын (яғни адамның өзіне іс-әрекеттің маңыздылығын) пейілдер, қажеттіліктер, түрткілер, бағдары, қатынастарынан және мақсаттарынан байқалады», – деген [7, б. 122]. Жаратылыстану сабағында оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда белгілі бір тақырып бойынша мақсат қойып, оны іске асырудағы ынтасы, қызығушылығы, белсенді әрекеттерінің нәтижесінде жетуге болады.

К.А. Абульханова бойынша, субъект өз белсенділігі нәтижесінде қарама-қайшылықтарды тудырудың және оларды шешуге қабілеттіліктің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Автор белсенділікті студенттердің іс-әрекет пен қарым-қатынас процестеріне бастамашы болып, олардың мақсатқа сай нәтиже алуын үйлестіре алу; өздерінің іс-әрекет пен қарым-қатынасты жүзеге асыру тәжірибелері, білімдері, құралдары, амал-тәсілдері сынды жеке қуат күштерін рухани-адамгершілік негізде келісті қолдану; іс-әрекет пен қарым-қатынасқа жағдай жасау мен оны өзгерту ғана емес, осы іс-әрекет пен қарым-қатынасты жетілдіру арқылы өздерін де, өмірін де, ортаны да өзгертіп, дамыту қабілеттері деп қарастырғанын көруге болады [8, б. 56-75]. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеттерін дамытуға даярлауда автордың пікірін толығымен басшылыққа аламыз.

Р. Қоянбаев педагогикалық басшылықтың және оқушылардың танымдық іс-әрекетін меңгерудің функциясына бақылауды жатқызады. Бақылаудың психологиялық-педагогикалық мәні оқушыларға дер кезінде көмек көрсету. Олардың шығармашылық күшіне, қабілетіне сенім білдіру, оқушылардың оқу тапсырмаларын нәтижелі етіп орындау үшін ынталандыру және іске жұмылдыру. Бақылау процесінде мұғалім оқушыларға ерекше көңіл бөліп, құрмет сезімін білдіруі тиіс [9, б. 271]. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу іс-әрекетінің негізгі әдістерінің бірі бақылау болғандықтан, бұл тұжырымның біздің жұмысымыз үшін маңызы зор.

Т.С. Сабыров оқыту үдерісінің негізгі ерекшеліктерін таным процесі арқылы яғни онда қозғалыс болатынын, оқушы білмеуден білуге қарай жүріп отыратынын айта келіп, оқушының білім алуда ілгері қарай басуына себепкер күш-түрлі қайшылықтар, ал оларды шешу оқу міндеттері арқылы жүзеге асырылады деген тұжырым жасаған. Оқыту үдерісінде бала тек мұғалімнің

әсерін қабылдаушы объект ғана емес, оның оқу әрекеті мен өзінің психикалық процестерін басқару, өзін тәрбиелеуі оқытудағы субъект екенін айқындайды. Оқыту үдерісінде бала логикалық ойлау әрекетінің жалпы тәсілдерін қолдануға және дербес шығармашылық әрекет жасауға үйренеді,- деген тұжырым жасаған [10, б. 15-18]. Бұдан оқыту үдерісінде баланың логикалық ойлауын дамыту арқылы оларды өздігінен ізденуге, шығармашылыққа түсудегі зерттеу іс-әрекетін де меңгеретінін көруге болады. Оқушының субъектілік қатынасқа түсуі оның зерттеушілік іс-әрекетке түсуіне негіз болады деп есептейміз.

А.Е. Әбілқасымова оқу-танымдық қызметті өздігінен меңгерудің негізін құрайтын жалпы оқу білігі – жоғары оқу орнындағы оқу-танымдық қызмет студенттердің көбірек ізденуімен, оның ішінде оны ұйымдастыру мәселелерін шешудегі ізденімпаздығымен ерекшеленеді (мысалы, бүкіл семестр бойына түрлі пәндер бойынша іздену жұмыстарын жоспарлау), мұның өзі нақты пәндік негізге тәуелсіз жоспарлау білігін дамыту үшін қолайлы жағдай жасайтындығына сипаттама берген. Жоғары оқу практикасында студенттердің белсенділігін, ізденімпаздығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін олардың оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмысы да пайдаланады. Автор ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты – теориялық білімдерді тереңдету және ғылыми проблемалардың шешімдерін іздестіру әдістерін игеру, - деген анықтама берген [11, б. 28-44]. Автордың пікіріне қосыла отырып, зерттеу барысында осы екі бағыттағы жұмысты бірлікте қарастырамыз.

А.Қ. Рысбаеваның пікірінше, тұлғаның табыстылық әрекеті ғылыми білімдер жүйесі ретіндегі педагогикалық ұғым, яғни жеке тұлғаның дұрыс нәтижеге жетуі деп санайды. Біртұтас педагогикалық процесс теориясының бірден-бір өзіндік ерекшеліктерін, оның әртүрлі теорияларды дамыту арқылы қалыптасатынын: оқыту, тәрбиелеу, тұлғаны дамыту, әрекет теориялары, т.б. байланыстыра қарастырады. Автор табыстылық әрекетін зерттей отырып, біртұтас педагогикалық процесс теориясын басшылыққа алып, онда жинақталған білім феноменінің ішкі және сыртқы құрылымын, оның белгілері мен қасиетін айқындайтынына көз жеткізген. Мұғалімнің сыртқы табыстылық әрекетіне оның кәсіби шеберлігі яғни “педагогикалық техникасын” жатқызады.

Педагогикалық техникаға: дауыс ырғағы, бет келбеті, мимикасы, мұғалімнің күнделікті өзін-өзі тәрбиелеуі мен дамытуды, ал, ішкі табыстылық әрекетке педагогикалық технологияларды кәсіби шеберлікпен пайдалануды жатқызған. Негізгі теориялық ережелерді басшылыққа ала отырып, мұғалім педагогикалық процестің субъектісімен өзара әрекетті ынтымақтастықта жүзеге асырады. Мақсат пен нәтиженің бірлігіне қол жеткізуде теориялық білім мен практикалық дағдысын меңгерту қажет деп санайды. Мұғалімнің табысты әрекетінің өлшемі оның оқушысын табысты етеді.

Мұғалімнің мақсатты бағытталған, мазмұнды әрекеті оқушы әрекетінің нәтижесіне сәйкес келеді деп тұжырымдаған [12, б. 179-198]. Бастауыш сынып мұғалімінің табыстылық әрекетінің нәтижесі оның сабақты шығармашылықпен ұйымдастыруы екені белгілі, ондай сабақтар оқушылардың зерттеушілік іс-

әрекетін қалыптастыруға ықпал етеді деп санаймыз. Бүгінгі күні жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыруда мұғалімдерге қойылып отырған талаптардың бірі зерттеуші-мұғалім біліктілік санатының берілуі де шығармашылықпен айналысатын мұғалімдерді ынталандыру болып табылады. Әрине, бұл табыстылықтың кепілі болмақ.

Б.Т. Кенжебеков кәсіби құзыреттілік ұғымына мынадай анықтама береді: кәсіби құзыреттілік – бұл кіріктірілген іргелі білімдер, адамның қабілеттері мен жинақталған біліктіліктерінің, оның кәсіби маңызды сапаларының, технологияны жоғары деңгейде меңгеруінің, мәдениеті мен шеберлігінің, ұйымдастырудағы шығармашылық әрекетінің, өзін-өзі дамытуға дайындығының бірігуі [13, б. 267]. Автордың пікіріне қосыла отырып, зерттеу тақырыбымыз бойынша, болашақ мамандар зерттеушілік іс-әрекет барысында алған білімдеріне негізделген теориялық талдаулар мен тәжірибелік әрекеттерге қажетті инновациялық технологияларды саралап пайдалануы нәтижесінде өзіндік жаңа нәтижеге жетуде өзін-өзі дамытады деген тұжырым жасаймыз.

Б.А. Тұрғынбаева шығармашыл мұғалімнің бойында болуы тиіс мынадай сапаларды: - өз бетінше білім көтерудің негізі ретінде қолданылатын шығармашылық, оны дамыту жайлы терең де тыңғылықты білімнің болуы; - мұғалімді шығармашылық әрекеттерге қызықтыратын мотивтердің болуы (өзінің шығармашыл мұғалім ретіндегі мәнін сезіну, әрі қарай дамуға деген қажеттілік); - өз бетінше білім алудың ізденушілік әрекеттер жасай алу біліктерінің дамыған болуы; - өзінің танымдық әрекетін, өзі ұйымдастыра білуі (өз бетінше білім алудың көздерін, формаларын таңдай білу, шығармашылық әрекетті өз бетімен бағыттай алуы т.б.), атап көрсеткен [14, б. 143]. Бұдан мұғалім бойында өздігінен білім алуда ізденімпаздыққа жетелейтін мәселені көре білу, шешімін табу жолдарын іздестіру, оң нәтижеге жетудің әдістерін зерделеу сияқты әрекеттер олардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға негіз болады деп есептейміз.

А.С. Амирова шығармашылыққа деген ынта мен ықылас шығармашылық іс-әрекетке саналы қызығушылықты оятып, болашақ мамандардың белсенді көзқарасын қорғайтын жаңа шешімдер мен идеяларды жүзеге асыруға ықпалын тигізеді. Болашақ бастауыш сынып мамандарын өзіндік шығармашылыққа, жекелік шығармашылықтың белсенді көрінуіне, қосымша ақпараттар іздестіруге, зерттеу тақырыбы аясында өз рефлексиясын жүзеге асыруға бағыттайды. Педагогикалық үдерісте өзін, өзіндік қасиеттерін түсіну – басқа оқытушылар меңгерген теория мен тәжірибелерді өзінің тұлғалық игіліктеріне айналдыру, өзінің ішкі қоры мен шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану деген сөз. Болашақ мамандарда педагогикалық шығармашылық жаңа идеялармен өмірге келіп, соған сүйенетін кәсіби-тұлғалық мотивация жағдайында пайда болады. Бұл шығармашылық идея ұзақ педагогикалық бақылау, тәжірибе немесе теория барысында тууы мүмкін. Соның негізінде әр білім алушы өзіндік шығармашылық тұжырымдамасын жасайды, - деген

түйіндеме жасаған [15, б. 113]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, зерттеу жұмысымызда басшылыққа аламыз.

К.Ж. Бұзаубақова «Зерттеуге үйрету» нұсқасының құрылымын 5 кезеңге бөліп ашып көрсеткен:

1-кезең. Проблемамен «соқтығысу».

2-кезең. Деректер жинау – «вертификация» (деректі мәліметтерді бекіту)

3-кезең. Деректер жинау – эксперимент жасау. Зерттелетін факторларды бөлу.

4-кезең. Түсіндіру: оқушылардың өз түсініктерін тұжырымдауы, ұсынуы.

5-кезең. Зерттеу барысында талдау жасау. Жүргізілген зерттеуге сынып бойынша оралу, жүргізу барысын талдау [16, б. 177]. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда автордың ұсынған 5 кезеңінде басшылыққа алуға болады деп санаймыз.

М.З. Джанбубекова болашақ мұғалімнің шығармашылық жеке тұлғасын қалыптастыру үшін, соның ішінде, студенттердің нақты пәндердің мақсатын көру мен міндеттерін қою білігін қалыптастыру үдерісін басқару үшін педагогикалық мақсаттар ұғымының мазмұнын, олардың тапсырмасының деңгейін, мақсат пен міндеттердің өзара байланысын, оқыту қызметтерін және оқыту міндеттерін анықтаудың тәсілдерін айқындау қажет, - деп санайды [17, б. 287]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау барысында зерттеушілік іс-әрекетті шығармашылықтың бір түрі ретінде қарастыратындықтан жоғары оқу орнында оқытылатын әрбір пәннің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ұсынылатын тапсырмаларды да жоғары деңгейде құрастыру қажет деп есептейміз.

Қ.М. Нағымжанова: «Дамыған шығармашылық (өнімді) ойлы студент байқампаздығы және жадының жақсылығымен ерекшеленеді, айқын және жан-жақты білуге құштарлық танытады, бейнелеу әрекетінде, ойындарда, материалдар мен идеалдарды қолдануда ойлап тапқыш; саналы идеяларды жүзеге асыруға немесе саналы шешім табуға қабілетті, практикалық білімге қабілеттілік танытады, негізгі ұғымдарды жылдам меңгереді, ақпаратты тез есіне сақтайды. Мұндай студенттер білімнің көп аумағында жетістікке жетеді», - деп түйіндеме жасаған [18, б. 116]. Студенттік кезден бастап шығармашылыққа бейімділігімен, жаңаны жасауға ынтасының жоғарылығын, қандай да бір жаңа идеяны ойлап табу, оны іске асырудың тетігін меңгеруге қабілетті болса, өзінің білгенін оқушының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру үшін зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда белсенділік танытары сөзсіз.

Зерттеушілік іс-әрекетте оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеті екеуі қатар қолданылады. Оқу-зерттеу іс-әрекеті – оқу-тәрбие үдерісінің міндетті құрамдас компоненті, оқытушылардың ұйымдастыруымен және студенттердің таным үдерісінің белсенді атсалысумен құрылады. Оқу-зерттеу іс-әрекеті қосымша уақытты қажет етпейді, алайда студенттерді толық шығармашылық

әрекетке қатысуына ықпал етеді. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті – оқу үдерісінен тыс орындалады, ол оқу жоспарына қосылмайды, бұл іс-әрекетті ұйымдастырудың негізгі принципі студенттердің өз еркімен және өз бетімен орындалуы тиіс.

Студенттің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру, ең алдымен, өзінің рефлексиясын талдауға сәйкес келеді, өз іс-әрекеттерін өзгерту, өзін үнемі жетілдіру және рефлексия қажеттілігін тұрақтандыру және нәтижесінде тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігінің құрылымы қалыптасады.

С.А. Нұржанова креативті ойлау түсінігін нақтылауға мүмкіндік туғызатын ойлаудың негізгі қасиетін бөліп қарастырған. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жататын ондай қасиеттер мыналар:

- адамның проблеманы көре білуі және оларды түрлі мәселе ретінде тұжырымдай білуін проблемаға сезімталдық деп қарау;

- қысқа мерзім ішінде неғұрлым көп идея айтуға қабілеттілікті көрсететін ойлаудың жылдамдығы және шапшаңдығы;

- проблеманы сан қырынан көре білу қабілетіне негізделген ойлау икемділігі, оны түрлі аспектіде қабылдау;

- біртумалық, қалыптасқаннан бөлек, стандартты емес, жаңа идеяларды туғызатын қабілеттілікті айқындайтын өзгешелік;

- бір қарағаннан барлық проблемаларды қамти білу және ойлаудың образдылығы мен метафорлығы.

Шығармашылықтың жүзеге асуы сатылап жүретін үдеріс. Осы жүйенің ішкі бөліктері мен іске асу кезеңдеріне сай әрекет компоненттері өзара алмасып, бірігіп отырады. Болашақ маманның шығармашылық әлеуеті кәсіби білім алу кезінде байқалып, одан кейінгі кәсіби әрекетте дамиды. Шығармашылық үдерісінде болашақ маман кәсіби әрекетке қажетті жаңа нәтижелерге, жаңаша ойлау қабілетіне ие болады. Сонымен қатар, болашақ мамандарда қалыптасатын шығармашылық және танымдық белсенділік, шығармашылық қызығушылық пен ізденімпаздыққа негізделген іс-әрекеттер тізбегі креативті мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Жұмыстың мазмұнында жоғарыда аталып өткен шығармашылық белсенділік, шығармашылық қызығушылық, шығармашылық іс-әрекет, танымдық белсенділік, ізденімпаздық ұғымдары зерттеп отырған креативті ойлау ұғымының мазмұнын, түсіну аясын кеңітіп, нақтылай түседі, - деген қорытынды жасаған [19, б. 157]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға басшылыққа алынатын әрекеттер түрі ғылыми жобалар жасауда қажеттігін ескере отырып, басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

А.Ш. Байтоқиева студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын дамытуға оқу және оқудан тыс жұмыстардың тұтас педагогикалық үдерістің құрамдас бөліктері ретінде үйлесімділік ерекшеліктері және олардың өзара байланысының ықпалы ретінде көрсетеді [20, с. 17]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, болашақ мамандардың бастауыш сынып оқушыларының

зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін университет қабырғасында ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып, оның қыры мен сырын меңгеріп алуы тиіс деп санаймыз.

Г.К. Баймукашеваның пікірінше, «оқу-зерттеу іс-әрекеті» және «ғылыми - зерттеу іс-әрекеті» түсініктерін салыстыра отырып мынадай қорытынды келтіреді: студенттердің оқу-зерттеу жұмысы оқыту үдерісінің жүйесіне кіреді де, негізінен, семинарлық, практикалық, зертханалық сабақтарда жүзеге асырылады [21, б. 25]. Студенттердің оқу-зерттеу жұмысының мақсаты – теориялық білімдерді тереңдету және ғылыми мәселелердің шешімдерін іздестіру әдісін игеру. Осыларды меңгерген студенттің ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға мүмкіндігі артады. Жеке қызығушылығын қанағаттандыруға өздігінен ізденуге, яғни зерттеу жұмысымен жүргізуге әлеуеті жоғары болады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы студентті ізденуге баулудың әлде қайда жоғары дәрежесімен сипатталады және әдетте, оқу үдерісінің шеңберіне сыймайды, студенттердің ғылыми ұйымдары мен үйірмелерінде және ғылыми зертханаларда зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми-зерттеуге қатыса отырып, студент алған білімдерін бекітеді, толықтырады және оны жоғары сатыға көтереді. Олар өз бетімен жұмыс жасаудың әдістерін меңгереді, ғылыми эксперименттің әдісін игереді, оның қорытындысын түсінікті жолмен өңдейді және алынған мәліметтерден қорытынды жасайды. Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары аясындағы білім, білік, дағды болашақ мамандарды дайындаудың іргетасы болып табылады және жеке тұлғаның дамуында маңызды орын алады.

Оқу-зерттеу іс-әрекетіндегі басты ерекшелік ол оқытушының ұйымдастыруымен және білім алушының іс-әрекетінен тұрады. Зерттеу проблемасын анықтау, зерттеу болжамын, мақсатын, міндеттерін анықтауда оқытушы мен студенттің бірлесе жұмыс жасауының нәтижесі. Оның пікірінше, ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде студент өзбетінше зерттеу жүргізеді, оқытушы тек бақылаушы қызметін атқарады. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті жаңа білім алуға бағытталған, оқу-зерттеу іс-әрекеті – субъективті жаңа білім алуға бағытталған, яғни нақты осы субъект үшін жаңа білім.

Г.А. Байданның зерттеу жұмыстарында, оқу-зерттеу әрекеті – оқытудың барлық кезеңдерінде студенттер орындайтын оқу әрекетінің кез-келген түріне ғылыми жұмыс элементтерін енгізу арқылы оқу үдерісін белсенді түрде ұйымдастырудың кешенді жүйесі делінсе, ал ғылыми-зерттеу әрекеті – бұл өз бетінше, ерікті түрде, қызығушылықпен жұмыс жасауға негізделген, студенттің шығармашылық қабілетін дамытуға, кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған, жаңа, жас ғалымдар мен ғалым-педагогтерді тәрбиелейтін ғылыми жұмыстардың оқудан тыс формаларына студенттердің қатысуының кешенді жүйесі,- деген түсініктеме береді [22, с. 148].

Б. Барсай оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру туралы психологиялық-педагогикалық ережелерді негізге ала отырып, біз бастауыш сынып мұғалімінің «білімді және іс-әрекет амалдарын меңгеру үдерісін

басқару» түсінігінің мазмұнын айқындайтын дидактикалық біліктілігін төмендегіше анықтадық: оқу материалын меңгеру мақсатын қоя білу; меңгеру үдерісінде жағымды ынта туғыза білу; оқу материалын нәтижелі игеруді, қабылдауды ұйымдастыра білу; өтілген материалдарды ой-елегінен өткізуді қамтамасыз ете білу; алған білімді қолдану және қорытындылау білігі мен дағдысын қалыптастыра білу; білімді меңгеру барысын бақылауда ұстай білу; меңгеру үдерісіне түзету жасай білу, - деп көрсеткен [23, б. 80]. Біз автордың ұсынған оқу-танымдық қызметін ұйымдастыруға қажетті дидактикалық біліктілікті, оқу-зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда басшылыққа алуға болады деп есептейміз.

Н.С. Қатаев студенттердің өзіндік жұмысында мультимедиалық технологияларды пайдалануда мақсатқа жетуді белгілі білім мен дағдыны меңгеруге бағыттылық, жалпы әрекет тәсілдерін меңгеруге бағыттылық; оқу материалын меңгеруде мазмұндық талдаудан теориялық білімге өту принципін басшылыққа алу, оқу әрекетінің нәтижесі, яғни студенттің өзінің дамуымен байланыстырады. Өзіндік жұмыстарды орындауда мультимедиалық технологияларын пайдалану деңгейлерін айқындаған. Олар:


– *бірінші деңгей* өзіндік жұмысты орындауға дайындық, бұрын меңгерген материалдарды еске түсіру;

– *екінші деңгей* білімін өзіндік жұмыстарда қажетті жағдайда қолдана білу;

– *үшінші деңгей* өзіндік жұмысты шығармашылықпен орындауға меңгерген білімін жүйелеп, қорыту;

– *төртінші деңгей* шығармашылық әрекетке дайындық меңгерген материалдар негізінде жаңа нәтижелер алу [24, б. 142]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда тек сабақ үдерісінде ғана емес, сабақтан өзіндік жұмыстарда орындаған ғылыми жұмыстарын жатқызамыз. Сондықтан автордың ұсынған деңгейлері біздің жұмысымыз үшін маңызды болмақ.

Студенттердің зерттеу мәдениетін қалыптастыру сатысын анықтауда Н.Ф. Сморгунованың бағыты өте тартымды, бұл бағытта ол үш сатыны ұсынады [25, с. 52]. Бұл айтылғандарды графикалық түрде төмендегідей бейнеледік (сурет 1).



Сурет 1 - Н.Ф. Сморгунова бойынша студенттердің зерттеу мәдениетін қалыптастыру сатылары

Студенттерді зерттеу жұмыстарына тарту, бастапқыда аталған авторлар сияқты, бірінші курстан бастап жүргізіледі, яғни оқудың бірінші жылында жүзеге асырылатын *дайындық сатысы*. Бұл сатыда студенттер мәселені саналауды, гипотезаны ұсыну шеберлігін, зерттеу міндеттерін анықтауды, ғылыми әдебиетпен өз бетімен жұмыс істеуді үйренеді; конспект жазу дағдыларын тереңдетеді, практикалық сабақтарда баяндамалар жасайды, арнайы тақырыптар бойынша рефераттар жазады.

*Негізгі немесе тәжірибелік-диагностикалық саты*. 2-3 курс студенттері ғылыми зерттеу әдістемесі саласынан білім алады, танымдық және кәсіби мәселелерді модельдеуге, алған нәтижелерді талдауға үйренеді; тәжірибені сипаттау шеберлігін меңгереді, практиканы өткізу, студенттік пәндік үйірмелер, студиялар, секциялар кезінде диагностикалық әдістерді жинақтайды. Төртінші курста студенттер курстық жұмыс жазады, өздерінің зерттеу әрекеттерінің нәтижелерін көрсетеді, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады.

*Қорытынды саты*. Бұл сатыда өз бетімен зерттеу әрекеті міндеттерінің атқарылғаны, алынған нәтижелер, қорытындылар, нұсқаулар талданады.

Қарастырылған мәселеге қорытынды жасай отырып, студенттерді зерттеу әрекетіне дайындау, ең алдымен, оларда білімге деген қажеттіліктің қалыптасқандығы болуы керек деген шешім жасауға болады. Мұнда СҒЗЖ-на жетекшілік жасаған оқытушының рөлі өте маңызды. Оқу кезіндегі теориялық және клиникалық пәндер бойынша барлық практикалық сабақтарға мүмкіндігінше оқу материалын зерттеу және шығармашылық элементтерін енгізу қажет. Студенттердің мұндай жұмыстары қосымша уақытты талап етпейді және практикалық сабақтардағы оқу үдерісінің ажырамас, маңызды бөлігі болып табылады. Бұдан басқа, оқу үрдісіне енгізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы ғылыми зерттеу немесе нақты ғылыми-зерттеушілік сипат элементтері бар практикалық, зертханалық оқу тапсырмаларын, курстық жұмыстарды немесе жобаларды орындауды көздейді.

М.В. Дедловская бастауыш сынып мұғалімін кіші мектеп жасындағылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға даярлауға қатысты философия, әлеуметтану, психология, педагогика, жас шамасы физиологиясы, медицина ғылымдары саласындағы түрлі ұстанымдарға сипаттама бере келе, аталған даярлықтың жеке-тұлғалық және денсаулық сақтаушылық бағыттылықтағы білім беру, денсаулық сақтаушы және денсаулықты дамытушы орта жасау, студенттердің салауатты өмір салтына, денсаулық сақтау іс-әрекеттеріне деген ішкі мотивациясын дамыту сияқты педагогикалық шарттарын, моделін құрастырған [26, с. 24]. Болашақ мамандарды автор ұсынған денсаулық сақтаушы және денсаулықты дамытушы орта жасау идеясын негізге алу қажет деп санаймыз.

Е.Г. Диканова болашақ мұғалімнің кіші мектеп жасындағылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау бойынша денсаулық сақтаушы білім кеңістігінің қалыптасуы, білім беру процесінің табиғатқа сәйкестілік,

мәдениетке сәйкестілік принциптері негізінде ұйымдастырылуы, білімдердің денсаулық сақтаушы жеке-тұлғалық бағдарланған педагогика тұрғысынан кіріктірілуі сияқты педагогикалық үдерістің маңызды шарттарын, әсіресе, осы даярлықтың ниеттестің-ынталандырушылық, гнесеологиялық, жобалаушылық, бейімдеушілік қызметтерін айқындаған [27, с. 182]. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау барысында аталған педагогикалық қызметтерін ескереміз.

А.Қ. Мошқалов студент тұлғасының шығармашылықпен өзін-өзі дамыту тетігі туралы: «Әрбір студенттің бойында болашағы зор шығармашылық қабілет болғанымен, оның шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы кәсіби-педагогикалық іс-әрекет жолында және әлеуметтік ортада пайда болатын қиыншылықтарды жеңген кезде ғана өз жемісін бере алатындығын айта келіп, ол жеткілікті шығармашылық белсенділік арқасында күшейіп, шығармашылықпен өзін-өзі дамытудың аса жоғары деңгейіндегі жеке тұлғаның шығармашылығының қалыптасуына әкеледі», - деген пікір білдірген [28, б. 138]. Әрине студенттердің өзін-өзі дамытуы оның шығармашылық жұмыстың нәтижесінен көрініс береді. Ал, шығармашылық жұмыстың нәтижесі зерттеу іс-әрекетінің табыстылығына байланысты деген тұжырым жасаймыз.

А. Сыздықбаева болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жолдарына өзіне-өзі бағдарлама жасау белсендігін арттыру үдерісі (өзіне жүктеме алу), алғашқы тәжірибенің өзектілігі (келешекте өзіндік «Мен болашақ бастауыш сынып мұғалімі-зерттеушімін» тұжырымдамасын бекітуге әдіснамалық білімді меңгеру), өзін бастауыш сынып мұғалімі-зерттеуші ретінде педагогикалық практика кезінде сезінуі өзін өзі жүзеге асыруы (өз жүктемесін кәсіби іс-әрекетте шындықта сезіну), - деген тұжырым жасаған. Сонымен қатар автор «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зерттеушілік құзыреттілігінің негіздері» атты элективті курс бағдарламасын әзірлеп, соның негізінде әдістемесін ұсынған [29, б. 64]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда құзыреттілік тұрғысынан келу қажет деп санаймыз.

К. Мулдабекова кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіндегі болашақ мамандардың субъектілік бағыты оған өзінің болашақтағы кәсіби әрекеттерін толығымен қабылдап, оларды практикалық қайта өңдеу пәніне айналдыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ мұндай бағыт болашақ маманға өзінің жеке мүмкіндіктерін, болашақта тұлғалық өсуін саналауға ықпал етеді, білім алушыны шығармашылық ізденіске итермелейді. Субъектілік бағыттың кәсіби білім берудің қазіргі жағдайында маңызы аса үлкен, өйткені педагогқа да, кәсіби әрекеттердің кез келген субъектісіне де ең жоғары талаптар қойылады: ол сан алуан кәсіби мәселелерде тез бағдар алуына, қажет болғанда өзінің әрекеттері бағытын өзгертуге даяр, өз мамандығын үнемі

жетілдіріп отыруы керек [30, б. 50]. Бұдан кәсіби құзыреттілік ұғымы даярлық сапасына қойылатын талап немесе теориялық білімдері мен практикалық біліктілігі, тәжірибеден өткізілген кәсіби шеберлігінің маңызды сапасы ретінде қарастырылатынын көруге болады. Біздің тақырыбымыз зерттеушілік іс-әрекетке қатысты болғандықтан оған түсу үшін зерттеу жұмысына байланысты теориялық білімі мен практикалық біліктілігінің үйлесімділігін қажет деп санаймыз.

А.С. Касенова жоғары оқу орындарында студенттердің құрдастарымен, ұстаздарымен, практикада мектеп оқушыларымен, отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас жасай білуі, өзге адамдарды түсінуі, қабылдауы, әр адамның құндылығын және даралық ерекшелігін жасына, жынысына, ұлтына қарамастан саналы түрде түсіне білуі және өзіне сырт көзбен қарап, өзінің көңіл-күйін, атқарған іс-әрекетінің себебін түсініп, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға беруі – тәрбиедегі басты мәселе болып саналады. Студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – мақсатқа бағытталған педагогикалық үдеріс, адам табиғаты мен әлемді жоғары руханилықты саналануына мүмкіндік туғызады, руханилықты тасымалдаушылары тәрбиеленушілер, педагогтер субъектілері тек жеткізіп қоймайды және өзіндік рухани ізденістері субъектісі ретінде жағымды мінез-құлқының нормалары мен ережелерінің жиынтығын қалыптастыру, - деп түйіндеме жасаған [31, б. 157]. Автордың пікіріне қосыла отырып, болашақ мамандарды даярлау барысында рухани-адамгершілік сапаларының жоғары деңгейде қалыптасуының біздің жұмыс үшін де маңызы бар.


Г.Т. Абдуллина болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық даярлығын жобалау: педагогикалық тұрғыдан технологиялық білімдердің (нормативтік, теориялық, әдіснамалық, пәндік-әдістемелік, сондай-ақ, оқытудың әдістері, тәсілдері, формалары туралы білім) жиынтығына ие болуды және технологиялық іскерліктерді жүзеге асыруды болжайды; - психологиялық тұрғыдан жеке тұлғалық сапалық қасиеттерді, оның ішінде интеллектуалды және практикалық, шығармашылық, іскерліктерді қалыптастыруды анықтайды, - деп көрсеткен [32, б. 152]. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда жобалау әрекетіне түсетінін ескере отырып, педагогикалық тұрғыда білім, білік, дағды, іскерліктерін дамытуға, психологиялық тұлғалық сапаларын қалыптастыруға басымдық береміз.

М.Н. Оспанбекова бойынша, рефлексия оқушының есте сақтау қабілетінің, ойлауының, елесін, басқалармен қарым-қатынасын дамытады. Сұрақ қоя алу, қажетті ақпаратты іздеп таба білу, оны өзгертіп пайдалану, әрекеттерге, пікірлерге сыни тұрғыдан баға беру, өзгенің және өз әрекетін бағалаудағы тәуелсіздік, дәлелдей алу үшін дәйектер іздеу, пікірталасқа бейім болу, басқалармен әрекеттесе алу – бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетінің субъектісі ретіндегі рефлексиялық дамуының көрсеткіштері. Бұларды қалыптастыруға болашақ мамандарды арнайы даярлау қажеттілігі

артады. Күнделікті сабақта бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмаларды қосымша орындатып отыру оқушылардың қызығушылығын, танымдық ізденімпаздығын, оқу белсенділігін арттырады, олардың оқу іс-әрекетіне рефлексивтік қатынастарын қалыптастыруды жеделдетеді [33, б. 90]. Оқушылардың рефлексиясын қалыптастыруға дейін өтетін үдеріс ретінде зерттеушілік іс-әрекетті оңтайлы ұйымдастырған жағдайда оң нәтижеге жетуге болады. Оқу белсенділігі, оқу-танымдық ізденімпаздығы, қызығушылығы арқылы тақырыпты терең меңгеру үшін оқушы зерттеу іс-әрекетіне түседі. Соның нәтижесінде оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеті қалыптасып, рефлексиясы дамиды деген пікірдеміз.

Т.Б. Кенжебаева болашақ мұғалімнің өзіндегі зияткерлік әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды, мұнда нәтиже аса маңызды емес, маңыздысы – тұлғаның өзінің өзгеруі, өзі-өзі дамытуы, зиятты-шығармашыл субъект ретінде жетілуі. Оқытушы қызметінің негізгі құндылығы мынада: оқытудың болашақ мұғалім үшін, оның тұлға болып қалыптасуға қажетті ішкі әлемі мен сыртқы ортасын жасайтындығында. Тұлғаның ғылымды, адамдарды, өзін терең тануына ұмтылдыруында. Осы әрекеттер болашақ мұғалімнің қоғамдық бағытын дұрыс алуына мүмкіндік береді. Оқытудың аталмыш қызметтердің жүзеге асырылуы екі аспектіде қарастырылуы мүмкін. Біріншіден, педагогикалық үдерістегі оқыту мен білім берудің мазмұндық қыры туралы сөз болуы тиіс. Екіншіден, осы педагогикалық үдеріс белгілі бір түрге енеді және әлеуметтік институт шеңберінде өзінің мәртебесіне ие болатынына тоқталған [34, б. 165]. Автордың бұл пікірінің біздің жұмысымыз үшін маңызы бар.

И.Н. Аляева студенттерді зерттеу жұмыстарына тартудың 2 сатыдан тұратын жүйелі бағытын ұсынады (сурет 2).



Сурет 2 – И.Н.Аляева бойынша студенттерді зерттеу жұмыстарына тартудың бағыттары

1-саты – CFZJ (студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы) – нақты пән шеңберінде күрделі емес зерттеулерді жүргізуден тұрады. Бұл сатыда студенттер зерттеудің ең маңызды дағдысын – дереккөздермен жұмыс істеу шеберлігін, ақпаратты өз бетімен табуға және талдауға үйренеді.

2-саты – таңдау арқылы пәндердің біреуі бойынша реферат жазу. Оқытушылар студенттерге тақырыптарды ұсынады, кеңестер береді,

әдебиеттерді сұрыптауға көмектеседі. Студенттер рефераттарды өз тобындағы пәндегі сабақта, кіші курстағы топтарда, басқа бөлімдерде, ғылыми қоғам отырысында ұсынады. Екінші сатыда студенттер зерттеудің теориялық әдістерін меңгеріп, әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларын бекітеді, ғылыми жұмысты рәсімдеу дағдыларына үйренеді. Төртінші курста курстық жұмысты түлектің біліктілік жұмыстарын (ТБЖ) жазуы – зерттеу әрекеттеріне деген жүйелі бағыттың қорытындысы болып табылады [36, с. 139]. Қарастырылған мәселеге қорытынды жасай отырып, студенттерді зерттеу әрекетіне дайындау, арқылы олардың білімге деген қажеттілікті қалыптастырады деген шешім жасауға болады. Мұнда СҒЗЖ-на жетекшілік жасаған оқытушының рөлі өте маңызды.

Ж.Б. Абишев білім беру саласындағы ресми құжаттарды, денсаулықты сақтау мен нығайтудың бүгінгі жағдайын, жүргізілген зерттеу жұмыстарын ескере отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруды көздейтін педагогикалық шарттарын анықтаған:

– *бірінші шарт* – бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға деген ішкі мотивациясының даму мәселесінің өзектендірілуі:

– *екінші шарт* – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін оқу жоспарымен оқылатын пәндердің кезеңдер бойынша күрделенуімен сипатталатын осы даярлау үдерісінің мазмұнына бағдар ұстану;

– *үшінші шарт* – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау бойынша әр түрлі жұмыс формалары мен әдістерін (оқу және оқудан тыс) қолдану;

– *төртінші шарт* – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлығын практикалық дағдыларды меңгеруін қамтамасыз етуші белсенді педагогикалық іс-әрекетке жұмылдыру;

– *бесінші шарт* – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлауда педагогикалық-профессорлық құрамының, мектеп ұжымының, қоғамдық ұйымдардың, ата-аналардың іс-әрекетінің үйлесімділігі және бағыттылығын қамтамасыз ету [35, б. 172]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда жұмысымызға тірек етіп аламыз. Оқу кезіндегі теориялық және элективті пәндер бойынша барлық практикалық сабақтарға мүмкіндігінше оқу материалын зерттеушілік және шығармашылық элементтерін енгізу қажет. Студенттердің мұндай жұмыстары қосымша уақытты талап етпейді және практикалық сабақтардағы оқу үдерісінің ажырамас, маңызды бөлігі болып табылады. Бұдан басқа, оқу үдерісіне енгізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы нақты ғылыми-зерттеушілік сипат элементтері бар практикалық, зертханалық

оқу тапсырмаларын, курстық жұмыстарды немесе жобаларды орындауды көздейді. Зерттеу жұмысымызда автордың ұсынып отырған *екі бағытын да негізге* аламыз.

Болашақ бастауыш сынып мамандарын жоғары оқу орындарында даярлау жүйесінің аса маңызды құраушыларының бірі тұлғаны ынталандыру мен оның шығармашылық әлеуетінің өсу мүмкіндігін ашатын ғылыми-зерттеу әрекетіне дайындығы болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мамандарының ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруы оқушының даралығын, шығармашылық қабілеттерін, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруға дайындығын толықтай ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу үдерісі дара және жалпы білім беруде де, тұлғаға қатысты алғанда да құнды болып табылады, сондықтан әлдеқайда қызықты әрі өнімді ету үшін ғылыми-зерттеу жұмысына деген көзқарасты жетілдіру қажет. Жоғары оқу орнында болашақ мамандарды зерттеушілік іс-әрекетке даярлауда алдымен алған теориялық білімімен оның тәжірибеде қолдану біліктілігі, кәсіби құзыреттілігінің басты бағыттарының бірі ретінде алға шығады деген тұжырым жасаймыз.

## **1.2 «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні мен сипаты**

Зерттеу мен зерттеушілік іс-әрекет адам мен адамзаттың мақсаттары мен қажеттіліктеріне сай табиғат пен әлеуметтік өмірді шындықтың объективтік заңдарына сәйкес мақсат қою, болжау, жоспарлау, ізденушілік, тәжірибе жасау, жаңа нәтиже алу сияқты адам әрекеті ретінде түсіндіріледі.

Аристотель практикалық ғылымдарға жетудің үш тәсілі бар екендігін түсіндіреді: сезімдердің көмегімен жету, сезімдер жолымен жеткен білімдерден көп бірінші білімнің көмегімен жету, зерттеу жолымен жету. Дәл осы теориялық ғылымдарда да бар секілді. Зерттеулердің нәтижесінде алынған мәліметтерді білуді әуелі әлі зерттелмеген бірінші белгілі заттардан алады. Тексерілместен әлі зерттелместен бұрын олар ізделінуші мақсат болды «қабылдау объектілері» деп аталады. Ғылым үшін талап етілетін нәрсені анықтауға пайдаланылған алғашқы мәліметтер «алғышарттар» деп аталады. Ғылым зерттеп отырған нәрсе «ізделінуші мақсат» деп, ал тексерілген нәрсе «қорытындылар» деп аталады, - деген тұжырым жасаған [37, с. 552]. Бұдан шығатын қорытынды жоғарыда аталған үш тәсілдің басынан бастап бірін-бірі толықтырып, белгілі нәтиже алуға негіз болатынын көруге болады, - деген тұжырым жасаймыз. Ұлы философтың зерттеу әдісі туралы пікірі біздің жұмысымыздың әдіснамалық негізін құрайды.

Әл-Фараби алғашқы білімдер арқылы мәлім болған белгілі нәрселер – алғышарттар, бұлардан соң тексеру, зерттеу, үйрену және оқу арқылы келетін ғылымдар қалыптасады. Адам зерттеу және оқу арқылы танып білуге талпынатын нәрселер алғашқыда белгісіз болады. Ал егер адам оны зерттеп, оған қол жеткізсе, олар көздеулі мақсатқа айналады, егер осылайша зерттеп оқығаннан кейін адамда сенім, көзқарас немесе білім қалыптасатын болса, онда бұлар қорытындыға айналады, - деп тұжырым жасаған [38, б. 434]. Бұдан біз

ғылымның қалыптасу жолының негізі бірі ретінде зерттеуді қарастырғанын көреміз.

Философиялық сөздікте: Іс-әрекет адамның дүниемен істестігі, қарым-қатынас тәсілі “Заттық іс-әрекет” деген анықтама берілген. Іс-әрекет барысындағы адам табиғатты шығармашылық тұрғыда өзгертеді, сөйтіп өзін іскер субъект ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғат құбылыстарын іс-әрекет объектісі етеді [95, б. 494]. Анықтаманы тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, болашақ бастауыш сынып мамандарын зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға даярлауда өзі игерген табиғат құбылыстарын зерттеу іс-әрекетінің объектісіне айналдыра алуы қажет. Бастауыш сыныптан бастап оқытылатын жаратыстану пәнінің аясында оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізе білуге баулу, болашақ мамандардан тек бағдарламалық материалдарды ғана меңгеруді талап етпейді, яғни оқушылардың қажеттілігін, қызығушылығын қанағаттандыратындай зерттеу жұмысын ұйымдастыруға даяр болуын қажет етеді.

Ф. Бэкон бойынша, танымға эксперимент арқылы айқындалған факт маңызды. Эксперимент – объективті ақиқатқа жетудің төте жолы, әрі тәсілі. Эксперимент бақылайтын құбылысқа нақты, белсенді араласуға, тіпті бақылайтын нәрсеге қолайлы жағдай жасауға немесе оның теріс жақтарынан арылуға тікелей жол көрсетеді. Өйткені, эксперимент үшін бар жағдайлардың тізімі де, жоқ жағдайлардың тізімі де бірдей маңызды. Тәжірибе барысында, адамдар кездейсоқ құбылыстардың және көптеген түрлі заттар көріністерінен айығып, олардың тұрақты белгілері мен сипаттарын жинақтауға септігін тигізеді [39, б. 15-16]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда зерттеу тақырыбы бойынша жүргізетін жұмыстарының тәжірибелік бөліміне баса назар аудартып, белгілі нәтижеге жетуде оның сипатын айқындайтын қорытынды алу қажеттігін саналы түсінуге бағыттауы тиіс деген тұжырым жасаймыз.

Р. Декарттың ойынша, адамның ерекшелігі оның ойлау қабілетінен туындайды. Ойлау қабілеті адамға тікелей берілген. Бірақ ойлау қабілетіне сыртқы құбылыстар әрқалай, өтпелі ықпал етеді. Десе де, тек ойланған адам ғана шындыққа жетеді. Күдіктенген адам ғана ойланады, ойға ой қосады. Ойланған адам үнемі ізденіс пен әрекетте болады [40, б. 20]. Біздің тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруға даярлау үшін, ойлау қабілетіне әсер ететін сыртқы құбылыстарды ажырата білуі мен саралай, зерделей біліп, дұрыс шешім қабылдау қажеттілігін түсінуіне басымдық берілетінін ескеру болып табылады.

Дж. Локк бойынша, заттар туралы нақты білім жетіспегенде, біз анау-мынау ұсыныстармен өзіміздің келісімімізді басқара біліп, сенімімізді ырықтауымыз керек. Осыдан келіп, пікір мен білімнің арақатынасын талдаудың шегін іздестірудің қажеті артқанын айта келіп, оны шешуде келесі әдістерді пайдаланбақшымын деп көрсеткен. Олар:

*Біріншіден*, мен адам жан-тәніне айқын сезінетін және түсінетін идеялардың немесе ұғымдардың шығу тегін, соңында оларды үйретін ақыл-ойдың жолдарын зерттеймін.

*Екіншіден*, мен ақыл-ой арқылы идеялар қандай танымға жететінін, сондай-ақ осы танымның растылығын, айқындылығын және көлемін көрсетіп беруге тырысамын.

*Үшіншіден*, мен сенімнің немесе пікірдің табиғаты мен негіздеулерін зерттеймін. Мұны мен қайсыбір дұрыс сөйлеммен, бірақ оның дұрыстығы туралы дәйекті түсінік болмаса да, онымен келісу деп ұғамын, осыған орай біз бітер келісімнің дәрежесі мен негіздерін зерттеу ыңғайына ораламыз [41, б. 323]. Біз автордың пікірін зерттеу жұмысымызда әдіснамалық тұрғыда басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

И. Канттың ойынша, таза ақыл-ой адамның ерік-жігерін, практикалық іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді. Айталық, адам жеке тұлға ретінде табиғат заңдылықтарынан төмен тұрғандықтан, сыртқы әлемнің әсерінен шыға алмайды, сол себепті ол ерікті де емес, ал даралық қасиеттерінің ерекшеліктеріне, өзінің ылғи танып-білуге ұмтылу қабілетіне қарасақ, ол өзінің практикалық ақыл-ойына сүйеніп, ерікті іс-әрекет жасайды [42, б. 389]. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдасақ, зерттеушілік іс-әрекетке түсуде оқушы алдымен өзінің тұлғалық дамуына сәйкес, яғни ақыл-ойына негізделген ізденушілік қабілетіне қарай жеке қызығушылығын қанағаттандыру мақсатында да зерттеумен айналыса алады.

С.Л. Франктың пікірінше, кез келген адам ең төмен дәрежеде де жасаушы. Әрекет мақсаты адам рухының тереңінен туындаса, сол жерде зерттеушілік орын алады. Кез келген қолөнерші өз ісін аса жауапкершілікпен және сүйіспеншілікпен істесе, жұмысқа өз болмысын салған болса, шабытпен жасаушы болып есептелінеді, бұл жерде қолөнерші мен суретші арасында ешқандай да айырмашылық жоқ деген сөз. Оның мына пікірі өте маңызды: “Өзін қоршаған ортаға өзіндік таңба қосқан кез келген адам, отбасы өміріне өзінің адамгершілік үлгісі мен үй-ішіне өзінің әдемілік үлгісін қосқан кез келген әйел және ана, кез келген бала тәрбиешісі – оларды жасаушы” [43, с. 145].

Д. Маккинон шығармашылық процестің бес сатысын атап көрсетеді.

1) проблеманы қою үшін білім, дағды мен шеберлікті жинау;

2) кей кезде проблеманы шешуге, кей кезде шаршау мен түңілуге әкелетін “күш жігерді жинақтау” сатысы;

3) проблемадан шығып, басқа іске көшіп кету; бұл саты инкубация кезеңі деп аталады;

4) “нұрға бөлену” немесе “инсайт”;

5) верификация [44, б. 209].

лікті жандандыруға төрт принцип негізінде қол жеткізуге болады: 1) ойды жаман деп танудан қорықпастан кез келгенін айтуға болады, сын болмайды; 2) ең жүгенсіз ... ассоциациялауды қолдау: идея қаншалықты табысты болса,

соншалықты жақсы; 3) ұсынылатын идеялар саны көп болуы керек; 4) идеяларды айту біреудің меншігі болмайды ешкімнің де оларды монополиялауға құқысы жоқ: әр қатысушы айтылған идеяларды басқа идеялармен қосуға, түрлендіруге “жақсартуға” және жетілдіруге құқысы бар. Бұл әдістеме негізінде шығармашылық ой еркіндікті, теңдік пен еркін болуды, сыртқы барлық тежеулерді жоюды талап етеді деген сенім жатыр. Сөйтіп, шығармашылық процестің екі сатысы – идеяларды ұсыну мен оларды бағалау – жасанды түрде бір-бірінен алшақтайды [45, с. 39]. Бұдан ғылыми танымды әлеуметтік детерминациялаудың бағыттарының бірі – шығармашылық әрекет түрлерінің ара қатынасын өзгертуді көреміз. Олардың динамикасы бойынша негізгілер ретінде алға әлеуметтік шығармашылық шығады. Әлеуметтік қарама-қайшылық жағдайында жеке адам мен қоғам арасында жеке адамның шығармашылығы мен оны қоғамда жүзеге асыруы мүмкіндіктері арасында алшақтық байқалатынын көреміз.

А.М. Селезнев шығармашылық процестің мынадай сатыларын ұсынады:

1) ғылыми проблеманы табу, зерттеу пәнін табу керек, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қою;

2) ақпараттар жинау мен зерттеу әдістемесін таңдау;

3) ғылыми проблеманы шешу жолдарын іздестіру, жаңа ғылыми идеяны “ұсыну”;

4) ғылыми жаңалық ашу, ғылыми идеяның “тууы” ғалымдарға жаңалық болып ашылған құбылыстың идеалды үлгісін жасау;

5) ғылыми түрде алынған жаңалықтарды логикалық үйлесімді жүйеге келтіру [46, с. 80]. Авторлардың пікірін жинақтайтын болсақ, шығармашылық процестің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын зерттеу мен зерттеушілік іс-әрекеті осы сатылардың барлығынан өтетіндіктен негізге аламыз. Біздің жұмысымызға тікелей А.М.Селезневтың пікірі сәйкес екенін айта кеткіміз келеді.

И. Тейлордың ойынша, шығармашылық процестің мынадай сатылары бар:

1) проблеманы қою;

2) проблеманың метафора мен аналогияның көмегімен өзгеруі, “бағытын өзгертуі”;

3) шығармашылық жемісін енгізу мен қолдану, яғни қоршаған ортаның қайсыбір бөлігін өзгертіп, қайта құруы [47, б. 149]. Автордың пікіріне қосыла келе, шығармашылық процестің сатылары шығармашылықтың жемісін тәжірибеге енгізу мен қолдану болса, тұлға зерттеушілік іс-әрекетке түсе отырып жаңа нәтижеге қол жеткізетіні белгілі. Бұл әрине біздің зерттеушілік іс-әрекет туралы ойымызды бекітуге негіз болды.

Э.Г. Юдиннің пайымдауынша, іс-әрекет ұғымы мыналарды қамтиды: оның аффективті (эмоционалды) және танымдық жақтарының бірлігіндегі рефлексияның психикалық белсенділігі, құрылымдық тұрақтылықты, іс-қимыл жүйесін дұрыс ұйымдастыруды, яғни танымдық аспектілер, ой логикасы және оны жүзеге асыруы. Автор әрекет – қоршаған дүниеге белсенді қарым-

қатынастың ерекше адами түрі, оның мазмұны мәдениеттің бар формаларын меңгеру мен дамыту негізінде осы дүниені мақсатқа сәйкес өзгерту мен қайта құруды құрайды, - деген тұжырым жасаған [48, с. 317]. Философтың пікірін түйіндейтін болсақ, іс-әрекеттің қоршаған ортаны зерттеу арқылы танып қана қоймай оны өзгерту мен қайта жасау деп отырғаны зерттеушілік іс-әрекеттен шығармашылық іс-әрекетке ұласатын әрекетті айтып отырғанын байқауға болады.

Философтардың пікірінше, зерттеушілік – бұл таным үдерісінің жаңа білімді меңгерудегі бір түрі және ол теориялық және эмпирикалық екі деңгейде нақтылығы, дәлелдігі, объективтілігімен, қайта жаңғыртуымен сипатталады. Дегенмен бұл пікір зерттеу іс-әрекетіне кері әсер етпейді, өйткені жалпы әрекеттің құрылымдық компоненттері ретінде мақсат, мотив, әрекет, нәтиже мұнда да қарастырылады. Өзінің құрылымында зерттеушілік іс-әрекет көп жағдайда жалпы әрекеттің компоненттерін қайталайды. Атап айтсақ: 1) мақсат, 2) мотив, 3) пәні, 4) әрекет, 5) табыс немесе нәтиже.

Т. Ғабитов бойынша, адамның тұрақты және реттілікпен өмір сүруіне кепілдік беретіндей нәрсе, әрине, ақыл-ой болып табылады. Ақыл-ойдың болуы мен оның болмысына деген сенімділікке ие болу адамға өзінің болмысында және әлем болмысында рухани күш жігер береді және өзін, санасын, қоршаған ортаны өзгертуге, әрекет етуіне жағдай жасайды [49, б. 142]. Біздің ғылыми жұмысымыздың тұрғысына талдайтын болсақ, болашақ бастауыш сынып мамандарын зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға даярлауда қоршаған ортаны танып білуде алдына қойған мақсаты айқын, өзінің жоспарына сенімділігі мен оның нәтижесін алуда тәжірибенің нақтылығына басымдық берілуі тиіс, -деп санаймыз.

Ә. Нысанбаевтың ойынша, табиғат және оның зерттелу процесі адамның табиғатын ашуға әкеліп соқты. Адамның зердесі өзінің ұшан теңіз мүмкіндігімен, шығармашылық қабілетімен танылды. Зердені ғылыми негізде түсіну табиғаттың сырын ашуға, әсіресе жаратылыстанудың негіздерін дамытуға, таным теориясын адам өмірінің кейбір салаларымен байланыстары зерттеуге жол ашты [50, б. 145]. Автордың пікірі біз үшін маңызды, өйткені зерттеушілік іс-әрекет адамның тікелей зердесі, яғни ақыл-ойының дамуымен байланысты. Адамзат табиғатына тән ойлау процесінің, адамның дүниеге қатынасының негізін қоғам өмірінің қилы бұрылыстарын, қайшылыққа толы жолдарымен байланыстыра түсіну керек. Ол үшін әрине қандай болмасын сол мәселені зерттеу қажеттігі туындайды.

Қ. Әбішовтың пікірінше, практикалық іс-әрекеттер мен рухани өмірдегі іс-әрекеттердің екеуінде де ойлау қатысады, ойлау олардың құрамына кіреді. Сол сияқты екеуі де, іс-әрекеттер, бірақ оларды бір-бірінен ажырататын негізгі белгісі – практика өмірді тікелей өзгертетін үдеріс, іс, ал рухани қызмет – сол өмірдің бейнесін жасайтын, сол бейнені өзгертіп, отыратын үдеріс. Екеуі де адамдардың әртүрлі саладағы қызметтері. Адамдардың дүниеге практикалық қатынасы екінші жағынан алғанда, олардың бір-біріне қатынасы. Адамдар тек

табиғат күштері мен заттарын ғана өзгертіп отырмайды, олар өздерінің бір-біріне қарым-қатынастарын да өзгертіп қайта жасайды [51, б. 39-40]. Біз автордың іс-әрекетті екіге бөліп қарастырған пікірі туралы ойына қосыла отырып, оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерін дамытуда осы екеуі де қатар іске асатындықтан оны басты назарда ұстаймыз. Өйткені, зерттеу мәселесі ойлаудың шарықтау шегімен байланысты болғандықтан, әр тұлғаның өзіндік іс-әрекеті белгілі бір зерттеудің нәтижесінде жүргізілетін тәжірибенің аясында табиғатты өзгерту қатынасын іске асырып, сол арқылы өзінің басқаға қатынасы да өзгереді деп түйін жасаймыз.

Д. Кішібеков адамдардың практикалық іс-әрекеттерінің жануарлардың іс-әрекеттерінен принциптік айырмашылығы – адамдар өздерінің іс-әрекетін және өздерінің санасын, ойлауын, өз ойлауының және еркінің объектісіне айналдырып, ол енді өз қызметін, өз ойын, өз сезімін танып, зерттеп, дамытып, өзгерте алады. Өзін өзге нәрсеге айналдыру адамға өзін-өзі көруге мүмкіндік береді. Бірақ адам практикасы одан әлдеқайда күрделі үдеріс. Практиканы адамдардың материалдық істері дегенде ол үдерісте адамның ойлауы мүлдем қатыспайды деген ой емес. Адамның ойлауы нәтижеден бастап, соған жетудегі үдерістердің барлық тізбегінің идеалдық бейнесін жасайды. Сондықтан қандай да болмасын іс-әрекет мақсатқа бағытталған үдеріс, - болып табылатынын көрсеткен [52, б. 186]. Бұдан шығатын қорытынды адамның өзіне сырт көзбен қарауы өзінің қабілетіне қарай атқарған іс-әрекетін бағалауы, алдына қойған мақсатына жету жолдарын саралауы, өңдеуі, толықтыруы, өзгертуі мен алынған нәтиженің мақсатқа сәйкестігімен сипатталуы тиіс. Біздің тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, зерттеу іс-әрекетін дамытуда жоғарыда көрсетілген философиялық ой-тұжырым басшылыққа алынуы қажет. Өйткені, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға баулу үшін өзіне-өзі сын көзбен қарайтын, осы үдерісті жүзеге асыруда белсенді зерттеушілік қатынасын білдіретін, ойлау ерекшеліктерінің практикадан туатын тетігін жетік білуі деп санаймыз.

Г.А. Кактаева адамдардың дүниеге қатынасының тікелей көріну формасы – олардың іс-әрекеті, грекше халықаралық тіліне енген термин – практика. Практика, іс-әрекеттер – адамдардың дүниені игеріп, сол арқылы өзін, өз болмысын өзгерту, жаңарту, жасау қызметі. Олар адамдардың қимылдық істеріне, әрекеттерінде болатын өзгерістер. Практика барысында біздің ұғымдарымыз бен теорияларымыз тексеріледі, олардың ақиқаттығы немесе жалғандығы анықталады, дұрыс емес теориялар шығарылып тасталады,- деген тұжырым жасаған [53, б. 110-112]. Біз автордың пікірін тұжырымдай келе, практикалық іс-әрекет біздің тақырыбыз бойынша зерттеушілік іс-әрекет болғандықтан, теория мен практика – таным процесінің бірін-бірі толықтыратын ажырамас екі бөлігі болғандықтан, бастауыш сынып оқушыларын зерттеушілік іс-әрекетін жаратылыстану пәні аясында дамыту үшін алдымен теориялық негіздерін аша отырып, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу арқылы белгілі нәтижеге жетуге болады деп есептейміз.

В.В. Краевский бойынша, ғылыми-зерттеу әрекетін әдіснамалық зерттеу және әдіснамалық қамтамасыз ету деп, ғылыми танымды білім жүйесі мен әрекет жүйесінің бірлігінде қарастырады. Автор әдіснамалық зерттеуді педагогикалық тәжірибемен байланыстырады. Онда педагогика ғылымының даму үдерісі мен заңдылықтары, педагогикалық зерттеулердің сапасы мен тиімділігін арттыратын тұғырлары, принциптері, әдіс-тәсілдері нақтыланып талданады. Әдіснамалық қамтамасыз етудің мақсаты – нақты ғылым саласындағы зерттеу әрекетін негіздеу үшін бар білімді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады [54, с. 89]. Бүгінде автордың идеясы педагогика ғылымындағы зерттеу жұмыстарында басшылыққа алынып келе жатқанын ескерсек, ғылыми еңбектердің әдіснамалық негізі болғанына көз жеткізе отырып, зерттеу жұмысымызда әдіснамалық тұрғыда тірек етіп аламыз.

А.М. Новиков бойынша, білім беру саласы үшін әрекетті ұйымдастыру туралы білімді әдіснама ретінде қарастырады. Әрекетті ұйымдастыру оның тұтастай жүйесін белгілі бір сипаттамалармен, логикалық құрылымымен және оның жүзеге асыру үдерісімен реттеуді білдіреді. Логикалық құрылымы келесі құрауыштарды қамтиды: субъект, объект, пән, формалар, құралдар, әрекет әдістемелері, оның нәтижесі. Автор әрекетті жүзеге асыру үдерісін белгілі бір уақыт аралығындағы кезең, саты бойынша реттілікпен жүзеге асырылып жатқан жоба шегінде қарастырады. Әрекет жобаның үш кезеңде аяқталатынын көрсеткен.

*Бірінші* әрекет нәтижесі құрылып жатқан жүйе моделі мен оны жүзеге асыру жоспары болып табылатын жобалау сатысы.

*Екінші* нәтижесі жүйенің жүзеге асыруы болып табылатын технологиялық саты.

*Үшінші* нәтижесі жүзеге асырылған жүйені бағалау және оның болашақтағы түзетілімдері үшін қажеттілігі немесе жаңа өнімді «шығару» қажеттілігін анықтау болып табылатын рефлексивтік саты. Осы кезектіліктің ең негізгі сәті мәселені қалыптастыру, жүйенің моделін құру, оның жүзеге асырылуын бағалау болып табылады [55, с. 83]. Автордың пікірін тақырыбымыз тұрғысынан қорытатын болсақ, болашақ мамандарды оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін осы аталған үш кезенді толықтай басшылыққа алу қажет, - деп санаймыз. Өйткені, қандай да бір зерттеу жұмысы өз деңгейінде ғылыми жоба аясында немесе белгілі бір тәжірибе жүргізу арқылы іске асатыны белгілі. Қандай зерттеу жұмысын жүргізсе де, ізденіс пен зерттеуден тұратынын ескере отырып, оны кезең кезеңмен іске асырған жағдайда ғана оң нәтиже алары сөзсіз.

Кейінгі уақытта Ресей ғалымдары В. Давыдов пен Л. Занковтың дамыта оқыту теориясына негіз болған, А. Байтұрсынов XIX ғасырдың басында белсенді танымдық әрекеттің рөлін өте жоғары бағалады. Автор: «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімнің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін керек білімін

кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру керек», - деген тұжырым жасаған [56, б. 336]. Біз автордың пікірін, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда оқушының мүмкіндігін ескеріп, оқу-зерттеушілік іс-әрекетін ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке ұштастыруда басшылыққа аламыз.

М. Дулатов жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге үйрету жолын көрсеткен. Балалар оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті Нәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек, - деп түйіндейді [57, б. 239]. Бұдан автордың мұғалімдерге оқыған нәрсенің ішкі мағынасымен бірге оның сөзін мүмкіндігінше, есте сақтауға мән беру керектігін ескерткенін көреміз. Бүгінгі күнгі бастауыш сыныптарда сыни ойлауға үйрету деген ұғымның іргетасын қалаған деген пікірді ұстанамыз.

М. Жұмабаев өзінің еңбегінде ой қорытудың бұл екі жолын талдап көрсеткен болатын. «Индукция – ойдың дербес көріністерінен жалпы көріністерге көшуі. Жалқы ойдан жалпы ойды шығару. Индукция арқылы заттар, көріністер арасындағы байламға қарай топ-топқа бөлеміз. Бұл - бір. Екінші – біз аз ғана бақыланған заттар, көріністер арқылы бақыланбаған, көрмеген, білмеген сансыз заттар, көріністерді шешеміз» - дей келіп, «Дедукция» ойдың жалпы заңнан дербес бір көрініске көшуі. Жалпы ойдан жалқы ой шығаруы, - деп анықтаған [58, б. 108]. Бұдан автордың ой еңбегінің екі жолын көрсеткенін, олардың бірінен бірінің туындайтынын ескере отырып, зерттеу жұмысымызда зерттеушілік іс-әрекетте екі жолды да пайдаланатынымызды атап өткіміз келеді.

Ж. Аймауытовтың ойынша, білімге деген ынталанушылық – адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай көздерді көбірек алу, өркендету - мұғалімнің бойына біткен қасиет болуы керек [59, б. 95].

Бұл қазіргі кезде болашақ мамандарға қойылып отырған талаппен үндеседі яғни бұдан автордың идеясының өміршеңдігін көруге болады. Білім алушының оқуға қызығушылығы оның педагогпен, құрбыларымен, ұжыммен біріккен іс-әрекетінде, қарым-қатынастарында дамып, қалыптасады. Көптеген зерттеулердің арқасында іс-әрекеттің таусылмайтын мүмкіндіктері ашылады.

Соның ішінде зерттеушілік іс-әрекеттің мәндік қасиеттерінде білім алушылардың қызығушылығын қалыптастыруға ықпал ететіні белгілі. Зерттеу жұмысымыздың тақырыбына байланысты таңдалған отандық ғалымдардың еңбектерінде берілген ұғымдары туралы ой-тұжырымдарын ұсынылды (кесте 1).

Кесте 1 – Отандық ғалымдардың еңбектеріндегі «зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдары туралы ой-тұжырымдары

Автор	Ғалымдардың берген анықтамалары	Негізгі ой
Ерментаева А.	Оқытушының іс-әрекеті ғылыми-зерттеушілік және педагогикалық – оқыту, тәрбиелеу, дамыту және психологиялық дайындау – құрамдарының бірлігінен түзіледі. Бұлардың өзара келісті, үйлесімді орындалуы оқытушының шығармашылық іс-әрекетті атқаруға даяр болуымен, ғылымның әдіснамалық мәселелеріне және оқыту технологияларына тіректелумен жоғары байланыста болатыны педагогикалық іс-тәжірибеден белгілі. Осындай мазмұны жағынан әр түрлі іс-әрекеттердің үйлесімін табуда оқытушының психологиялық, педагогикалық біліктілігі, белсенділігі мен құлшынысы аса жоғары болуы қажет, - деген тұжырым жасаған [96].	Іс-әрекеттердің үйлесімі
Дүйсенова М.	Интеграциялық оқыту бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзіндік ізденістерін кеңейтуге өріс ашады. Тілдің қоршаған дүниені танудағы, айналасындағы адамдар іс-әрекетін бағалаудағы, өзін танытудағы орнын айқындай алу оқушының пәндік білім нәтижелерінің мәнін түсінуіне, оқуға, дұрыс сөйлеуге деген қызығушылығы мен мүдделілігін арттырудың басты факторына айналады, - деген түйіндеме жасаған [97].	пәндік білім нәтижелерінің мәнін түсінуін
Тұралбаева А.	Мектеп пен отбасы тәрбиелік іс-әрекетінің бірлігі білім беру жүйелеріне қойылатын бірқатар талаптарды қанағаттандыратын мектептің жүйелі жұмысымен айқындалады. Мұндай талаптарға: ғылыми негізділік, шығармашылық ізденіс, отбасылық тәрбие нәтижесіне жауапкершілік пен қызығушылық, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін мақсатты және жүйелі қалыптастыру, - деп қорытындылайды [98].	ғылыми негізділік, шығармашылық ізденіс
Сартаева Н.	Бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияны қолдану оқу үдерісін қарқынды жүзеге асыруға және оқушылардың ақпараттық - оқу әрекетін, оқу-ойын әрекетін, тәжірибелік-зерттеушілік іс-әрекетін, өзбетінше әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, оңтайлы жол ашады деп, - тұжырымдайды [99].	өзбетінше әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік

Адам іс-әрекетінің басты белгілері: адамның іс-әрекеті негізінен, саналы іс-әрекет, әрине, онда бейсананың, санасыздықтың элементтері де кездеседі, ал жануарлардың іс-әрекеті негізінде, биологиялық инстинкті іс-әрекеті.

Адамның іс-әрекеті әркез жоспарлы, белгілі бір мақсатты көздейтін әрекет болса, жануарларда бұл көрінбейді. Адамның іс-әрекеті әркез шығармашылық сипатта болады. Мәселен 1 - сынып оқушысының х-тің шешімін табуының өзі шығармашылықтың элементі екені хақ.

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, адам іс-әрекетінің маңызды бөлігі әрекет ұғымы болып табылады. Іс-әрекет бірқатар нақты мақсаттарды көздейді, ол қатаң жүйелілікпен іске асады. Басқаша айтқанда іс-әрекет әдетте жалпы мақсаттан бөлінген жекеленген мақсаттарға тәуелді әрекеттердің кейбір жиынтығынан жүзеге асады. Осы жағдайда дамудың жоғары деңгейіне тән нәрсе – жалпы мақсаттың рөлін саналы түрде меңгерілген мотив атқарады, сол себепті оны жете түсінуден мақсат-мотивке айналады [60, с. 35]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда атқарылатын зерттеу іс-әрекетін нақтылап, оны жүзеге асыратын мақсатты айқындауды түсінуіне басымдық берілу қажет. Мақсатты жетік түсінгеннен оған жету үшін орындайтын әрекетке мотивтің туындауы нәтижеге жетуге ықпал етеді деген тұжырым жасаймыз.

С.Л. Рубинштейннің субъект-әрекеттік тұжырымдамасы негізінде субъектінің арнайы категориялары қолданыс табады. Іс-әрекеттің бірлігі ол бағытталған мақсаттар бірлігі ретінде көрінеді. Іс-әрекеттің мақсаты мен түрткісіне қарағанда жалпыланған интегралды сипат береді, іс-әрекет барысында тек туындап қоймай, сонымен бірге жеке адамның жалпы дамуының бағыттылығын көрсетеді. Адам іс-әрекетінің барысы, ең алдымен, объективті логикалық шартталған, ал оның құрылуы осы міндеттердің сәйкестіктерін қосып алады. Іс-әрекет бірлігі біршама ұсақ, жеке топтар ретінде кіретін тапсырмалар қатарын бағындыратын үлкен міндеттермен бірге туындайды. Іс-әрекеттің соңғы мақсаты әрекеттің толық қатарына жетіп, оның нәтижесі болашақтағы соңғы мақсат көмегімен жеке әрекет үшін мақсат болып табылады [61, с. 124]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, зерттеу жұмысымызда тұжырымдаманың негізгі идеялары басшылыққа алынады. Студенттердің оқу үдерісінде зерттеу іс-әрекетінің түрлерін: оқу-танымдық зерттеуден, ғылыми-зерттеу жұмыстарына ұштастыруда ұйымдастыруда тірек етіп аламыз.

К.А. Абульханова іс-әрекет субъектісі болатын тұлғаның сапалық өзгерістеріне тоқталып, оның бойынан өтетін үш трансформацияны көрсетіп берді. Біріншіден, барлық жан қуаттары (психикалық процестер, қасиеттер, қабілет, кейіп) тұлғаның өмірдегі тіршілік көзі мен әлеуметтенуін қамтамасыз ететін құралы болып табылатын іс-әрекеті. Екіншіден, барлық жан қуаттары (психикалық процестер, қасиеттер, қабілет, кейіп) тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз ететін іс-әрекетіне бағынышты болатын жеке-даралықтың құрамын құрайды. Үшіншіден, тұлға субъект ретінде өзінің бойындағы қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарамастан күнделікті өмірдегі және іс-әрекеттегі өз стратегияларына сүйенеді [8, с. 68]. Автордың сөзін қорытатын болсақ, субъект өзін-өзі жүзеге асыратын, иерархиялық дамудың нәтижесінде тұлға болып қалыптасады. Бұдан шығатын қорытынды, болашақ бастауыш сынып мамандарының психологиялық даярлығы ерекше құрылымдық қасиет ретінде субъектілік мақсатты іске асыруға бағытталады; болашақ бастауыш

сынып мамандарының психологиялық даярлығы оның субъектілік дамуының құралы болып табылады.

Қазіргі үлкен педагогикалық энциклопедияда: педагогикадағы зерттеу – ұйымдастыру формасы, әдістері, принциптері, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі, педагогика тарихы мен теориясы, оқыту мен тәрбиелеудің механизмдері, қоғамдық мәні бар жаңа білімді меңгеруге бағытталған білім мазмұны, заңдылықтары, құрылымы, ғылыми әрекеттер үдерісі мен нәтижесі, - деген анықтама берілген [100, б. 222]. Педагогикадағы зерттеу объектісіне педагогикалық жүйе, құбылыс, үдерістер жатады. Оған: тәрбие, білім беру, дамыту, тұлғаны қалыптастыру ұжым және т.б.

*Зерттеушілік іс-әрекет* – баланың дүниетаным жайында көзқарасын дамытудың маңызды көздері. Педагогика мен психологияда – «зерттеушілік іс-әрекет» мәнінде баланың қоршаған ортаны өзіндік зерттеуге талпыну негізінде құралған оқытуды айтады, – деген анықтама берілген [101].

Тұлғаның білімді меңгерудегі зерттеушілік іс-әрекеті оның әлеуметтік дағдылары, іскерлікті меңгеруі, әлеуметтену процесінде жүзеге асады. Болашақ маманның зерттеушілік іс-әрекеттегі берік сенімділігі, тұлғаның әлеуметтенгенінің белгісі, ол рухани дербестікке жол салады. Сондықтан да тұлғаның зерттеушілік іс-әрекеті оның әлеуметтену процесінің құрамдас бөлігі деп атауға болады, себебі: зерттеушілік іс-әрекет арқылы оны практикалық іскерлікпен, дағдылармен қаруландыруға, олардың белгілі мінез-құлықтары мен мақсат, міндеттерін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеушілік іс-әрекеттің мәні мен мазмұнын анықтаумен қатысты түрлі көзқарастарды терең талдамас бұрын педагогикалық ғылымда «зерттеушілік әрекеті» ұғымының кең түсінікке ие болғанын атап өтуге болады. Зерттеу жұмысымыздың тақырыбына байланысты таңдалған шетелдік ғалымдардың еңбектерінде берілген ұғымдары туралы ой-тұжырымдары ұсынылды (кесте 2).

Кесте 2 – Шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі «зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдары туралы ой-тұжырымдары

Автор 1	Ғалымдардың ой-тұжырымдары 2	Негізгі ой 3
Şen, H.A., Öğülmüş, S.	Болашақ мамандарды зерттеушілік іс-әрекетке даярлауда ең алдымен мұғалімдердің мотивациясының түрлерін және эмоционалды еңбек стратегиясын қолдануды сандық түрде қарастырған [102].	Мотивацияны қалыптастыру
Бахтин М.М. (Bakhtin 1979)	Зерттеушілік қызмет - оқушылар мен мұғалімдердің қызметінде диалогты қамтамасыз етеді: басқа адамдармен ынтымақтастық, ұжымдық рефлексия арқылы бірлескен шығармашылық жұмыс арқылы өзара түсіністік пен ынтымақтастық [103].	бірлескен шығармашылық жұмыс

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
Петровский (Petrovsky V. A, 1996)	Зерттеу тәсілін қолданған кезде студенттер өздеріне сұрақтар қояды, тиісті сценарийді әзірлеу арқылы сұрақтарды зерттейді. Оқушылар зерттеу мәселесін және оған қалай жауап беретінін таңдайды [104].	сұрақтар қою
Бертон Р. Кларк (Burton R. Clark, 1997)	Зерттеу - оқыту-оқу арасындағы қарым-қатынастың идеалды тұжырымдамасы оқыту әдісі мен оқыту құралы ретінде қызмет ететін зерттеу қызметін көрсетеді [105].	оқыту әдісі, оқыту құралы
Харлен В. (Harlen W, 1997)	Зерттеу жұмыстарында қолданылатын сұхбат әдісі зерттеушілердің түсінігін жақсартуға мүмкіндік бергендігін айқындаған. Содан кейін сенімділік, түсіну және ғылымдағы тәжірибе айнымалылары арасындағы қатынастарды зерттеген [106].	сұхбат әдісін қолдану
Эпплтон, К. (Appleton K, 2002)	Ғылыми зерттеу жұмыстары барысында балаларды қызықтыратын және ынталандыратын практикалық сабақтар нақты нәтижеге немесе нәтижеге ие, сыныпта басқарылатын, қол жетімді жабдықты қолданады және ғылым тақырыптарға біріктірілген контексте қолданылады деп болжайды [107].	ынталандыру, қызықтыру
Кларк Д.К (Clark J.C, 2006)	Зерттеу барысында білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылық танытуына мұғалімнің көмектесуі өте маңызды [108].	қызығушылық таныту
Иылдырым А., Шимшек Х (Yildirim A., Simsek, H 2008)	Зерттеушілік іс-әрекет - белгілі бір тұжырымдамалар мен тақырыптар аясында ұқсас деректерді жинау және оларды оқырмандар түсінетін етіп ұйымдасқан түрде түсіндіру [109].	іс-әрекет
Роз (Roth W. M, 2014)	Ғылыми зерттеу тұжырымдамасы, дүниетаным студенттердің өзара әрекеттесуінде қалыптасады. Бірлескен зерттеу қызметі өзара әрекеттесуді және коммуникативті қарым-қатынасты қалыптастыруға, шығармашылық мүмкіндіктерді дамытуға, зерттеу мақсаттарын қоюға ықпал етеді, оқу процесінде психологиялық негіз ретінде, мұғалімдерге үлкен көмек көрсететін бағыттаушы теория ретінде қолданылады [110].	бірлескен зерттеу қызметі
Өзкан Д., Генк З (Ozcan, D., Genc, Z. 2016).	Зерттеу жұмыстары рефлексия арқылы басқару педагогикалық процесс субъектілерінің өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға, олардың тиімділік үшін жауапкершілігін арттыруға (когнитивтік, білім беру, коммуникативтік және т.б.) бағытталған [111].	рефлексия арқылы басқару
Нефедченко О.И. Nefedchenko, O. I. (2018).	Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінде тұлға өзіндік даму субъектісі болып табылады, ал білім өзін-өзі рефлексияны зерттеу шарттарын орындауға негізделген. Оның мәні рефлексивті	тұлға өзіндік даму субъектісі

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
	қатынасты орнату болып табылады, бұл адамның өзін құнды деп санауының негізі болып табылады: алдау ойларымен, мақсаттарымен, проблемаларымен ойлау [112].	
Рындак пен Салдаева (Ryndak, V. G., Saldaeva, O. V 2019)	Оқытуда зерттеу әдістерін қолдану мұғалім мен оқушының, мұғалімнің және кіші топтың, кіші топтың және оқушының қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Мұнда мұғалім модератор рөлін атқарады. Сонымен қатар, бұл интерактивті оқыту технологиясы нақты болжамды мақсаттарға ие. Олардың бірі-оқу процесі сәтті болатын жағдай жасау, бұл оқушыға оқу процесінде өзінің білім деңгейін жүзеге асыруға, зияткерлік қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді [113].	қарым-қатынас арқылы жүзеге асыру
Туркулет А., Войнеа М (Turculet, A., Voinea, M. 2019).	Ғылыми зерттеу жұмыстарда студенттердің ауызша және жазбаша қарым-қатынасына негізделген жеке жазбалар, он жарияланым, пікірталастарға қатысу, ашық пікірталастар, тегін микрофондар, аквариумдар және т.б. коммуникативтік тренингтер қолданған тиімді екенін атап өткен [114].	ғылыми зерттеу іс-әрекетін дамыту
Хусаинова Р (Khusainova R, 2020)	Зерттеушілік қабілет - өзін-өзі дамыту физикалық тұлға ретінде, ата-анадан, мұғалімнен өз әлеміне бөліну, оның әлеуетін түсіну, жан дүниесінің маңыздылығын сезіну. Жеке тұлғалық қасиеттердің дамуы оны өз іс-әрекетінің субъектісі ретінде қалыптастыру үшін өзін-өзі көрсету қажеттілігін көрсетеді [115].	зерттеушілік қабілет, өзін-өзі дамыту
Риид Т (Read T, 2020)	Зерттеушілік - бұл тұлғаның шығармашылық дамуына бағытталған оқытудың жаңа түрлерін іздеудің жаңа бағыты [116].	тұлғаның шығармашылық дамуы
Акуль М., Лотфи С., Радид М (Akoul, M., Lotfi, S., Radid, M, 2020)	Зерттеу барысында құзыреттілік және өзін-өзі бағалау туралы идеялар-бұл жеке тұлғаның жағдайы, әсіресе оның жұмыс істеуі үшін маңызды. Осылайша, олар адамның әрекет ету қабілетінің қозғаушы факторлары болып табылады [117].	құзыреттілік және өзін-өзі бағалау

А.Н. Поддъяковтың пікірінше, зерттеушілік әрекетін оқыту әдісі, білім беру технологиясы ретінде қарастыру қажет. Зерттеушілік іс-әрекеті әдісінің құндылығы ғылыми типтегі ойлау құрылымын қалыптастыру мүмкіндігінде, ол өз кезегінде өзіндік ойлауды, оның шығармашылығы мен ғылыми рефлексиясын, сондай-ақ зерттеушілік мінез-құлыққа деген қабілеттілікті білдіреді [62, с. 364]. Біздің тақырыбымыз тұрғысынан автордың пікірін талдайтын болсақ, оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда топтық немесе жеке зерттеу жұмысын

жүргізілетін кез келген тапсырма түрлеріне қарамастан қабілеттілікті қалыптастырудан бастау керек деп санаймыз.

Зерттеушілік іс-әрекеттің ерекшеліктерін аша отырып, И.А. Зимняя мен Е.А. Шашенкова оның өнімі қойылған мақсатқа, шындық пен мақсатқа жетуді анықтайтын объективті заңдар және жағдайларға сай алынған жаңа білімдер болып табылады деп атап көрсетеді [63]. Біз авторлардың пікіріне қосыла отырып, зерттеу жұмысы аясында алдына қойған мақсатқа жетуді және оң нәтиже алудағы меңгерген жаңа білімдер мен жүргізген тәжірибелермен сипатталатынын айта кеткіміз келеді.

Н.Н. Ставринова зерттеушілік іс-әрекетті жаңа, ғылыми негізделген білім бойынша ғылыми әдіснамаға сүйенген білім беру үдерісі субъектісінің әрекеті ретінде анықтайды [64]. Бастауыш сыныптарда жаңадан алғаш рет оқытылып жатқан «Жаратылыстану» пәнінен зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруда жаратылыстану ғылымы саласынан ғылыми негізделген білімді алдымен өздері жетік меңгеруін қадағалау қажет деп есептейміз.

А.И. Савенковтың пікірінше, зерттеушілік іс-әрекетін зерттеуді жүргізу базасында құрылған және ізденіс белсенділігінде жүйелеу нәтижесін тудыра отырып, іс-әрекеттің зияткерлік-шығармашылық әрекеті түрінде қарастыру қажет. Ол зерттеушілік барысын бейімделген факторды логикалық түрде құрастыра отырып және оның жүзеге асу механизмін қосады [65, с. 14-24]. Зерттеушілік іс-әрекетті зерттеушілік мінез-құлық тұрғысынан қарастыра отырып, автор зияткерлік-шығармашылық әрекеттің ерекше бір түрі ретіндегі зерттеушілік іс-әрекеттің негізінде белгісіз жағдаяттарда ізденгіштік белсенділіктегі адамның психикалық қажеттілігі жатыр, - деп атап көрсетті. Автордың ой-пікіріне қосыла отырып, жұмысымызда басшылыққа алу қажет деп түйіндейміз.

Зерттеушілік әрекетінің ерекшелігі мен мәнін амал-әрекеттің тәсілдері мен құралын сипаттау, мәселені қою, зерттеу нысанын бөлшектеу, эксперимент жүргізу, эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтерді сипаттау мен түсіндіру, болжамды ұсыну және алынған білімді тексеру арқылы анықтауға болады.

Зерттеушілік іс-әрекет дегеніміз – жаңалықты оқу үдерістерінде анықтауға, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, таным жүйесінің зерттеу әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы іздену іс-әрекет деген түсініктеме береміз. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті – оның қабылдаған білім, білік, дағдыларын белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі әлеуметтендіруге дайындық деңгейі болып табылады [118, б. 22].

Зерттеушілік іс-әрекет туралы зерттеудің негізін қалаушылардың бірі - Д. Берлайн. Ол физиологиялық бағыттылық тұрғысынан берген анықтамасында «зерттеу іс-әрекет – беймәлімділіктің туындауынан ынтаны бәсеңдетпеуге бағытталған әрекет» десе [66, с. 206], А.Н. Поддьяков «зерттеу іс-әрекеті -

сырттай қоршаған ортадан жаңа мәліметтер іздестіру мен оларды табуға бағытталған белсенді әрекет», – деген түсінік береді [62, с. 25].

Зерттеушілік іс-әрекеттің мақсаты субъективтілікті сипаттайтын жаңа білімді меңгеруі болып табылады. Білім алушылар өздері үшін субъективті жаңа білімді зерттеу арқылы әрекет түрлерін ашады. В.В. Давыдов бойынша, зерттеу нәтижесі жаңа білімді меңгерудегі әрекет тәсілдері. Зерттеушілік іс-әрекеттің танымдық бағыты өз кезегінде мотивті күшейтеді, тұлғаның жеке объектіге қызығушылық әрекеті, оның жаңа объект туралы білуге деген ынтасы және бір затты жаңаша жасауы болып табылады [67, с. 88-89]. Бірқатар психолог-педагогтардың зерттеулерінде мотивті қалыптастыру (В.В. Давыдов, А.К. Маркова, С.Л. Рубинштейн, А.И. Савенков, Г.И. Щукина және т.б.) екі түрлі: сыртқы және ішкі мотив деп қарастырылады. Сыртқы мотивке жақсы баға алуға себеп болған жеткілікті білім деңгейі, дағдысы мен іскерлігі жатады. Ішкі мотивке сыртқы ортаның әсерінен екінші рет қайтадан пайда болуы жатады. Осы жоғарыда айтылған көзқарастар зерттеушілік іс-әрекеттің пәнін айқындауға негіз болады – теориялық және эмпирикалық ойлау деңгейіне сәйкес жіктелетін жаңа білім. Эмпирикалық деңгейде эмпирикалық заңдылықтарды қалыптастыратын жаңа ғылыми фактілерді қорыту, эмпирикалық ақпараттарды жинау (бақылау, эксперимент, сұрақ-жауап, сауалнама) және т.б. танымдық белсенділікті жүзеге асыратын, алынған нәтижені интерпретациялау мен түсінуі іске асады. Теориялық деңгейдегі мотивте жалпы педагогика пәні бойынша, зерттеуді ашатын заңдылықтары бұрын ашылған факты мен эмпирикалық есептеу, факты мен оқиғаға болжам жасау. Зерттеушілік іс-әрекеттің құрылымында негізгі орынды ақыл-ойдың зияткерлігі мен практикалық (шығармашылық және зерттеушілік) алады.

Зерттеушілік іс-әрекеттің табысы гуманитарлық салада қабылданған рәсімдеуге байланысты мәтіндік шығарма, есеп, баяндама, мақала, монография және т.б., зерттеушілік іс-әрекеттің жеке актілік нәтижесі зерттеудің аясында жаңа білімді ашып, ғылыми тұрғыда зерттеуді жүзеге асыру, ал зерттеудің нәтижесі жүйелі және арнайы ұйымдастырылған үдерісте зерттеушілік компонентті қалыптастырады.

Н.В. Сычкова мен П.Ю. Романов бойынша, зерттеушілік іс-әрекетті шығармашылықтан бөліп алып мақсатты бағытталған іс-әрекет көп жағдайда жаңа нәтиже алуды жоспарлаған. Авторлар зерттеушілік іс-әрекетті қажеттілікпен байланыстырады да, ал шығармашылықты түпнұсқалығымен ажыратады. Сонымен қатар *«шығармашылық» пен «зерттеушілік»* бірін-бірі толықтыратын категория ретінде сипатталады, өйткені зерттеушілік іс-әрекет шығармашылық іс-әрекеттің қажетті компоненті болып табылады [68, с. 129].

Зерттеушілік іс-әрекет үдерісінде зерттеушілік дағды мен іскерлік қалыптасады, бұл білім алушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болатын тұлғалық сапалар мен зерттеушілік әрекеттердің әдіс-тәсілдерін меңгертеді. Ғалымдардың пікірінше, зерттеушілік іс-әрекеттің көрсеткіші ретінде оның компоненттерінің құрамына кіретін зерттеушілік іскерлік

алынады. Зерттеушілік іскерлік ұғымына жасалған талдауларға сүйенсек, келесідей қорытынды жасауға болады. Зерттеушілік іскерлік – бұл зерттеу тапсырмаларын орындауда зерттеудің сәйкес әдіс-тәсілдерін саналы түрде қолдана алу іскерлігі болып табылады.

Зерттеушілік іс-әрекет болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің материалдарды талдауы, қорытынды жасауы, болжам құра білуі, зерттеу нәтижелерін теориялық интерпретация жасап, рәсімдеуі және оны қоғамда жария етуімен сипатталады. Өзіндік зерттеу жұмысын жүргізу теориялық және әдіснамалық білім негізінде қалыптасады, олар мақсатты қою, жоспарлау, зерттеу жұмысын орындау, рефлексия осыларды іске асыруда зерттеушілік іскерлікті қолдануы, ғылыми диалогқа түсе білуі, дискуссия және т.б., көрініс табады.

Өзіндік танымға қабілеттілік тек қана зерттеушілік іс-әрекетте дамиды, өйткені басты нәтиже «интеллектуалдық өнім» зерттеу барысында ақиқатты анықтау тәртібі іске асырылады. Зерттеушілік іс-әрекет ғылыми зерттеумен байланысты болады.

Зерттеушілік іс-әрекет интеллектуалды-шығармашылық әрекеттің ерекше түрі ретінде зерттеушілік мінез-құлықтың үйлесімділігі негізге алынады, ол білім алушының маңызды қоршаған әлем туралы түсінігін меңгерудің көзі болып табылады. Мінез-құлықтың мұндай түрі белсенді ізденушіліктің базасына негізделеді. Ол зерттеу нысанына немесе проблемалық жағдаяттарды шешуге бағытталады. Зерттеушілік іс-әрекеттің негізгі нәтижесі интеллектуалдық өнім болып табылады.

*Зерттеушілік іс-әрекет* – білім алушылардың зерттеушілік дағды мен қабілеттіліктерін дамыту, танымның ғылыми әдістерін өздігінен пайдалану туралы білімінің болуы, талданатын теориялық факты мен құбылыстарды, үдерістерді тәжірибеде бақылау және олардың байланыс заңдылығы мен қарым-қатынасын айқындауға бағытталған белсенділігі [119, б. 31].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми салада зерттеушілер үшін шығармашылықта тұтасып кететін іс-әрекеттің зерттеушілік міндеттерді шешуде алдын ала белгісіз шешім қабылдауы мен негізгі кезеңдердің болу сипаты. Мұндай іс-әрекеттер оқытушының басшылығымен және ұйымдастыруымен дидактикалық және жанама құралдарды пайдалануымен, алдын ала жоспарлауымен іске асырылады. Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін факторлардың негізіне теория мен практиканың бірігуі, білім беру үдерісінде өте жоғары деңгейде табысқа жетуге мүмкіндік береді, өйткені оның нәтижесін барлық қатысушыларға бірдей көрнекі етеді. Болашақ бастауыш сынып мамандарының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың кезеңдерін көрсетеміз.

Болашақ мамандар зерттеу жұмысын бастаған күннен бастап, оларда зерттеушілік құзыреттілік қалыптаса бастайды.

*Бірінші кезеңде* өзіндік зерттеу іс-әрекетін жүргізу практикалық сипат алады, өйткені бақылау жүргізу, тәжірибені зерттеу, әртүрлі ақпаратты

айқындау, ақпаратты интерпретациялау, сұрақтар қою және зерттеу міндеттеріне жеке өзіндік шешім қабылдау, педагогтың тапсырмасы бойынша нәтижені ұсынуға мүмкіндік беру.

*Екінші кезеңде* топтық зерттеушілік іс-әрекетте өздігінен әртүрлі рөлді қабылдауға, топ ішінде және сыртқы өзара қарым-қатынасты қалыптастыру іске асырылады.

*Үшінші кезеңде* зерттеушілік іс-әрекетке өзіндік баға беру, өзіндік шешім қабылдай алуы қалыптасады. Бұдан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін болашақ мамандардың өзі осы кезеңдерді жетік меңгеруі тиіс. Сонда ғана олар бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыта алады.

Жаратылыстану пәнінің мазмұны бойынша, зерттеушілік іс-әрекет әмбебап және өте тиімді болмақ. Атап айтсақ: ғылыми-зерттеуге қызығушылық және танымдық белсенділікті арттырады, «табиғи ортаны» құруға ең аз мөлшерде ресурсты шығындайды т.б. білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетіне жағдай жасайды, пәннің мазмұнын терең түсінуге барынша мүмкіндік туғызады.

Сонымен, жалпы *«зерттеу» сөзінің түсінігі – танымдық қызметтің арнайы түрі ретінде ғылымға тән жаңа білім өндіру тәсілі* деп түсіндіріледі.

Ал «зерттеушілік іс-әрекетке» философиялық сөздікте – жаңа білім өндіруге бағытталған ойлау туралы, қоғам туралы әрекет деген түсінік беріледі. Жалпы ғылыми-теориялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерде зерттеушілік іс-әрекеттің маңызын ашу мақсатындағы көзқарастарды талдай келе, оны анықтаудың бірнеше бағытталған іс-әрекеттер негізінде болғанын байқауға болады:

- зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру, дамыту негізінде оқу белсенділігі мәселелері және танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру тұрғысынан;
- жаңа білімді меңгеруге бағытталған зерттеушілік іс-әрекеті негізіндегі өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тұрғысынан;
- оқыту проблемаларын шешуге бағытталған іс-әрекеттер тұрғысынан;
- ғылыми шығармашылық әдістемені меңгеруге, шығармашылық тапсырмалар мен міндеттерді шешуге бағытталған шығармашылық іс-әрекеттер тұрғысынан.

Оқу жоспарындағы міндетті пәндер мен факультатив сабақтары аясында жүзеге асырылатын студенттердің оқу-зерттеушілік іс-әрекеті, оқу-зерттеу жұмысы болып табылады. ЖОО профессор-оқытушылар құрамының жетекшілігімен орындайтын өзіндік зерттеулерге негізделген студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті қамтиды.

Студенттерде қалыптасқан оқу-зерттеушілік және ғылыми-зерттеушілік біліктер метапәндік білімдер мен біліктердің дамуына себепші болады. Педагогикалық әрекетке өзіндік талдау жасау, сондай-ақ туындаған педагогикалық мәселелерді және оны оқу-зерттеушілік іс-әрекетті мақсат пен міндеттер негізінде қоя алу қабілеті бітіруші студенттердің зерттеушілік іс-

әрекетке даярлығының рефлексиялық компонентін құрайды. Рефлексия жасай отырып, студент өз күшін шығармашылық ойлау, жауапкершілік, өзінділік, бастауыш білім беру мәселелеріне қатысты өз пікірін айта алу білігі, өзінің көзқарасын дәлелдей алу сияқты аса маңызды қасиеттерін дамытуға бағыттайды.

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті белгісіз нәтижесі бар есепті шығаруға бағытталған ғылыми сипаттағы ізденгіштік әрекет ретінде қарастырылады. Бұл әрекет нақты білім беру үдерісін талдаумен, болжамды тұжырымдау мен экспериментті түрде тексерумен, оқу немесе тәрбие үдерісінің моделін тұрғызумен, мектептегі білім беру үдерісін тиімді құруға бағытталған педагогикалық үдерісті ұйымдастырумен байланысты.

Зерттеліп отырған мәселеге терең теориялық талдау, педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді түсіндіру, олардың арасындағы байланыс пен қатынастарды тағайындаудың, мәліметтерді теориялық және эксперименталды түрде негіздеудің, ғылыми таным әдістері арқылы заңдылықты анықтаудың нәтижесінде студент тек субъективті сипатта ғана емес, белгілі бір теориялық объективті маңызды болатын «жаңа білімді» ашады.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті сипатына қарай дара болып табылады, ғылымда белгілі міндеттерді өздігінен шешу біліктерін қамтамасыз ететін студенттердің белсенді шығармашылық әрекетін көздейді. Оқу-зерттеушілік біліктердің және дағдылардың қалыптасқандығы ғылыми-зерттеу біліктерін, сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін негіз, базис болып табылады. Зерттеушілік әрекетті табысты жүзеге асыру үшін зерттеушілік қабілет пен біліктің мәні ерекше. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеті қазіргі мектеп бағдарламаларында маңызды рөлге ие. Мұның себебі зерттеушілік іс-әрекетті бала қабілетін ашу, үйлесімді тұлға етіп тәрбиелеу мен дамытудың мықты құралы деп тануда деп білеміз.

Зерттеушілік іс-әрекетте болашақ мамандар оқу үдерістеріндегі жаңалықты анықтауға, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, таным жүйесінің зерттеу әдістері мен инновациялық технологиялар арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы іздену деп түсінеміз. Бұл жерде болашақ мамандардың зерттеушілікке қажетті білімі мен біліктілігі жетекші рөл атқаратыны белгілі. Олай болса, оқу-танымдық зерттеушілікті ғылыми-зерттеушілікке ұштастыруда әрқайсысының атқаратын қызметінің әртүрлілігін және жеке пәндер бойынша тақырыптың ерекшеліктері мен мазмұнына қарай теориялық білімді тәжірибеде дәлелдеу жұмыстарында жаңа нәтижеге жетуімен сипатталатынын жетік меңгеру маңызды болмақ.

Қорыта келе, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда зерттеу кезеңдерін, зерттейтін мәселені көре білуін, мәселеге қатысты болжамды тұжырымдау, мақсатты салыстыра, жіктеу, материалды құрылымдау, өздігінен бақылау, эксперимент жүргізе алу, өз көзқарасын, идеясының дұрыстығын түсіндіре және дәлелдей

алу білігін қамтитын зерттеушілік әрекетті жүзеге асыру тәсілі ретінде қарастырған жөн деп санаймыз.

### **1.3 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері**

Жоғары оқу орнының алдында болашақ мамандарды психологиялық және педагогикалық тұрғыда оқу әрекетінде субъект ретінде қалыптастыру мәселесі, оларды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үшін өздігінен білім алуда, өзіндік жұмысты ұйымдастырудағы белсенділіктері, олардың өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі дамытудағы ізденімпаздығы, шығармашылығы, жауапкершілігі, проблеманы көре біліп, оған шешім қабылдай білу біліктілігі алға шығады. Осы тұрғыда психологтардың пікірлеріне тоқталуды жөн көрдік.

С.Л. Рубинштейн «... субъект шығармашылық өзіндік іс-әрекеті бойынша, өз істері мен актілері арқылы тек танылып қана қоймайды – ол осылар арқылы жасампаз болады және анықталады. Сондықтан әрекеттері арқылы оның қандай екендігін анықтауға болады; іс-әрекетінің бағыты арқылы оның өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі қалыптастыруы мүмкін болады», - деген тұжырым жасаған [61, с. 106]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мамандары оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке баулу үшін өзі зерттеу жұмысын ұйымдастырудың кезеңдерін, мәселені қою, оны шешу жолдарын жетік меңгеруі тиіс. Сонда ол оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке баули алады.

В.А. Петровский тұжырымдамасында субъектінің басты қасиеті ретінде түрлендіре өзгертетін белсенділігі аталады. Бұл түсінік бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынастың субъектілік дамудағы алғышарт екенін дәйектейді. Бейнеленген субъектілік студенттердегі субъектіліктің әлеуметтік сипатын айқындайды; субъект ерекшеліктерін, қасиеттерін дәлме-дәл анықтаудың, танудың және субъектілікті арнайы, яғни мақсат-бағдарлы түрде дамытудың өзекті болатынын көрсетеді [69, с. 62]. Біздің тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, болашақ бастауыш сынып мамандарының оқушыларымен бірлескен іс-әрекетіне құрылған қарым-қатынасы зерттеушілік іс-әрекетті субъектілік тұрғыда қамтамасыз етіледі деп есептейміз.

В.В. Селивановтың пікірінше, адам психикалық белсенділіктің және кез келген іс-әрекеттің субъектісі болып қалыптасуы үшін оның ақыл-ой әрекеті басты рөл атқарады. Олай болса, психологиялық дайындау барысында студенттердің проблемалық жағдайларды шешуі, психология пәні бойынша ақыл-ой тапсырмаларын орындауы психологиялық даярлықты ғана емес, олардың субъектілік дамуын анықтайды [70, с. 310-328]. Болашақ мамандардың психологиялық даярлығын университет қабырғасында психология пәнін оқытуда кез келген логикалық, проблемалық тапсырмаларды шешуде субъектілік қатынасқа түсуге баулу қажет. Сонда ғана олар ақыл-ой әрекетін

зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруға бағыттай алатын болады деген тұжырым жасаймыз.

В.П. Зинченко да адамның субъект ретінде өзін-өзі мен әлемді, ондағы өз орнын тануға өзгертуші, түрлендіруші іс-әрекетін, тәжірибесін, ізденушілігін руханилық деп дәйектеген [71, с. 27]. Автордың пікіріне қосыла отырып, тұлғалық субъект ретінде қалыптасуында тәжірибе, ізденушілік іс-әрекеттің алатын орны зор екенін айтып өткен жөн. Болашақ мамандардың психологиялық даярлығы субъект ретінде дамуының негізін рухани-адамгершілік сапасы құрайды.

Ж.И. Намазбаева психологиялық сауаттың тұлға үшін аса қажеттілігін былайша дәйектейді: «... адам психикасының негізгі заңдылықтары мен мазмұнын білу әрқайсымыздың психологиялық құзырымызды өсіруге, өз мәселелерімізге сауатты тұрғыдан қарауға, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау және тұлғалық қалыптасуына мүмкіндік береді. Күнделікті өмірдегі сәтсіздіктер мен уайымдар, дау-дамайлар көбінесе психологиялық сауатсыздықтың салдарынан пайда болады». Сонымен қатар ғалым психологиялық сауаттың арқасында «... Сіз айналаңыздағы ақиқатқа, ең бастысы, өзіңізге немқұрайлы емес, белсенді қарайтын боласыз» – деп, оны субъектілік ұстанымның пайда болу, жетілу көзі ретінде түйін жасайды [72, б. 4]. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үшін психологиялық сауаттылықтың қажеттілігін ерекше атап өткен жөн. Өйткені, болашақ маман ретінде тұлғалық қалыптасуының негізінде оқушылармен оң қарым-қатынас орната алады, әрі олардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда субъектілік ұстанымға сүйене отырып, белсенділік тұрғысынан қарастырады.

С.М. Жақыповтың пікірінше, бірлескен іс-әрекеттің және қарым-қатынастың тиімділігі жайлы тұжырымдамалары негізінде өзара әрекеттестік пен өзара қатынасты дамыту үлгісі іс-әрекетті жетілдіруші, реттеуші болатынын ашады. Осыған орай студенттердің қарым-қатынас жасауы субъект-объект немесе субъект-субъект схемасына сәйкес жүзеге асады. Қарым-қатынас студенттер үшін тұлғалық мағынаға ие болса, және ол психологиялық даярлықтың мәнділігімен, маңызымен сәйкес келсе, онда субъект-субъект негіздегі өзара әрекеттестік пен өзара қатынас тұрақтылықпен орын алады [73, б. 59]. Болашақ маманның бастауыш сынып оқушысымен қарым-қатынасы тұрғысынан талдайтын болсақ, онда студенттер тарапынан тұлғалық мағына да, оның оқушылармен іс-әрекеті олардың даярлығы осы мәнділікпен сәйкес келсе, субъект-субъект схемасы бойынша ұйымдастырылатын қарым-қатынаста көрініс табады. Бұл өз кезегінде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға психологиялық тұрғыда даярлау болып табылады деген тұжырым жасауға негіз болады.

Н. Тоқсанбаева психологиялық тұрғыда зерттеулерді жүргізу мақсаттары бойынша бірнеше түрлерін көрсеткен.

– Бірінші түрге ізденіс зерттеулері жатқызылады. Әлі ешкім бұл әдістің

мәселелерін шешуге талпынбаған. Мәселені шешу тұспалданып тұрады. Кейде бұл сияқты зерттеулерді «түртіп көрсету әдісімен» алынған зерттеулер деп те атайды. Осы сынды аз зерттелген жұмыстар мақсатты тұрғыда жаңа нәтижелерді алуға бағытталады.

– екінші түрі – сыни зерттеулер. Ол қазіргі валидтілікті айқынырақ болжайтын тексеру үшін, теорияны болжамды, модельді, заңды және т.б. екі талғаулы болжамдарды теріске шығару мақсатында жүргізіледі. Сыни зерттеулер тәжірибені жүзеге асыру үшін ресми түрде мақұлданған әдістемелері бар және білімнің бай теориялық эмпирикалық қоры жиналған салаларды жүргізіледі.

– үшінші түрі – анықтаушы зерттеулер. Ғылымда жүргізілетін зерттеулердің басым көпшілігі анықтаушы зерттеулер қатарына жатады. Олардың мақсаты – теориялы айғақтар мен эмпирикалық заңдылықтарды болжай алатын меженің шегін жасау. Әдетте, зерттеудің жүргізу шарттары, нысаны, әдістемесі бастапқы тәжірибелік үлгімен салыстырғанда өзгереді.

– төртінші соңғы түрі – қайта жаңғыртылатын зерттеу. Оның мақсаты – алынған нәтижелердің дұрыстығын, сенімділігі мен валидтілігін анықтау тәжірибесін дәлме дәл қайталау [74, б. 136]. Біз жұмысымызда автордың психологиялық тұрғыда ұсынған зерттеу түрлерінің элементтерін зерттеу нысанына байланысты пайдалануға болады деп санаймыз.

Бүгінгі таңда адамзаттың әлеуметтік-экономикалық үздіксіз дамуға қарқынды түрде өтуіне байланысты өркениеттің бет-бейнесі тұтастай өзгеруде. Елдің өркендеуі жоғары білім беру жүйесін, оның мазмұны мен құрылымын жаңартуға сүйенеді, сондықтан да болашақ маманды дайындауда білім мен тәрбие беру ісі басты мәселеге айналып, ерекше мәнге ие болып отыр. Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізі болашақ маманның біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті деп өмірдің қай саласында болмасын әр түрлі жағдайларға бейімделе білетін, бойында шығармашылық қасиеттері қалыптасқан тұлғаны айтамыз. Бәсекеге қабілетті, жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін болашақ маманды ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге дайындау қажет. Осы қажеттіліктерге байланысты, білім берудің жаңа парадигмалық жағдайында маманның зерттеушілік іс-әрекетін дамыту оны тиімді дамытуға деген сұраныс артуда. Заманның сұранысына сай жаңашыл педагог маман қатарында зерттеушілік іс-әрекеті қалыптасқан педагог маман ерекше орын алуда.

Қазіргі кездегі қоғамды реформалау жағдайында, сондай-ақ білім беруді жаңартуда жеке тұлғаның болмысқа деген белсенді танымдық қарым-қатынасы, тез өзгертін дүниеде өз орнын табатын қабілеттілігі мен талап-тілегі, зерттеушілік белсенді іс-әрекеттері мен жаңаша ойлауы қалыптасқан болашақ

мамандарды дайындау негізгі міндет болып отыр.

М. Мырзатаева бастауыш сынып оқушысының қиялының даму бағыттарына келесілерді жатқызады:

– алғашқы кезде қиял бейнелері шашыраңқы, айқын емес, бірақ біртіндеп, неғұрлым нақты айқындала бастайды;

– екінші сыныпқа қарай қиял бейнелері белгілерінің, соның ішінде мәнді белгілерінің саны едәуір ұлғаяды;

– үшінші сыныпқа қарай қиял бейнелері жалпыланып, неғұрлым ашық бола бастайды; балалар әңгіменің желісін өзгертіп, шарттылықты ендіре алады;

– алғашқыда қиял бейнелерінің бәрі затқа сүйенуді талап етеді, тек кейінірек қана сөзге сүйену дамиды [75, б. 56]. Біз автордың пікірін зерттеу жұмысымызда басшылыққа аламыз. Өйткені, зерттеушілік іс-әрекет оқушы қиялының дамуындағы басты бағыт шындықты өз білімдеріне сәйкес негізде неғұрлым дұрыс және толық бейнелендіру. Сынып жоғарылаған сайын бала қиялының шындығы артады. Олай болса, зерттеушілік іс-әрекетті орындауда болжам жасауы тікелей қиялымен байланысты екенін басшылыққа алуға негіз болады деп санаймыз.

Ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау нәтижесінде, біз мынадай ой қорытындыға келдік: оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің бір-бірінен өзгешелігі, ол білім алушылардың өзбетімен зерттеу жүргізу мүмкіндігі және зерттеу нәтижесінің жаңалығында. Ал зерттеушілік «оқу-зерттеу іс-әрекеті» және «ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің» басты ортақ міндет ол мәселені шешудегі мақсатты бағытталған іс-әрекет, зерттеулерде нәтижеге жетуде саналы зерттеуді жүзеге асыратын білім қажет.

Жоғары оқу орнындағы психологиялық дайындау процесінде студенттердің субъектілік ерекшеліктері ескерілуі, негізге алынуы және жетілуі қажет. Басқаша айтқанда, студенттердің оқу іс-әрекетінде өзін-өзі көрсете алуы, кәсіби біліктілікті өзіндік жетілдіруге қабілеттілігі, өзін-өзі актуалдандыра алуы, ізгіліктік негізде қарым-қатынас жасауы психологиялық дайындаудың мазмұны мен қисынын тағайындайды. Сонда, психологиялық дайындау оқу-кәсіби іс-әрекеттерінің, қарым-қатынастың талаптарына орай студенттердің субъектілік ерекшеліктері мен психикалық қасиеттерін дамыту, жетілдіру, қайта құру, өзгерту процестерін біріктіреді. Бұл студенттердің жоғары мектептегі психологиялық дайындау процесінің субъектісі болу арқылы оқу кәсіби іс-әрекеттерінің, қарым-қатынастың және өзіндік даму процесінің субъектісі ретінде дамып, жетілуіне негіз болады, жол ашады. Мұндай психологиялық дайындау барысында оның мазмұны мен қисынына орай студенттердің кейбір танымдық процестерінің, психикалық жай-күйлерінің және тұлғалық ерекшеліктерінің өзгеруі, дамуы, жетілуі орын алады деп санаймыз. Ал, студенттердің психологиялық қасиеттерінің бір тобы олардың оқу іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарында жетекші, негізгі болып қала береді. Олардың даму деңгейі студенттердің психологиялық дайындық процесінде субъект болуының жоғары, я болмаса, төменгі дәрежесін

анықтайды. Мұнда негізгі субъект сипаттамалары студенттердің оқу іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарына құндылық ретіндегі қатынастарынан, өзіндік сана-сезім құраушыларының даму дәрежесінен және ерік сапаларынан тұрады. Студенттердің өз істері мен өміріне стратегиясы, олардың оқу іс-әрекеттері мен қарым-қатынас саласына қатысты талаптары мен үміттері ондағы құндылықтардың мәнділік дәрежесін құрайды. Ал жастардың студенттік, әлеуметтік рөлге орай іс-әрекеттері, олардың тұлға, маман ретінде дамып, жетілуі өзіндік сана-сезім дәрежесіне қатысты сипатталады. Студенттердің өз іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының барысына, нәтижесіне қатысты қажыр-қайрат, жауапкершілік, табандылық олардың субъект тұрғысынан дамуын анықтайды.

Сол себепті де, біз өз зерттеуімізде оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін біріктіретін «зерттеушілік іс-әрекет» терминін қолданудағы басты мақсатымыз, жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мамандарын дайындауда зерттеушілік іс-әрекетті дамыту әдістемесі оқытушы жетекшілігімен де, студенттердің өз бетімен де ұйымдастырылады және зерттеу нәтижесі бұрын ғылымға белгілі жаңалыққа студенттің өзінің көз жеткізуі сонымен қатар жаңа нәтиже алуға бағытталған зерттеу жұмыстарын орындату.

Ш.Т. Таубаеваның пікірінше, педагогтің зерттеу әрекетіне даярлығын қалыптастыруда ғылыми-зерттеу жұмысының маңызы ерекше. XX ғасырдың екінші жартысында педагогикалық білім берудің жалпы теориясы көлемінде педагогтің ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау мәселесі көкейкесті мәселеге айналды. «Ғылыми-зерттеу жұмысы», «іс-әрекет шығармашылығы», «жаңашылдық» ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты: іс-әрекет шығармашылығы арқасында ғылыми-зерттеу жұмысы туады, ал жүйелі жүргізілген кез келген ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижесінде «ғылыми болжам» туындап, жаңалық ашуға жол ашылады, яғни, мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру мүмкіндігі кеңейеді. Философиялық әдебиеттерде кез келген іс-әрекеттің инвариантты циклі төмендегідей жалпынама нобайда беріледі: мақсат – құрал – нәтиже.

Мұғалімдерді ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау жоғары оқу орны қабырғасынан бастау алуға тиіс. Мәселен, ғалымдардың пікірінше, болашақ маманның жоғары оқу орнында алған білімі, біліктілігі, тәжірибесі болашақта кәсіби шыңдалуына үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан, автор жоғары оқу орнында ғылыми-зерттеу жұмысының сапасын арттырудың жолдарын көрсете келе, болашақ педагогтарды педагогикалық іс-әрекетке психологиялық және педагогикалық даярлау кезеңдерін бөліп көрсетеді:

1-кезең (XIX ғасырдың соңы мен 1914ж.) – болашақ педагогтерді психологиялық даярлау жүйесі;

2-кезең (1914-1940жж.) – тәртіпті реттеу мен өзін-өзі реттеу нейрофизиологиялық механизіміне негізделген интенсивті психологиялық даярлау;

3-кезең (1940-1960жж.) – психологиялық даярлау теориясын адамның әртүрлі іс-әрекетіне пайдалану;

4-кезең (1970 жж. – ХХІ ғасырдың басы) – психологиялық даярлау теориясын жетілдіру, оны педагогикалық іс-әрекеттер зерттеулерінде пайдалану.

Сонымен қатар автор, қазіргі кезеңде жалпы қоғам талабына сәйкес, педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмысын жаңа бағытта жүргізу қолға алынуда. Жалпы мұғалімнің зерттеу іс-әрекеті төмендегідей логикалық байланыста құрылады: рефлексия – ғылыми зерттеу – практика – рефлексия, - деп көрсеткен [76, б. 265-266]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, оны зерттеу жұмысымызда басшылыққа аламыз. Өйткені, болашақ бастауыш сынып мамандарына оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған дайындық жүйесінде әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету ғылыми білімді, зерттеушілік білік пен дағдыны тереңдетіп, жетік меңгерту көзделеді. Өйткені, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда педагогикалық үдерісті шығармашылықпен ұйымдастыру қажеттігін түсінуі маңызды болмақ.

Н.С. Амелина: «Жоғары кәсіби білім беру жүйесінде оқу-зерттеу іс-әрекеті – бұл оқу-танымдық іс-әрекетімен зерттеу іс-әрекетінің бірлесуі, ал оқу-зерттеу қызметі – осы бірліктің сыртқы формасы ғана», - деп анықтама берген [77, с. 22]. Біздің пікірімізше, оқу-зерттеушілік іс-әрекетті ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне ұштастыру қажет.

*Зерттеушілік іс-әрекет* – объективті және субъективті жаңа білім алу іс-әрекеті, ал зерттеушілік қызметі – жеке адамға бағытталған оқыту үдерісі негізіндегі іс-әрекетті ұйымдастырудың сыртқы формасы болып табылады.

Ж.В. Рассказова зерттеушілік іс-әрекетті үш бағытта қарастырады. Атап айтсақ: *бірінші*, зерттеушілік жобалау, онда оқушылар дайындығы деңгейіне сәйкес теорияны практикамен байланыстыруын, *екіншіден*, оқушылар қызығушылығын біріктіру, *үшіншіден*, оқу материалын меңгерудің жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік береді.

Екінші *зерттеу практикасы* – оқушылардың зерттеушілік қатынасты қажет ететін орта жағдайындағы іс-әрекеті. Оның мақсаты – қоғамдық маңызды мәселені шешудегі зерттеушілік білігі мен дағдысын қалыптастыру. Міндеті – зерттеушілік мәдениеттің практикалық біліктілігін игеру, зерттеушілік қатынасты талап ететін мәселені шешу, нақты зерттеушілік жағдаятта теориялық білімін қолдана алу дағдысын меңгеру.

*Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеті* – тақырыпты өздігінен шығармашылықпен зерттеу жұмысы. Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет оқушылардың шығармашылық сапаларын тереңдетуге бағытталған өзіндік, өз қалауымен қатысуы, қызығушылық танытуы принциптеріне негізделген ғылыми жұмыстың сабақтан тыс формасына қатысуының кешенді жүйесі, - деген тұжырым жасаған [120]. Біз автордың ұсынған үш бағытының да соңғы

нәтижесінде зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруға әкелетінін түсіне отырып, жұмысымызда басшылыққа аламыз.

З.А. Исаева зерттеушілік іс-әрекетке дайындық мәселесін қарастыра келе, зерттеушілік іс-әрекетке дайындық мотивациялық, когнитивтік және операциялық компоненттерден тұратынына тоқталып, оларға толыққанды сипаттама берген [78, с. 89]. Зерттеу жұмысымыздың құрылымдық-мазмұндық моделін құруда автордың пікірін тірек етіп аламыз.

Р.С. Рахметова студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастыру – маңызды, күрделі және көп салалы мәселе. Шығармашылық жұмыс студентті өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылдырып іздендіреді. Өмірде дұрыс жол табуға, дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйретіп, қабілеттерін дамытуға, рухани күшін нығайтуға, өзін-өзі тануға көмектеседі. Олардың шығармашылық қабілеті оның мәселені қою мен оны шешудің жолдарын табуынан көрініп, жаңа білімді меңгеру шығармашылық ойдың қалыптасуымен және дамуымен бірге жүреді. Шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, соңы тың жаңалықтар ашатын, өзіндік ойлау қабілетімен ерекшеленетін, заман талабына сай озық ойлы, зерделі, дарынды, саналы, кәсіби даярлығы жоғары маман даярлау үшін оқытушы оқулықтағы материалды қайталап айтумен шектелмей, студенттің шығармашылық қабілетін дамытуға, білімін тереңдетуге т.б., бағытталған оқыту әдістемелерін қарастырып, ғылыми тұрғыда зерттеп, практикада қолдана білуі шарт,- деген тұжырым жасаған [79, с. 63]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, университет қабырғасында шығармашылық жұмыспен айналысатын студент сөзсіз зерттеу жұмысымен айналысатыны белгілі. Зерттеу жұмысы жекелеген пәндер бойынша іске асырылады, өйткені әрбір тақырыптың аясында берілген тапсырмалар орындау түрлеріне қарай қысқа немесе ұзақ зерттеуді қажет етеді. Ол зерттеуді жүргізу үшін оның шығармашылық қабілеттілігі алдыңғы орынға шығады. Шығармашылық қабілеті қалыптасқан студент ғылыми жобалар, пәндік олимпиадалар, пәндік конкурстарға өздерінің қалауымен қатысады және оны табысты орындайды деп санаймыз.

Қ. Аймағамбетова бастауыш сынып оқушыларына білім мен тәрбие беріп, дамыта оқытуды жүзеге асыруда дүниетану пәнінде зерттеу әдістерін қолдануда мұғалім топтық немесе жеке жұмыс беруіне болатынын айтады. Автордың пайымдауынша, зерттеу кезінде оқушылар өздері үшін жаңалық ашады. Бұрын тікелей байқай алмай жүрген ерекшеліктерді, қасиеттерді түсініп, саналы меңгереді. Оқушылардың шығармашылық әрекеті дами түседі. Ізденіс нәтижесінде алған білім, олардың логикалық ойының дамуын тездетеді. Оқушылар ізденіс арқылы жеткен нәтижеге баға беру, оны басқа ситуацияда қолдану, ұқсас мысалдар келтіру әрекеттерін меңгереді, - деп қорытынды жасаған [80, б. 149]. Оқушылардың ізденушілігін тудыратын, өздігінен жұмыс атқаруға негіз салатын оқыту әдістерін қолдану олардың зерттеушілігін дамытатындығын көрсетеді. Тақырыбымыз бастауыш сынып оқушысына да қатысты болғандықтан тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін зерттеушілік

іс-әрекетінің шығармашылыққа ұласатынын ескере отырып, басшылыққа аламыз.

Ү.Б. Жексенбаева зерттеушілік оқыту әдісіне оқушының зерттеушілік әрекеті, зерттеушілік әдебі тұлғаны толық қамтитын күрделі кіріктірілген білімін жатқызады. Ал, зерттеушілік оқыту – баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген ынтасы негізінде құрылған оқытудың негізгі тәсілі болып табылады. Оның мақсаты – оқушының адамзаттық мәдениеттің қай саласында болмасын, өз бетімен шығармашылық жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру, – деген тұжырым жасаған [81, б. 8]. Бастауыш сыныптарда зерттеушілік оқытуды ұйымдастыруда сабақтың тақырыбы мен мақсатына сәйкес оқушылардың өздігінен шығармашылық әрекетке түсуіне мүмкіндік туғыза отырып, жаңа нәтиже алуға жетелеу қажет. Оқушының жеке басының шығармашылық қабілетін ескеріп, оның қызығушылығын қанағаттандыратындай зерттеу жұмысын жүргізудің жолдарын меңгерту керек. Сонда ғана оқушы өзінің зерттеу жұмысының нәтижесін көріп, жаңа білімді тәжірибемен байланыстырғанына көзі жетеді, яғни зерттеушілік іс-әрекеті қалыптасады.

А.Е. Жұмабаева бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқыту сабақтары барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларда ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректік, зейінділік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі, т.б. Оқушылардың әрекет ерекшеліктеріне өзіндік мақсаты мен нәтиженің болуы, (бағдарланушылығы, шешімпаздығы, білімі, білік және дағдыны игеруі, жеке қасиеттерінің дамуы); оқу нысанының ерекше сипаты: (білуге құмарлық, зеректік, саналылық, оқуға тұрақты танымдық әрекет); оқыту құралдарының болуы – оқулықтар, әдебиеттер, лабораториялық құрал-жабдықтар және т.б. жатқызуға болады. Белсенділік адамның әрекетке қатынасын өз бетінше әрекет етуге дайын болудан ұмтылыстан, алға қойған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдай білуден көрініс табатын жеке тұлғаның сипаты ретінде айқындалады, - деген түйіндеме жасаған [82, б. 34-35]. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға негіз болатын белсенділік десек, жекелеген пәндерді оқытудағы әрекет түрлері оқу мақсатына жетуге жетелей отырып, өзіндік ізденушілікті зерттеушілікке ұластыруға мүмкіндік туғызады деп санаймыз.

А.С. Амирова бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде шығармашылық тапсырмалар, проблемалық мәселелер арқылы олардың шығармашылық ойлауын дамытуға болатын факторлар ретінде сараланып, шығармашылықтың ең жоғары даму мүмкіндіктері – бастауыш мектеп жасы екендігін анықтап, зерттеушілік іс-әрекетті шығармашылық іс-әрекеттің бір түрі ретінде қарастырады. Шығармашылық іс-әрекет – оқушының жеке ізденушілік бағытын таңдау қажеттігін және жаңа өнім, яғни нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын іс-әрекет болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеті дегеніміз – алған білімін

өздігінен толықтырып, кеңейтетін, жоғары деңгейде ойлайтын, өзіндік идеясын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын дәлелдей білетін, саналы түрде рефлексивті әрекетке түсе алатын, өзі үшін жаңа болып табылатын нәтижеге жете білу, - деген анықтама берген [121, б. 120]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, шығармашылық іс-әрекетте оқушының жететін жетістігі әрине бір тақырыпта зерттеу жұмысын жүргізуді қажет ететіні белгілі. Олай болса, оқушының терең білімі мен білігі үйлескен жағдайда жаңа өнім әкеледі. Ол үшін оқушы ізденеді, зерттейді, өзінің пікірін дәлелдейтін тұжырымдарды теориялық тұрғыда негіздеп, тәжірибе арқылы дәлелдейді.

Ж. Сардарова: «Бастауыш мектепті ақпараттандыру өзіндік ерекшеліктерге ие. Соның ішінде ең негізгісі – бұл оқу-тәрбие үдерісін тиімді басқарудың міндетті шарттары болып табылатын бастауыш сынып оқушыларының оқу, шығармашылық іс-әрекеттерінің қорытындысы мен оқушылардың жеке ерекшеліктерінің көрсеткіштері сияқты бірінші кезектегі мәселелер басты орын алады», - деген қорытынды жасаған [83, б. 95]. Бұдан шығатын қорытынды қандай да бір зерттеу жұмысын орындауда оқушылар алдымен ақпараттар жинайтыны белгілі. Біз автордың пікірін қосыла отырып, бастауыш сыныптарда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін ақпараттық сауаттылық қажет, ал оны ақпараттандыру аясында іске асырылатынын айта кеткеніміз жөн.

Н.Б. Қадірова: «Тиімді педагогикалық технологиялардың бірі – жобалау әдісі. Жобалау әдісі келесі дидактикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: оқушылардың дайындау үдерісінде пәнаралық байланыстарды өзектілендіру; оқушының оқу үдерісінде теория мен практиканың арасындағы байланысты толық жүзеге асыру; оқушыларды білім мен білікті меңгеру дәрежесін жоғарылату; оқу үдерісінің субъекті ретінде студенттердің (оқушылардың) белсенділігін арттыру және өздігінен білім алуын, өзін-өзі дамытуының рөлін жоғарылату», - деген тұжырым жасаған [84, б. 78]. Жобалау әдісі ЖОО-да ғана емес, бастауыш сыныптарда барлық пәндерде де, оның ішінде жаратылыстануда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға болады деп қорытындылаймыз.

Г.И. Уайсованың ойынша, бастауыш сыныптарда грамматикалық ұғымдарды меңгертудің тиімді әдістемелік жағдайларына төмендегілерді жатқызады: - оқушылардың белсенді ойлау қызметін іске қосу. Бұл проблемалық әдіс деп аталады. Кез келген жаңа грамматикалық ұғымды меңгерту барысында оқушылардың психологиялық-физиологиялық қабылдау мүмкіндіктеріне қарай проблемалық жағдай туғызу мұғалімнің шеберлігіне байланысты: - сөзге немесе сөйлемге қатысты оқушылардың лингвистикалық көзқарасын дамыту. Оқушыларға бастауыш сыныптарда берілетін грамматикалық ұғымдардың бәрі ең басты мақсатқа – олардың ойларын дұрыс, әсерлі баяндай білу қабілетін дамыту мақсатына бағытталуы тиіс; - өтілген грамматикалық ұғымдардың айқын және көмескі белгілерін меңгерту; - жаңа

меңгерілген ұғымда бұрын өтілген грамматикалық ұғымдар жүйесімен байланыстырып отыру.

Бұл әдісті берілген білімді жинақтап отыру әдісі деп атайды; - жаңа меңгерілген грамматикалық ұғымды түсіндіру үшін оқушылардың бұрынғы білімдері мен дағдыларына сүйеніп отыру. Жаңа тақырыпты меңгерудің бұл әдісі, біріншіден, оқушылардың өткен сабақтардағы мағлұматтарды ұмытпауына, оны жаңа ұғыммен байланыстыра білуіне жағдай туғызады. Екіншіден, бұрынғы дағды жаңа тақырыпты игеруді жеңілдетеді; - грамматикалық ұғымдарды көрнекі құралдар көмегімен меңгерту. Бұл әдісте мұғалімнен ерекше шеберлікті талап етеді. Тақырыптың сипатына қарай көрнекілікті түрлендіріп, пайдалану қажет [85, б. 115]. Біз автордың құнды тұжырымын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруда аталған әдістемелік жағдайларды басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

Г.Т. Садуақас оқушы іс-әрекетіндегі шығармашылыққа дағдыландыру жұмыстары жобалау әдісі арқылы іске асырылады. Қазақ тілі сабақтарында жобалау әдісін ұйымдастыру оқушының өлкетану деректері арқылы меңгерген жаңа білімді, өмірде қолдана алуына үйретеді. Жобалау әдісі оқушылардың үнемі өз ой-тұжырымын дәлелдеуге, дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Жобаны бағалау нысаны – арнайы әзірленген талаптар мен көрсеткіштер негізінде негізгі құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейі болып табылады. Білім беру үдерісінде негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру технологиясы ретінде оқушылардың жобалау, зерттеу іс-әрекеттері ұйымдастырылады, - деген тұжырым жасаған [86, б. 131-132]. Автордың пікіріне қосыла отырып, тақырыбымызға орай зерттеушілік іс-әрекетті дамытуда оқушылардың жаратылыстану пәні бойынша да жобалау әдісін қолданатынымыз сөзсіз. Біздің жұмысымыз үшін тиімді әдіс ретінде жобалау әдісін қолдану керек деп есептейміз.

С.С. Измуханбетова оқушылардың зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастыру сатылық құрылымы іс-әрекет кезеңдері бойынша төмендегідей көрсеткен [87, б. 60].

– *танымдық* оқушылардың зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастырудағы іс-әрекеттерді саралау, жетілдіру;

– *коммуникативтік* тұлғааралық байланыс деңгейінің жоғарылығы, ата-аналармен мәдени қарым-қатынасты зерттеушілік ісіне бағыттау;

– *ұйымдастыру* сабақта және сабақтан тыс оқушылардың зерттеушілік қарым-қатынастық мүмкіндіктерді пайдалана алу;

– *құрастыру* оқушылардың зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастыру үшін қажетті позицияларды жасау, жаңа ақпаратты игеру барысында тиімді тәсілдерді жүйелей құрастыра алу;

– *жобалау* оқушылардың зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастырудағы іс-әрекеттерді талдау, тақырыптарды таңдау, жобалау, қажетті мазмұндық және ақпараттық сұрыптау барысында өлшемдік ұғымдарды пайдалана білу. Біз зерттеу жұмысымызда автордың зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастыру

сатылық құрылымының кезеңдерін зерттеу барысында басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

А.Б. Ибашова ақпараттық технологияны педагогикалық процесте пайдалану жүйесін құру идеясының негізіне келесі базалық қағидалар жатқызады:

– пәндік білім берудің мақсатты тұжырымдамасы: бағдарламалық іскерліктерді меңгеріп қана қоймай, ойлаудың амалдық стилін қалыптастыру;

– оқушылардың тиімді жас кезеңі тұжырымдамасы: оқушылардың ойлау стилі бастауыш мектепте қалыптасатын болғандықтан информатиканың негізгі ұғымдарын жүйелі түрде үйретуді бастауыш сыныптан бастаған жөн;

– оқу қызметінің тұжырымдамасы: мектептегі информатика оқу әдістемелері мен пәнаралық байланыстарды жетілдіру құралы болу керек;

– ізденушілік іскерліктер мен белсенді шығармашылық тұжырымдамасы: компьютерлермен тікелей қарым-қатынаспен ақпараттық жүйелер арқылы қарым-қатынасқа түсуді оқушының өзіндік жұмыс жасау іскерліктерін үнемі жетілдіріп отыратындай қылып ұйымдастыру керек;

– мектептегі білім беруді гуманитарландыру тұжырымдамасы: информатика оқушылардың эстетикалық тәрбиесіне қызмет ететін нақты құрал ұсынады, мектептің міндеті осы құралды тиімді қолдану [88, с. 50]. Бұдан шығатын қорытынды зерттеушілік іс-әрекет барысында ақпараттық ресурстарды пайдаланудағы ізденушілік пен белсенді шығармашылық олардың өзіндік жаңашылдығын, жауапкершілігін арттыруға ықпалы зор болмақ.

А.М. Текесбаева бойынша, бастауыш сынып оқушыларын табиғатқа араластырып, табиғатты сезім мен әрекет арқылы қабылдауларына мүмкіндік беру және балаларды табиғатты бақылауды және оның қарапайым көріністеріндегі қызықты нәрселерді көре білуге, жануарлармен, өлі табиғат құбылыстары арасындағы көзге көрінетіндей байланыстар орната білуге үйрету қажет. Жергілікті өлкені зерттеу мазмұнына сол жердің көріністерімен таныстық жатады. Атап айтсақ: табиғат құбылысын бақылау, өсімдіктерді табу, бастауыш сынып оқушыларын өлкенің жануарларымен таныстыру, олардың тіршілік әрекетін бақылау, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен олардың негізгі сипаттамаларымен таныстыру, - болып табылады [89, б. 91]. Бұл әрине бастауыш сыныптарда дүниетану, жаратылыстану сабақтарында зерттеу жұмыстарын орындауға әкеледі. Зерттеу барысында алған теориялық білімдерін тереңдету мақсатында ізденеді, тақырып мазмұны бойынша жаңа ақпараттар табады, оны тәжірибеде қолданудың жолдарын іздестіреді. Осыларды орындау барысында оқушыларда зерттеушілік іс-әрекет қалыптасады деген тұжырым жасаймыз.

Р.Қ. Қарсыбаева шығармашылық іс-әрекеттің табиғатын саралай отырып, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетінің жүзеге асырылу мүмкіндіктерін мына сатымен талдауға болады: оқушылардың шығармашылық мақсатты қоюы және оған жету жолында өзінің іс-әрекетін бағындыруы, алгоритмді өзі жасауы, өзінің іс-әрекеттерінің жоспарлауы және өзіндік

бақылауды жүзеге асыруы; кез-келген еңбек саласында жоғары жұмыс жасауы; мақсаттың негізін құрайтын мәселені табуы және шешуі; өзінің сенімін қорғауы [90, б. 44]. Бастауыш сыныпта оқушылардың шығармашылық іс-әрекетке түсуі – жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерінің жандануы мен дамуына ықпал етеді. Бұл әрине оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетінің нәтижесі болмақ.

А.М. Жубандыкова өлкетанудың білім берудің сапасын көтеруде ықпалы зор. Өлкетану жұмыстары оқушылардың сабақтан немесе оқу құралынан дайын білімді алу ғана емес, сонымен қоса мұғалім басшылығымен оқушылардың өздік жұмыстарын, ізденіс-зерттеу әдістерін қамтиды. Сондықтан өлкетану жұмысының ерекшелігі – оның мұғалімдер мен оқушыларды зерттеуші ететіні. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, тілін білетін, дүниеге дұрыс көзқарасы қалыптасқан шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеудің және өлкетану оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруда өлкетану маңызды, күшті құрал болып отыр. Өлкетану материалдарын пайдалану арқылы қоршаған шындықтың құбылыстарын, ғылыми ұғымдарды ашып, нақтылаймыз, түсінеміз, - деген қорытынды жасаған [91, б. 138]. Біз автордың пікірін бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін өлкетану жұмыстарында бақылауды жоспарлау, бақылау деректерін жинақтау, сараптау және өңдеу арқылы жаңа нәтижеге жетуде шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы қажет деп ойлаймыз.

«Зерттеу – бұл ұйымдастырылған жаңа білімді өндіруге, танымдық объективтік заңдылыққа және құбылыстың даму беталысына тікелей бағытталған ақыл-ой процесі. Зерттеу әрекеті – мотивациялық, когнитивтік, міндеттердің компоненттерінен құралатын интегративтік білім», - деген Н.Ғ. Даумов [92, б. 50]. Жаңа білімді түсінуге негіз болатын оқу-танымдық ақпаратты меңгерудегі ақыл-ой процесінің дамуын қамтамасыз ететін қызығушылық пен мазмұндық білімнің кірігуі ретінде қарастырғанын көреміз.

Н.Т. Сартаева бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясы ұғымына мұғалімнің ұйымдастыруымен іске асатын, оқушының нақты деректерге, фактілерге сүйенген субъективті жаңа білім алуымен сипатталатын, ізденіс пен белсенділікті талап ететін бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық сипаттағы еңбекке ынталылығы деген анықтама берген [93, б. 42-43]. Сабақтарда зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру барысында зерттеушілік әрекетті белсендендіруге мүмкіндік тудыратын проблемалық жағдаяттар, күрделі сұрақтарды шешуде оқушылардың танымдық әрекеттерін белсендіру, тәжірибе жасау, бақылау, талқылаулар, шығармашылық жұмыстар орындалады.

Жоғары оқу орындарында 1 курс студенттері негізінен, педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы жайлы білімнің жоқтығынан ғылыми-зерттеулер орындау кезінде қиындыққа тап болады, сондықтан оқытудың алғашқы жылдарынан бастап оларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту қажет, бұл өз кезегінде бірнеше аспектілерді қамтиды: біріншіден, бұл қолданбалы ғылымдарды тереңірек зерттеуге, ғылыми дереккөздермен жұмыс жасау

біліктерін дамытуға, өз шешімін табуды талап ететін даулы мәселелерді таба білуге мүмкіндік береді; екіншіден, төменгі курс студенттері пәнмен және оқытылатын пәннің түрлі бағыттарымен өз бетімен ғылыми жұмыс жасаумен танысады; үшіншіден, бұл зерттеу жұмысына деген қызығушылықты анықтауға және студенттердің танымдық және шығармашылық икемділігін дамытуға мүмкіндік береді; төртіншіден, оқытушымен тығыз ғылыми байланыс орнығады; бесіншіден, мектеп оқушыларын ғылыми зерттеулерге тартуды жалғастыру жүзеге асады.

Болашақ бастауыш сынып мамандарының зерттеушілік іс-әрекетін біз оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу әрекеттерінің жинақталған зерттеу әдісі ретінде қарастырамыз. Ғылыми-зерттеу әрекетінің мақсаты шығармашылық зерттеушілік әрекетке қажетті біліктермен қарулану болып табылады. Шығармашылық зерттеушілік іс-әрекетінде ғылымда тұжырымдалған міндеттерді шешуді, қажетті ақпаратты өз беттерімен іздестіруді жүзеге асыру біліктерін игереді, тек оқу әдебиеттерін ғана емес, қосымша әдебиеттерді де оқып, талдауға үйренеді.

Болашақ бастауыш сынып мамандары ғылыми-зерттеудің барлық компоненттерін игеру барысында зерттеушілік құзыреттілік қалыптасады, ол құзыреттіліктің ерекшеліктері деп төмендегілерді атауға болады: эвристикалық әдістер көмегімен стандартты емес міндеттерді шешу; мектептің білім беру үдерісінде кездесетін мәселелік жағдаяттарды шешу барысында түрлі зерттеу әдістерін қолдану; кез келген педагогикалық жағдаяттарда қалыптасқан зерттеушілік біліктерін қолдану мүмкіндігі. Нәтижесінде білім алушылардың зерттеуші-мұғалімнің кәсіби маңызды сапалары, мектептің инновациялық үдерісіне ене алуға дайын болу; педагогикалық қызметтегі зерттеушілік ізденістің рөлін түсіне алу сияқты сапалары дамиды.

Зерттеушілік әрекет біліктерін қалыптастыру білім алушының ешкімнің бақылауынсыз өз бетімен жаңа міндеттерді іздестіруге және шешуге ынтасының (мотивациясының) және соған дайын болуымен тығыз байланыста болуы тиіс деп санаймыз [122].

Болашақ бастауыш сынып мамандарының зерттеушілік әрекетінің мақсаты мен міндеттерін *тұжырымдауда* олардың негізіне төмендегілер алынуы тиіс:

а) жоғары оқу орынын бітірушілердің, мектептегі зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген әдіскер мұғалімдердің зерттеу және тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасай білуі;

ә) зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру мен өткізудің жаңа тиімді әдістерінің, әдістемелері мен технологияларының пайда болуы;

б) жаңа идеялардың туындауы, терең әрі жан-жақты зерттеу жүргізуді талап ететін мәселелердің туындауы;

в) зерттеушілік іс-әрекет тәсілдерін практикалық игерудегі оң және кері тәжірибелер.

Болашақ бастауыш сынып мамандарын зерттеушілік іс-әрекетке дайындаудың мақсаты мен міндеттерін таңдау мен тұжырымдауға, біздің ойымызша, *мына факторлар әсер етеді*:

1) жалпы бастауыш білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде зерттеушілік біліктер мен құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселелерінің өзектілігі;

2) педагогикалық ғылым жетістіктерінің мектеп тәжірибесіне сәйкестігі;

3) студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырудың мақсаты мен міндеттерінің мектептегі инновациялық зерттеушілік әрекеттің мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі;

4) зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың әдістемелік өңделгендігі (мазмұнның нақты сипатталуы, құрылымдық компоненттерінің, оқытудың әдістері мен формаларының, оқу және ғылыми зерттеулер жүргізу құралдары мен тәсілдерінің болуы);

5) болашақ мамандардың зерттеушілік іс-әрекетпен айналысуына әлеуетті мүмкіндігі мен қажеттілігінің болуы;

6) педагогикалық болмысты оқу және ғылыми зерттеуге мұғалімдер мен оқушылардың кәсіби-педагогикалық қызығушылығы;

7) ғылыми жұмыспен айналысқысы келетін білім алушылардың іс-әрекетіне оқытушылардың, әдіскерлер мен әкімшіліктің қолдау білдіруі;

8) теориялық пәндік білімді игеру, зерттеушілік білік пен дағдыны меңгеру, зерттеушілік іс-әрекетінің тәсілдерін игеру және оларды бастауыш білім беру мектептері мен жоғары оқу орындарының практикалық әрекетіне ендіруге бөлінген уақыт;

9) зерттеушілік, тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен айналысатын оқытушылардың болуы және олардың білім алушыларды зерттеушілік іс-әрекетіне тарта алуға, қызықтыруға бағытталған ұйымдастырушылық жағдайлар;

10) болашақ бастауыш сынып мамандарының ғылыми қоғамының болуы;

11) болашақ бастауыш сынып мамандарының зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруды нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету.

Осыдан келіп, білім алушылардың *зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру* үшін:

- болашақ бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік біліктермен және дағдылармен, кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі факторы болып табылатын зерттеушілік тәсілдермен қарулануы үшін педагогикалық зерттеу жұмысын жүргізудің оқу-әдістемелік кешенін дайындау;

- кәсіби құндылықтарды қалыптастыру, зерттеушілік іс-әрекетке қажет болатын кәсіби қабілеттерді дамыту;

- зерттеушілік іс-әрекетке, бастауыш сыныптарда оқушыларды оқыту сапасын көтеруге деген қызығушылықпен байланысты мотивтерді, қажеттіліктерді дамыту;

- зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы;

- өзіндік зерттеушілік іс-әрекетінің біліктерін дамыту.

*Зерттеушілік әрекетті ұйымдастырудың негізгі міндеттері* ретінде төмендегілерді атауға болады:

1. Тиімді зерттеушілік әрекетті қамтамасыз етіп қана қоймай, болашақ бастауыш сынып мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға себепші болатын зерттеушілік біліктерді, құзыреттіліктерді игертуге білім алушылардың даярлығының бағыттылығы.

2. Жоғары оқу орындарында оқыту және педагогикалық практикадан өту кезінде студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және дайындау.

3. Кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің құраушысы ретіндегі зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру.

4. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін зерттеушілік біліктер және дағдылар жүйесін қалыптастыру.

5. Болашақ бастауыш сынып мамандарының шығармашылық және кәсіби-педагогикалық қабілеттерін дамыту.

6. Болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау.

Осыған сәйкес даярланған педагог оқушылардың зерттеушілік жұмысын ұйымдастыруды, олардың өздігінен жұмыс жасай білу, өздігінен үйрену, өз-өзін дамыту қабілеттерінің болуына нұсқайды. Зерттеу тапсырмасын орындау нәтижесінде оқушының мәдени ой-өрісі кеңейіп, өзін-өзі тануы жүзеге асады. Оқушы өзі таңдаған пән алаңында зерттеу қызметін іске асырып, өз іс-әрекетінің нәтижесін талдау қажеттілігін түсінеді. Ал әрбір жеткен нәтижені қорытындылап-түйіндеу зерттеудің жаңа кезеңін тудырады, бұл жаңа ойлар мен шығармашылық жоспарлардың пайда болуына ықпал етеді. Ал бұл өз алдына оқушының өз іс-әрекетін қорытындылап, қоршаған ортаға деген өзіндік қарым-қатынасының пайда болуына.

Зерттеушілік – бұл қоршаған дүниені зерттеу мен қайта құруға бағытталған іс-әрекет, оның нәтижесінде субъекті нысанды тікелей қабылдайды, олардың түр түсін айырмашылығы мен ұқсастығын тануды бірден қиын нысандарды көруге ерекшеліктері мен байланыстарын байқайды, тануға қиын нысандардың ерекшеліктері мен байланыстарын таниды. Зерттейтін мәселені қою арқылы нақты әдістерді және тәсілдер әрекетін айқындау, зерттеушілік объектілерін азайту, эксперимент жүргізу, тәжірибеде алынған фактілерді түсіндіру және бейнелеу, болжам (теориялар) құру, алынған білімді тексеру және болжау – осы іс-әрекеттің мәні мен спецификасын айқындайды. Әр түрлі зерттеушілік іс-әрекеттер жағдайында мәселені шешудің болжамын қойып, жүзеге асыра білу шеберліктерінде субъективтік бағыты – оның зерттеушілік белсенділігі дамуының негізі болып табылады.

Сонымен қорыта келе, жүргізілген талдауларға сүйене отырып, **зерттеушілік іс-әрекет** – *білім алушылардың зерттеу тақырыбының мақсаты мен міндеттерін шешуімен байланысты алдын-ала болжам бойынша зерттеу*

*мәселесіне қатысты білімін өздігінен толықтыру мен ізденуді қажет ететін, жоғары деңгейде ойлау мен қабілетін, өзіндік жаңа идеяны жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын дәлелдеуге негіз болатын, шешім қабылдау біліктерін, өзін-өзі тануға бағытталған белсенді іс-әрекеті, - деген анықтамамызды ұсынамыз. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті – оның қабылдаған білім, білік, дағдыларын белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі әлеуметтендіруге дайындық деңгейі болып табылады.*

## 2 БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУҒА ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІН МОДЕЛЬДЕУ

### 2.1 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың қазіргі жайы

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мәселесі бүгінгі қоғам сұранысының қажеттігін өтеуден туындайды. Ол үшін болашақ мамандар зерттеу мәселелерін шешу деңгейлерін жетік меңгеруі тиіс: мәселені таңдау, мақсаты мен міндеттерін анықтау, әдіс-тәсілдерін қарастыру, таңдап алынған әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру, тәжірибелік-эксперимент жүргізу, нәтижеге қол жеткізу.

2019 жылғы Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңының «Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары» атты 7-бабында «Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге құқықтары бар» [123], - деп көрсетілген. Аталған заңға сәйкес болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың қазіргі жағдайын анықтау үшін жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, жоғары білім беру бағдарламасының мазмұнына және бастауыш сынып оқулықтарына талдаулар жасалынды. Зерттеу тақырыбымыз жоғары оқу орнында маман даярлау мәселесі болғандықтан мамандықтың 3 курс студенттері жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен бастап оқып келгенін ескере отырып, алдымен 5B010200– «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2018 жылғы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын талдауды жөн көрдік. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны жалпы білім беретін пәндер (ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер яғни үш цикл пәндерінен тұратыны нақты көрсетілген [2]. Бұлар: ЖБП циклі міндетті компонент (МК), жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Әр циклдің көлемін айқындайтын кредит саны берілген (кесте 3).

Кесте 3 - Циклдің көлемін айқындайтын кредит саны

Циклдер	Академиялық кредит
ЖБП	56
МК	60
БП	112
Қорытынды аттестация	12
Барлығы	240

Бейіндеуші пәндер циклі көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 60 академиялық кредитті құрайды. Онда оқу пәндерін және кәсіптік практика түрлері қоса енгізілген.

Білім беру бағдарламасында білім алушылардың педагогикалық практикасы мен бастауыш сыныпта оқытылатын жеке пәндерді оқыту әдістемесінде оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға ықпал ететін мүмкіндіктердің бар екенін айта кеткіміз келеді.

Сонымен қатар, дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы, - деп көрсетілген.

Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының жалпы көлемін қамтитын дипломдық жобаны жазу және қорғау түрінде жүргізілетіні нақтыланған. Дипломдық жобаның орнына екі кешенді емтихан тапсыратыны, онда жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттілікті көрсететін талаптар қойылған.

Стандартта көрсетілген дескрипторлармен бірге студенттердің қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелеріне сүйенеміз: зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру, ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану т.б.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары» [124], - деп айтылған. Осылардың ішіндегі зерттеу жұмыстарын жүргізе білу дағдысы біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып табылады.

2019 жылдан бастап, маман даярлауда жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының орнына «6B01 - Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы, 6B013 - «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді дайындау» даярлау бағыты, «6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы дайындалып, тәжірибеге енгізіліп отыр. Базалық жоғары оқу орны ретінде алынған Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «6B01301 - Бастауышта

оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасынан зерттеу тақырыбымызға қажетті пәндерді талдауды жөн көрдік [125].

6B01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасындағы *«Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі»* пәнінде ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін, дидактикалық материалдарды дайындаудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануды, сынып ұжымы мен оқушылардың жеке тұлғасын, әлеуметтік ортасын диагностикалау әдістерін, сынып жетекші іс-әрекетінің бағыттары мен жүйесін, атқарылған жұмыстарының нәтижесін талдай және бағалай білуді қамтиды.

«6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасындағы *«Дүниетануды оқыту әдістемесі»* пәнінде дүниетануды жаңартылған бағдарламамен оқытудың мақсаты мен міндеттерін, ұстанымдарын, әдістерін және мазмұнын сипаттайды. Ұғымдарды қалыптастыру, практикада пайдалану жолдарын метапәндік тұрғыда қарастырады. Мақсаттарға жететін сабақ жоспарын жасау, пәнаралық білімдерді интеграциялау, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықыпен және шығармашылықпен пайдалану, сыни ойлауды дамыту, АКТ-ны, технологияларды қолдану, инклюзивті білім беру жолдары сипатталатыны айтылған.

*«Әдебиеттік оқуды оқытудың теориясы мен әдістемесі»* пәнінде метапәндік идея негізінде әдебиеттік оқытудың жаңартылған бағдарлама бойынша түрлі әдіс-тәсілдерін, ақын, жазушылардың идеялары мен көркем шығармаларын оқушыға меңгерту арқылы жас ұрпақтың өмірге көзқарасын қалыптастырудың түрлі технологияларын оқытады. Оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың біртұтастығын сақтап, практикада қолдану, ортақ тақырыптарды интеграциялау, АКТ-ны тиімді пайдалану, білімді шығармашылықпен пайдалану, әдеби тілге дайындау, инклюзивті білім беру мәселелері қарастырылады.

*«Математикадағы оқыту әдістемесі»* пәнінде математиканы жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралдарын, ұйымдастыру формаларын негіздеу, практикада пайдалану, критериалды бағалау түрлерін қарастырады. Ортақ тақырыптарды интеграциялау, оқушының ерекшелігіне сай сын тұрғысынан шығармашыл, позитивті ойлауын дамыту әдістерін жаңа контексте ұсыну, контент жинақтау, АКТ-ны қолдану, инклюзивті білім беру мәселелерін сипаттайды.

*«Көркем еңбекті оқыту әдістемесі»* пәнінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, кеңістік-образдық ойлауын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, қоршаған ортаны эстетикалық түрде қабылдауларын метапәндік идея негізінде қалыптастыруға бағытталған. Оқу мақсаттарының жүйесін жүзеге асыру, өнердің негізгі түрлері мен жанрларын өнердің өмірмен

байланысын, заттарды бейнелеудегі композиция заңдарын сипаттайды. Контент жинақтау, технологияларды қолдану, шығармашылық ойлауын дамыту, АКТ-ны пайдалану, инклюзивті білім беру жолдарын қарастырады.

«Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» пәні бастауыш сыныпта жаратылыстануды оқытудың мақсаты мен міндеттері, ұстанымдары, әдістері және мазмұны бойынша ұғымдарды метапәндік тұрғыда қалыптастыруды қарастырады. Сабақ жоспарын жасау, пәнаралық білімдерді интеграциялау, контент жинақтау, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықпен пайдалану, сыни ойлауды дамыту, АКТ-ны қолдану мәселелері сипатталатыны көрсетілген.

Қазіргі білім беру бағдарламаларымен оқып бітіретін түлектер дипломдық жоба орындап жатқаны белгілі. Сондықтан біздің зерттеу тақырыбымызда объектіміз болып отырған 3 курс студенттері де бітіретін кезде дипломдық жоба жазатынын ескерсек, тақырып бойынша зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруды меңгерген білім алушылар таңдаған пәннің аясында табысты нәтижеге қол жеткізеді деген ойдамыз.

Жоғары оқу орнында мамандар даярлауда оқытылатын пәндердің ішінен зерттеу тақырыбымызға тікелей жақын жұмыс бағдарламаларына сәйкес әзірленген «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» пәнінен дайындалған оқу-әдістемелік кешеніне талдау жасауды жөн көрдік. Ондағы мақсат болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда аталған пәннің алатын орны қандай екенін айқындау болды.

«Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» студенттердің жаратылыстану негіздерінен меңгерген теориялық білімдері оларға бастауыш сыныптардағы жаратылыстану пәнін оқыту барысында өсімдік пен жануарлардың тіршілік әрекеті мен олардың тіршілік қажеттіліктерін ұғындыру барысында оқушыларға дүниенің біртұтастығы туралы ғылыми ұғым берулерін көздейді. Сонымен қатар, аталған әдістемеді оқытудың инновациялық технологияларын практикада қолдануымен, оқушылардың табиғатпен әсерлесуінің экологиялық, денсаулық сақтау тәсілдерін меңгеру дайындығымен сипатталатыны айқындалды.

«Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» курсы мен меңгерген студент біліктіліктерінің ішіндегі біз үшін маңызды болып саналатыны оқушылардың ізденушілігін дамыту мақсатымен жобалау жұмыстарын жүргізу біліктіліктерін қалыптастыруы тиіс. Өз тақырыбымыз тұрғысынан осы біліктілікті жетілдіруді көздеп отырмыз.

Бүгінгі күні қоғамның даму қарқынына байланысты педагогикалық жоғары оқу орындарының алдында бастауыш сынып мұғалімдерін орта мектепте білім беруге қойылып отырған жаңа талапқа сай даярлау міндеті қойылып отыр. «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» пәнін оқыту осы тұрғыдан болашақ бастауыш сынып мұғаліміне теориялық және практикалық білім, білік, дағды қалыптастыруға бағытталған пән ретінде қарастырамыз.

5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша ҚР мемлекеттік стандартына сәйкес болашақ маман – бастауыш сынып мұғалімнің жоғары кәсіби білімінің компоненті ретінде жүзеге асырылады. «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» курсының әдістері: дәріс оқу, талдау, қоршаған орта бойынша ғылыми теориялық материалдарды меңгертуде салыстыру, түсіндіру, сарамандық жұмыстар орындату, тәжірибе, көрнекілік, зерттеу, бақылау, жобалау әдістерін қолдану. Педагогикалық мұраларды және алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерді жинақтау зерттеу және практикада қолдану әдістері.

Жоғары оқу орнында оқытылатын «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» курсына дәрістер жүйесі, практикалық және лабораториялық сабақтар, студенттердің өзіндік және оқытушымен бірге орындайтын жұмыстары, педагогикалық практика кезінде оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы іске асырылатыныны көз жеткізілді. Жоғарыда аталған пәннің негізгі мәселелеріне: меңгеруге тиісті білімі мен біліктілігіне талдау жасалды.

Зерттеу тақырыбымыз тікелей «Жаратылыстану» пәні негізінде қарастырылатын болғандықтан жоғары оқу орнында оқытылатын «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» бойынша қысқаша пәннің мазмұнына тоқталуды жөн көрдік. Жұмыс бағдарламасында аталған пәннің мазмұны үлкен 5 тақырыпты қамтиды. Олар: *Бастауыш мектепте «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» - педагогикалық ғылым* деп аталып, онда пәннің сипаттамасы. «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» - педагогикалық ғылыми және оқу пәні ретінде. Пәннің оқыту әдістемесінің объектісі, әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері, ғылым ретінде даму көздері. Пәннің мазмұны және оны таңдау ұстанымдары. Бастауыш сыныптардың «Жаратылыстану» пәнінің жаңартылған білім беру бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұны мен құрылымы. Жаңартылған білім беру бағдарламасының материалдарды іріктеу принципі. Бағдарлама мазмұнын жүзеге асыруға қойылатын талаптар. Бағдарламаның оқушыларды дамытушылық, зерттеушілік, шығармашылыққа баулу мақсаты. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, бағдарламаның бірінші бөлімінде зерттеу әдістері проблемалық оқыту, жеке оқыту, пәнаралық байланыс, тәжірибе негізінде оқыту, жобалау әдістері ұсынылған. Ал бағдарламаның мақсатында зерттеушілік деп қана көрсетілген.

*Жаратылыстану ғылымы әдістемесінің даму кезеңдері бөлімінде* жаратылыстану әдістемесінің революцияға дейінгі кезеңдегі дамуы. В.Ф. Зуев, А.Я. Герд, К.Д. Ушинский, Д.Д. Семенов, Д.Н. Кайгородов, В.В. Половцев, В.П. Вахтеров еңбектері. Кеңестік дәуірдегі жаратылыстану әдістемесінің дамуы. И.И. Полянский, К.П. Ягодовский еңбектері. «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» пәнінің қазіргі кездегі дамуы. П.А. Завитаев, М.Н. Скаткин, А.В.Сухомлинский, Л.Ф. Мельчаков, З.А. Клепинина еңбектері. Бастауыш сыныптарда жаратылыстану әдістемесінің дамуына Қазақстандық әдіскерлердің қосқан үлесі (Д. Сапаков, А. Жамиева, М. Кусаинова, М.

Тасбулатова, Н. Жакупова, А. Жаманкулова, Э. Кажекенова, Г. Тураканова). «Жаратылыстану» бойынша қазіргі заманғы Назарбаев зияткерлік мектебінің білім беру тәжірибесіне негізделген жаңа бағдарламалар мен оқулықтар. Оқулықтардың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері таныстырылады, - делінген.

Зерттеу жұмысымызда бір пәннің аясында яғни «Жаратылыстану» пәнінің оқулығы мен құрылымдық ерекшеліктерін таныстыру көзделіп отыр. Бастауыш сыныптардың жаратылыстану оқулықтарында «Мен зерттеушімін!» деп басталатын кіріспеде оқушылардың зерттеу жұмысын жүргізуге бағыттауға нақты кадам ретінде түсінуге болады. Мысалы, жаратылыстану пәнінде меңгерілетін білімдер әр сынып бойынша күрделеніп отырады, «Ғылым мен зерттеушілердің рөлі» бөлімшесі бойынша оқушылар 1-сыныпта «Құбылыстар, қоршаған әлем үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру», 2-сыныпта «Қоршаған ортаның құбылыстарын, үдерістері мен нысандарын оқып-тануға қажетті жағдай мен тұлғалық сапаларды анықтау», 3-сыныпта «Ғылыми жаңалықтардың аса маңыздылығы туралы және олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелеу», 4-сыныпта «Зерттеулердің өзекті бағыттарын өзінің ықыласы мен толғаныстарының негізінде анықтау» тақырыптары берілгеніне талдау барысында көз жеткізілді.

Бастауыш сыныптарға арналған «Жаратылыстану» оқулықтарында (1-4 сынып) «Мен зерттеушімін!» бөлімінде жалпы зерттеушілік іс-әрекетті қажет ететін тақырыптардың сағат сандары бойынша тоқталсақ: 1 сыныпта – 5 сағат, 2 сыныпта – 4 сағат, 3 сыныпта – 9 сағат, 4 сыныпта – 8 сағат бөлінген.

*Жаратылыстану туралы алғашқы ғылыми ұғым қалыптастыру және дамыту* бөлімінде оқушылардың ғылыми ұғымын қалыптастыру-педагогикалық категория ретінде. Түсініктің дамуы. Түсініктің ғылыми ұғымға айналуы. Ғылыми жаратылыстану туралы түсінік қалыптастыру және дамыту шарттары. Ұғымдар жүйесі. Бастауыш сынып оқушыларының дүниетану, жаратылыстану, қоғамтану және адамтану туралы түсініктері мен ұғымдарын қалыптастыру. Тірі және өлі табиғат, заттар, денелер, табиғи құбылыстар туралы ұғымдарының қалыптасуы қарастырылған. Аталған бөлімде жаратылыстану пәнінің мазмұнында берілген ұғымдардың алғашқы ғылыми түсініктерін дамыту көзделген. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдасақ, оқу-танымдық зерттеуді ғылыми-зерттеуге ұштастыру бағытында орындалатын ғылыми жобаларда ғылыми ұғымдардың, түсініктердің маңызы зор. Сондықтан оны тереңірек қарастыру қажет деп санаймыз.

*«Жаратылыстану» пәнін оқыту үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдемелер атты бөлімде* әдіс педагогикалық категория ретінде. Әдістер классификациясы. Оқыту әдістерінің сипаттамасы. Бақылау, зерттеу, тәжірибе, эксперимент, жобалау, модельдеу – оқыту әдісі ретінде. Бастауышта сыныптарда жаратылыстану мен қоршаған ортаны оқытудың әдіс-тәсілдері. Сөздік, көрнекілік, практикалық әдістер. Педагогикалық технологиялар, оларды жаратылыстану сабақтарында пайдалану жолдары.

Критериалды бағалау, пікірсайыс, реферат, эссе, шолу жасау әдістері. Топтық жұмыс әдістері туралы теориялық және әдістемелік білім мен біліктерді қалыптастырылатыны белгілі болды. Жоғары оқу орнында маман даярлауда бастауыш сыныптарда оқытылатын «Жаратылыстану» пәнінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің көрсетілуі заңдылық. Пән бойынша ұсынылған мазмұнды іске асыруда бақылау, зерттеу, тәжірибе, эксперимент, жобалау, модельдеу білім алушылардың білімді өздігінен тәжірибе арқылы меңгеруінде тиімді болмақ. Біз аталған әдіс-тәсілдерді жұмысымызда толығымен пайдаланамыз. Ал, педагогикалық технологияларды пәннің тақырып мазмұнына сәйкес саралап пайдалану жөн деп санаймыз.

*«Жаратылыстану» пәнінің 1-4сыныптарға арналған базалық мазмұны* деп аталатын бөлімдерде бастауыш сыныптарға арналған «жаратылыстану» оқулықтардың мазмұнын талданады. Оқу-әдістемелік кешенде оқулықтар мазмұнын талдауда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру тақырып аясында ғана талданғанына көз жеткізілді. Мысалы ретінде "Жаратылыстану" пәнінің 3 - сыныпқа арналған базалық мазмұны тақырыптарын қарастырсақ. Дәрістерде төмендегі тақырыптар: «Өсімдіктер» бөлімі, «Жануарлар» бөлімі, «Адам» бөлімі, «Заттар және олардың қасиеттері. Ауа мен су» бөлімі, «Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары» бөлімі, «Жер және ғарыш» бөлімі, «Табиғат физикасы. Күш және қозғалыс» бөлімі, «Табиғат физикасы. Жарық, дыбыс, электрлік, магниттілік» бөлімі талданады.

Семинар сабақтарында: «Өсімдіктер және жануарлар» бөлімі сабақтарына қысқа мерзімді жоспарлар дайындау, қалыптастырушы, жиынтық бақылау тапсырмаларын қарастыру. «Адам» және «Заттар және олардың қасиеттері. Ауа мен су» бөлімі сабақтарына қысқа мерзімді жоспарлар дайындау, қалыптастырушы, жиынтық бақылау тапсырмаларын қарастыру. «Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары», «Жер және ғарыш» бөлімі сабақтарына қысқа мерзімді жоспарлар дайындау, қалыптастырушы, жиынтық бақылау тапсырмаларын қарастыру. «Табиғат физикасы. Күш және қозғалыс. Жарық, дыбыс, электрлік, магниттілік» бөлімі сабақтарына қысқа мерзімді жоспарлар дайындау, қалыптастырушы, жиынтық бақылау тапсырмаларын қарастыру.

Студенттердің өзіндік жұмыстарында: Табиғат бірлестіктері, Фотосинтез үдерісі, Омыртқалы және омыртқасыз жануарлар, Адамның ағзасын ауру мен инфекциялардан қорғау. Заттар мен денелер, заттарды шығу тегі бойынша жіктеу, табиғи және жасанды денелер. Табиғи су көздері. Жер сфералары. Серпімділік күші, ауырлық күші, үйкеліс күші. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік кешенде СОӨЖ мен СӨЖ тапсырмалары және оларды орындауға қойылатын талаптардың «универ» жүйесіне енгізілгені айтылған.

Зерттеу мәселесіне байланысты нормативті құжаттар мен сәйкес пәннің оқу-әдістемелік кешенін талдау барысында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үдерісінде бірқатар кемшіліктердің бары анықталды:

- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы тек бітіруші курс студенттерінің ғана зерттеушілік білігін дамытуға мүмкіндік береді;

- ЖОО-да төменгі курс студенттерін ғылыми-зерттеу әрекетіне біртіндеп тарту жүйесінің толықтай ретке келтірілмеуі;

- оқыту нәтижелері мен зерттеу жұмыстарын бақылау мен есепке алу аралық аттестаттауға бағытталған, яғни бағалау емтихан (тест) нәтижесімен шектеледі, бірақ студенттердің семестрдегі жұмысының сапасы ескерілмейді;

- нормативтік құжаттарда оқу материалын және ғылыми-зерттеу қызметін меңгеру деңгейін анықтаудың ғылыми негізделген дағдылары белгіленбеген;



- ғылыми-зерттеу әрекетіне дәстүрлі түрде тек жоғары курс студенттерін тарту олардың ғылыми-зерттеу әрекетіне берік біліктің қалыптасуына мүмкіндік бермейді, төменгі курс студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына дұрыс баға берілмейтіні айқындалды.

Келесіде бастауыш сынып оқу пәндерінен оқулықтағы зерттеушілікке бағытталған тапсырмалар талданды (кесте 4).

Кесте 4 - Бастауыш сынып оқу пәндерінен оқулықтағы зерттеушілікке бағытталған тапсырмалар








Пән аттары	Зерттеушілікке бағытталған тапсырмалар
1	2
Жаратылыстану	 <p>Жаратылыстану 2-сынып [126,б. 11-12]</p>
Дүниетану	<p>Адамдар бір-біріне көмектесе білуі керек. Бұл – қоғамдағы адамдардың өзара қарым-қатынасы. Сен де адамдарға көмектесе аласың. Еш қиындықсыз айна- лаңдағы тазалықты сақтауға үлес қосасың. Қалай? Түсіндіріп көр!</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоғам мүшелеріне кімдерді жатқызуға болады?</li> <li>• Олар бір-біріне қандай көмек жасай алады?</li> <li>• Сен қоғамға қандай көмек көрсеттің? Қандай көмек берер едің?</li> </ul> <p>Дүниетану 2-сынып [127,б. 9]</p>

4 – кестенің жалғасы

1	2
Әдебиеттік оқу	<p>– Бұзылған сағат, жұны қайдан алып жүреің? – деді олар.          – Күшігіме айырбастап алдым.          – Бұзылған ескі сағатқа ма?!          – Бұзылған болса, мейлі. Күшігім үйге қааір-ақ қайтып келеді, – деп жұбатты Аңсар өзі.          Бірақ күшігі қайтып келмеді.</p> <p style="text-align: right;"><i>Дәулет Қасенов</i></p> <p>3. 2-тпсырмада берілген мәтіннің қалай аталғанына мән бер. Неліктен осылай аталған деп ойлайсың? Дәлел келтір.</p> <p>? 4. Сен қалай атар едің? Ойыңды дәлелден көр.</p> <p>5. Аңсардың қылмығына өз көзқарасыңды білдір.</p> <p>6. Өзіне ұнайтын жан-жануар туралы өлең құрастыр.</p> <p>1-жолда 1 сөз ғана беріледі (зат есім).          2-жолда тақырыпты 2 сөзбен сипаттау (сын есім).          3-жолда тақырыпқа қатысты 3 қимыл атауын жауап (етістік).          4-жолда 4 сөзден тұратын сөйлем жаза.          5-жолда тақырыпшы мәнделс 1 сөз (синоним) жаза.</p> <p>Үлгі:          Ит          Ақылды, сақ          Қорғайды, күзетеді, үреді          Ит – адамның сенімді досы.          Жануар</p> <p>Әдебиеттік оқу 2-сынып [128,б. 24-25]</p>
Математика	<p>ә) Есептеуді түсіндір және салыстыр.</p> $\begin{array}{r} 22 - 5 = 10 + (12 - 5) = 17 \\ \begin{array}{r} 22 \\ \underline{10} \end{array} \begin{array}{r} 12 \\ \underline{5} \end{array} \end{array}$ $\begin{array}{r} 22 - 5 = (22 - 2) - 3 = 17 \\ \begin{array}{r} 22 \\ \underline{2} \end{array} \begin{array}{r} 3 \\ \underline{5} \end{array} \end{array}$  <p>Математика 2-сынып [129,б. 18]</p>
Көркем еңбек	<p>Түстің көңіл күйді білдіре алатынына көзіңді жеткіз. Қағаз парағына түс арқылы көңіл күйіңді бейнеле. Суретті ата-анаң көрсет. Нені бейнелегеніңді түсіндір. Ата-анаң қандай көңіл күйді бейнелегеніңді ажырата ала ма?</p>  <p>Көркем еңбек 2-сынып [130,б. 9]</p>

Бастауыш сыныптың жаратылыстану, дүниетану, әдебиеттік оқу, математика, көркем еңбек пәндері бойынша оқулықтарына жүргізілген талдаулар барысында зерттеушілікке берілген тапсырмалар жратылыстану пәнінен ғана емес барлық пәндер бойынша зерттеушілік іс-әрекетке және шығармашылыққа бағытталған тапсырмалар бар екендігі айқындалды. Төменде оқулықтағы зерттеушілік іс-әрекетке және шығармашылыққа бағытталған тапсырмалардың шартты белгі ретінде белгіленуі көрсетілді (кесте 5).

Кесте 5 – Бастауыш сынып оқулықтарындағы зерттеушілік іс-әрекетке және шығармашылыққа бағытталған тапсырмалардың шартты белгілері

Жаратылыстану	 <b>Зертте</b> – зерттеуге арналған тапсырма	зертте – зерттеуге арналған тапсырма
Дүниетану	 зерттеу жүргізіп көр  бақылап көр	зерттеу жүргізіп көр бақылап көр
Әдебиеттік оқу	 – шығармашылық жұмыс	шығармашылық жұмыс
Математика	 – зертте  – шығармашылық жұмыс	зертте шығармашылық жұмыс
Көркем еңбек	 – тәжірибе жаса	тәжірибе жаса

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының жаңартылған білім мазмұнымен практика барысында оқыту үдерісінде зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға негізделген оқытудың технологияларын: ақпараттық-коммуникациялық, проблемалық оқыту, жобалау, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту т.б., жетік меңгерту жатады. Зерттеу жұмысымызда бір пәннің аясында яғни жаратылыстану пәнін оқытуда оқу-танымдық зерттеу жұмыстары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда белгілі нәтиже алуға мүмкіндік туғызатын оқытудың аталған технологияларына тоқталмақпыз.

*Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы:* «оның негізі түсінуден-түсіндіруге, монологтан-диалогқа, әлеуметтік бақылаудан-дамытуға, басқарудан өзін-өзі басқаруға көшу, ал педагогтің негізгі міндеті бағыт беруші қарым-қатынасты құру болып табылады. Мұндағы тұлғалық-бағдарлы технологияның басты идеясы - білім берудегі субъект аралық қатынастарды қалыптастыру арқылы тұлғаның ынталануына түрткі болу, сөйтіп өзіндік таным мен өзіндігінен білім алуға, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік туғызу керек. Оқытудың тұлғаға-бағдарлау парадигмасының негізінде - әрбір білім алушының бірегейлік маңызын және жеке дара оқу траекториясын мойындау жатады. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруда әр білім алушының жеке қызығушылығы мен оқу траекториясы біз үшін маңызды болмақ, сондықтан да аталған технологияны пайдалану тиімді деп санаймыз.

*Ақпараттық-коммуникациялық технология* түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу үшін арнайы қарым-қатынастық бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланылатын педагогикалық технологиялар. Жоғары оқу орнында болашақ мамандарды оқу-танымдық зерттеушілік іс-әрекетке қызығушылығын арттыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуге үйретіледі. Оқытылатын пән бойынша

электрондық ресурстарды, интерактивті тақтаны, компьютермен жұмыс, интернет желісімен, электрондық оқулықтарды пайдаланылады. Болашақ мамандар бастауыш сыныптарда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда кез келген ақпарат ресурстарының қолжетімділігі әрбір білім алушының әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуіне мүмкіндік туғызатынын жетік түсінеді. Интернет кеңістігінде ұйымдастырылатын on-line режиміндегі олимпиадаға, сайыстарға қатыстырылады.

*Проблемалық-әрекеттік оқыту технологиясы* жоғары оқу орнында проблемалық оқытуда білім алушылар көбіне шығармашылықпен орындалатын тапсырмалар, шығармашылық эссе жазу, іздену мерзімдік және дипломдық жобаларда экспериментке қойылатын тәжірибелік жұмыс нәтижелері шешіледі. Сондықтан да проблемалық-әрекеттік оқыту технологиясы жетекші технологиялардың біріне айналады. Білім алушыларға дайын білім берілмейді, сол білімді меңгеруге олардың алдына қойылған проблемалық жағдаяттар мен проблемаларды шешудегі олардың ізденістері жатқызылады. Оқыту проблемалық сипатта болады. Оқытушы студенттердің қызығушылығының дамуын байқап, олардың шамасына, түсінігіне сәйкес идеяларды, проблемаларды өздігінен шеше отырып, өздері үшін жаңа және қажетті пайдалы білімді алады. Проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының үдерісін де меңгеруде, студенттің танымдық дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту қарастырылды. Проблемалық жағдаят – адам пайда болған құбылысты, фактіні, шындық үдерісін қалай түсіндіруді білмеген, мақсатқа өзіне мәлім әрекет тәсілімен жете алмайтын жағдайда туған оның интеллектуалдық қиналуы. Бұл түсіндірудің жаңа тәсілін немесе әрекет тәсілін іздестіруге түрткі болады. Ол ойлаудың басталуымен байланысты, белсенді ойлау қызметі проблемалар қою және шешу үдерісінде жүзеге асады. Жұмысымызда студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда зерттеуді қажет ететін проблемаларды қою арқылы оларды шешкізу көзделді.

*Оқытудың жобалау технологиясы* базалық теориялық білімді меңгеру үшін кешенді оқу жобаларын ақпараттық үзілістермен кезектестіріп орындауға негізделеді. Жобалық әрекет студенттерді өз бетінше ойлауға үйретеді, әр түрлі саладағы білімді осы мақсатқа қолдана отырып, мәселелерді табуға және шешуге, нәтижелерді болжау қабілетін дамытатын себептік қатынастар. Сондай-ақ, жобалау технологиясы жоба тақырыбын таңдауға үйретудің дидактикалық құралы ретінде тұлғаның өмірінде үнемі туындайтын әртүрлі мәселелердің шешімдері, белсенді өмірлік көзқарасты білдіреді. Жобалық іс-әрекет жолдарын білу, жаңа типтегі білім алушының дамуына ықпал ететін мақсатты интеллектуалды әрекет, ынтымақтастыққа дайын және өзін-өзі тәрбиелеу тәжірибесімен өзара әрекетке түсе алады.

Берілген тапсырманың шығармашылық тұрғыдан қызықты болуы, алған теориялық білімін нақты өмірлік тәжірибеде қолдана білуге жетелейтін, ізденіс

әрекетінің талап етілуі, күтілетін нәтиженің практикалық, теориялық, танымдық құндылығының жоғары болуы, жоба кезеңдерінің сақталуы, зерттеу барысында өзінің алдына қойған мақсатқа жетуде мәселенің немесе тапсырманың шешімін тауып, оны дәлелдеп, қорғап шығуы талап етіледі. Жобалау әрекеті білім алушының нақты жағдаяттарда жол таба білуіне бағытталған мақсатты іс-әрекеттерді ұйымдастырудан көрініс табады. Осыдан шығатын оқыту мақсаты – оқушыларды проблеманы шешудің, ізденіс-зерттеулердің әдіс-тәсілдерімен қаруландыру. Жобалау әрекеттерінің одан әрі дамуы мәдени құбылыстардың қалыптасу логикасы бойынша – жай репродукциядан – зерттеуге, зерттеуден – мақсатты қайта құруға әкелді. Дамытып және дамып отыратын жобалық түзілім: танымға қызығушылық – таным әдістері – білім құрылымы негізінде өзіне тән ерекшеліктері бар ойлаудың жобалық амалы, жолдары қалыптасты. Бұл технологияны оқу-танымдық зерттеу жұмыстары және ғылыми-зерттеу жұмыстарында да қолдану тиімділігін көрсетті. Жекелеген білім алушылардың ғылыми-зерттеу жобалары мен жоғарыда аталған пән сабақтарында оқу-танымдық зерттеу жұмыстарын да ұйымдастыру барысында көз жеткізілді.

*Сын тұрғысынан ойлау* бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын технология болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау үдерісі:

- тиісті ақпарат жинауды;
- дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды;
- кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар;
- ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта

қарауды қамтиды. Оқыту мен оқудағы сын тұрғысынан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, бұл үдеріс анықталмаған болжамдар мен құндылықтарды, проблемаларды мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, түрлі міндеттерді шешуде басымдықтарды белгілеудің маңызын түсінуді қамтиды. Сын тұрғысынан ойлау қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі.

Жұмысымызда зерттеушілікке және практикалық әрекетке бағдарланған жобалар ұйымдастырылады. Жоба жасау – күрделі үдеріс, бірақ ол бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және іздену әрекеттеріне қызығушылығын туғызу қажеттігін ескеруді талап етеді. Бұл жұмыс түрі білім алушылардың логикалық ойлауын, жалпы оқу және зерттеу біліктері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұрын қызықсыз ақпараттың түрлі-түсті болып,

анимациялық безендірілуінің өзі оқушыны қызықтыра түседі, әрі есте сақтауын дамытады.

Зерттеу жұмысының нәтижесін демонстрациялау арқылы білім алушы көпшілік алдында сөйлеуге, өз ойын ортада айтуға, алынған нәтижені дәлелдеуге үйренеді. Аталған мәселелерді болашақ мамандарға меңгертуді көздей отырып, оқу-танымдық зерттеу жұмыстарын ғылыми-зерттеуге ұштастыруға мүмкіндік туғызатын тақырыптарды таңдап алуда, оны іске асыратын тетіктерінің бірі оқыту технологияларын саралап пайдалану жолдарын, әдістемесін жетік білудің қажеттігі ескертіледі.

Болашақ мамандарды оқушылардың зерттеушілік жұмыстарға қызығушылықпен қатысуы өздігінен ақпарат жинауға, шығармашылықпен оны өңдеуге, безендіруге, ал ең бастысы – өз еңбегінің нәтижесіне қуанып, өз-өзін бағалауына назар аудару қажеттігін ескеру ұсынылады. Бұл кейінгі негізгі деңгейде мотив болып табылатынын ескерер болсақ, мұны бастауыш деңгейде дамытудың маңызы тіпті ерекше екенін көрсетеді.

Зерттеушілік іс-әрекеттің мақсаты сол іс-әрекеттің болашақ нәтижесін күні бұрын санада болжау болып табылады. Осы болжау, яғни мақсат, міндет ретінде білім алушы іс-әрекетінің сипаты мен әдісін анықтап береді. Мақсат, сонымен, алдын ала бейнелеудің құралы. Мақсатты жеке сол әрекетті іске асырушының өзі белгілейді. Бұл үдеріске нақты студенттің зерттеушілік іс-әрекет барысында игерген тәжірибесі қосылады. Белгіленген мақсат қызмет барысында іске асады. Сонымен бірге зерттеушілік іс-әрекеттің күрделілігі мақсат пен іс-әрекет нысанының арасындағы жақын сәйкестікке, әрекетті орындауға қажет құрал-жабдықтың болуына байланысты болмақ деген тұжырым жасаймыз.

Оқу жоспарындағы міндетті пәндер мен факультатив сабақтары аясында жүзеге асырылатын студенттердің оқу-зерттеушілік іс-әрекеті, оқу-зерттеу жұмысы болып табылады. ЖОО профессор-оқытушылар құрамының жетекшілігімен орындайтын өзіндік зерттеулерге негізделген студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті қамтиды.

Студенттерде қалыптасқан оқу-зерттеушілік және ғылыми-зерттеушілік біліктер метапәндік білімдер мен біліктердің дамуына себепші болады. Педагогикалық әрекетке өзіндік талдау жасау, сондай-ақ туындаған педагогикалық мәселелерді және оны оқу-зерттеушілік іс-әрекетті мақсат пен міндеттер негізінде қоя алу қабілеті бітіруші студенттердің зерттеушілік іс-әрекетке даярлығының рефлексиялық компонентін құрайды. Рефлексия жасай отырып, студент өз күшін шығармашылық ойлау, жауапкершілік, өзінділік, бастауыш білім беру мәселелеріне қатысты өз пікірін айта алу білігі, өзінің көзқарасын дәлелдей алу сияқты аса маңызды қасиеттерін дамытуға бағыттайды.

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті белгісіз нәтижесі бар есепті шығаруға бағытталған ғылыми сипаттағы ізденгіштік әрекет ретінде қарастырылады. Бұл әрекет нақты білім беру үдерісін талдаумен, болжамды

тұжырымдау мен экспериментті түрде тексерумен, оқу немесе тәрбие үдерісінің моделін тұрғызумен, мектептегі білім беру үдерісін тиімді құруға бағытталған педагогикалық үдерісті ұйымдастырумен байланысты.

Зерттеліп отырған мәселеге терең теориялық талдау, педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді түсіндіру, олардың арасындағы байланыс пен қатынастарды тағайындаудың, мәліметтерді теориялық және эксперименталды түрде негіздеудің, ғылыми таным әдістері арқылы заңдылықты анықтаудың нәтижесінде студент тек субъективті сипатта ғана емес, белгілі бір теориялық объективті маңызды болатын «жаңа білімді» ашады.

Біздің мақсатымыз болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін оқу-танымдық зерттеушіліктен ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке өтуді, яғни жекелеген пәндер бойынша оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадаларға қатысуға дейін жеткізу болып табылады.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті сипатына қарай дара болып табылады, ғылымда белгілі міндеттерді өздігінен шешу біліктерін қамтамасыз ететін студенттердің белсенді шығармашылық әрекетін көздейді. Оқу-зерттеушілік біліктердің және дағдылардың қалыптасқандығы ғылыми-зерттеу біліктерін, сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін негіз, базис болып табылады. Зерттеушілік әрекетті табысты жүзеге асыру үшін зерттеушілік қабілет пен біліктің мәні ерекше.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеті қазіргі мектеп бағдарламаларында маңызды рөлге ие. Мұның себебі зерттеушілік іс-әрекетті бала қабілетін ашу, үйлесімді тұлға етіп тәрбиелеу мен дамытудың мықты құралы деп тануда деп білеміз.

## **2.2 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі**

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі сипатталатын болады.

Философиялық сөздікте модельдеу (фр. *modele* – үлгі, пішін) – зерттеу үшін арнайы жасалған бір объектіде басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту. Бұл модель деп аталады [95, б. 280-526]. Ал педагогикалық сөздікте: (лат. *modulus* – үлгі, өлшем) – нысан және оған қарым-қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема. т.б.) деп анықтама берілген [100, б. 149]. Біз зерттеу жұмысымыз бойынша құрастыратын модельді жасауда осы анықтамаларды басшылыққа аламыз.

В.В. Краевскийдің пайымдауынша, “модельдеу – теориялық және тәжірибелік-эксперименттік зерттеулерді біріктіретін педагогикалық процестерді нақты жүйелейтін әдіс” болып табылады. Модельді кең мағынада (латын тілінде *modulez* – өлшем, шама, түр) арнайы жағдайларда зерттеушіні

қызықтыратын түп нұсқаның ерекшеліктерін қайта шығаратын, ақиқат көріністерін ауыстырушы, - деп түсінуге болады [131]. Жұмысымыздың теориялық бөлімінде зерделенген ой-тұжырымдарға негізделген қорытындылар мен болжамымызды тәжірибелік-эксперименттік арқылы дәлелдеу барысында жаңа нәтижеге қол жеткізуді көздейміз.

Н.Н. Моисеевтің пікірінше, модель бір заттың, құбылыстың арнайы ерекшеліктерін көрсететін, ол туралы белгілі, шектелген ақпарат беретін қысқартылған, жинақталған білім. Модель білім алушының білімді меңгеріп, өзінің өмірге қажеттіліктерінде, тәжірибе жүзінде қолдана алатын білім шамасы. Модельдеудің бейнелік, заттық, таңбалық түрлері қолданылып келеді. Бейнелік модельдеуде шынайы объектінің қасиеттері көрнекі ес пен ойлау арқылы елестетіледі [132].

Заттық модельдеуде шынайы объектінің белгілі геометриялық, физикалық қасиеттері өндіріледі. Таңбалық модельдеуде шынайы объектінің сипатын математикалық формула, кесте, графика арқылы беріп, үш мақсатта қолданылады: а) эвристикалық жаңа заңдар, теориялар тауып, жүйелеу; ә) есептеу модель көмегімен есептің өзекті мәселесі шешіледі; в) эксперименттік модель көмегімен ғылыми болжам дәлелденеді.

Ғылыми түрде анығырақ айтсақ, модель дегеніміз – белгілі бір үдерісті немесе құбылысты басқаруға бағдарланған тұжырымдамалық құрал. Ал мұндағы алдын-ала болжау, бағдарлау қызметтері басқарудың мақсатынан туындайды. Гуманитарлық салада көбіне мағыналы модель қолданылады. Мағыналы модельді құруда субъектінің мінез-құлқы туралы жаңа ақпараттар алуға, талдаудың барлық әдістерін тиімді пайдалануда өзара байланыс пен заңдылықты анықтауға мүмкіндік туады.

Мағыналы модельдеу қызметтік белгісі бойынша бейнелеу, түсіндіру, болжау болып бөлінеді. Бейнелеу моделі деп кез-келген объектіні бейнелеп суреттеуді айтады. Түсіндіру моделі деп сұрақтарға жауап беруге, мазмұнға сәйкес толық мағлұматты дәлелдей білуді айтады. Болжау моделі субъектінің болашақтағы мінез-құлқын бейнелеуге арналған, яғни зерттелуші субъектіге ықпал ету қандай өзгерістерге әкелуі мүмкін деген сұрақтарға жауап береді. Мағыналы модельді педагогикалық салада теориялық білім тұжырымдамасы негізінде құруға болады [133].

В.П. Зинченко бойынша, «модель» ұғымы «модельді қоршаған әлемнің бөлігін функционалды гомоморфты түрі, бірақ қоршаған әлем не алғашқы модель элементтері арасындағы байланысты сақтай отырып, ұғымдар (бейнелер, визуалды суреттер, символдар, белгілер) жүйесіне көшіру (бейнелеу) болып табылады [134, с. 19].

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың моделін құру кезінде біз Е.В. Романованың педагогикалық зерттеулерде қолданылатын «модель» ұғымына берген анықтамасын басшылыққа аламыз. Автор: «педагогикалық модель – бұл педагогикалық зерттеулердің нысанын құрылымдық-функционалдық байланыстарын

бейнелейтін педагогикалық жүйенің нақты феноменінің жалпыланған, абстрактілік-логикалық бейнесі, ол талап етілетін жаңа формада және модельдеу нысаны жайлы жаңа білім бере алатын болуы тиіс», - деп есептейді [135].

Г.Клаус бойынша, модель – теория мен практиканың диалектикалық қарама-қайшылығы болып есептеледі. Модель дегеніміз – теория, ол белгісіз ортаны дәлелдеудің, абстракциялықтан нақтылыққа көшудің мүмкіндігі, ғылыми дәлелділігі [136]. Модель түрлерінің ең негізгісі ғылыми үлгі болып есептеледі. Бұл үлгі зерттеу арқылы сол заттық орта туралы жаңа білімдер, түсініктер, жобалар алуға негізделуі қажет.

Ж.В. Рассказова, модельдеу онда көрсетілетін олардың құрылымын, негізгі компоненттерін, өзіндік сипаттамаларын, өзара байланысын, модельденетін нысандар мен жүйелердің әрі қарай қызмет ету мен дамуын бейнелейтін әлдеқайда күрделі педагогикалық жүйені зерттеуге себепші болатынын атап көрсетеді [120, с. 1082]. Бұдан шығатын қорытынды модель – зерттелетін пәнді сипаттап және көрсетуге (жобалауға) мүмкіндік беретін оның белгілі бір ерекшеліктерінің жиынтығы.

В.А. Штофтың айтуынша, үлгі – зерттеу нысанын бейнелеп, шығаратын және сол нысанның орнын басып, жаңа ақпарат бере білетін, ойда бейнеленіп немесе материалды түрде іске асатын жүйесі болып табылады [137]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, модель зерттеу тақырыбының теориялық негіздемесіне сүйене отырып, мақсаты, міндеттеріне сәйкес іске асырылатын абстракты түрдегі құрылымдық-мазмұндық біртұтас жүйе ретінде жасалатын, жобаны жүзеге асыруға негізделіп жасалуы тиіс деп санаймыз.

Модельді құрудың мақсаты ғылыми қоғамдағы болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау болып табылады. Модельді дайындау кезінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін алдымен «зерттеу» және «зерттеушілік іс-әрекет» мәні мен сипаты ұғымы нақтылауда білімдері кеңейтілді; зерттеушілік іс-әрекетке қажетті мәліметтер, ақпаратты іздеу дереккөздерінен хабардар болу дегенді білдіретінін, ақпараттарды жүйелеу біліктіліктері; мәселені зерттеу барысындағы шығармашылық қызығушылық пен зерттеушілік уәжді қамтитынын ескердік.

Зерттеушілік іс-әрекеттің негізгі қызметтері төмендегідей бейнеленді (сурет 3).



Сурет 3 – Зерттеушілік іс-әрекеттің негізгі қызметтері

Зерттеушілік іс-әрекетінің *аналитикалық қызметі* педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру үдерісінің барлық құрылымдық ұйымдарындағы білім беру үдерісіндегі психологиялық-педагогикалық талдаудан көрінеді. Талдау барысында студенттер біліктердің себеп-салдарлық байланыстарын тағайындайды: білім беру үдерісінің компоненттері – мақсаты, мазмұны, формалары, әдістері, шарттары және оның нәтижелері арасындағы байланыстар арқылы оқушының білімділігі мен тәрбиелілігі деңгейіне үдерістің әсерін анықтайтынын болашақ мамандар меңгереді.

Педагогикалық үдерістерге теориялық талдау жасау мәліметтерді, құбылыстарды анықтауға; осы мәліметтер мен құбылыстардың элементтерінің құрамын анықтауға; аталмыш құрылымның элементтерінің әрқайсысының ролін анықтау және мазмұнын ашуға; біртұтас құбылыстың даму үдерісіне енуге; білім беру үдерісіндегі оның орнын анықтауға бағытталуы тиіс.

Педагогикалық үдерісті, құбылыстар мен жағдаяттарды талдауға қойылатын негізгі талаптар:

- мазмұнның қойылған мақсаттарға сәйкестігі;
- оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің барлық компоненттерін ғана емес, оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың барлығын да талдауға қатыстыруды көздейтін жүйелілік;
- тек нақты мәліметтерге, зерттеудің ғылыми әдістеріне негізделген объективтілік;
- білім берудің кез келген мәселесі төмендегідей логика бойынша талдану қажет дегеннен көрінетін логикалық: мәселенің болуын көрсететін белгілер; беталыстар, беталыстардың себептері; педагог әрекетінің міндеттері; шаралар жүйесі; қажетті жағдайлар мен құралдар; мерзімдер, жауаптылар, қорытынды қайда және қалай жасалады; күтілетін нәтижелер; болашақ педагогикалық жағдаяттарды болжауды меңгеруі қажет.

*Бағдарлаушылық қызметі* зерттелетін мәселенің немесе орындалатын амал-әрекеттің мақсаты, жоспары мен жүзеге асыру құралдарының жүйесін қалыптастыруға, зерттеу пәніне деген бағалау қатынасын анықтауға бағытталған. Ол студенттің зерттеу іс-әрекетінің бағытын, оның нақты мақсаты мен жұмыстың әр кезеңіндегі міндеттерін, осы жұмыстың нәтижелерін болжалдау бағытын анықтай алу біліктілігімен анықталады. Осыларды меңгерген болашақ маман бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырады сөзсіз.

*Ақпараттық қызметі* студенттің оқу әрекеті, ғылыми, дүниетанымдық, анықтамалық, әдістемелік ақпараттарды, сондай-ақ әр түрлі интернет-ресурстардан ақпараттарды іздеу арқылы жүзеге асырылады. Білімді игеру, дүниетанымдық және адамгершілік идеяларымен қарулану студент тұлғасының дамуының аса маңызды құралы болып табылады. Ғылыми жоба, реферат, тезис, аңдатпа, пікір жазу, жоспар, конспект, библиографиялық тізім т.б., жасау сияқты біліктердің түрлерін қамтитын ақпараттармен өз беттерімен жұмыс жасау білігі де маңызды болып табылады. Соңғы жылдары заманауи

ақпараттық құралдары мен компьютерлік технологияларды игеруде оқу және бақылау бағдарламалары, цифрлық ақпараттық ресурстар, электронды оқыту құралдары, электронды пошта, ICQ, мәтіндік редактор, электронды кестелер, модельдер, тесттермен жұмыс жасау біліктері қалыптастырылады. Ақпараттық сауаттылықты меңгерген болашақ маман бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеттерін дамытуда зерттеу барысында ақпараттық ресурстарды пайдаланудың жолдарын үйрете алатынына сенімді боламыз.

*Болжамдық қызметі* студенттерді зерттеу жұмысының нәтижесін көре білуге үйрету болып табылады. Ғылыми негізде жүзеге асатын болжам жасау біліктілігі педагогикалық үдерістің мәні, заңдылығы мен логикасы жайлы білімдерге сүйенеді. Болжамдық біліктілікке болжамды тұжырымдай алу, зерттелетін мәселенің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдай алу, қойылған міндетке жету тәсілдерін іріктей алу, нәтижесін, мүмкін болатын ауытқулар мен қажет емес құбылыстарды көре алу, педагогикалық зерттеу кезеңдерін анықтай алу, уақытты бөле алу, өз әрекетінің алгоритмін жоспарлау және құрастыра алу, зерттеуге қажетті әдістер мен әдістемелер кешенін пайдалану біліктіліктерін жатқызуға болады. Университет қабырғасында зерттеу жұмысын жүргізуде болжам жасап, оң нәтиже алудың әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген студент, келешекте бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың әдістемесін жүзеге асыратыны белгілі.

*Модельдеушілік қызметі* нысандарды зерттеу үдерісіндегі таным олардың модельдері арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық модельдерді түзу нақты бар құбылыстар мен үдерістерді шындығында, дәл осы шақта өтіп жатқандай етіп сипаттап беруге мүмкіндік береді. Педагогикалық модельдер педагогикалық жүйе жайлы ақпарат алу мақсатында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында пайдаланылады, қажет болған жағдайда оның құрылымын, оның компоненттерін құрайтын құрамды бөліктері арасындағы ішкі байланыстарды түзетуге, қорытындылар жасауға мүмкіндік беретін әлдеқайда тұрақты нәтижелер алуға және нәтижелерді мектептің білім беру үдерісіне ендіруге болады. Зерттеу жұмысына байланысты жүргізетін тәжірибелік экспериментті жүргізудің ерекшеліктері мен жолдарын игерген болашақ маман оны оқушылардың зерттеу жұмыстарында жүргізуіне тікелей басшылық жасауда қолданатын болады.

Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеті оқу әрекетінде проблеманы шешуде балама нұсқаны табу, өзіндік жұмыстарда әртүрлі белгілі тәсілдерді біріктіріп пайдалану арқылы жаңа әрекетке түсу, міндеттерді шешуді таныс жағдаятта көре білу, объектінің құрылымын және оның атқаратын жаңа қызметін айқындауда, шығармашылық іс-әрекетте алған білімін жаңа жағдаятта өздігінен іске асырудағы білімі мен дағдысы арқылы қалыптасады. Бұл болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуды сабақ үстінде ұйымдастыруда басшыққа алуы тиіс мәселе деп санаймыз.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың моделін құру барысында әдіснамалық тұғырларға жүгінуге тура келді. Зерттеу мәселесінің құрылымдық-мазмұндық моделін құрудың негізіне төмендегі тұғырлар алынды:

- білім берудегі *жүйелілік тұғыр* (В.В. Краевский, В.Г. Афанасьев) – диалектикалық материализмнің бөлінбес бөлігі. В.В. Краевскийдің пікірінше, жүйе – дегеніміз зерттелетін педагогикалық құбылыстың ішкі және сыртқы байланыстан тұратын бүтіндігін құрайтын бөлшектерді ретке келтіретін жиынтығы мен олардың арасындағы қарым-қатынасы болып табылады. Жүйелік тұғыр – нысанды жүйе ретінде зерттеу әдіснамасы. Жүйелік тұғыр – нақты гносеологиялық жағдаяттағы диалектикалық әдістердің көрінісі [54, с. 201].

В.Г. Афанасьев бойынша, жүйелілік тұғырдың ерекшелігі - бұл объектінің тұтастығын және оны қамтамасыз ететін механизмдерді ашуға, күрделі объектінің әртүрлі байланыс түрлерін анықтауға және оларды біртұтас теориялық көрініске келтіруге бағытталған. Жүйелік тәсілді ең дәйекті іске асыру жүйелік талдау болып табылады - түрлі салалардағы түрлі проблемалар бойынша шешімдер қабылдауға адам қызметінің жан-жақты көзқарасы [138]. Сондықтан жүйелік жалпы ғылыми әдіснамалық зерттеудің бір құралы ретінде оқыту үдерісін және бір-бірімен байланысты құбылыстарды жүйелі зерттеуге, қажет сапалы ғылыми тұғыр ретінде қолданылады. Жүйе – өзара байланысты қарым-қатынаста болатын және белгілі бір тұтастықты, зерттеу барысында бірлікті туғызатын элементтердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үшін жүйелік тұғыр оқу-зерттеушілік іс-әрекет пен ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті ұштастыру мақсатында жүйелік тұғырдың маңызы зор болмақ. Өйткені қысқа мерзімде орындалатын оқу-зерттеушілік іс-әрекетті жүйелі түрде байланысатын құбылыстардың жүйелілігін сақтау арқылы ұзақ мерзімге созылатын ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке ұластыруға мүмкін болады. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда берілетін білімді белсенді түрде игерте отырып, қойылған мақсатқа жету үшін талқыланатын өзекті мәселені өздігінен шешуге, ой қорытынды жасауға, дәлелдеуге, тәжірибе жасауға үйрету қажеттігін түсінуі тиіс.

- білім берудегі *тұлғаға бағдарланған тұғыр* (В.В. Сериков, И.Ф. Богоявленская, И.С. Якиманская) мұнда бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үдерісінің маңыздылығы педагогикалық үдерістің екі жақты жоспарының әдіснамалық ұстанымымен бекітіледі. Тұлғаға бағдарланған оқыту оқыту субъектілерімен қатынасқа түсу және педагогикалық үдерісті бағдарлай алу үдерісінде тұлғаның жан-жақты дамуына жағдайлар жасау болып табылады.

В.В. Сериков бойынша, тұлғаға бағдарланған тұғыр жеке функциялардың көрінуінің негізгі шарты жеке тұлғаға бағытталған жағдайды (білім беру,

танымдық, өмірлік) құруды қарастырады, оған бала мағынаны іздеуге, өзі туралы ойлануға, өмір салты мен моделін құруға, мәселені шешудің шығармашылық нұсқасын таңдауға, факторларға сыни баға беруге мәжбүр болады [139].

И.Ф. Богоявленская тұлғаға бағдарланған тұғыр білім берудегі жеке тұлғаның дамуын, оның жеке басын қолдауды, білім беру, рухани, мәдени, өмірлік қажеттіліктерін толық қанағаттандыруды; білім берудің мазмұны мен жолдарын таңдау еркіндігін, сондай-ақ мәдени және білім беру кеңістігінде жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын қамтамасыз ететін тұғыр ретінде қарастырады [140].

И.С. Якиманскаяның пікірінше, тұлғаға бағдарланған білім беру үдерісінде оқушы басты танымдық әрекетті атқарушы ретінде танылуы қажет. Автор тұлғаға бағдарланған білім беру моделін құруда бірнеше ұғымдарды ажырата білуді ұсынады. Олар:

– деңгейлеп оқытуда бағдарламалық материалдарды күрделілік деңгейіне қарай бағдарлауда оқушыға түсінікті болатынын ескеру;

- даралап оқытуда балаларды қабілеттілігі, үлгерімі, әлеуметтік бағытына қарай біркелкі топқа бөлу;

– тұлғаға бағдарланған оқытуда әр оқушыға бірегей, ешкімге ұқсамаған, қайталанбас, бір тума деп қарау керек.

И.С. Якиманскаяның тұлғаға бағдарланған білім беру тұжырымдамасының мақсаты – баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ашып, оны мақсатты бағытта дамыту үшін қажетті әлеуметтік, педагогикалық жағдайлар туғызып, оның мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына мән беріп, қоғамның әлеуметтік нормаларына қажетті дағдыларды сіңіру болып табылады [141].

Тұлғаға бағдарланған білім проблемаларының тарихи-педагогикалық аспектілерін талдау, субъекті мен субъект ретінде тануға мүмкіндік берді. Білімнің мақсаты оқушының жеке басының даралығын, өзіндігін дамыту, оқыту үдерісінде баланың ішкі жан дүниесін қалыптастырып, мұғалім мен оқушының қарым-қатынас стилін еркін таңдау, бірігіп еңбек ету, ынтымақтастық принциптеріне негізделіп құрылады. Бұл жүйелеуде оқыту моделі оқыту әдістерімен тығыз сәйкестендіріледі. Егер оқушы неден бастап, қандай аралық нәтижеден өтіп, оған қалай қол жеткізуді білетін болса, бұл репродукция (түсіндіру-суреттеу әдісі); егерде оқушы аралық нәтижені білмесе, бұл – бағдарламалық әдіс; егер аралық нәтиже белгілі болып, оған қол жеткізудің жолы белгісіз болса, бұл – эвристикалық әдіс; егер аралық нәтиже мен оған қол жеткізудің жолы белгісіз болса, бұл – проблемалық әдіс. Біздің пікірімізше, біріншіден, тұлғаға бағдарланған білім берудің барлық сатысында педагогикалық үдерісті белгілі бір жүйемен ұйымдастыру қажет. Екіншіден, оқыту үдерісін ұйымдастыруда әр білім алушының даралық ерекшелігін, талғамын, қызығушылығын, танымдық белсенділігін анықтап және оны тұрақтандыратын жағдай туғызу қажет. Үшіншіден, тұлғаға бағдарланған білім берудің мақсаты мен міндетін, тақырыптың мазмұнын ашуға қажетті болып

табылатын оқушының зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыра алуы тиіс. Модельді құрастыруда оның ішкі мазмұнындағы үйлесімділікті сақтауға және оған қойылатын талаптарды орындауға басымдық берілді.

- *іс-әрекеттік тұғыр* (А.Н. Леонтьев, Л.С. Рубинштейн, Л.С. Выготский), олардың идеясы тұлға әрекет субъектісі ретінде қарастырылады, тұлға басқа адамдармен әрекет барысында қалыптаса отырып, осы әрекеттің сипаты мен қатынасын анықтайды. Іс-әрекеттік тұғыр тұрғысынан зерттеушілік әрекет тұлға табиғатына барабар және оны қажеттіліктен өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыруда қанағаттандыратын әрекет ретінде қарастырылады. Іс-әрекеттің мақсаты – қоршаған өмірді өзгертуге, ақиқат өмірді қайта жаңғырту болып табылады. Әрине бұл адамдардың біліміне негізделген, тәжірибесімен келетін, өзгермелі қоғамға бейімделуден туындайтыны белгілі. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда іс-әрекеттік тұғыр негізгі болып саналады. Өйткені зерттеушілік іс-әрекетте білім алушының қажеттілігін қанағаттандыруы үшін жаңа болып табылатын шешімдер мен тұжырымдар, қойылған болжамның дұрыстығын тәжірибелік-эксперименттік дәлелдеулер, алынған оң нәтижелер алға қойылған мақсатқа жетуіне ықпал етеді.

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, мотив ұғымы іс-әрекет ұғымымен қалай байланысты болса, мақсат ұғымы да іс-әрекет ұғымымен солай байланысты. Қызметтің негізгі "компоненттері" оның әрекеттерін жүзеге асыру болып табылады [60, с. 81].

Л.С. Рубинштейн пікірінше, ... жалпы адамның іс-әрекеті – бұл ең алдымен әсер ету, шындықтың өзгеруі; ... бұл ғана емес әсер ету, әлемнің өзгеруі және белгілі бір объектілердің өнімі, әлеуметтік акт немесе оның белгілі бір мағынасындағы көзқарас сөздер. Сондықтан белсенділік сыртқы әрекет емес, позиция адамдарға, қоғамға деген қарым-қатынас, адам өзінің барлық болмысымен, іс-әрекетте көрінетін және қалыптасатын тұлға [61, с. 9].

Л.С. Выготский мәдениеттің ерекше мінез-құлық формаларын жасайтындығын және психологиялық қызметін өзгертетінін атап өтті. Осыған байланысты баланың мәдени даму тұжырымдамасы адамзаттың тарихи даму процесінде болған жеке дамуға сәйкес келетін үдеріс ретінде түсіндіріледі. Баланың дамуында адам дамуының екі түрі де қайталанатын: биологиялық және мәдени-тарихи. Басқаша айтқанда, дамудың осы екі түрі диалектикалық бірлікте [141].

- *құзыреттілік тұғыр* (И.Я. Зимняя, Дж. Равен, В.А. Болотов пен В.В. Сериков, М.А. Чошанов, А.В. Хуторской, К.С. Құдайбергенова) оның идеясы тұлға санасының құндылығын қалыптастыруға, зерттеушілік әрекет құндылығын беру ретіндегі зерттеушілік іс-әрекетті анықтауға бағыттайды.

И.Я. Зимняя пікірінше, құзыреттілік тұғыр қоғамның ақпараттық ағымына байланысты оларды меңгеру, не үшін қажеттігін түсіну, оның ұтымды, әлсіз жақтарын және жалпы баспа беттері мен жарнамалар арқылы таратылатын

ақпаратқа сыни тұрғыдан байымдау қабілеттілігі. Адамның қызметі барысында қалыптасатын және көрінетін құзырлары [143].

Дж. Равен құзыреттілік тұғырды нақты мақсатқа қатысты бекімдік және құндылықты түсіну, өз қызметін бақылау дағдысы, оқуға деген дайындығы, қабілеті, күрделі сұрақтардың шешімін табу, өзіне деген сенімі, бейімділігі, ойлау дәрежесі, ерекшелігі, табандылығы, - деп тұжырымдайды [144].

В.А. Болотов пен В.В. Сериковтың пікірінше, құзыреттілік тұғыр «бірінші орынға білім алушының хабардарлығын емес, жағдайларда туындайтын мәселелерді шеше білу: 1) таным мен құбылыстарын түсіндіру кезінде; 2) қазіргі заманғы технологияны игеру кезінде; 3) адамдардың өзара қарым-қатынасында, этикалық нормаларда, орындау кезінде; 4) азаматтың, отбасы мүшесінің, сатып алушының, сайлаушының әлеуметтік рөлдерін практикалық өмірде; 5) құқықтық нормаларда, тұтынушылық және эстетикалық бағалауларда; 6) таңдау кезінде; мамандық және оның кәсіби оқуға дайындығын бағалау еңбек нарығына бағдарлау қажет болған кезде оқу орны; 7) қажет болған жағдайда, өз проблемаларын шешу: өмір өзін-өзі анықтау, стилі мен өмір салтын таңдау, жанжалдарды шешу жолдары» [139, с. 11].

Құзыреттілік тұғыр практикалықты күшейтеді педагогикалық білім алу қажеттілігін баса көрсетеді, қызмет тәжірибесі, оның ішінде зерттеушілік тәжірибе, тәжірибеде іскерліктер іске асыра білу. Сондықтан педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру мұғалімнің біліктілігін алумен аяқталмайды, олардың дамуы адамның өмір бойы жалғасады.

М.А. Чошанов бойынша, құзыреттілік маманның «айналымға» түсудегі қажетті шарты: білімін ұдайы жаңарту, нақты жағдаяттарда білімін ұтымды пайдалану үшін жаңа ақпараттарды меңгеру, - деп санайды. Сонымен қатар автор төмендегідей белгілерді:

- тұлғалық және еңбектегі байланыс мәдениеті;
- қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік қырларын меңгеруі;
- қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы;
- практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті;
- нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі [145].

А.В. Хуторской бойынша, құзыреттілік тұғыр, бастапқы білім беру дағдарысын еңсеру бағыттарының біріне айналатын «объектілер мен үдерістердің белгілі бір шеңберіне қатысты білім, білік, дағды, қызмет әдістерінің жиынтығы ретінде, оларға қатысты тиімді және өнімді әрекет ету үшін қажет» бейненің жеке және әлеуметтік мағынасын байланыстырады [146, с. 60].

К.С. Құдайбергенованың ойынша, табиғаты оқу нәтижесінен бастау алғанымен, оқу нәтижесінен туындады деу артық, ол негізінен қызметтік, тұлғалық тәжірибелерінің өз бетімен ұйымдастырылуында, адамның өзіндік

дамуының, өздік даму сатысына көтерілуінің салдары болып табылады [147, б. 99]. Авторлардың ұсынып отырған идеясы қазіргі уақытта болашақ мамандарға қойылып отырған заманауи талаптармен үндестігінде. Жоғары оқу орнында мамандар даярлауда кәсіби құзыреттіліктің әлеуметтік маңызын және оны үнемі жетілдірумен сипатталатынын түсіндіре отырып, олардың тұлғалық сапаларының жауапкершілік, толеранттылық, шығармашылық, зерттеушілік және т.б. білімі, біліктілігі, тәжірибесін жүзеге асыру қабілеттілігінен көрініс табатынына мән берілу қажет деп санаймыз.

Білім алушы тұлғасының дамуы мен қалыптасу үдерісіндегі *орта тұғыры* (Л.И. Новикова, Ю.С. Мануйлов, Л.П. Разбегаева), оның идеясы аксиологиялық орта ретіндегі білім беру жүйесінің шарттарын жүзеге асыруға бағытталған. Орта тұғыры ортаны ұйымдастыру тәсілі мен оның оқушы тұлғасына ететін әсерін оңтайландыруды көздейді, мұнда негізгі күш тұлғаны осы ортаға бейімдеу және оның өзін-өзі оқытуына, өзін-өзі тәрбиелеуіне және өзін-өзі дамытуына жұмсалады.

Л.И. Новикова бойынша, орта тұғырын ұйымдастырылған білім беру ортасын құрумен байланыстыра қарастырады, жетілдірілген және жүйеге әсер ету, күш-жігердің арқасында ондағы стихияның тарылуы ересектерге емес, керісінше ұйымдастырылмаған ортаны жоюға бағытталуы тиіс, сондай-ақ оны қоршаған орта жүйесіне құраушы компонент ретінде қосылатын орта», - болып табылады [148, с. 65].

Ю.С. Мануйлов *білім берудегі орта тұғыры* – бұл мұғалімнің іс-әрекетіне баса назар аударатын білім беру үдерісін құру тәсілі білім алушыға белсенді әсер етуден тұлғаның өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі көрсетуі үшін кеңістіктік-пәндік және әлеуметтік-мәдени ортадағы жағдайлар мен мүмкіндіктердің жиынтығы ретінде білім беру ұйымының ортасын құру саласына ауысады [149].

Л.П. Разбегаева орта тұғыры бойынша, жоғары сынып оқушыларының зерттеу мәдениетін қалыптастыру үдерісін модельдеу арқылы біз ғылыми қоғамның ерекшеліктері ескерілді гуманитарлық бағыттағы студенттер, бұл гуманитарлық білімнің ішкі жүйесі, демек, аксиологиялық орта, өйткені гуманитарлық білім, ең алдымен, құндылық-семантикалық болмыстың дамуын жатқызады. Білім алушылардың ғылыми қоғамы - бұл ғылыми ізденіске, шығармашылық ойлауды дамытуға, тәуелсіздікке, білім мен зерттеу дағдыларын игеруге қабілетті жоғары сынып оқушыларының тәуелсіз бірлестігі жұмысын қамтиды [150].

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда жеке адамның білім алушылардың қажеттілігі мен қызығушылығын жүзеге асыру үшін ұйымдастыратын зерттеушілік іс-әрекетінде әрқайсысының оны жүзеге асырудағы орны, бір мақсатқа бағытталған ортақ шешімге келуде олардың пікірінің ескерілуі маңызды болмақ. Оқу-танымдық іс-әрекетті ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне ұштастыруда орта тұғыры топтық зерттеу жұмысына негізгі тұғыр ретінде алға шығады.

Сонда ғана белгілі нәтижеге жету мақсатын қойылған зерттеу жұмысында болашақ педагогтің зерттеу ортасын ұйымдастыру арқылы әр оқушының ортаға бейімделуі, оның өзін-өзі оқытуы, өзін-өзі тәрбиелеуі және өзін-өзі дамытуына қол жеткізуге болатынын жетік меңгеруі тиіс, - деген тұжырым жасап зерттеу жұмысымызда аталған әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынуы, - тиіс деп санаймыз.

*Синергетикалық тұғыр* (М.С. Каган, Е.Н. Князева, Н.Н. Моисеев, Г. Хакен З.Ж. Жаңабаев, П.К. Анохин). *Синергетика* («синергейя» – бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе өзін-өзі дамыту теориясы педагогика үшін эвристикалық мәні бар тұлғаны дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе болып табылады.

*Синергетикалық тұғыр* немесе білімнің синергетикасы білім берудің байырғы үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді бірлесе отырып, өзін өзі дамыту тұрғысынан қарастыратын білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа әдістерін меңгеруге бағытталған іс-әрекетті алға шығарады. Бұл білім алушылар үшін жаңа әрекеттерге деген олардың эмоциялық қарым-қатынастарын (ым, бет қимылдауы, дауыс ырғағы), олармен тікелей өзара байланыс құрғанда, қарым-қатынас жасағанда ғана көруге болады. Ғалымдар күрделі, ашық жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі дамытумен байланысты болғандықтан, қазіргі философияның жаңа кезеңін ашуға серпін беретіндігін негіздейді.

М.С. Каган синергетика адамның өмірбаянының әр кезеңі жеке тұлға үшін ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекеттесуіне байланысты өзін-өзі ұйымдастырудың белгілі бір түрімен ерекшеленетінін түсінуге мүмкіндік береді; Шын мәнінде, адамның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі бағалауы, сондай-ақ басқа біреуді түсіну және бағалау-бұл сенің және осы әрекетті таңдауды анықтайтын саналы және бейсаналық мотивтерге ену. Адамның күнделікті мінез-құлқы арқылы адамның жауапкершілігі туралы – моральдық, эстетикалық, саяси, құқықтық жауапкершілік – оның өмір сүруінің әр сәтінде мүмкін болатын көптеген мінез-құлық жолын таңдау туралы сұрақ қоюға болады. Бірақ бұл жауапкершілік, оның артындағы шығармашылық қызмет бостандығы сияқты, білім беру және оқыту арқылы қалыптаспауы керек – оны тек адам өмірінің адамгершілік қасиеті ретінде тәрбиелеуге болады және бұл ХХІ ғасырдағы мектептің азаматтық міндеті болуы керек [151].

Е.Н. Князева осы ғылыми бағыттың өзіндік ерекшелігіне назар аударады, бұл синергетика қарапайым және ғылыми білімнің фрагменттерін синтездеп қана қоймай, дәуірлерді – ежелгі дәуірді қазіргі ғылым жетістіктерімен, тіпті түбегейлі әр түрлі, шығыс және Батыс, ойлау және қабылдау тәсілдерімен байланыстырады. Шығыстан синергетика тұтастық, циклдік, бүкіл әлем мен ондағы адам ұстанатын біртұтас жол идеяларын қабылдайды және дамытады; батыстан-талдауға, экспериментке, ғылыми тұжырымдардың жалпы маңыздылығына, олардың бір ғылыми мектептен екіншісіне, ғылымнан қоғамға берілуіне сүйену [152]. Зерттеудің жаңа бағытының ерекшеліктеріне сүйене

отырып, Е.Н. Князева және басқа ғалымдар синергетиканы теориядан гөрі ашық сызықты емес жүйелердің дамуын және ойлаудың ерекше стилін түсінуге деген көзқарас,- деп санайды.

Н.Н. Моисеев таным үдерісіне синергетикалық көзқарастың ерекшелігін былайша білдірді: «түсіну үшін кез-келген күрделі құбылыс әртүрлі түсіндірулерді қажет етеді, яғни оны қарастырудың әртүрлі бұрыштары» [132, с. 54]. Бұл біздің ойымызша, пәнаралық тәсілдің тағы бір өлшемі. Бірақ оның ерекшелігі-құбылыстарды әртүрлі аспектілерде қарастыру ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынасты анықтауға болатын осындай тұлғаларды бөліп көрсету зерттелген құбылыстар.

Синергетиканың пәні - өзін-өзі ұйымдастыру тетіктері, сондықтан оны өзін-өзі ұйымдастыру теориясы деп атайды. Г. Хакен өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелерді өзіне тән құрылымдар мен функцияларды алатын жүйелер ретінде анықтады сырттан ешқандай араласусыз. Сонымен, өзін-өзі ұйымдастыру синергетиканың маңызды элементі болып табылады; күрделі динамикалық жүйені ұйымдастыру құрылатын, жаңғыртылатын немесе жетілдірілетін үдеріс.

Г. Хакеннің айтуынша, өзін-өзі ұйымдастырудың қасиеттері табиғаттың әртүрлі нысандарын анықтайды. Өзін-өзі ұйымдастыру процестері жүйенің элементтері арасында бар байланыстарды қайта құру және жаңа байланыстарды қалыптастыру арқылы жүреді. Әдебиеттерде өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінің үш түрі бар:

- Ұйымның өзін-өзі құруы, яғни белгілі бір деңгейдегі тұтас объектілердің белгілі бір жиынтығынан пайда болуы өзіндік заңдылықтары бар жаңа тұтас жүйе;

- жүйенің жұмыс істеуінің сыртқы және ішкі жағдайлары өзгерген кезде ұйымның белгілі бір деңгейін ұстап тұратын процестер;

- өткен тәжірибені жинақтауға және пайдалануға қабілетті жүйелерді жетілдіру және өзін-өзі дамыту [153, с.168].

Біздің зерттеуіміз үшін синергетиканың бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу теориясы ретіндегі маңызы зор. Себебі студенттер білімді оқу-танымдық зерттеуден ғылыми-зерттеу түрінде игере отырып, қойылған міндеттер мен талқыланатын өзекті мәселелерді түсінуге, өздігінен шешім іздеуге, қорытынды жасайды, жаңа нәтиже алады. Білім беру барысындағы ұжымдық оқу-танымдық үдерісті ғылыми-зерттеуге ұштастыру үшін синергетикалық бағытта ұйымдастыру оның қатысушыларының ынтымақтаса жұмыс жасаудағы келісімділік және ұжымның әр мүшесінің жауапкершілікті өз мойындарына ала білуі; басқалардың пікірімен санасу, бірлесе білім алуда демократиялық қарым-қатынасты қалыптастыру болып табылады.

Н.Ф. Талызина маман моделін жалпы әдістемелік классикалық түрде жасап, маманның кәсіби дайындық сапасы үш негізгі жайдың негізделген дәрежесіне сай болады: оқыту мақсаты (не үшін оқу керек); оқыту мазмұны (нені оқыту керек) және оқу үдерісін ұйымдастыруда басшылыққа алатын

ұстанымдары (қалай оқыту керек) дей келе, маман моделінің үш құрамдас бөлігі болуы керектігін айтады. Олар:

- біздің ғасырымыздың ерекшеліктерімен белгіленген іс-әрекет түрлері;
- мамандық яғни кәсіби талаптар қоятын іс-әрекет түрлері;
- мемлекеттің әлеуметтік-саяси құрылысымен оның рухани-адамгершілік жүйесімен белгіленген іс-әрекет түрлері.

Бірінші бөлікке маман даярлауға қойылып отырған заманауи талаптарды іске асыратын іс-әрекет түрлері: оқу-зерттеушілік, ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық іс-әрекетті жатқызамыз. Болашақ мамандарды даярлауда субъектілік қатынасқа құрылған оқыту үдерісінде өздігінен білім алуда оқу – танымдық қызығушылықты қанағаттандыру үшін ізденушілік әрекетке түсу, проблеманы шешу, білімін тәжірибеде қолдана біліп, зерттеу жұмысымен айналысудағы іс-әрекет түрлерін, топтық және ұжымдық іс-әрекетке даяр болуы тиіс деп санаймыз.

Үлгінің екінші бөлігі болашақ мамандардың нақтылы шеберлік қасиетін анықтайды. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін шешетін тапсырмалар типтеріне сәйкес барлық кәсіби құзыреттілікті үш топқа біріктіруге болады. Біріншісі зерттеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ететін құзыреттілік, екіншісін іс жүзіндегі тапсырмаларды шешуде қажетті құзыреттілік. Үшіншісі студенттерді педагогикалық жұмысқа даярлауды қамтамасыз ететін құзыреттілік болып табылады.

Болашақ мамандар ең алдымен оқыту үдерісінде жобалаумен байланысты оқыту мақсатын құрып, құрастырумен, көрсеткіштерді есептеумен, тапсырмаларды, шешуге тиісті проблемаларды, әдістерді таңдап алып, оның реттілігін анықтаумен, меңгеру барысының қаншалықты дұрыс жүріп жатқандығы туралы ақпарат беретін параметрлерді анықтау үшін пәндік жүйені білуі қажет. Болашақ мамандар бастауыш сынып оқушыларының жеке ерекшеліктерін, жаңа материалды меңгеру үдерісіне бейімделуді, түзетуді, олардың нәтижелерін бағалауды анықтаумен байланыстылығын өздері жетік білуі қажет. Сонда ғана олар оқыту үдерісінде оқу-зерттеушілік іс-әрекетін ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке ұластыру үшін қажетті пәндік ерекше жүйені іске асыратын болады.

Үшінші бөлік (өзіндік блок) адамгершілік және дүниетанымдық міндеттерден, жалпы мәдениет талаптарынан тұрады [154, с. 5]. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үшін субъектілік қатынасты гуманистік бірлескен қарым-қатынасқа ұштастыра отырып, олардың дүнетанымын қалыптастыруға мүмкіндік туғызылады. Бұл жерде автор жалпы мәдениет деп, педагогикалық мәдениетті айтып отырғанын түсінуіміз керек. Жалпы мәдениетке педагогтің ішкі қасиеттерінің жоғары кәсібилігі, пәннің оқыту әдістемесін меңгеру және т.б. мәдени қабілеттіліктердің кіріккен сапасы ретінде қарастырылады.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда үшінші блоктың да алатын орны зор.


Н.А. Давыдов пен В.М. Соколов бойынша, модельдің құрастыру технологиясы бірнеше сатыдан тұрады (сурет 4) [67, с. 98].



Сурет 4 – Н.А. Давыдов пен В.М. Соколов бойынша модельдің құрастыру технологиясының сатылары

Осы модельді құрастыру технологиясының барлығы білім беру бағдарламасын дайындауға ықпал етеді. Маман үлгісі әртүрлі тарихи жағдайда әр формада болады: мамандық сипаттама, профессиограммалық, т.б. Қоғамдық сұранысқа сәйкес болашақ мамандарды дайындау мен тапсырыс берілген мамандық пен кәсіп бойынша оларды даярлаудың орнықты мазмұнын жасау кәсіби маман қызметінің үлгісін-профессиограмманы оның мамандықтың паспортын даярлауға негіз болды.

Біздің зерттеулерімізде қарастырылған жоғарыда аталған тұғырлар негізінде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үдерісінің төмендегідей кезеңдерін атап көрсетуге болады. Оның графикалық бейнесі төменде көрсетілді (сурет 5).



Сурет 5 – Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үдерісінің кезеңдері

**Пропедевтикалық кезең** болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бастапқы кезеңі болып табылады, мұнда бастауыш сынып оқушыларының зерттеу әрекетінің әдістері жайлы ақпараттың белгілі бір көлемін алады, гносеологиялық, яғни оқу-танымдық сауаттылықты меңгереді.

Пропедевтикалық кезеңнің мақсаты - болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауды тұлға ретінде сипаттайтын базалық зерттеушілік білімдермен қарулануға қызығушылық; оқушыларда зерттеушілік әрекетті құндылық ретінде сезінуге негіз жасау болып табылады. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушысының бұл кезеңде зерттеу барысының элементтерімен танысатынын, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдістері жайлы алғашқы зерттеушілік білім алуға ынтықтанып болуы; таңдау жағдайында маманның бағасына жүгінетінін игереді. Бұл кезеңде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда базалық компонент ретінде мотивациялық компонент алынады.

**Эвристикалық кезең** тұлғаның мотивациялық саласына сүйене отырып, зерттеушілік әрекетіне қажетті білімдерді меңгеруі, оқу-зерттеушілік білікті қолдануды көздейтін тапсырмалар мен тәжірибелерді орындау. Эвристикалық кезеңнің мақсаты оқушыларда зерттеуге деген мотивация мен танымдық қызығушылық туғызуды дамыта отырып, ол өздігінен білім алу және өзін-өзі жүзеге асыруды зерттеу жұмыстарында іске асырады. Бұл кезеңде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда базалық компонент ретінде мазмұндық компонент алынады.

**Продуктивтік кезең** білім алушылардың өзіндік зерттеушілік іс-әрекетке жетуін қамтиды. Зерттеушілік іс-әрекет құндылығын беру аяқталады. Осы кезеңде оқушылар зерттеушілік әдістерді, өзінің зерттеушілік әрекетінің болашағын жобалау және өзінің зерттеушілік әрекетінің нәтижелеріне жету мақсатында алынған зерттеушілік біліктерін жүзеге асыруды; ғылыми болмыстың мәліметтері мен құбылыстарын талдай алуды, олардың өзара байланысы мен өзара қатысын анықтауды игеретінін атап кетеміз.

Продуктивтік кезеңнің мақсаты болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетке белсенді түрде тартылуын ұйымдастыруымен сипатталады. Болашақ маман зерттеушілік іс-әрекеттің кезеңдерін игереді: зерттеу тақырыбын анықтайды, қойылған бірнеше міндеттерді шешу, зерттеудің әдістері мен тәсілдері арқылы нәтижеге жететін мақсатын өз бетімен тұжырымдайды, осы тақырыпты не үшін зерттеу қажеттігін негіздейді; зерттеудің нысаны мен пәнін анықтайды; зерттеудің әдіс-тәсілдерін, оқытудың технологияларын, құралдарын анықтайды; зерттеулер жүргізеді; алынған нәтижелерді рәсімдейді. Біздің ойымызша, осы кезең білім алушының зерттеу іс-әрекетіне белсенді араласуымен, мұрағат құжаттарымен, оқу материалдарымен, сөздіктермен, анықтамалықтармен жұмыс жасау

білігінің қалыптасқандығымен және жетілдірілгендігімен сипатталады. Оның базалық компоненті іс-әрекеттік компонент болып табылады.

Әр кезеңді құру мына сияқты жоспарланған деуге болады: әр кезеңде зерттеушілік әрекеттің белгілі бір деңгейі – репродуктивті, рефлексивті-мазмұндық және креативті мәдениеті қалыптасқандығының белгілі бір деңгейге жеткендігін айтуға болады.

Біздің ұсынып отырған моделімізде білім алушының ішкі және сыртқы іс-әрекеті барысында элементтер мен байланыстардың, олардың жұмысының тиімді жақтарын жүзеге асыру нақтылы жағдайда оқытудың принциптері мен тиімді технологияларын саралауға ықпал етеді. Зерттеу жұмысымызда болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үшін модельде келесі принциптер сараланып алынды:

*Дамыта оқыту* принципі білім берудің қай деңгейінде болмасын негізгі принцип болып саналады. И.Я. Лернер: “дайын оқыту дидактика тұрғысынан жеке тұлға қалыптасуының бірте-бірте кеңейген аспектілерін қамтиды”, - деді [155, с. 11]. Дамыта оқыту мысалы, білім алушы деңгейінде зерттеушілік іс-әрекеттің әдістерін меңгеруді талап етеді, өздігінен жаңа шешімдерді қабылдауда, тиімді амалдарды іздестіруді, пайдалануды қажет етеді. Зерттеушілік іс-әрекетке түсуде білім алушыларды шығармашылыққа жетелейтін тиімді де жетілген принцип болып табылады.

*Ғылымилық принципі* маңызды болып есептеледі, себебі ол ғылым мазмұны мен оқу пәнінің байланыс заңдылықтарына сүйенеді. Бұл принцип оқу пәні мазмұнының ғылыми таным, пайда болу, өзгеру және даму моделіне сәйкес жаңа ғылыми фактілермен, ұғымдармен, заңдармен, теориялық дәлелденгенін талап етеді. Мұның барлығы логикалық ойлау қабілетін дамытады, танымдық ғылыми принциптеріне сүйенеді. Ғылымилық принципті іске асыру оқу пәнінің (тіл) қазіргі жағдайлардағы, болашақтағы орны жәйлі ғылыми түсініктерді қалыптастырады, зерттеушілік іс-әрекеттің көрінуіне ықпал етеді. Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетінде оң нәтижеге жетуде ғылыми білімге сүйенілген тәжірибе оқу-зерттеушілік іс-әрекетті және ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті ұымдастырғанда да басшылыққа алынуы қажет.

*Оқытудың өмірмен, практикамен байланыстылығы принципі.* Зерттеушілік тұрғысынан алғанда зерттейтін қолданбалы, практикалық материал ғылыми, ізденістің нәтижесі, ол біржолата орныққан құбылыс емес, ғылымның, қоғамның дамуына байланысты өзгеріске ұшырайды. Зерттеу тақырыбының өмірмен байланыстылығы зерттеуші үшін аса маңызды. Өйткені зерттеу мақсатына қарай оның нәтижесі пәндік білімінің тереңдігімен тәжірибені байланыстыра білуімен сипатталады.

*Жүйелілік және бірізділік принципі* білім, білік, дағдының белгілі бір реттік жүйемен қалыптасқан оқу материалының әрбір элементі келесімен логикалық түрде байланысып, кейінгінің алдыңғыға сүйеніп жаңаны игеруге даяр болуын

талап етеді. Жүйелілік пен бірізділік тек мамандардың ғана іс-әрекетінде емес, білім алушылардың да әрекетінде іске асуы керек. Олардың оқу іс-әрекетін тиімді жоспарлау, өзіндік білім, өзіндік даму дағдыларын қалыптастыру жолымен іске асады.

*Нәтижелі-шығармашылық принципі* білімді меңгеру барысында оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға бағытталады. Сабақта алған кез-келген білім негізінде ұйымдастырылатын және бағыттайтын зерттеушілік іс-әрекет тұрғысынан қарастырылады. Білімді меңгерту үдерісінде білім алушының эвристикалық қабілеттерін дамыта отырып, оқу іс-әрекетін, оның қызығушылығы мен бейімділігін дамыту, зерттеу жұмысын жүргізуге деген қызығушылығы және жаңа нәтижелерге жеткізуді көздейді.

*Проблемалық принцип* – үдерісінің мазмұны, әдістері ұйымдастыру формалары проблемалы сипатта болуын талап етеді. Проблемалы оқыту білімді дайын түрінде бермей, оқушылардың ізденуін, дербестігін, шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталады. Проблемалық принцип оқушылардың ойлау процесінің психологиясына негізделеді. Өйткені, ойлаудың басталуы проблеманың болуына байланысты, басқаша айтқанда ойлау проблемалық сұрақ немесе міндеттен басталады. Болашақ мамандарды бастауыш сынып сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға даярлауда проблеманы мәселені зерттеу қажеттігі белгілі.

*Субъектілік принципі.* Субъект (лат. Subjectum – бастауыш) ұғымы психологиялық әдебиеттерде төмендегіше түсіндіріледі: - болмысты тану мен өзгертудің қайнары ретіндегі индивид немесе топ; - белсенділікті жеткізуші;

- субъект индивид немесе топ іс-әрекетті танудың және өндеудің негізі ретінде;

- іс-әрекеттегі белсенділіктің тасымалдаушысы. Бұл ұстанымға сәйкес білім алушы үшін оқу-зерттеу әрекетінің мәні, маңызы болуы тиіс, үдеріс барысында оның жеке ерекшеліктері ескерілген, осы зерттеушілік іс-әрекетте ол өзін-өзі басқара, ұйымдастыра алуы тиіс. Осылай ұйымдастырылған оқыту үдерісінде субъектілік қарым-қатынасқа басымдық беріледі. Біздің зерттеуіміздің мақсатына сай бұл ұстаным бірлескен қарым-қатынас негізінде студент – студент, оқытушы – студент арасындағы зерттеушілік іс-әрекетте орын алып нәтижеде психологиялық даму жеделдейді.

*Кәсіби бағыттылық принципі* білім алушылардың кәсіптік пәндерді және зерттеу тақырыбы бойынша енгізілген арнайы курстың мазмұнын меңгеруде зерттеу жұмыстарында педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып сынып оқушыларының зерттеушілік әрекетін қалыптастыруға даярлауда «жаңалық ашу» жүзеге асатынын, мақсатты түрде және саналы әрекет (білім, білік) қалыптасатынын; зерттеушілік іс-әрекеттің барлық кезеңіне жоспарланған әрекеттің, зерттеушілік тәжірибеде, біліктің тереңдейтінін анықталады. Зерттеушілік іс-әрекетке қатынас нақты үдеріс барысында анықталатынын түсінеді.

Базалық компонент ретінде мотивациялық компоненті алынады, оған мотивация, зерттеушілік әрекеттегі өзі-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылушылық және зерттеу нәтижелеріне жетуге деген қызығушылығы енеді.

Зерттеушілік іс-әрекет белгілі нәтижеге жетеді. Осы кезеңде білім алушылар өздері зерттеушілік әрекетінің болашағын жобалау және өзінің зерттеушілік әрекетінің нәтижелеріне жету мақсатында алынған зерттеушілік біліктерін жүзеге асыруды; қоршаған ортаның мәліметтері мен құбылыстарын талдай алуды, олардың өзара байланысы мен өзара қатынасын анықтауды игере бастайды.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетке белсенді түрде тартылуы болып табылады. Оқушы зерттеушілік іс-әрекеттің кезеңдерін игереді: зерттеу тақырыбын анықтайды, қойылған бірнеше міндеттерді шешу, зерттеудің әдістері мен тәсілдері арқылы нәтижеге жететін мақсатын өздігінен тұжырымдайды, осы тақырыпты не үшін зерттеу қажеттігін негіздейді; зерттеудің нысаны мен пәнін анықтайды; зерттеудің әдістерін, тәсілдерін, құралдарын анықтайды; зерттеулер жүргізеді; алынған нәтижелерді рәсімдейді. Біздің ойымызша, осы кезең білім алушының зерттеу іс-әрекетіне белсенді араласуымен, мұрағат құжаттарымен, оқу материалдарымен, сөздіктермен, анықтамалықтармен жұмыс жасау біліктілігінің қалыптасқандығымен және жетілдірілгендігімен сипатталады. Оның базалық компоненті іс-әрекеттік компонент болып табылады.

Өз зерттеуімізде біз *зерттеушілік біліктердің үш тобын* бөліп көрсеттік:

- зерттеуге қажетті материалды іріктей алу білігін, зерттеуді құрылымдау және мәтін (баяндама, мақала, хабарлама, тезистер, коспект, ғылыми жоба т.б.) түрінде көрсету біліктерін қамтитын ақпараттық-коммуникациялық біліктер;

- құрамына зерттеудің әдіснамалық аппаратын (зерттеудің нысаны мен пәнін анықтау, өзектілігін негіздеу, қарама-қайшылықты анықтау, мәселені тұжырымдау, болжамды тұжырымдау, т.б.) анықтау білігі енетін теориялық-әдіснамалық біліктер;

- зерттеудің теориялық (талдау, салыстыру, нақтылау, абстрактілеу, индукция мен дедукция, жүйелеу және жалпылау, т.б.) және эмпирикалық (бақылау, тестілеу, сауалнама жүргізу, озық педагогикалық тәжірибені жалпылау, т.б.) әдістерін игеруді қамтитын біліктер тобын құрайтын теориялық-эмпирикалық біліктіліктер. Бұл топқа біз өздігінен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу, алынған мәліметтерді математикалық-статистикалық өңдеу мен жұмысты рәсімдеу біліктерін жатқызамыз.

Мақсатты түрде ғылыми әрекетпен айналысатын студенттер зерттеушіге тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Олар танымдық белсенділіктерімен, тек кәсібіне қажетті білім және біліктермен қаруланып қана қоймай, мектептегі оқу үдерісін зерттеуге де, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, олардың бір-біріне деген, мұғалімдермен қарым-қатынасының сипатын

зерттеуге, мектептегі оқу-танымдық үдерісті ұйымдастыруда инновациялық әдістер мен оқытудың тиімді технологияларын қолдануға ұмтылушылық; педагогикалық жаңалықтарды өз тәжірибесінде тексеруге, өз тәжірибесінен жаңа ақпаратты алуға ұмтылушылық; мәселелерге ерекше мән бере қарау; анықталған мәселені дивергентті іздестіруге қабілеттілік; рефлексияға қабілеттілік сияқты қасиеттермен ерекшеленеді.

Біздің пікірімізше, заманауи болашақ маманның зерттеушілік іс-әрекетке даярлығы оның кәсіби өсуінің, белгілі бір мәртебесінің, сондай-ақ оның кәсіби-педагогикалық қабілетінің, құзыреттілігінің, өзінділігі мен жауапкершілігінің негізі болып табылады. Қазіргі заман сұранысы болашақ маманның кәсіби құзыреттілігіне, педагогикалық шеберлігіне, шығармашылығына, білім берудегі өзгерістерге яғни зерттеушілік іс-әрекетке даяр болуын талап етеді.

Зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру бүгінгі күні ерекше мәнге ие, өйткені ол өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі анықтауға, өздігінен білім алуға, болашақ педагогтың тұлғалық-кәсіби қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Зерттеу іс-әрекеті өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша ЖОО-ның білік беру кеңістігінде ақыл-ойдың дамуын, оң мотивация мен танымдық қызығушылық тудыруға, ізденімпаз тұлға қалыптастыруға әлдеқайда қолайлы жағдайлар жасайды.

Педагогикалық үдерісте болашақ маманның зерттеу жұмысын дамытуға даярлығы мен қабілеті бастауыш сынып оқушыларын зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру үшін оқытудың технологияларын нақты пайдалану олар үшін маңызды мәселе болмақ. Бұл – педагогтің тұлғалық, кәсіби, шығармашылық, танымдық даму деңгейін бейнелейтін аса маңызды қасиеті. Бұл қасиет білімді дамытудың қазіргі кезеңінде құзыреттілікті қалыптастырудың қажеттілігі туындаған кезде, мектептегі білім үдерісін жүйелі және мақсатты түрде зерттеулер жүргізуде, белгілі бір алгоритм бойынша жұмыс жасамай, іс-әрекеттің жаңа түрлерін игеруде аса маңызды болып табылады.

Болашақ маманның бұл қасиетін студенттерді танымдық және практикалық іс-әрекетке бағытталған білім ортасын құра отырып, күрделілігі мен бағыты әр түрлі деңгейдегі зерттеулерге деген студенттердің қызығушылықтарын туғыза отырып, оқу мотивациясын дамыта отырып, жоғары оқу орны қабырғасында-ақ қалыптастыру қажет, - деп есептейміз.

Әр кезеңді құрудың жоспары: әр кезеңде зерттеушілік әрекеттің белгілі бір деңгейі – мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік дамитынын белгілі бір деңгейге жеткендігін айтуға болады.

Зерттеушілік іс-әрекет негізінен жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламасына сүйенсек, бастауыш сынып базасында жүзеге асады және зерттеушілік деңгейді өздігінен практикалық меңгеру деңгейінде өтеді. Зерттеу әрекетінің негізгі кезеңдерін игеру білім берудің барлық деңгейлерінде жүргізілген мақсатты жүйелі жұмыс түрінде өтеді. Болашақ мамандар оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру жеткілікті деңгейдегі күрделі құрылымнан тұратынын, онда төмендегідей бағыттарды: базалық

деңгейдегі зерттеулер; ғылыми-зерттеу әдістерімен таныстыру; нақты қызықтыратын бағытпен жұмыс; дара зерттеушілік жұмыстардан тұратынын жетік білуі тиіс.

Болашақ мамандар оқушылардың жұмысы зерттеудің элементтерімен, қажетті ақпаратты іздестіруге мүмкіндік беретін әдістермен танысудан, тарихи, әдеби, мұрағат дереккөздерімен жұмыс жасаудан, мәтіндерді бағалау және талдаудан, өз жұмысын (таныстырылымдарды рәсімдеу критерийлері, мәтінді рәсімдеудің түрлері мен сипаты, баяндама мәтінінің зерттеу жұмысының мәтінінен айырмашылығын білу, зерттеу жұмысын орындау ретін және оның құрылымын білу) таныстырудан тұрады. Кейінірек білім алушылар ғылыми саладағы негізгі мәселелермен танысады, онда зерттеушілік міндеттерді қарастырады. Бұл дара және ұжымдық жұмыс түрінде, дәріс және практикалық сабақ, мұражайларға топсаяхат және мұрағаттардағы жұмыс түрінде ұйымдастыруға болады.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үдерісінің пропедевтикалық кезеңінде бірінші мотивациялық компонент қалыптасады. Болашақ маман оқытушы жетекшілігімен жобаның құрылымын дайындауға қызығушылық танытады, ақпарат алуға ізденуге құлшыныс пайда болады. Бұған субъектілердің зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін ашудың бір шарты болатын, жобаның мазмұнын іріктеуде субъект-субъектілік қатынасты қамтамасыз ететін білім ортасы себепші болады, зерттеушілік жобаға «ену» жүзеге асырылады.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың эвристикалық кезеңінде құндылық-мәндік мәселелерде орындалатын жобалардың мазмұнын іріктеу жүзеге асырылады, қойылған зерттеушілік мәселе мен жобаның құрылымы нақтыланады, яғни зерттеушілік іс-әрекеттің екінші, мазмұндық компоненті қалыптасады.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың продуктивті кезеңінде жобаны орындаудың соңғы кезеңі жүзеге асады, қорытындылар жасалады және өзінің зерттеушілік әрекеті нәтижесінің таныстырылымын дайындайды.

Бұл жерде білім алушылар ойша өздерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалайды және рефлексиялайды. Осы кезеңде зерттеушілік әрекетті дамытудың үшінші, іс-әрекеттік компоненті қалыптасады, оларға гносеологиялық сауаттылығын, жобаның алдыңғы кезеңдерін орындау кезінде қалыптасқан зерттеушілік біліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі, бірінші, мотивациялық компонент пен екінші, мазмұндық компоненттерінің кірігуі жүзеге асады. Демек, олардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үдерісі тұлғалық білімнің мақсаты, құралдары, нәтижелері сияқты барлық компоненттерін жобалауды қамтиды.

Осыдан келіп құрылымдық-мазмұндық модельдің келесі компоненттерін бөліп көрсетеміз:

– мотивациялық

- мазмұндық
- іс-әрекеттік

Компонент деп біз өзінділігімен және автономиялылығымен ерекшеленетін модельдің мазмұндық блогының бөліктерін түсінеміз.

Мотивациялық компонент субъектінің зерттеушілік іс-әрекетіне деген оң қатынастың, құндылық ретіндегі зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға деген қатынасының негізіне жататын мотивтер жүйесін құрайды. Бұл компонент танымдық қызығушылықта, өзін-өзі тану мотивінде, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру мотивтеріне негізделген прогностикалық белсенділікте көрініс табатын білім алушының зерттеушілік белсенділіктерінің түрлерін анықтайды.

Мотивациялық компонент білім алушының зерттеушілік мәдениетінің аса маңызды құраушысы болып табылады, мұнда өздігінен білім алу мотиві өзіндік танымдық зерттеушілік әрекетте көрініс табады. Бұл өзін-өзі тану мотиві мен болашақ әрекетін таңдаудағы өзін-өзі жүзеге асыру мотивімен тығыз байланысты болады.

А.В. Леонтович бойынша мотивациялық компонент зерттеушілік әрекеттің бірқатар құндылықтарының жиынтығы болып табылады. Анықтаушысы ретінде нәтижелілік құндылық шығады. Зерттеудің екінші құндылығы – әрекеттік сипат. Үшінші құндылық – коммуникация, ол зерттеудің барлық қатысушыларын ортақ зерттеушілік әрекетке біріктіреді. Төртінші құндылық – ол өнімділік [156].

Г.В. Макотрова танымдық әрекеттің критерийлері ретінде оқушылардың зерттеуге деген мотивациясы, ойлаудың зерттеушілік (ғылыми) стилі, шығармашылық белсенділік, ізденіске деген технологиялық даярлық сияқты зерттеушілік әлеуетінің сипаттамаларын атайды [157].

Зерттеушілік әрекет үдерісіндегі танымдық мотивацияны қарастырайық. Танымдық мотивация – бұл алдымен, білім алушыны тиімді оқу және зерттеушілік әрекетке итермелейтін мотивтер жүйесі. Танымдық мотивацияның құрылымы оны сипаттайтын төмендегідей мәндік элементтерден тұрады: – оқушы әрекеті нәтижесінің маңыздылығы;

– әрекетке төленген сыйақы; – құндылық ретінде білім алушы сезінетін зерттеушілік іс-әрекетке қанағаттанушылық.

Зерттеушілік іс-әрекеттің барысында олардың мотивациясының төменнен әлдеқайда жоғары, саналы мотивацияға қарай көтерілгені байқалады. Бұған жаңа зерттеушілік білімді игеруге бағытталған және осы білімді игеруге итермелейтін танымдық мотив себепші болады. Танымдық мотив жаңа білімді алу мен меңгеру тәсілдерін игерудің бағдарын анықтайды. Танымдық мотив мәнмәтінінде танымдық қажеттілік пен өзін-өзі дамыту қажеттілігі жатыр.

Демек, білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетінің негізіне жататын танымдық мотивтерді қалыптастыру жайлы мәселе өзекті болып қала бермек. Танымдық мотивтер сәйкесінше, олардың танымдық қызығушылығымен байланысты. Танымдық қызығушылық білім алушының өз назарын бір заттан екіншісіне оңай аудара алатын тұлғаның ерекшеліктері, ал нақты жағдайда

зерттеушілік іс-әрекетке деген қызығушылықты тудыруға мүмкіндік береді. Бұдан мотивациялық компонент мотивтер жүйесін (танымдық қызығушылықтың өздігінен білім алу және өзін-өзі жүзеге асыру) қамтиды да, зерттеушілік әрекетке тұлғаның қатынасын білдіреді.

Мотивациялық компонент зерттеу үдерісінің маңыздылығын білім алушылардың сезінуін, зерттеушілік іс-әрекетке қатынасын мен нәтижесін көздейтін мәндік қызмет атқарып, қажеттілігі мен қызығушылығын тудыру білігін іске асырады.

Мазмұндық компонент зерттеу үдерісіне қажетті жаңа білім мазмұнын, ақпаратты меңгеруімен, өздігінен білім алуын жетілдіруімен, зерттеушілік іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті әрекет тәсілдері мен оқытудың технологияларын шығармашылықпен өздігінен таңдап алу біліктілігімен сипатталады.

Іс-әрекеттік компонент әрекеттің жоспарын құру, зерттеушілік іс-әрекеттегі мақсаттылықты сақтау, жаңа тәжірибе мен өзгерістерге және шығармашылық түрлендірулер мен танымға ашық болу сияқты зерттеушілік міндеттердің бірқатарын шешу арқылы олардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін зерттеушілік біліктерді қамтиды. Болашақ мамандардың бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетінің жоғарыда аталған компоненттері жүйенің біртұтастығына, оның элементтеріне жету құралы түріндегі кіріккен байланыс деп түсінеміз.

Зерттеушілік іс-әрекетті дамыту барысында өлшемдері мен көрсеткіштерін және оның қалыптасқандық деңгейлерін анықтау қажет. Өлшем – бағалау, бір нәрсені анықтау және жіктелеуге негіз болатын белгі. Ғылыми әдебиеттерде «өлшем» ұғымы баламаны өлшеу мен таңдауға мүмкін болатын құрал ретінде сипатталады. Өлшемдер жүйесі қойылған мақсатты тексеруге, оны жүзеге асырудың дәрежесін бағалауға, зерттелетін нысанның идеалдан мүмкін болатын алшақтығын тағайындауға, ілгерідегі әрекетті болжамдауға мүмкіндік береді.

Көрсеткіштері мәндік жақтарын, өлшемдердің сандық және сапалық сипаттамаларын ашып, білім алушыларда қалыптасқан білім мен біліктердің тәжірибеде жүзеге асу шараларын тағайындайды. Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды (кесте 6). Берілген компоненттердің әрқайсысы білім алушылардың сәйкес компонентінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін ерекшеліктер мен біліктердің жиынтығына ие болады. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бұл моделі аксиологиялық бағыттылықтағы зерттеушілік жобаларды орындау арқылы үдерісті жүзеге асырудың іргетасы болуы мүмкін.

Кесте 6 – Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың өлшемдері мен көрсеткіштері

Компонент	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Зерттеуге іс-әрекетінде білімге деген қызығушылықтары, белсенділіктері мен ізденістері	-Зерттеушілік іс-әрекетті орындауға тұрақты қызығушылығы; - Зерттеушілік іс-әрекетті орындау белсенділігі; - Зерттеушілік іс-әрекеттегі ізденіс
Мазмұндық	Зерттеуге қажетті теориялық білімдері, жаңа білім мазмұнының теориялық негіздерін меңгеруі (зерттеушілік білім, білік, дағдысы)	-Зерттеушілік іс-әрекетті орындаудағы білімі; -Зерттеушілікке бағытталған әрекет технологияларын таңдау; -Зерттеушілік іс-әрекет жаңа бастамаларды ойлау және орындау біліктілігі.
Іс-әрекеттік	Зерттеуді болжау, зерттеушілік біліктілік, жаңа нәтижеге жетуде шешім қабылдауы	-Жаңа идеяларды зерттеушілік ойлауы; -Зерттеушілік іс-әрекеттегі ізденіс біліктілігі; -Зерттеушілік іс-әрекеттің нәтижесі.

Көрсетілген өлшемдер мен көрсеткіштер болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың келесі деңгейлері (өте жоғары, жоғары, орта, төмен, өте төмен) айқындалды.

*Өте жоғары деңгей.* Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда қажетті білімді өте жоғары деңгейде меңгеруі, зерттеу тақырыбына сәйкес зерттеушілік іс-әрекетін түрлерін шығармашылықпен, ойлап табатын, оқу-танымдық зерттеушілікті ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке ұштастыру тәжірибесіне енгізуде креативті жобалай алатын, ақпараттық ресурстарды саралай алатын, зерттеудің барлық кезеңдерін өздігінен жүзеге асыратын, өзін-өзі ұйымдастыратын, зерттеу нәтижесін ұсынуда өте жақсы дәлелдей алатын білім алушы.

*Жоғары деңгей.* Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауға қажетті білімді жоғары деңгейде меңгеруі, зерттеу тақырыбына сәйкес зерттеушілік іс-әрекетін түрлерін шығармашылықпен ойлап табатын, оқу-танымдық зерттеушілікті ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке ұштастыру тәжірибесіне енгізуде жобалай алатын, ақпараттық ресурстарды саралай алатын, зерттеудің барлық кезеңдерін өздігінен жүзеге асыратын, өзін-өзі ұйымдастыратын, зерттеу нәтижесін ұсынуда толық дәлелдей алатын білім алушы.

*Орта деңгей.* Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауға қажетті білімді жеткілікті деңгейде меңгеруі, зерттеу тақырыбына сәйкес зерттеушілік іс-әрекетін түрлерін шығармашылықпен ойлап табатын, оқу-зерттеушілікті ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке ұштастыру тәжірибесіне енгізуде орташа жобалай

алатын, ақпараттық ресурстарды саралай орташа алатын, зерттеудің барлық кезеңдерін орташа жүзеге асыратын, өзін-өзі ұйымдастыру мен зерттеу нәтижесін ұсынуда толық дәлелдей алмайтын білім алушы.

*Төмен деңгей.* Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауға қажетті пәндік білімді негізгі деңгейде меңгеруі, зерттеу тақырыбына сәйкес зерттеушілік іс-әрекетін түрлерін шығармашылықпен ойлап табудың берілген үлгісін сақтай отырып, оны оқу-зерттеушілікті ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке ұштастыру тәжірибесіне енгізуді жобалай алмайтын, ақпараттық ресурстарды саралауы төмен, зерттеудің барлық кезеңдерін жүзеге асыруда, өзін-өзі ұйымдастыру мен зерттеу нәтижесін ұсынуда дәлелдей алмайтын білім алушы.


*Өте төмен деңгей.* Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауға қажетті пәндік білімді меңгере алмауы, зерттеу тақырыбына сәйкес зерттеушілік іс-әрекетін түрлерін шығармашылықпен ойлап табудың берілген үлгісін сақтауды білмейтін, оқу-танымдық зерттеушілік пен ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті ажырата алмайтын, ақпараттық ресурстарды саралау дағдысы жоқ, зерттеудің барлық кезеңдерін білмейді, өзін-өзі ұйымдастыру мен зерттеу нәтижесін шығара алмайтын білім алушы.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетке икемделушілік тән, егер олар іс-әрекеттер үстінде күтпеген нәтижелер алып, соның салдарынан іс-әрекеттерінің бағытын өзгертетін болса, онда ол да байқалады. Нысандар туралы жаңа мәліметтерді алуына қарай оқушы алдына жаңа, анағұрлым күрделі мақсаттар қойып, оларды шешуге тырысады. Мақсатты қою әрекеттерін қиындату мен дамыту осылай жүргізіледі, іске асырылады.

Зерттеушілік іс-әрекеттегі оқушылардың белсенділіктері олардың дербестігі пен шығармашылығын дамытуға жеткізеді. Зерттеушілік іс-әрекет жағдайы оқушыға өз құрбыларымен және ересектермен араласуға көп мүмкіндіктерді береді. Ал мұндай жағдайда оқушы өзі зерттеушілік іс-әрекетке толық құқықты серіктес ретінде қатысады. Зерттеу жұмысы ересектердің ұйымдастыруымен тікелей басшылық жасауымен өтеді.

Зерттеушілік белсенділікті дамыту зерттеушілік іс-әрекеттің міндетті де маңызды компоненті болып табылатын байқау мен қателіктер маңызды рөл атқарады. Олардың болуы – алға қойған мақсатқа жету үшін оқушы іс-әрекеттің бұрынғы білетін түрін байқап көруге қадам жасайды, ал егер ол сәтсіз болған жағдайда, оны қайта құруға тырысады. Мәселені шешудің жаңа тәсілдерін табудың қажеттілігі ізденушілік іс-әрекетті өрістетуге, зерттеушілік белсенділікті көрсетуге әкеледі.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерден, олардың әрқайсысын айғақтайтын бірнеше көрсеткіштер, өлшемдер мен деңгейлерден тұратын, сонымен қатар өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы тұтас құрылым ретінде төмендегіше бейнелейміз (сурет 6).



Сурет 6 - Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Оқыту үдерісіндегі студенттің зерттеушілік әрекетін дамыту оқытушы мен студенттің қызметтерін өзгертетіні белгілі. Оқытушы сабақ барысында қойылған бастауыш білім берудің өзекті мәселелерін іздестіруде ынтымақтастыққа құрылған бірлескен шығармашылық әрекетін ұйымдастырады, мұнда ол үйлестірушінің, кеңесшінің, тьютордың рөлін атқарады. Оқытушы қойылған мәселені зерттеу үдерісінің үйлестірушісі, қатысушысы болады. Студенттің зерттеушілік іс-әрекетінде өзіндік жұмыс, өзін-өзі басқару мен өзін-өзі ұйымдастыру жетекші болып саналады.

Педагогикалық зерттеулерде зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың қолданылу аймағына талдау жасауға үлкен орын берілуде және оны оқу үдерісінің түрлі бөлімдерінде қолданудың әдістемесі де жетілдірілуде. Зерттеу жүргізуге педагогикалық жетекшілік ету мен оқушылардың өз бетінше қызметінің қатынасы туралы мәселе қойылып отыр. Қазіргі кезде ғалымдар өз бетінше зерттеушілік жұмысты кеңінен қолданбайынша оқушыларды терең берік игерілген білімдер мен дағдыларды қалыптастыру мүмкін емес екендігін мақұлдап отыр. Соңғы жылдардағы зерттеулерде оқушылардың танымдық қызметінің құрылымы жайлы мәселелер шешілуде, оның ішкі үдерістері ашылуда, оқушылардың өз бетінше қызметіне пара-пар әрекет туғызатындай оқу тапсырмаларының жүйесі құрылуда.

Ғылымдағы барлық нәтижелер зерттеушілік қызмет үдерісінде жарық көреді. Онсыз ешқандай да ғылыми жетістіктер - эмпирикалық немесе теориялық ашулар, заңдылықтарды оқып білу және қалыптастыру, теория мен болжамды құру т.б. болуы мүмкін емес.

Зерттеушілік қызмет шығармашылықтың бір формасы болғандықтан, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерінің дамуы туралы мәселе олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы жайлы келелі мәселенің құрамды бөлігі болып табылады.

Қорыта айтқанда, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда оның зерттеушілік іс-әрекетке белсене араласуы, зерттеу жұмысында инновациялық технологияларды оның құралдарын өздігінен игеруі маңызды болмақ. Болашақ мамандармен арнайы ұйымдастырылатын зерттеушілік іс-әрекеттер олардың жеке тәжірибелерінің артуына, кәсіби құзыреттерді қалыптастыру деңгейіне бағытталады.

Болашақ мамандармен бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауды кәсіби құзыреттіліктің бөлігі ретінде қарастырсақ, олардың ғылыми терең дайындығын, ерекше ізденімпаздықпен жаңалықты үйлестіре алатындай педагогикалық шеберлігі мен жауапкершілігін жеткілікті деңгейде қамтамасыз ететіндей білім беруде оқыту технологияларын зерттеу жұмысында тәжірибеге енгізу – бүгінгі күннің басты талаптарының бірінен саналады деген тұжырым жасаймыз.

### **3 БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ**

#### **3.1 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бастапқы кезеңінің диагностикасы**

Зерттеудің ұсынылған болжамын практикалық түрде тексеру мақсатымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті мен Халықаралық гуманитарлық техникалық университетінің «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасында 2019-2020 жылдары тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың біз дайындаған әдістемесін тәжірибелік-эксперименттен өткізуге бағытталды.

Тәжірибелік-экспериментке Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің және Халықаралық гуманитарлық техникалық университетінің студенттері 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттері қатысты. 120 студент эксперимент (61 студент) және бақылау (59 студент) топтары ретінде алынды.

Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперименттің мақсаты: болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлығының бастапқы деңгейін анықтау және оны деңгейін көтеруге арналған әдістемесін сынақтан өткізу. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне қарай тәжірибелік-эксперимент бағдарламасы жасалып, кезеңдермен жүзеге асырылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыс үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) өткізілді және төмендегі ретпен жүзеге асырылды:

Анықтау экспериментінің мақсаты: болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бастапқы деңгейін айқындау.

Анықтау экспериментінің міндеттері:

- тәжірибелік-экспериментке қатысатын сыналушыларды іріктеу;
- жоғары оқу орнындағы «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» пәні бойынша зерттеушілік іс-әрекетке даярлау мәселесін айқындау;
- студенттердің зерттеушілік іс-әрекетпен айналысуға қызығушылығын айқындау;

Анықтау экспериментінің нәтижелері болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың мазмұны мен әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеріледі.

Осыған орай жүргізілуге тиісті тәжірибелік-эксперименттік жүйенің төмендегідей сәйкес құрылымы жасалды (кесте 7).

## Кесте 7 – Компоненттер бойынша таңдалынған әдістемелер

Компонент	Әдістемелер
Мотивациялық	1) «Педагогикалық ЖОО студенттерінің оқу мотивациясы» (С.А. Пакулина, С.М. Кетько бойынша) 2) «Оқудың ішкі мотивациясының дамуын анықтайтын сауалнамасы» (Т.Д. Дубовицкая бойынша)
Мазмұндық	1) «Дж. Рензуллидің креативтілік сауалнамасы» (Е.Е. Туник адаптациясы бойынша) 2) «Өзін-өзі дамыту және өзіндік білім алуға қабілетін бағалау әдістемесі» (В.И. Андреев бойынша)
Іс-әрекеттік	1) «Тұлғаның бағытын анықтау әдістемесі - жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеу» (А.А. Реан) 2) «Шығармашылық, жауапкершілік шешімдерді қабылдау қабілетін бағалау» (В.И. Андреев бойынша)

Таңдалған әдістемелер зерттеу тақырыбының мотивациялық компонентіне сәйкес оқу мотивациясы мен оқудың ішкі мотивациясын айқындау мақсатында қолданылды. Зерттеу жұмысымыз үшін алдымен болашақ маманның оқуға мотивация мен ішкі оқу мотивациясының біз үшін маңыздылығы зерттеу жұмысын орындауға ынтасы мен қызығушылығының деңгейін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Мазмұндық компонентке сәйкес болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау бағытында алдымен креативтілік қажет деп ойлаймыз. Креативті ойлай білетін студент зерттеушілік іс-әрекетпен айналысуда өзін-өзі дамытып, білім алуға деген қабілетін бағалай білген жағдайда зерттеушілік іс-әрекеттің түрлерін іске асыра алады.

Іс-әрекеттік компонент бойынша, кәсіби қалау және жауапкершілік шешімдерді қабылдау қабілетін бағалау, зерттеу жұмысында соңғы өзі үшін жаңа болып табылатын нәтижеге жету, оны дәлелдеу үшін шешім қабылдау қажеттігі ескеріліп таңдалды.

Тәжірибелік-эксперименттің мақсаты: болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемесін тәжірибеде тексеру.

Тәжірибелік-эксперименттің міндеттері:

- базалық тірек жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеттерін дамытудың бастапқы деңгейін айқындау;

- «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курс бағдарламасын даярлау және сынақтан өткізу;


- болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауға арналған әдістемені тәжірибеде сынақтан өткізу;

- тәжірибелік-эксперименттің нәтижелерін статистикалық, математикалық өңдеу.

С.А. Пакулина, С.М. Кетько бойынша «Педагогикалық ЖОО студенттерінің оқу мотивациясы» әдістемесі.

Бұл әдістеме үш шкаладан тұрады: «Білім алу» (білім алуға ұмтылыс); «Мамандықты меңгеру» (кәсіби білімдерді меңгеруге және кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруға ұмтылыс); «Диплом алу» (формальды түрде білімді меңгеру арқылы диплом алу).


Алдыңғы екі шкала бойынша мотивтердің басым болуы студенттің мамандықты дұрыс таңдауы мен қанағаттануын көрсетеді (сурет 7).



Сурет 7 – ЖОО студенттерінің оқу мотивациясының мотивтері (орташа шамалар)

Сондықтан, аталған әдістеменің тиімділігін тексеру үшін «Оқудың ішкі мотивациясының дамуын анықтайтын Т.Д. Дубовицкая» сауалнамасы жүргізілді.

Нәтижелерді өңдеу сұрақтама кілті бойынша, әрбір сәйкес жауапқа бір бал беріледі. Жиынтық балы жоғары болған сайын, пәнді оқудағы ішкі мотивация көрсеткіші де жоғарылайды. Жиынтық балдардың төмен нәтижесі пәнді оқудағы сыртқы мотивацияның басымдылығын көрсетеді (сурет 8).



Сурет 8 – Эксперименттік және бақылау топтарында оқудың ішкі мотивациясын зерттеу


Алынған нәтижелерге сүйене отырып, студенттердің кәсіби бағыттылығы мен оқу мотивациясының жағымды қалыптасуына ЖОО оқу пәндері маңызды әсер етеді деп қорытынды жасауға болады. Зерттеу мәліметтері көрсеткіштерінің жоғары мәнділігі ЖОО, мамандықтың кәсіби даярлық пәндерінің болашақ мамандардың оқу мотивациясының даму деңгейіне маңызды ықпал етеді.

Дж. Рензуллидің креативтілік сауалнамасы берілген (Е.Е. Туник адаптациясы бойынша) (кесте 8).

Кесте 8 – Эксперименталды және бақылау топтарындағы креативтілік көрсеткіштерінің деңгейі

Топтар	Көрсеткіштер				
	Өте төмен	Төмен	Орташа	Жоғары	Өте жоғары
Бақылау	9,2	25,9	31,7	19,9	13,3
Эксперименталды	7,4	23,9	32,5	19,7	16,5

Эксперименталды топта 6 студент (7,4%) креативтіліктің жалпы деңгейінің өте төмен деңгейіне ие, 58 студент (60,9%) сол жасқа сәйкес креативтілік көрсеткіштеріне ие, 16 студент (16,5%) креативтіліктің өте жоғары деңгейіне ие.



Сурет 9 – Эксперименттік және бақылау тобы студенттерінің креативтіліктің даму көрсеткіштері

Бұл кестеден байқағанымыз, бақылау және эксперимент топтарындағы аса көп айырмашылық болмады.

В.И. Андреев бойынша өзін-өзі дамыту және өзіндік білім алуға қабілетін бағалау

Бұл әдістеме 18 сұрақтан тұрады. Студент әр сұрақты он балдық шкала бойынша бағалайды.

Әдістеме нәтижелері келесі шкалалар бойынша интерпретацияланады:

А) өзіндік білім алу – 1, 2, 3;

Б) өзін-өзі тану – 4, 5, 6;

В) өзін-өзі анықтау - 7, 8, 9;

Г) өзін-өзі басқару – 10, 11, 12;

Д) өзін-өзі жетілдіру – 13, 14, 15;

Е) өзін-өзі жүзеге асыру – 16, 17, 18;

Ж) өзін-өзі дамыту – 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18.

Әр шкала бойынша алынған нәтижелерді үш санына бөледі. Бұл нәтиже әр шкала бойынша орташа балл болып табылады.

Алынған нәтижелер бойынша, өзін-өзі дамыту мен өзіндік білім алу қабілетіне кедергі келтіретін факторларды талдауға болады.

9-кестеге сәйкес өзін-өзі дамыту мен өзіндік білім алу қабілетін бағалау әдістемесінің төмендегідей нәтижелері алынды.

Кесте 9 – Өзін-өзі дамыту мен өзіндік білім алу қабілетін бағалау (В.И. Андреев) нәтижелері

Педагогикалық тәжірибе-эксперимент алаңы болған жоғары оқу орны	Эксперименттік топ студенттері (n=78)	Бақылау тобы студенттері (n=79)
Шкала 1. Өзіндік білім алу	24%	27%
Шкала 2. Өзін-өзі тану	7%	6%
Шкала 3. Өзін-өзі анықтау	11%	9%
Шкала 4. Өзін-өзі басқару	12%	10%
Шкала 5. Өзін-өзі жетілдіру	15%	14%
Шкала 6. Өзін-өзі жүзеге асыру	17%	15%
Шкала 7. Өзін-өзі дамыту	14%	19%
Барлығы	100%	100%

Эксперименталды және бақылау топ студенттерінде өзіндік білім алу шкаласы (24, 27%), бірінші орында, өзін-өзі тану шкаласы бойынша (7, 6%) ең төмен нәтиже алынды.

Екі таңдаманың (эксперименталды және бақылау) нәтижелері арасындағы айырманың сенімділігі туралы статистикалық болжам тұжырымдалды. Нәтижесінде  $t_{\text{мп}}=1,99 < t_{\text{кр}}=3,04$  ( $p \leq 0,05$ )  $\Rightarrow H_0$  (эксперименталды және бақылау тобы арасында өзгеріс жоқ).


*Тұлғаның бағытын анықтау әдістемесі - жетістікке жету (А.А. Реан)*

Нұсқаулық: Сізге 20 сұрақ ұсынылады. Оларды оқып, әрқайсысының сіздің жеке басыңызға қалай сәйкес келетінін бағалаңыз. Жауапта өз

таңдауыңызды белгілеңіз: «иә» - сәйкес келеді, «жоқ» - сәйкес келмейді. Сонымен қатар, «иә» таңдауы «жоқ» дегеннен гөрі «жауабын», ал «жоқ» таңдауы «иә - ден гөрі» ықтималдығын қамтиды.

Сұрақтарға тез, еш ойланбастан жауап беріңіз. Жауап көбіне дәл келеді.

Табысқа жетуге бағытталған көңіл оң мотивацияға жатады: зерттеуге кірісу, адам мақсатқа жетуге, құруға ұмтылады, оң нәтиже алуға үміттенеді. Оның қызметі жоғары нәтижеге жету қажеттілігіне және соның негізінде жоғары өзін-өзі бағалауға негізделген. Мұндай адамдар, әдетте, өздеріне, өз қабілеттеріне сенімді, жауапты, бастамашыл және белсенді. Олар өз мақсаттарына жетудегі табандылығымен ерекшеленеді.



Сурет 10 – А.А. Реанның тұлғаның зерттеу бағытын анықтау әдістемесі - жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеу

В.И. Андреев шығармашылық, жауапкершілік шешімдерді қабылдау қабілетін бағалау әдістемесі. Әдістемені интерпретациялауда 6 типті бөліп көрсетеді (кесте 10).


Кесте 10 - В.И. Андреев шығармашылық, жауапкершілік шешімдерді қабылдау қабілетін бағалау әдістемесі

Тип	Балдардың қосындысы							Тип
	1	2	3	4	5	6	7	
Шешім қабылдаушы	9	10	11,12	13,14	15,16	17	18	Абайшыл
Жауапкершілікті	9	10	11,12	13,14	15,16	17	18	Жауапкершілігі жоқ
Стратег	9	10	11,12	13,14	15,16	17	18	Тактик

10 – кестеің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Интуитивті	9	10	11,12	13,14	15,16	17	18	Логик
Шығармашылық	9	10	11,12	13,14	15,16	17	18	Консервативті
Шыншыл	9	10	11,12	13,14	15,16	17	18	Жалған айтушы
Даму деңгейі	Өте жоғары	Жоғары	Ортадан жоғары	Орташа	Ортадан жоғары	Жоғары	Өте жоғары	

Мысалы, №1, 2, 7, 9,10, 27, 30, 33, 40 сұрақтарға жауаптардың қосындысы ретінде, 11 санын алдық. Бұл «шешім қабылдау» деңгейінің «ортадан жоғары» екенің белгіледік. Немесе, мысалы №4, 9, 33, 42, 43, 44, 45, 46 сұрақтары бойынша 17 балл алынды. Бұл жалғандықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Яғни, сұрақтарға жауап бергенде, сіз ашықтық көрсетпедіңіз, сондықтан тестілеудің нәтижесіне сенуге болмайды.



Сурет 11 – В.И. Андреев бойынша шығармашылық, жауапкершілік шешімдерді қабылдау қабілетін бағалау әдістемесі

*Бірінші анықтау кезеңінде* жоғарыда аталған оқу орындарындағы оқыту үдерісінің нақты жағдайы мен болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бастапқы деңгейін анықтау үшін мына міндеттердің шешімі іздестірілді:

- эксперименттік зерттеудің проблемасын және мақсатын анықтау;
- тәжірибелік-эксперименттің объектісін, тақырыбын таңдау және оны жүргізуді теориялық тұрғыда негіздеу;
- зерттеу болжамын тұжырымдау;

- тәжірибелік-эксперименттің (эксперименттік және бақылау тобы) қатысатын студенттер санын анықтау;

- тәжірибелік-эксперименттің барысында жүргізілетін жұмыс формаларын анықтау;

- болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бастапқы деңгейін анықтауға қажетті әдістемелерді таңдау.

Анықтау экспериментінің міндеті бақылау және эксперимент топтарында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бастапқы деңгейін анықтау болды. Анықтау экспериментінде жоспарланған жұмыс түрлеріне екі топ бірдей қатысты.

Анықтау экспериментінде болашақ мамандардың білім алуында берілген тапсырмалар бойынша негізінен оқытушының берген нұсқауымен шектелетіні, өздерінің мамандықтарына деген қызығушылықтарының басым бағыт алмайтыны байқалды. Оған дәлел 2016 жылдан бастап, бастауыштың 1-4 сыныптарына арналған оқу бағдарламалары мен 1 сыныптан оқытылып жатқан жарытылыстану оқулығы мен әдістемесімен әлі де толық таныстырылмауы [158]. Сондай-ақ білім алушылардың оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда тиімді технологиялар туралы жалпылама мағлұматтары бар екені анықталды. Осы жасалған талдаулардан болашақ мамандардың оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда тиімді технологияларды пайдалану төмендігі байқалды. Бұл көрсеткіштің төмен болуы болашақ мамандардың оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту мәселесінің арнайы мақсат етіп қойылмағандықтан, білім алушылардың басым көпшілігі сабақты дәстүрлі өткізуге болады деген көзқарасынан туындайтыны байқалды.

Бұдан анықтау экспериментінің нәтижелері: болашақ мамандардың міндетті пәндерден алған білімдерін біліктілікпен басқа пәндерді оқыған кезде, сол сияқты тәжірибеде қолдануға қиналады, «түпнұсқамен» байланыстыра алмайды, олардың өздігінен ізденіспен ойлауы, алған білімді ұқсас немесе жаңа жағдайға көшіру біліктілігі, құзыреттілігі жетіспейтініне көз жеткізілді.

Қорыта айтқанда, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда оқу іс-әрекетінде белсенді ұйымдастыруда қажетті технологияларды, құралдары мен әдістерін өздігінен игеруі маңызды рөл атқарып олардың деңгейінің арттыруына бағытталуы тиіс.

Сондықтан да зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың тиімді жолдарын қарастыру көзделді. Ол үшін алдымен болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту туралы білетін білімдерін анықтау үшін білім алушылардан сауалнама алынды (кесте 11) [159].

Кесте 11 – «Болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» атты сауалнама нәтижесі

Сауалнама сұрақтары	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	ж/д	о/д	т/д	ж/д	о/д	т/д
1	2	3	4	5	6	7
Педагогикалық үдерістегі зерттеушілік іс-әрекет дегенді қалай түсінесіз?	(25,6%)	(19,2%)	(55,2%)	(22,4 %)	(20,8%)	(56,8%)
Оқу-танымдық зерттеушілік іс-әрекетке қандай әрекетті жатқызасыз?	(32,8%)	(24,8%)	(42,4%)	(31,2%)	(26,4%)	(42,4%)
Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке қандай әрекетті жатқызасыз?	(22,4%)	(77,6 %)	-	(28,8%)	(71,2 %)	-
Өзіңізді зерттеушілік құзыреттілігі қандай деңгейде қалыптасқан маманмын деп ойлайсыз?	(16,8%)	(16%)	(67,2%)	(18,4%)	(20,8%)	(60,8%)
Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдас тыруда оқытудың қандай технологиялары тиімді деп ойлайсыз?	(14,4%)	(17,6%)	(68%)	(23,2%)	(32,8%)	(44%)
Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдас тыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тиімділігі неде деп ойлайсыз?	(24,6%)	(20,2%)	(55,2%)	(22,4 %)	(20,8%)	(56,8%)
Зерттеу жұмысын ұйымдас тыру кезеңдері туралы не білесіз?	(31,8%)	(25,8%)	(42,4%)	(30,2%)	(25,4%)	(44,4%)
Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда тұлғалық-бағдарлы оқыту және жобалау технологияларының орны қандай? Мысал келтіріп дәлелдеңіз.	(20,4%)	(79,6 %)	-	(27,8%)	(72,2 %)	-
Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыруда проблемалық-әрекеттік оқыту технологиясының рөлі қандай?	(15,8%)	(17%)	(67,2%)	(19,4%)	(29,8%)	(60,8%)
Оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысуына кедергі келтіретін қандай факторлар бар деп ойлайсыз? (оқу-танымдық іс-әрекет пен ғылыми-зерттеу іс-әрекетін) толық ажырата алмауы	(15,4%)	(16,6%)	(68%)	(22,2%)	(33,8%)	(44%)

1	2	3	4	5	6	7
Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда қандай қиыншылықтар туындады? (оқушының нақты зерттегісі келетін мәселе туралы білігінің жетіспеуі)	(15,4%)	(18%)	(68%)	(22,2%)	(33,8%)	(44%)

Сауалнамаға Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті мен Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті студенттері қатысты. Сауалнама көрсеткендей, экспериментке қатысушы студенттердің жауаптары бойынша олардың 83-85%-ы бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетпен жүйелі түрде айналысуына кедергі ететін фактор – оқу-танымдық іс-әрекет пен ғылыми-зерттеу іс-әрекетін толық ажырата алмауы зерттеу жұмысын жүргізу кезеңдерін дұрыс білмеуі, 62-75%-ы оқушының нақты зерттегісі келетін мәселе туралы білігінің жетіспеуі деп көрсетеді. Сауалнама жауаптары көрсеткендей оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін олардың зерттеу аясындағы білімін арттырып, қызығушылығын тудыру, соның негізінде зерттеуді өз еркімен таңдауына және оны жүргізе алатынына сенім білдіре отырып, жағдай жасап, нақты бағыт беру қажет деп тұжырымдаймыз.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту жайлы білімдері төмен, үстірт түсінік қалыптасқан, сондықтан олардың бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін жаратылыстану пәнінің аясында ұйымдастыру мүмкіндіктері жетілдіруді қажет етеді. Өйткені, алынған сауалнама нәтижесі бойынша көпшілік білім алушылардың оқу-танымдық зерттеушілік іс-әрекет пен ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті айыра алмайтыны, оларды меңгеруге деген қызығушылықтарының бар екені, бірақ оны қалай іске асыруды білмейтіні айқындалды. Бұл әрине, болашақ мамандардың зерттеушілік іс-әрекетке мотивациясын қалыптастыру қажеттігін туындатады. Осыны ЖОО іске асыру «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курсты оқыту барысында қалыптастыру көзделді.

### **3.2 Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың мазмұны мен әдістемесі**

Зерттеушілік іс-әрекет тұлғаны дамытудың нәтижесі бола тұра, оның қоршаған ортамен байланысын көрсетеді, зерттеушілік әрекетінің нәтижелілігі анықталатын шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға итермелейді, болашақ мамандарды оқушылардың оқу-танымдық және тәжірибелік әрекеті аясында зерттеушілік білім, білік және дағдыларын игеруге мүмкіндік туғызады.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемесін көрсету үшін алдымен білім

алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың кезеңдерін талдата отырып, меңгерту қажет деп санаймыз.

Н.И. Запрудский бойынша, білім алушылардың ғылыми әрекетін зерттеудің нәтижесінде білім алушылар мен педагогтардың бірлескен оқу-зерттеу әрекетінің 6 кезеңін бөліп көрсеткен [160]. Біз жұмысымызда осы 6 кезеңді басшылыққа алдық. Оны төмендегі кестеден көруге болады (кесте 12).

Кесте 12 – Білім алушылар мен педагогтардың бірлескен оқу-зерттеу әрекетінің негізгі кезеңдері (Н.И. Запрудский бойынша)

Кезеңі	Білім алушының оқу-зерттеу әрекеті	Педагогтің оқу-зерттеу әрекеті
1-кезең	Ғылыми мәселені және зерттеу тақырыбын таңдау	Тақырыпты анықтау кезінде көмек көрсету
2-кезең	Зерттеудің мақсатын, міндеттерін, нысаны мен пәнін, болжамын, әдістерін (әдістемесін) анықтау	Зерттеудің мақсатын, міндеттерін, нысаны мен пәнін анықтауға, зерттеудің болжамын негіздеуге көмектесу. Зерттеудің іріктелген теориялық және эмпирикалық әдістерін бірге талқылау
3-кезең	Тақырып бойынша материалдар жинақтау және алынған ақпаратты жүйелеу	Ақпараттарды жүйелеудің тәсілдері мен амалдарын көрсетіп беру, әдебиеттерді және басқа да ақпарат дереккөздерін талдау кезінде көмек көрсету
4-кезең	Алынған мәліметтерді жалпылау және талдау, соңғы жалпыланған қорытындыларды рәсімдеу	Қорытындыларды рәсімдеу мен алынған мәліметтерді кесте, сурет, сызба, модель, т.б. түрінде жалпылауға көмектесу
5-кезең	Зерттеу нәтижелерін түрлі формада (ғылыми мақала, конференцияға арналған баяндама тезистері, жоба, нұсқаулар, прибор, макет, видеоматериалдар, компьютерлік бағдарламалар т.б.) бере алу	Зерттеу нәтижелерін ұсынуға дайындаудың соңғы кезеңінде дара кеңес беру
6-кезең	Зерттеу нәтижелері мен соңғы авторлық қорытындыларды таныстыру мақсатында қорғау	Баяндама мен зерттеу нәтижелерін қорғауға арналған таныстырылым дайындауға көмектесу

Осы кезеңдерді толыққанды меңгерген болашақ мамандар ғана келешекте бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыта алатын болады. Зерттеу жүргізу барысында алған біліктері студенттердің практикалық әрекетінде даму жалғасады. Практиканың әр түрінде зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар беру көзделеді және аяқталғаннан кейін жүргізілетін конференцияларда болашақ мамандарға өздерінің зерттеушілік құзыретіне өздерінің баға беруіне мүмкіндік беріледі. Зерттеушілік іс-әрекет әртүрлі пәндерді оқып үйрену, мектептегі педагогикалық практика кезінде алған білімдері, біліктері мен дағдыларын қолдануға ынталандырады.

Осылайша, ғылыми-зерттеу студенттердің барлық компоненттерді игеру үдерісінде зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасады, оның негізі эвристикалық әдістердің көмегімен стандартты емес міндеттерді шешу; мектептегі білім беру

үдерісінде кездесетін мәселелік жағдаяттарды шешуде түрлі зерттеу әдістерін қолдану; қалыптасқан зерттеушілік біліктерді кез келген педагогикалық жағдаяттарда қолдану; нәтижесінде зерттеуші-мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері дамитын мектептің инновациялық үдерісіне даярлығы; педагогикалық әрекеттегі зерттеушілік ізденіс рөлін құндылықтық сезіну болып табылады [161].

Алдыңғы тармақшада «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының стандарты, білім беру бағдарламалары, «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» пәнінің оқу-әдістемелік кешеніне талдаулар жасалды. Жоғары оқу орнында оқытылатын пәннің мазмұнын талдауда айқындалған кемшіліктердің орнын толтыру бізге зерттеу жұмысымызда оларды жоюдың *жолдарын* ұсынуға мүмкіндік туғызды:

1. «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курс бағдарламасы мен әдістемесін;

2. Жаратылыстану пәнінен оқу-танымдық зерттеушілікке арналған тапсырмалар жүйесін;

3. Ғылыми зерттеушілік іс-әрекетке бағыттайтын ғылыми жобалар орындату әдістемесін;

4. Әдебиеттік оқу пәнінен 2-сыныпқа арналған қосымша «Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар» атты әдістемелік құралын даярлау [162].

*Бірінші жолы*, «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курс бағдарламасының мақсаты: «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» арнайы курс бағдарламасы болашақ мамандарды ғылыми жаратылыстану негіздерінен теориялық және әдістемелік білімін тереңдетіп, оқу-танымдық зерттеу мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастыру шеберлігін арттыруды, бастауыш сыныптарда бұл пәндерді оқыту барысында оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға дайындау.

*Курсты оқыту міндеттері:*

- студенттерді бастауыш сыныптарда жаратылыстану ғылымдарын оқыту мәселесіне қатысты теориялық және әдістемелік еңбектермен таныстыру;

- студенттерді жаратылыстану пәндерін оқытудың жолдары, формалары мен әдістерін меңгертіп, ол білімдері мен біліктерін бастауыш сынып оқушыларымен зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолдана білуге дайындау;

- студенттерді бастауыш сыныптардың жаратылыстану пәндерінің жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнымен таныстырып, зерттеушілік іс-әрекетке баулитын білім беру барысында бағдарлама талаптарын орындаудың жолдарын меңгерту;

- студенттерді бастауыш сыныптардың жаратылыстану пәнінің жаңартылған білім беру мазмұны бойынша дайындалған оқулықтарымен

таныстырып, ұсынылған материалдарды әдістемелік тұрғыда зерттеушілік іс-әрекетті орындауға жаттықтыру;

- студенттерге бастауыш сыныптардағы «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курсының өзіндік ерекшеліктеріне сай сабақтарды жаңаша ұйымдастырудың жолдарын меңгертіп, сабақта инновациялық технологиялар қолданып, оқушыларда дүниенің біртұтастығы туралы ғылыми ұғым қалыптастырып, дағдыларын дамыту;

- «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» арнайы курсы бойынша бастауыш сыныпта берілетін білім негізінде оқушылардың шығармашылығын, зерттеушілігін қалыптастыру жолдарын меңгерту;

- жаратылыстану пәні бойынша мектеп үлескісіндегі және табиғат мүйісіндегі тәжірибелік сабақтар мен сыныптан тыс зерттеушілік жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерді меңгерту;

- мектеп үлескісін жоспарлау және табиғат мүйісін құру жолдарын меңгерту.

Студенттерге арналған арнайы курс бағдарламасы 2 кредитке сәйкес келеді. «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» бойынша сабақты өткізу кезінде «Педагогика», «Педагогикалық зерттеу әдістемесі», «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі», «Дүниетануды оқыту әдістемесі», «Математиканы оқыту әдістемесі» т.б. пәндерді оқыту барысында меңгерген білімдеріне негізделеді. Арнайы курс мазмұнын құрастыруда ҚР МЖМБС 31-10-2018 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС [2], Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарда білім беруді дамыту бағдарламасы [1] және т.б. жоғары оқу орнында білім беру үдерісін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын нормативті құжаттар мен оқу құралдары басшылыққа алынды. «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курстың оқу-тақырыптық күнтізбелік жоспарын төменде келтіріп отырмыз (кесте 13).

Кесте 13 – «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курстың оқу-тақырыптық күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Оқу түрі күндізгі			
		Барлығы	Дәріс	Прак. сабақ	СӨЖ
I модуль. «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың теориялық негіздері»					
1	2	3	4	5	6
I.1	«Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» арнайы курсы, мақсаты, міндеттері	4	1	1	2
I.2	«Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні мен сипаты	4	1	1	2

13 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
I.3	Зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға даярлаудың психологиялық негіздері	4	1	1	2
I.4	Зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға даярлаудың педагогикалық негіздері	4	1	1	2
I.5	Зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың ерекшеліктері	4	1	1	2
I.6	Болашақ маманның зерттеушілік қызметке даярлығы	4	1	1	2
<b>II модуль. «Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру тәсілдемелері»</b>					
II.7	Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқытудың әдіс-тәсілдері	4	1	1	2
II.8	Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологиялары	4	1	1	2
II.9	Зерттеушілік іс-әрекет түрлері: оқу-танымдық, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет	4	1	1	2
II.10	Сабақта және сабақтан тыс уақытта зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру жолдары	4	1	1	2
<b>III модуль. «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту әдістемесі»</b>					
III.11	Жаратылыстану пәнінің білім беру бағдарламасы талаптары, оқулық, оқу-әдістемелік кешендерде зерттеушілік іс-әрекеттің алатын орны	4	1	1	2
III.12	«Жаратылыстану» пәнінде оқу-танымдық зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі	4	1	1	2
III.13	«Жаратылыстану» пәнінен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу әдістемесі	4	1	1	2
III.14-15	Ғылыми жоба және орындау әдістемесі және оны талдау	8	2	2	4
Барлығы		60	15	15	30

**Бағдарлама мазмұны**

**«Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың теориялық негіздері» модулі**

1 тақырып. «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курсының мақсаты, міндеттері.

2 тақырып. «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні мен сипаты. Шетелдік, отандық философиялық-психологиялық, педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып, «зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» анықтамаларына контенттік талдаулар негізінде сипаттамасы беріледі. Зерттеушілік іс-әрекеттің әдіснамалық негіздері.

3 тақырып. Зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға даярлаудың психологиялық негіздері. Зерттеушілік іс-әрекеттің психологиялық негіздері. Отандық психологтардың студенттерді психологиялық зерттеушілік іс-әрекетке дайындау проблемасы.

4 тақырып. Зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға даярлаудың педагогикалық негіздері. Алаш ойшылдары мен отандық ғалымдар еңбектеріне талдау зерттеушілік іс-әрекеттің педагогикалық негіздері. Шетел педагог ғалымдары

зерттеушілік іс-әрекет туралы.

5 тақырып. Зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың ерекшеліктері. Зерттеушілік іс-әрекеттің ерекшеліктері педагогика және әдістемелік ғылыми еңбектерге талдаулар негізінде айқындалады.

6 тақырып. Болашақ маманның зерттеушілік қызметке даярлығы. Болашақ маманның зерттеушілік қызметке даярлық компоненттері. Зерттеушілік қызметке даярлық компоненттерінің негізгі элементтері. Зерттеушілік іс-әрекетке жетудің жолдары.

#### **«Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру тәсілдемелері» модулі**

7 тақырып. Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқытудың әдіс-тәсілдері. Бақылау, зерттеу, тәжірибе, эксперимент, жобалау, модельдеу – оқыту әдісі ретінде. Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру әдістеріне сипаттама.

8 тақырып. Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологиялары. Ақпараттық-коммуникациялық, проблемалық-әрекеттік оқыту, жобалап оқыту, сын тұрғысынан ойлау, зерттеушілік оқыту технологияларына сипаттама.

9 тақырып. Зерттеушілік іс-әрекет түрлері: оқу-танымдық, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет. Оқу-танымдық зерттеушілік іс-әрекетіне сипаттама. Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке сипаттама. Оқу-танымдық және ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттің айырмашылықтары.

10 тақырып. Сабақта және сабақтан тыс уақытта зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру жолдары. Сабақта ұйымдастырылатын зерттеушілік іс-әрекет. Сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылатын зерттеушілік іс-әрекет.

#### **«Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту әдістемесі» модулі**

11 тақырып. Жаратылыстану пәнінің білім беру бағдарламасы талаптары, оқулық, оқу-әдістемелік кешендерде зерттеушілік іс-әрекеттің алатын орны. Жаратылыстану пәнінің оқу бағдарламасы. Оқу бағдарламасының мақсаты, міндеттері, талаптары. Жаратылыстану пәні оқулығының құрылымы мен мазмұны. Жаратылыстану пәнінің оқу-әдістемелік кешені.

12 тақырып. «Жаратылыстану» пәнінде оқу-танымдық зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Оқу-танымдық зерттеу жұмыстарына арналған тақырыптарды саралау. Оқу-танымдық зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі.

13 тақырып. «Жаратылыстану» пәнінен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу әдістемесі. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін тақырыптарды таңдау. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі.

14-15 тақырып. Ғылыми жобаларды қорғау және талдау.

Арнайы курс негізінде оқыту үдерісінде зерттеушілік іс-әрекетті дамытуда төмендегідей талаптарды орындау қажет:

– біріншіден, болашақ маман бастауыш сыныпта әрбір сабақты ізденіспен педагогика және жеке әдістеме ғылымдары саласындағы зерттеушілік іс-әрекет

теорияларын өз тәжірибесінде басшылыққа ала білуі;

- екіншіден, жекелеген пәндерді (жаратылыстану) шығармашылыққа құруда оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке жеткізетін деңгейді қарастыруына мүмкіндік туғызатындай нәтижелі іс-әрекетті;

- үшіншіден, зерттеушілік іс-әрекетті сабақтастықта жалғастырудың түрлерін кеңінен пайдалана білуі;

- төртіншіден, зерттеушілік іс-әрекет түрлерін; оқу-танымдық, ғылыми-зерттеушілік жұмыстарда олардың өздігінен орындауына мүмкіндік туғызуы;

- бесіншіден, жұмысты орындауда зерттеушілік іс-әрекеттің кезеңдерін

- сақтауын, оны өз ісіне жауапкершілікке жетелеуі;

- алтыншыдан, зерттеушілік іс-әрекетін дамытып, келесі негізгі курстарда зерттеушілік, ізденушілік іс-әрекеттермен тереңірек айналысуды қажет деп санаймыз.

Арнайы курс бойынша болашақ мамандарды оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мақсатында 2 кредитке арналған дәрістер мен семинар сабақтары ұйымдастырылды. Тақырып негізінен зерттеу жұмысына арналғандықтан бастауыш сыныптарда оқытылатын «жаратылыстану» пәні бойынша мұғалімдердің сабақтарына қатысып, оқу-танымдық зерттеу жұмыстары қалай жүргізілетіні айқындалды. Осының негізінде студенттермен жүргізген дәріс, практикалық сабақ жоспарларын ұсынамыз (кесте 14). Дәріс «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3 курс студенттерімен өткізілді.




Кесте 14 – ЖОО-да жүргізілген (дәріс, практикалық сабақ, СОӨЖ) сабақтарының үлгі жоспары

Модуль	Сын тұрғысынан ойлау; Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер	Пән: Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс- әрекетін дамыту (Дәріс)
1	2	3
Тақырыбы:	Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологиялары	
Мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекеттің мәнін айқындайды;</li> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологиялары туралы түсініктерін кеңейтіп, ой қозғайды;</li> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда оқыту технологияларының тиімділігін ұғынады.</li> </ul>	
Табыс критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Келтірілген идеялар мен пікірлердің өзінділігі, дербестігі</li> <li>– Топтық жұмыстарда идеяларды ұсынуы</li> <li>– Білімдерін жаңа контексте қолдана алуы</li> <li>– Басқалардың пікірлері мен ұстанымдарына диалог арқылы баға беруі</li> <li>– Негізгі ойды түсінуі және қорытуы</li> </ul>	
Уақыт	Оқытушының іс-әрекеті	Студенттердің іс-әрекеті

14 – кестенің жалғасы

1	2	3
9 минут	<p>I. «Проблеманы айқындау» кезеңі Ойсергек «Шаттық шеңбері» (2 минут)</p> <p>Студенттерді топқа бөлу (1 минут)</p> <p>Жаңа сабақ бастар алдында «Миға шабуыл» әдісі бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады (6 минут) 3 топқа 3 сұрақ қойылады: 1) Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекеттің мәні неде? 2) Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қандай оқыту технологияларын қолдану тиімді? 3) Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың жолдары қандай? Аудитория жұмысы: Оқытушы сабақ тақырыбы мен мақсаттарын жариялайды.</p>	<p>Студенттер үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.</p> <p>Студенттер карточкадағы суреттер арқылы 3 топқа бөлініп отырады.</p> <p>Студенттер «Миға шабуыл» әдісі бойынша қойылған сұрақтарға әр топтан шығып жауап береді</p>
29 минут	<p>II. «Проблема шешу» кезеңі Жаңа сабақты оқытушы слайдтар арқылы оқытушы түсіндіреді (20 минут)</p> <p>Жаңа сабақты талқылау мақсатында 3 топқа жаңа сабақтың мазмұны бойынша сұрақтар бөліп береді (9 минут)</p> <p>1 топқа. «Зерттеушілік», «Зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарына анықтама беру 2 топқа. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеттерін ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологияларының түрлері? 3 топқа. Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының құралдарын қолдану жолдары?</p> <p>Студенттер қойылған сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Әр топ өздеріне қойылған сұрақтар бойынша жауаптарын топта талқылап, ортақ жауаптарын қорытындылап, тірек сөзге сұрақты орналастырып ассоциограммаға түсіреді. Сұрақты талқылап болған соң ортаға шығып ассоциограммаларын топ болып қорғайды.</p>


14 – кестенің жалғасы

1	2	3												
<p>12 минут</p>	<p>III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі Тапсырма (9 минут) Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы құралдарының бірі «Дананың кілттері» әдісі арқылы кілттерге сұрақтар жазылған карточкаларды студенттерге таратып, жаңа сабақты талқылайды</p>  <p>Бағалау (3 минут) Студенттерге бағалау парақтары таратылып беріледі.</p>	<p>Студенттер жаңа сабақты қаншалықты меңгергені туралы кілттегі сұрақтарға жауап береді.</p>  <p>«Тағы қалай» кілті «Конструктор» кілті «Қиыстыру» кілті «Жаңа дизайн» кілті</p> <p>Студенттер бағалау парағындағы бағалау критерийлеріне сүйене отырып, өздерін бағалап, топта жариялайды</p>												
<p>Кері байланыс (3 минут)</p>														
<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="453 1037 520 1077">№</th> <th data-bbox="520 1037 1501 1077">Критерийлер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="453 1077 520 1120">1</td> <td data-bbox="520 1077 1501 1120">Бас бармақ - мен әлі де үйренуім керек нәрсені;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="453 1120 520 1162">2</td> <td data-bbox="520 1120 1501 1162">Сұқ саусақ - мен үшін жаңалық, мен нені үйрендім;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="453 1162 520 1205">3</td> <td data-bbox="520 1162 1501 1205">Ортаңғы саусақ – мен үйрене алмай қалғаным;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="453 1205 520 1247">4</td> <td data-bbox="520 1205 1501 1247">Аты жоқ саусақ – осы жұмыс кезіндегі психологиялық ахуал;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="453 1247 520 1279">5</td> <td data-bbox="520 1247 1501 1279">Кішкентай саусақ – маған ұнағаны және менің тілегім;</td> </tr> </tbody> </table>			№	Критерийлер	1	Бас бармақ - мен әлі де үйренуім керек нәрсені;	2	Сұқ саусақ - мен үшін жаңалық, мен нені үйрендім;	3	Ортаңғы саусақ – мен үйрене алмай қалғаным;	4	Аты жоқ саусақ – осы жұмыс кезіндегі психологиялық ахуал;	5	Кішкентай саусақ – маған ұнағаны және менің тілегім;
№	Критерийлер													
1	Бас бармақ - мен әлі де үйренуім керек нәрсені;													
2	Сұқ саусақ - мен үшін жаңалық, мен нені үйрендім;													
3	Ортаңғы саусақ – мен үйрене алмай қалғаным;													
4	Аты жоқ саусақ – осы жұмыс кезіндегі психологиялық ахуал;													
5	Кішкентай саусақ – маған ұнағаны және менің тілегім;													
														
<p>2 модуль</p>														
<p>Модуль</p>	<p>Сын тұрғысынан ойлау; Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер</p>	<p>Пән: Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту (практикалық сабақ)</p>												
<p>Тақырыбы:</p>	<p>Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологиялары</p>													
<p>Мақсаты:</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекеттің мәнін айқындайды;</li> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологиялары туралы түсініктерін кеңейтіп, ой қозғайды;</li> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда оқыту технологияларының тиімділігін ұғынады.</li> </ul>													

14 – кестенің жалғасы

1	2	3
Табыс критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Келтірілген идеялар мен пікірлердің өзінділігі, дербестігі</li> <li>– Топтық жұмыстарда идеяларды ұсынуы</li> <li>– Білімдерін жаңа контексте қолдана алуы</li> <li>– Басқалардың пікірлері мен ұстанымдарына диалог арқылы баға беруі</li> </ul> <p>Негізгі ойды түсінуі және қорытуы</p>	
Уақыт	Оқытушының іс-әрекеті	Студенттердің іс-әрекеті
10 минут	<p>I. «Проблеманы айқындау» кезеңі                      Психологиялық ахуал қалыптастыру (2 минут)                      «Аялы алақан»                      Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту.                      Студенттер шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» - сұрағын студенттерге қойып, сұрақтарға жауап алу.</p> <p>Студенттерді топқа бөлу (1 минут)</p> <p>Жаңа тақырыпқа бағытталу (7 минут)                      Тапсырма: «Өрмекші» әдісі                      – Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологияларына сипаттама</p>	<p>Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында қатысушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды)</p> <p>Студенттер себеттегі жемістер арқылы 3 топқа бөлініп отырады.</p> <p>Студенттер өткен сабақта игерген білімдеріне сүйене отырып, постерге өрмекшінің сұлбасын салып, басына тақырыпты, денесіне өзекті ойларды, аяқтарына тірек сөздер арқылы шешу жолдарын жазып, өз ойларын тиянақтап пысықтайды.</p>
30 минут	<p>II. «Проблема шешу» кезеңі                      «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі (Джесси Джентильдің диаграммасы)</p>  <p>Студенттерге сұрақтар беріледі                      1 топқа: «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні мен сипаты                      2 топқа: Оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлауда оқыту технологияларының тиімділігі                      3 топқа: Оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлауда инновациялық технологияларды қолдану жолдары</p>	


14 – кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>1) Жеке жұмыс (2 минут)</p> <p>2) Жұптық жұмыс (2 минут)</p> <p>3) Топтық жұмыс (4 минут)</p> <p>4) Аудиториямен жұмыс (9 минут)</p> <p>Соңында оқытушылар студенттердің жауаптары бойынша қорытынды жасап талқылайды.</p> <p>Тапсырма: тест (10 минут) Оқытушы Ispring Quiz Maker бағдарламасында алдын ала дайындалған интерактивті тест арқылы жаңа сабақты пысықтайды</p>	<p>Әр студент өз бетінше ойланады және жазады Жұбымен жазғандарын бөліседі Топпен жұмыс жасап, ортақ жауап жазып дайындайды Әр топ топта жазғандарын айтады.</p> <p>Студенттер Ispring Quiz Maker бағдарламасында тест тапсырады</p> 
13 минут	<p>III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі Тапсырма (7 минут) «Ақылдың алты ойлау қалпағы» әдісі Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі, олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады.</p> <p>Бағалау (3 минут) Студенттерге бағалау парақтары таратылып беріледі.</p> <p>Кері байланыс (3 минут) «Рефлексиялық шеңбер» Студенттер шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді. – Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? – Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? – Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? – Сабақта қандай қиындықтар туындады? – Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?</p>	<p>Әр топқа қалпақтың екі түсінен таратылып беріледі. Студенттер қалпақ түсіне сәйкес жауап береді.</p> <p>Студенттер бағалау парағындағы бағалау критерилеріне сүйене отырып, өздерін бағалап, топта жариялайды</p>
Модуль	Сын тұрғысынан ойлау; Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер	Пән: Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту (СОӨЖ)

14 – кестенің жалғасы

1	2	3
Тақырыбы:	Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологиялары	
Мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекеттің мәнін айқындайды;</li> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын оқыту технологиялары туралы түсініктерін кеңейтіп, ой қозғайды;</li> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда оқыту технологияларының тиімділігін ұғынады.</li> <li>– Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда жобалау әдісін қолдануды үйренеді.</li> </ul>	
Табыс критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Келтірілген идеялар мен пікірлердің өзінділігі, дербестігі</li> <li>– Топтық жұмыстарда идеяларды ұсынуы</li> <li>– Білімдерін жаңа контексте қолдана алуы</li> <li>– Басқалардың пікірлері мен ұстанымдарына диалог арқылы баға беруі</li> <li>– Негізгі ойды түсінуі және қорытуы</li> </ul>	
Уақыт	Оқытушының іс-әрекеті	Студенттердің іс-әрекеті
3 минут	<p>I. «Проблеманы айқындау» кезеңі                      Психологиялық ахуал қалыптастыру (2 минут)                      «Көрші»                      Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау.                      Нұсқаулық:                      Көршінді оң жақтан құшақта,                      Көршінді сол жақтан құшақта.                      Оң жақтағы көршіңе бір жымыып,                      Сол жақтағы көршіңе бір жымыып,                      Бүгінгі тренинг барысы,                      Біз үлкен отбасы.</p> <p>Студенттерді топқа бөлу (1 минут)                      Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады.</p>	<p>Студенттер қимыл – қозғалыстар арқылы жаттығуды жасайды</p> <p>Студенттер конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады.</p>
36 минут	<p>II. «Проблема шешу» кезеңі                      Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетті дамытуда жобалау технологиясын қолдану бойынша әр топқа тапсырма берілген.                      (СОӨЖ тақырыбы алдын-ала берілген)                      1 топ: «Өсімдіктер әлемі» тақырыбындағы зерттеу жұмысы (10 минут)</p>	<p>Оқушылармен жүргізілетін жоба жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әр топ зерттеу тақырыбына сәйкес қорғап шығады. Әр топқа 10 минуттан уақыт беріледі.</p>

14 – кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>2-топ: «Менің ұлуым» тақырыбындағы зерттеу жұмысы (10 минут) 3-топ: «Кемпірқосақ» тақырыбындағы зерттеу жұмысы (10 минут)</p> <p>Талқылау (6 минут) Суденттер қорғаған зерттеу жұмыстары бойынша оқытушы сұрақтарды жинақтап, соңында әр топпен сұрақ-жауап арқылы талқылау жүргізіледі. Қорытындылайды.</p>	<p>Студенттер сұрақтар бойынша пікірталас жүргізіп сабақты қорытындылайды</p>
<p>8 минут</p>	<p>III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі</p> <p>«Ыстық орындық» әдісі арқылы сабақты қорытындылау.</p> <p>Бағалау (3 минут) Студенттерге бағалау парақтары таратылып беріледі.</p>	<p>Студент ортада тұрған үстелге отырып бүгінгі тақырып бойынша қойылған сұрақтарына жауап береді. Қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру қажеттігін мұғалім түсіндіреді. Сұраққа жауап бере алмаған жағдайда «күйді» деп ескерту беріледі. Осылайша бес немесе алты оқушы «Ыстық орындыққа» отыру арқылы жаңа сабақты қорытындылайды.</p> <p>Студенттер бағалау парағындағы бағалау критерилеріне сүйене отырып, өздерін бағалап, топта жариялайды</p>
	<p>Кері байланыс (3 минут) Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, желкенді жасыл түске боя; Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, желкенді сары түске боя; Егер сен сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып, оқытушының көмегі қажет болса, желкенді қызыл түске боя. Егер қаласаң, кемең де бояуға болады</p> 	

Болашақ маманның зерттеу барысында тәжірибе жасауды ұйымдастырудағы басты міндеті оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін сол мәселені зерттей білуге үйрету. Болашақ маманның бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың мақсаты: оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жүзеге асыру және зерттеушілік қабілеттерін дамыту арқылы интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамытуды көздейді [163].

Қорыта келе, зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып отырған жоғары оқу орнында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда олардың тапсырманы өздігінен ізденіп орындауы, зерттеушілік іс-әрекетінің нәтижесінде дұрыс тұжырым жасауына бағыттайды, ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ынта-ықыласын туғызуды көздейді.

Студенттердің оқу-танымдық зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда маңызды мәселе ғылыми білім әдістерімен танысу қажет олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту және когнитивті тәуелсіздік болып табылады.

Студенттердің оқу-танымдық зерттеушілік іс-әрекетін негізгі түрлері болып табылады:

- проблемалық реферат: деректерді сараптамалық салыстыру мәселелерді
- жариялау мақсатында әртүрлі әдеби дереккөздер мен оны шешудің нұсқаларын жобалау; талдау-жүйелеу;
- бақылау, бекіту, талдау, синтез, зерттелетіндердің сандық және сапалық
- көрсеткіштерін жүйелеу үдерістері мен құбылыстар;
- зерттеу, бақылау, түсіндіру және зерттелетін жүйелердің сапалық және
- сандық өзгерістерін болжау, құбылыстар, үдерістер;
- эксперименттік зерттеу: болжамды тексеру нәтижені растау немесе теріске шығару;
- жоба-іздеу: жобаны іздеу, әзірлеу және қорғау – ерекше жаңа нысан, мұнда мақсат емес, қызмет әдістері болып табылады нақты білімді жинақтау және талдау.

Оқу-зерттеу қызметі келесі әрекеттерді орындауда дидактикалық функциялар: осындай ынталандыруды құрудан тұратын мотивациялық оларды осы пәнді оқуға итермелейтін студенттердің зерттеушілік іс-әрекетке деген қызығушылығы мен оң көзқарасы; студенттердің білім көлемін кеңейтуге мүмкіндік беретін ақпаратты ұсынудың барлық қол жетімді тәсілдері; бақылау-түзету (жаттығу), ол мыналарды қамтиды оқу барысы мен нәтижелерін тексеру, өзін-өзі бағалау, түзету мүмкіндігі, сондай-ақ қажетті дағдыларды қалыптастыратын жаттығулар. Студенттердің оқу-зерттеушілік іс-әрекеті - білім алу мен дамыту үдерісін түсінуге ықпал ететін шығармашылық ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің дағдысын қамтитын студенттердің зерттеу жұмысы.

Зерттеу жұмысын қолдану арқылы ұйымдастыруға болатын тапсырмаларды орындау үшін қажетті білім, білігі, дағдысы. Зерттеу жұмыстарында белсенді ізденіс тудыруға ынталандыратын тапсырмалар,

студенттер танымдық қажеттіліктерін өтеу үшін зерттеу әдістерін пайдалануды талап ететін әрекеттер нәтижесінде жаңа, бұрын белгісіз білімді ашады. Зерттеу тапсырмасының белгілері: мәселенің болуы және оны дәлелдеу талаптары, шешу үшін ғылыми таным әдістерін қолдану, нәтижесінде жаңа білімдермен және іс-әрекет тәсілдерімен жұмыс істеп, оларды орындайды. Бұл тапсырмалар белсенді іздеу іс-әрекетін тудырады, проблемаларды шешуге бағыттталып, дербес кәсіби құзыреттіліктерді дамытады. Студенттерге ұсынылған оқу-танымдық зерттеу әрекеттері мен меңгеретін дағдылары көрсетілген (кесте 15).

Кесте 15 – Студенттерге ұсынылған оқу-танымдық зерттеу әрекеттері мен меңгеретін дағдылары

Күрделелік деңгейі	Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттері	Зерттеу дағдылары
1-деңгей	Зерттеуге алған объектіні зерделейді. Зерттеудің жоспарына сәйкес талдау кезінде оқытушының көмегімен тұжырымдар, қорытындалыр жасайды.	Зерттеу жұмысына байланысты бақылау жасау қабілеті, бақылауды жоспарлау, әдебиеттерден үзінді сілтеме жасау, фактілерді салыстыру, деректерін жинақтау, сараптау, өңдеу, орнату бірыңғай байланыстарды ажырату.
2-деңгей	Зерттеу жұмысының жоспарын жасайды, өздігінен зерттеу нысаны туралы оқып үйренеді, талданған материалдардың негізінде ұғымдарды анықтап, ой-тұжырымдар қорытады.	Зерттеу жұмысының мақсатын қою қабілеті және қажетті мәліметтерді табу әртүрлі көздер, схемалар, кестелер, өз пікірін білдіру бұрынғы ғылыми жұмыстар негізінде зерттелген ұғымдар, нәтижелерді тұжырымдау жоспарын құру, зерттеу.
3-деңгей	Зерттеу жұмысы бойынша, өздігінен нысанды анықтайды, жоспар жасайды, қажетті ақпарат көздерін белгілейді, нысанды, болжамды айқындап оны дұрыстығын дәлелдеуде зерттеуді өздігінен жүргізеді.	Зерттеу мәселесі туралы меңгерген білім, білік, дағдыларын қолдану қабілеті, мәселені көре білу, тиімді оқытудың технологиялары мен әдістерін қолдану, ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдейтін қорытынды, тұжырымдар шығару.

Зерттеу жұмысымыз бойынша, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау жағдайында зерттеушілік іс-әрекеттер кезеңдер бойынша ұйымдастырылды.

*Бірінші кезеңде* зерттеушілік әрекеттің ерекшеліктерімен, мазмұнымен және құрылымымен алғашқы таныстыру жүзеге асырылады, оң мотивация дамиды, ақпараттармен жұмыс жасау білігі қалыптасады.

1 және 2-курс студенттерімен жұмыс жүйесі дәріс және семинар сабақтарында зерттеушілік біліктеріне үйретуден тұрады, осы сабақтарда олар төмендегідей тапсырма түрлерін орындайды:

- *ақпараттық*: әдеби дереккөздерден алынған ақпараттарды іріктеу, өңдеу және таныстыру; ақпараттарды жалпылау; ақпараттарды жүйелеу және жіктелу; ұғымдармен жұмыс; ақпаратты құрылымдау; әртүрлі түпдеректерден ақпараттарды іздестіру;

- *мәселелік*: қарама-қайшылықтарды анықтау және шешу; тапсырмаларды жіктемеу және іріктеу; есептер құрастыру және оларды шешу;

- *эксперименттік*: сыныптағы ахуал, тұрмыс жағдайын, табиғатты бақылау; эксперименттік міндеттерді шешу; жаңа білім алу үшін эксперименталды сабақтар өткізу; алынған білімді тәжірибеде қолдануды көрсетіп беру үшін эксперимент жүргізу.

Семинар сабақтарына дайындалу барысында студенттер өздіктерінен оқу және қосымша әдебиеттермен жұмыс жасайды: библиографиялық тізім жасайды, зерттеу мәселесіне немесе реферат (баяндама) дайындау үшін әдебиеттерді іріктейді; зерттеу мәселесі бойынша айтылған ғалымдардың әр түрлі пікірлеріне талдаулар жасайды, мәселелік жағдаяттарды шешудің түрлі нұсқаларын іздестіреді. Студенттер мәселелер бойынша пікір-таластарға қатыстырылады, ғылыми мақалаларға конспект жасайды, сызбалар мен кестелер құрайды; өз беттерімен микрозерттеулерінің мақсатын, міндеттері мен барысын анықтайды және тұжырымдайды; бағалау критерийлерін дайындайды; ғылыми бақылау, сұрау, сауалнама жүргізуді жүзеге асырады; есеп түрінде зерттеу нәтижесін рәсімдейді.

Зерттеушілік әрекет пәнаралық және пәнішілік байланыстарды кең ауқымда қолданыла отырып, студенттердің өздік жұмыстарының барлық түрлерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, сонымен бірге оқу материалының ақпараттық сыйымдылығы мен жүйелілігін қамтамасыз етеді, оқытуды дараландырады, студенттерде үздіксіз өздігінен оқуға деген қажеттіліктерін тәрбиелейді.

*Екінші кезеңде* студенттер микро зерттеулер жүргізеді, әр түрлі бағыттағы кішігірім жобалармен жұмыс жасайды, білім берудің нақты бір мәселесі айналасында теориялық және эмпирикалық әдістерді пайдалануға үйренеді, педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері жайлы білім қалыптасатын «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курсына оқып үйренеді. Олар ғылыми-зерттеу элементтерімен танысады, білім беру ұйымдарында тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын өткізуге, зерттеудің негізгі компоненттерін сипаттауға, библиографиялық тізімді дұрыс жасауға үйренеді. Алынған білікті тәжірибеде қолданудың негізі курстық жұмыс пен зерттеушілік жобасын дайындау болып табылады. Бұл кезеңде зерттеушілік іс-әрекетінің қалыптасуы жүзеге асады.

*Үшінші кезеңде* студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті бітіруші біліктілік жұмысын даярлау аясында яғни диплом жұмысын жазуда жалғасады. Бұл кезеңде студенттер білім беру ұйымдарында тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізу бағдарламасын дайындауды, диагностикалық әдістемені іріктеуді жүзеге асырады, педагогикалық практика кезінде мектепте зерттеушілік жұмыс жүргізеді.

Студенттер тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүзеге асырудың нәтижесінде алынған мәліметтерді математикалық өңдеу мен түсіндіруді жүзеге асырады, қорытынды жасайды және мұғалімдер мен ата-аналарға

арналған нұсқаулықтар дайындайды. Сонымен бірге студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың тиімді әдістерінің бірі олардың студенттердің ғылыми-зерттеу конференцияларына, педагогикалық оқуларға, оқу-практикалық семинарларға қатысу болып табылады, бұл өз кезегінде дара зерттеушілік әрекетіне өзіндік баға беруді және әлеуметтік серіктес (ЖОО оқытушылары, қала мектептерінің мұғалімдері мен әкімшілік мүшелері) тарапынан сараптамалық баға алуға мүмкіндік береді. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үдерісінің аса маңызды құраушыларының бірі олардың тұрақты және уақытша құрылған шығармашылық ұжымға қатысуы болып табылады. Тұрақты және уақытша құрылған шығармашылық ұжымдар – өзара бірлескен шығармашылықпен айналысуға қызығушылықтары бар педагогтар мен студенттердің ерікті кәсіби бірлестігі. Шығармашылық лаборатория (ШЛ) немесе уақытша шығармашылық ұжым (УШҰ) даму режимінде жұмыс жасайтын педагогикалық ұжым жұмысының аса маңызды формаларының бірі болып табылады. Шығармашылық лаборатория қандай да бір оқу міндетін шешу үшін құрылады. Студенттердің уақытша шығармашылық ұжымдар жұмысына қатысуы олардың әрекетін, оқытушылар мен студенттер арасындағы бірлескен жұмысты ұйымдастыруды, шығармашылық әлеуетін оңтайландыруды, өзін-өзі реттеуді белсендіреді. Уақытша шығармашылық ұжымы бір пәнді немесе ұқсас пәндерді жүргізетін мұғалімдерді біріктіреді, қойылған міндеттерге байланысты бір немесе бірнеше кафедралар ішінде бір немесе бірнеше жылға құрылады.

Студенттердің ғылыми қоғамы (СҒҚ) студенттердің ерікті бірлестігі болып табылады, мұнда олар оқытушының жетекшілігімен сабақтан тыс ғылыми-қолданбалы және зерттеушілік әрекетке белсенді түрде қатысады. СҒҚ ұйымының негізгі мақсаты мамандарды ғылыми даярлау деңгейін көтеру, ғылыми әрекетке икемі бар талантты студенттерді анықтау және ғылыми жұмысқа тарту болып табылады. Конкурстарда, конференцияларда, пәндік олимпиадаларда, зерттеушілік жобаларына қатысу зерттеушілік сапаларын дамытуға алғышарт болып табылады. Студенттердің біртіндеп жинаған тәжірибесі, яғни реферат жазуға дайындалу кезеңінен бастап, өз бетімен тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізуге дейінгі жинаған тәжірибесі кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің мазмұндық, әрекеттік компоненттерін қалыптастырады. Әр бітіруші түлектің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасқан деңгейі қорытынды мемлекеттік аттестация кезінде көрінеді. Осылайша, студенттердің зерттеушілік білігі мен құзыреттілігі ЖОО-дағы алғашқы күнінен бастап қалыптасып, болашақ маманның барлық іс-әрекетін қамти отырып, барлық оқу курстары бойында жалғасын табады. Осындай дайындықтан өткеннен кейін болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға педагогикалық практикалар барысында іске асыруға мүмкіндік туғызылды.

*Екінші жолы, болашақ мамандарды оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үшін оқу-танымдық зерттеу жұмысын ұйымдастыруға тапсырмалар ұсынылды.*

Жаратылыстану пәні бойынша оқу-танымдық тапсырмалар:

*«Температураны қалай өлшейміз?»* тақырыбындағы зерттеу жұмысы тәжірибе жүргізу арқылы орындатылды. Топтық жұмысты орындату арқылы жаңа тақырыпты оқушыларға аштырып, тәжірибе жасату арқылы оның мазмұнын түсінуге, білімді өздіктерінен алуға жағдай жасай білді. Мысалы: «Жыл мезгілдері» атты бейнероликті көрсете отырып, жетекші сұрақтарға жауап алу барысында «Температура» деген сөзді айтқан оқушы жауабынан соң, бүгінгі өтетін тақырып «Температураны қалай өлшейміз?» аталатынын айтты. Келесі жетекші сұрақ: Енді осы температураны қалай өлшейміз? Қалай ойлайсыңдар? - деп жетекші сұрақ қойды да, оқушылардың эксперимент жасап дәлелдеу керектігін ескертті. Оқушылар: ауа райын, үйді, адамның температурасын қалай өлшейтінін айтты. Енді оны өлшейтін құралдарды көрсетіп, аттарын сұрады. Оқушылар градусты атады, ал термометрді мұғалім өзі көрсетіп түсіндірді. Бір оқушының және сыныптың температурасын өлшеді. Мұғалім өзі ыстық суға сынап бар приборды салып температураның көтерілгенін көрсетті. Бұл оқу-танымдық зерттеу іс-әрекеті болып табылады.

*Келесі жұмыс түрі «Өсімдікке жыл бойы қандай күтім жасау керек?»* тақырыбын өткен кезде оқушыларға «Тұқымды тоңазытқышта немесе суық жерде өсіруге бола ма?» деген сұрақ қойылады. Олар бұл сұраққа көз жеткізу үшін екі бірдей шыны ыдысқа топырақ толтырып, екеуіне де бұршақтың тұқымын егеді. Бір ыдысты жылы жерге қойып, екіншісін суық жерге қойып, 1 апта не 10 күн бақылаймыз.

Нәтижесінде: жылы жерде тұрған ыдыстағы бұршақтың өніп шыққанына оқушылар көз жеткізу көзделеді.

Қорытынды: Өсімдікті тоңазытқышта немесе суық жерде өсіруге болмайды. Сол себепті қыста өсімдікті егуге болмайды.

*Келесі тапсырма: Жануарлардың бейімделуі тақырыбына берілді.*

Оқушылар мұғаліммен бірге мектеп ауласына шығады. Оқушылар қолдарына қағаз бен қалам алады. Осы ауладан тіршілік ортасына бейімделген қандай жануарларды кездестіруге болатынын зерттейді. Жануарлардың қалай аталатынын, оның түсін, қозғалысын, қайда, қалай жүргенін, немен қоректенетінін жазып жүреді.

Нәтижесінде: Әр жануардың өз ортасы, өз тіршілігі бар екеніне көз жеткізеді.

Қорытынды: Әрбір жануар тіршілік ортасына бейімделеді. Соның арқасында өзіне қажет азығын табады және жауынан қорғанады.

*Келесі оқу-танымдық тапсырма: Денеге қалай күтім жасаймыз?*

Зерттеу: Оқушылар үйлерінен тісжуғыш, тіспастасын, жұмыртқаның сынбаған қабығын әкеледі. Жұмыртқаның жартысына тісжуғышпен тіс пастасын жағады. Жартысына жақпайды. Сосын ыдыстағы суға салады.

Нәтижесінде: Тіспастасы жағылған бөліктің қатты екеніне көз жеткізеді.

Қорытынды: Күнделікті тісімізге күтім жасап жүрсек, біздің тісімізде осындай қатты әрі тісжегіден аман болады.

*Келесі оқу-танымдық тапсырма: Ауа толы айнала.*

Оқушылар қолдарына целлофан дорба алып оның аузын ашып, ауада жүргізіп өтеді.

Нәтижесінде: дорбаның томпиғанын көреміз.

Қорытынды: Ауа бүкіл кеңістікті толтырып тұрады. Ол көзге көрінбейді.

*Келесі оқу-танымдық тапсырма: Су. Ол қандай екен?*

Екі оқушы екі стаканның біріне су, енді біріне сүт құяды. Сосын оған қант салады.

Нәтижесінде: судағы стаканға салған қантты көзіммен көрдім. Ал сүт құйылған стакандағыны көре алмадым.

Қорытынды: Су – мөлдір. Себебі, оның ішіндегіні көруге болады.

Стакандағы суды жерге төгіп көреді.

Нәтижесінде: судың жайылып кеткенін көреді. Неге?

Қорытынды: Су-аққыш. Тұрақты (белгілі бір) пішіні жоқ.

*Келесі оқу-танымдық тапсырма: Ғаламшарлар қалай орналасқан?*


Оқушылар түрлі-түсті слайм және жіңішке таяқшалар әкеледі. 8 таяқшаны ұзындығы бойынша ретімен қиып аламыз. Әр таяқшаның ұшына слаймдарды бекітеміз. Бұл таяқшаларды күнге бекітеміз.

Нәтижесінде: Ғаламшарлардың рет-ретімен орналасқанына, әрқайсысының өз сақинасы барына көз жеткіземіз.

Қорытынды: Әрқайсысының өз орналасу реті болғандықтан олар қанша ауыр болса да бір-бірімен соқтығыспайды. Себебі, әр ғаламшар әртүрлі уақытта Күнді айналып өтеді.

*Келесі оқу-танымдық тапсырма: Өсімдік тамырлары*

Суретте гүлденген өсімдік бейнеленген. Өсімдіктің бөліктері сандармен белгіленген.



Сурет 12

Төменде көрсетілген кестеге өсімдіктің әр бөлігін және олардың міндетін сипаттама бер.

Кесте 16

Нөмірі	Өсімдіктің бөлігінің атауы	Өсімдіктің бұл бөліктерінің міндеттері
1		
2		
3		
4		

Тапсырманың *мақсаты*:

- қиялындағы нәрсені көзіне елестету арқылы, шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыту, зерттеушілік іс-әрекетке баулу;
- қоршаған ортаның бейнелеу өнерімен байланысын көрсету;
- есте сақтау қабілетін дамыту;

Тапсырманы орындау *нәтижесінде*:






- сабаққа ынтасы артты, сурет бойынша тірек сөздерді анықтап үйренді;
- сурет бойынша өсімдік бөліктерінің қызметін сипаттап үйренді.

Қорытынды: Бөлме өсімдіктерімен салыстырмалы зерттеу жұмысын жүргізіп, оларды ажыратады.

*Келесі оқу-танымдық тапсырма:* Заттар және олардың қасиеттері

Төменде көрсетілген заттың қайсысы электр қуатын өткізеді?

Әрбір заттың тұсында бір шеңберді белгіле.


		Электр қуатын өткізеді	
		Иә	Жоқ
	ағаш қасық	_____ a	_____ b
	пластик тарақ	_____ a	_____ b
	күміс алқа	_____ a	_____ b
	резеңке доп	_____ a	_____ b
	темір кілт	_____ a	_____ b

Сурет 13

Тапсырманы орындау *нәтижесінде* оқушы:

- сурет бойынша заттардың қасиеттерін анықтау үшін тәжірибе жасайды;
- зерттеушілік іс-әрекеті дамыды.

Қорытынды: заттардың қасиеттерін тәжірибе арқылы ажыратып түсінеді.  
 Келесі оқу-танымдық тапсырма: Көбелектің даму кезеңдері.  
 Суретті пайдаланып, көбелектің даму кезеңдерінің атауын жаз.



Сурет 14

Нәтижесінде қызығушылық танытқан оқушы көбелектің даму кезеңдерін зерттеп, сипаттама береді.

Көрсетілген жануарлардың қоректену түріне қарай қай топқа жататынын анықта.

Кестеге сәйкес нөмірін жаз: 1, 2, 3, 4

Кесте 17

Қоректену түрі	Нөмірлері
шөпқоректі	
жыртқыш	


Келесі оқу-танымдық тапсырма: Суретке қара. Суда еритін заттарды белгіле (□)



Сурет 15

Нәтижесінде тәжірибе жасау арқылы суда еритін заттарды анықтайды.  
 Қорытынды: Суда еритін заттар мен ерімейтін заттарды ажыратыды.


Келесі оқу-танымдық тапсырма: Адамның зәр шығару жүйесінің мүшелерін жаз:



Сурет 16

Нәтижесінде: адамның зәр шығару жүйесінің атқаратын қызметін біледі. Оның адам өміріндегі маңызын түсінеді.

Келесі оқу-танымдық тапсырма: а) Қиярдың өсу кезеңдерінің ретін анықтап, нөмірлеп көрсет.









Сурет 17

Суретке сүйеніп, қиярдың өсу кезеңдерін сипаттап жаз.

Нәтижесінде: Зерттеуге қызығушылық танытқан оқушы қиярдың өсіру кезеңдерін тәжірибемен көрсетеді. Келесі оқу-танымдық тапсырма: Берілген пайдалы қазбалар қайда қолданылады? Кестеге жаз.

Кесте 18

 бор	
 тұз	
 көмір	
 саз	
 әктас	
 мұнай	

Пайдалы қазбаларды сақтап қалу үшін адамдар не істеуі керек?

Пайдалы қазбаларды неліктен қорғау керек?

*Келесі оқу-танымдық тапсырма:* Суретке қара және сұрақтарға жауап бер. Құстың денесі неліктен майланып кеткен деп ойлайсың? Ол құсқа қалай әсер етуі мүмкін?



Сурет 18

Су тағы қандай себептермен ластанады? 2 мысал келтір. Нәтижесінде: Құстың денесінің майланып кету себебін анықтайды. Оның құсқа қандай әсері болатынын дәлелдейді.

*Келесі оқу-танымдық тапсырма:* Суреттерге мұқият қара. Қай заттар жарықты жұтады, қай заттар жарықты шағылдырады? Неліктен? Сөйлемдерді толықтыр.



Сурет 19

*ақ түсті картон                      қара түсті мата                      айна*

Ақ түсті картон жарықты \_\_\_\_\_, себебі

Қара түсті мата жарықты \_\_\_\_\_, себебі

Айна жарықты \_\_\_\_\_, себебі

Зерттеу жұмысымызға байланысты «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курсың ұйымдастыру барысында семинар сабағында арнайы даярланған «Зерттеу алгоритмі» деген күнделік-дәптерімен жұмыс орындатылып, зерттеу жұмысын жүргізуге деген қызығушылығы артты (кесте 19).








Кесте 19 – «Зерттеу алгоритмі» деген күнделік-дәптерінің мазмұны

Дәптердің бөлімдері	Бөлімдерге сипаттама
1	2
Зерттеу тақырыбын қалай таңдау қажет	Кез-келген зерттеу жұмысының басталуы – бұл әрбір оқушының зерттеу жұмысының тақырыбы деп түсіндіреді. Тақырып таңдау қиын емес, ол үшін оқушы қазіргі кезеңде өзін не қызықтыратынын нақты біліп алуы қажет. Егер бірден тақырып таңдау балаға қиын болса, онда өзіне

19 - кестенің жалғасы

1	2
	<p>төмендегі сұрақтарды қойып, жауап ізде (ауызша немесе жазбаша жауап беруіңе болады).</p> <p>Сізді бәрінен не қызықтырады? Қандай тақырып қызықты? Зерттеу жұмысын жүргізуді ойландыңыз ба? _____</p> <p>Мен ең алдымен немен айналыссам екен? (жаратылыстану, математика, астрономия немесе тарихпен, спорт, өнер, музыка т.б. _____)</p> <p>Мен бос уақытымда немен айналыссам екен _____</p> <p>Мен қандай пәндерден жақсы бағалар аламын _____</p> <p>Мектепте оқыған пәндерден нені тереңірек оқып үйрену керек? _____</p> <p>Мен ерекше мақтан ете алатын мәселелер бар ма? _____</p> <p>Егер бұл сұрақтар саған көмектесе алмаса, мұғалімніңмен немесе ата-анаңмен, достарыңмен ақылдасып кеңесуіңізге болады. Мүмкін саған өте қызықты тақырыпты таңдауға олар көмектесер. Болашақ зерттеу жұмысыңыздың тақырыбы осылайша таңдалады.</p>
<p>Зерттеу тақырыбы қандай болуы мүмкін</p>	<p>Барлық мүмкін болатын тақырыптарды шартты түрде үш топқа бөлуге болады:</p> <p>қиял-ғажайып, ол қиялдан туындайтын объектілер мен құбылыстар; эксперименттік тақырып, ол өзінің жеке бақылауы мен эксперименттік тәжірибесіне байланысты;</p> <p>теориялық тақырыптар, ол әр түрлі кітаптардан оқып, фильмдерден көргенін, басқа да дерек көздерінен оқып, үйренетін фактілер, материалдар, мәліметтерді талдау.</p> <p>Мысалы: Аспандағы жұлдыздарды кім жағады? Пирамидаларды кім тұрғызған? Көпіршіктер неге үрленеді? т.б.</p> <p>Зерттеу жұмысыңның тақырыбың жаз:</p>
<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, кезеңдері</p>	<p>Зерттеу тақырыбын тандап алғаннан кейін, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін айқындау керек. Зерттеу мақсатын анықтап алу қажет, яғни сен өзіңе және басқаларға бұл зерттеуді неге жүргізетініңізге жауап беруің керек.</p> <p>Зерттеу жұмысыңның мақсатын жазыңыз:</p> <p>Мақсат іс-әрекетке жалпы бағыт-бағдар берсе, міндеттер негізгі зерттеудің әрбір қадамдарының барысын сипаттайды.</p> <p>Зерттеу жұмысыңның міндетін жазыңыз: _____</p> <p>Зерттеу кезеңдерін көрсетіңіз:</p>
<p>Зерттеу жұмысының болжамы</p>	<p>Бұдан кейін зерттеу жұмысының болжамын жасап алу қажет болады. Ол ұйғарым, алдын-ала ойлану, әлі дәлелденбеген және бекітілмеген тәжірибені талдау, пайымдау. Болжам «гипотеза» деген белгілі бір құбылысты тану, түсіндіру үшін жасалатын ежелгі грек сөзі – hypothesis – негіздеме, ұйғарым, пайымдау. Болжам төмендегідей сөздерден басталады:</p> <p>Егер, ...</p> <p>Ойланайық, ...</p> <p>Айталық, ...</p> <p>Мүмкін, ...</p> <p>Мысалы: аспанда ұшақ неге із қалдырады?</p> <p>Айталық ол аспанды тіліп өтеді.</p>

19 - кестенің жалғасы

1	2
	<p>Мүмкін қайтар жолда адасып кетпеу үшін. Егер ол инопланетяндықтардың келуі т.б. Зерттеу жұмысыңның тақырыбы бойынша болжамын жаз. Егер зерттеу жұмысыңның болжамы бірнеше болса, ең маңыздысынан бастап жаз. Егер, Айталық, Мүмкін, Ойланайық</p>
<p>Зерттеу жұмысын ұйымдастыру</p>	<p>Аталған болжамға сәйкес зерттеу жұмысын ұйымдастырудың жолдары ұсынылған. Ол үшін жұмыс жоспарын құрып алу керек. Жоспар жасау үшін төмендегі сұрақтарға жауап іздеу керек: біз зерттеу барысында қандай жаңалықты біле аламыз? Ол үшін қандай әдіс-тәсілдерді пайдалану керектігін анықтап алып, оны ретімен орналастыру қажет. Әдіс (метод) грек сөзінен (methodos) – ол айнала қоршаған әлемді тану әдіс-тәсілі. Зерттеу жүргізудің тиімді әрі пайдалы әдіс-тәсілдері ұсынылған:</p> <div style="display: flex; flex-direction: column; align-items: center;"> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;">Өз бетінше ойлану</div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;">Әдебиеттер оқу</div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;">Арнаулы мамандардан кеңестер алу</div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;">Тақырыпқа қатысты кино және телефильмдерді қарау</div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;">Ақпараттық ресурстардан іздеу</div> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 10px;">  <div style="margin-left: 10px;">Бақылау жасау</div> </div> <div style="display: flex; align-items: center;">  <div style="margin-left: 10px;">Эксперимент жүргізу</div> </div> </div>

19 - кестенің жалғасы

1	2
Өз бетінше ойлану	<p>1. Зерттеу жұмысы бойынша өз бетінше дербес ойлану. Ол үшін әрқайсысы зерттеу жұмысын жүргізіп көру керек. Өзіңе сұрақтар қойып, оның жауабын ойлану қажет.</p> <p>Мысалы ол туралы мен не білемін?</p> <p>Бұл туралы мен қандай пайымдау айта аламын?</p> <p>Мен қандай қорытынды және ой түйін айта аламын?</p> <p>Бұлар шын мәнінде тұжырымдар мен қорытындылар жасауға болады.</p> <p>Жауаптарыңызды жазыңыз.</p>
Қосымша кітаптар	<p>2. Кітаптарды қара, сенің зерттеуіңе байланысты қандай пікірлер бар? Ең алдымен энциклопедиялық сөздіктерді қарап танысып ал. Сіздің бірінші көмекшіңіз балалар энциклопедиясы болады. Олардың ақпараттық принципі бойынша құрылады: «қысқаша айтқанда, бәрі қол жетімді» Әрине, әрқашан өз үйіңіздегі кітапханадағы барлық қажетті кітаптарды таба алмайсыз. Сондықтан мектеп, қалалық кітапханаға кіріңіз. Анықтамалықтар жеткілікті емес болса, толық сипаттамасымен оқу тиіс.</p> <p>Зерттеу жұмысыңыз бойынша кітаптан оқып білгеніңізді, үйренгеніңізді жазыңыз.</p>
Арнаулы мамандардан кеңестер алу	<p>3. Біз үшін кеңестер алудың білмегенді сұраудың өте тиімді жағы бар. Олардың бірі сіз білмегенді өте жақсы білуі мүмкін. Басқа адамдардан сұрағанда, адамдарды екі топқа бөлуге болады: біріншісі арнаулы мамандар, маман емес адамдар.</p> <p>Мамандардан алған ақпаратты жазыңыз.</p>
Тақырыпқа қатысты кино және телефильмдер қарау	<p>4. Біз ғылыми, ғылыми-көпшілік, деректі, көркем фильмді білеміз. Олар зерттеуші үшін нағыз қазына болып табылады. Фильмдер сіздің зерттеуіңіз бойынша ақпаратты жинауға көмектесе алады. Есте сақтаңыз. Кино және телефильмдерді қарау арқылы: қандай фильм қарау керек екенін үлкендермен ақылдасып ал (бейнефильмдер, диафильмдер, оқу фильмі т.б.)</p> <p>Егер сіз фильмнен зерттеуіңіз бойынша мәліметті білсеңіз барлық жаңа нәрселерді жазыңыз.</p>
Ақпараттық ресурстар	<p>5. Ақпараттық ресурстар. Бүгінде ешбір ғалым компьютерсіз жұмыс жасамайды, ол зерттеушінің сенімді досы. Интернеттен өте көп сұрақтарға жауап алуға болады. Интернеттен аудио, графика және анимация ақпарат CD-ROM-табуға болады. Сондай-ақ, компьютерлік бағдарламалардың көмегімен сіз виртуалды мұражайға келуге және энциклопедияларды шолуға болады. Компьютерлік бағдарламаларды меңгеріп алыңыз. Зерттеу тақырыбыңызға қажетті ақпаратты жинап алыңыз.</p>
Бақылау жасау	<p>6. Бақылау жасау жаңа білім алудың ең қызықты және дайықты әдісі. Бақылауға арналған әртүрлі құралдарды пайдалануға болады: Лупа, бинокль, телескоп, микроскоп, түнде көретін прибордар т.б. Дыбыстарды ажырататын құралдарды пайдалануға болады. Сіздің бақылауыңыз үшін қандай құрылғы пайдалануға болады, құрылғылар туралы ойланып көрші. Бақылау жасау арқылы алынған деректерді жазып, зерттеу жұмысының қажетті бөліміне қосыңыз.</p>
Эксперимент жүргізу	<p>7. Эксперимент жүргізіп, зерттеу жаса. Эксперимент (латын сөзінен experimentum) іс-тәжірибені байқау, тәжірибе. Бұл ғылымдағы ең басты</p>

19 - кестенің жалғасы

1	2
	<p>танымдық әдіс. Эксперимент жүргізу – бұл белгілі бір іс-әрекетті зерттеп көру және оны анықтау, эксперимент барысында не өзгергенін байқау. Эксперимент жоспарын ойлан. Мүмкін сен бір ғана емес бірнеше эксперимент барысында бақылау жасап, тәжірибе жүргізген боларсың. Эксперименттен кейінгі нәтижелерді жазып, қорытынды тұжырымыңызды дайындаңыз.</p>
<p>Зерттеу жұмысын қорғауға дайындық</p>	<p>Зерттеу жұмысын қорғауға дайындық. Барлық мәліметтер жинақталды, қажетті кітаптарды қарап, бақылау жасап эксперимент жүргізілді. Енді қысқаша ең маңыздыларын қағазға түсіріп топ алдында қорғау. Ол үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтіннен негізгі түсініктерді белгілеп, оған анықтама беру керек.</li> <li>2. Негізгі құбылыстар мен жағдайларды, үдерісті жіктеп алу қажет.</li> <li>3. Байқаған жетістіктерінді белгілеп ал.</li> <li>4. Негізгі идеяны ретімен орналастыр.</li> <li>5. Әдіс-тәсілдерді таңдап алып оны салыстыр, теңестір.</li> <li>6. Қорытынды ой-түйіндер жаса.</li> <li>7. Әрі қарай оқып үйренудің мүмкіндіктерін көрсет.</li> <li>8. Хабарлама жасауға мәтін дайындап ал.</li> <li>9. Суреттер, сызбалар, чертеждер мен макеттер дайындау.</li> <li>10. Сұрақтарға жауап беруге дайындалу қажет.</li> </ol>
<p>Оны қалай жасауға болады?</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтіннен негізгі тірек ұғымдарды анықтау. Негізгі ұғым – заттар мен құбылыстардың қысқаша нақты сипаттамасы. Мұнда ең маңызды қасиеттер мен сапалары көрсетіледі. Зерттеу жұмысын қорғауға дайындалуда негізгі тірек ұғымдарын айқындап, оны қалай жеткізудің жолдарын ойланып алу қажет. Негізгі ұғымдарға қалай анықтама беру керек? Оның төмендегідей әдіс-тәсілдерін қолдануға болады. <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мысалдар арқылы түсіндіру жеңіл, әрі анықтама бергеннен гөрі суреттермен дәлелдеп мысалдар келтіру тиімді.</li> <li>- Жазбаша сипаттау – заттардың сыртқы ерекшеліктерін, ұқсастықтарын тізіп жазу. Объектіні сипаттап жазу - яғни, ол төмендегі сұрақтарға жауап беру деген сөз.</li> <li>- Бұл не? Оның басқа объектілерден қандай айырмашылығы бар? Қандай ұқсастығы бар?</li> <li>- Сипаттама – бұл ішкі маңызды, мәнді ерекшеліктерін ашып айту немесе жазу.</li> <li>- Салыстыру – заттардың негізгі белгілерінің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра қарау. Айырмашылығы немесе өзгешелігі ол - бір заттың бір-бірінен ерекшелігінің нақты көрсетілуі. Мысалы: алма мен қызанақ ұқсас, бірақ алма - жеміс, қызанақ көкөніс, алма - тәтті, дәмі бір бөлек, ал қызанақтың дәмі одан өзгеше.</li> </ul> </li> <li>2. Негізгі заттар мен құбылыстарды, процесті жіктеу (топтарға бөлу). Классификация (латын тілінен classis - разряд, fasere - делать) – бұл заттар мен құбылыстарды жалпы маңызды белгілеріне сәйкес бөлу немесе топтау. Біздің ойлауымыздың дәлдігіне және қатал талап сақталуына байланысты қарастыратын заттарды реттеп, топтап, классификация жасаймыз.</li> </ol>

19 - кестенің жалғасы

1	2
	<p>3. Сын ескертулер мен кемшіліктерді анықтау. Парадокс - кейбір пікірлерді нақтылау және бекіту (белгіленген айқын пікірлерден немесе бақылаулардың алшақ немесе қарама-қарсы болса, оны нақтылау). Парадокс - (грек сөзі) күтпеген, кездейсоқ, ерекше деген мағынаны білдіреді. Бұл күнделікті қалыптасқан жағдайларға сәйкес келмейтін күтпеген құбылыстар болуы мүмкін.</p> <p>5. Салыстыру мен метафораларды ұсыну. Зерттеу негізінде алынған материалда арнайы мысалдар келтірілсе, салыстырулар мен теңеулер болғанда құндылығы қуаттала түседі, яғни басқа адамдарға жеңіл қабылданады.</p> <p>6. Қорытынды ой - тұжырым жасау. Зерттеу жұмысында арнайы қорытынды ой түйін жасалмаса, ол өз мәнін жоғалтады. Ол үшін міндетті түрде пайымдаулар мен қорытынды тұжырымдар жасау қажет. Пайымдау – белгілі бір заттар мен құбылыстар туралы тартымды ой қорыту, ойды бекіту немесе жокқа шығару болуы мүмкін. Ойлау – яғни, өз пайымдауыңды, ұйғарымыңды айта білу. Осының негізінде өзіңнің зерттеу жұмысың бойынша не зерттелгендігі туралы жеке өз пікіріңді қорытып, жеткізе білуің керек.</p> <p>7. Зерттеу жұмысының болашақтағы мүмкін болатын жолдарын көрсету. Нағыз зерттеуші үшін бір жұмыстың аяқталуы зерттеумен ғана шектелмейді, бұл келесі жұмысының бастамасы болады. Сондықтан таңдап алған тақырып бойынша болашақта жұмысты жалғастырудың басқа да жолдарын қарастырып, оны міндетті түрде әрі қарай жалғастыру керек.</p> <p>8. Мәтінді дайындау. Зерттеу жұмысының нәтижесі дәлелді, нақты және бәріне түсінікті болып, өз идеяңды толық жеткізу үшін алдын-ала баяндау мәтінін дайындап алу қажет. Ол қысқа, әрі нақты болу үшін төмендегідей жоспар жасап алу керек.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Неге бұл тақырып таңдалды?</li> <li>2. Зерттеу жұмысына қандай мақсат қойылды?</li> <li>3. Қандай міндеттер қойылды?</li> <li>4. Болжам қалай тексерілді?</li> <li>5. Зерттеу барысында қандай оқыту технологиялары мен әдіс-тәсілдері мен құралдары пайдаланылды?</li> <li>6. Зерттеу жұмысының жоспары қандай болды?</li> <li>7. Зерттеу қорытындысы бойынша қандай ой-тұжырымдар жасалды?</li> <li>8. Қандай нәтижелерге қол жеткіздіңіз?</li> <li>9. Осы бағытта болашақтағы зерттеулерге не ұсынасыз? Баяндау үшін осы сұрақтарға нақты жауап беріп, ойды жүйелі жеткізе білген тиімді болмақ.</li> <li>9. Сызбалар, чертеждер, суреттер, макеттер.</li> </ol> <p>Зерттеу нәтижесі бойынша дайындалатын баяндамада әр түрлі суреттер, сызбалар, макеттер мен чертеждер болса, ол әрі түсінікті, әрі жақсы қабылданатын болады. Мысалы: қоңыздың жүріп өткен жолын сызба картамен көрсету. Егер мекеме жобасы болса, оны суретімен көрсеткен тиімді. Ал космос кораблі немесе су асты сүңгуір кемесін көрсету керек болса макетін жасаған тиімді.</p>

1	2
	<p>10. Сұрақтарға жауап беруге дайындалу.</p> <p>Ғылым әлемінде зерттеу жұмысын қорғау ашық түрде өтеді, оған кез-келген қызығушылық танытқан адам қатыса алады. Олар авторға сұрақ қоюға құқылы. Олардың сұрақтарына жауап беруге дайын болу керек. Ол үшін алдын-ала қандай сұрақтар болуы мүмкін екенін ойланып алу қажет. Негізінен тірек түсініктерін анықтауға, анықтамаларға, ақпараттардың қайдан алынғаны және жасалған қорытынды неге негізделгендігі сұралады. Кім анық, нақты ойлай білсе, сол нақты айтып та жеткізе алады.</p>

Қорыта келе, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда жоғары оқу орнында оқытылатын кәсіптік пәндермен бірге бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің мазмұны бойынша, оқу-танымдық зерттеулерді ұйымдастыруға байланысты тапсырмаларды орындату іске асырылу керек. Студенттердің топтық, жеке зерттеу тақырыптары бойынша жасаған зерттеу жұмыстары олардың зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға даярлығын арттырады деген тұжырым жасаймыз.

*Үшінші жолы, қалыптастыру экспериментінде оқу-танымдық зерттеушіліктен ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетпен айналысуға жағдай жасау үшін педагогикалық практика кезінде студенттер бастауыш сынып оқушыларының ғылыми жобаларына жетекшілік етуге мүмкіндік туғызылды. Осы кезде жоғарыда дайындалған тапсырмалар жүйесімен, яғни оқу-танымдық зерттеу жұмыстарын және жекелеген оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасалды. Бірнеше білім алушы ғылыми жоба дайындады, атап айтсақ: «Кемпірқосақ», «Менің ахатин ұлуым», «Өсімдіктер әлемі» және т.б.*

*Зерттеу тақырыбым: «Менің ахатин ұлуым»*

*Кіріспе*

Үйге ахатин ұлуын асырап алу үлкен жауапкершілік. Ахатин ұлуын анданда шомылдырып, террариуымды тазалап, оған тамақ бере салумен оның алдындағы жауапкершілік аяқталды деу үлкен қателік. Ол жанды әрі тіршілік иесі болғандықтан оны жақсы көре білу керек және оған үлкен күтім керек. Ал қазіргі кезде балалардың жалпы жан-жануарға деген, әсіресе үй жануарларына деген сүйіспеншілік, қамқорлық сезімдері азайып бара жатыр. Себебі, балалар жан-жануарларды виртуалды түрде ғана көріп танысады, шынайы көретіндер аз.

*Зерттеу жұмысымның мақсаты:* Ахатин ұлуы мен оның түрлері туралы мәлімет жинастыру; үйде ұстау мен күтуде тәжірибелік дағдыларды игеру; ұлуымның өсу кезеңіндегі іс-әрекетін, өзгеруін бақылау арқылы оған менің үйімде тұру жайлы ма екендігін анықтау; оның өмірі үшін қолайлы жағдайлар жасау, ұлуларды үйде асырау туралы қорытынды шығару;

### *Зерттеу міндеттері:*

- әдебиет көздері мен интернет-ресурстарды пайдалана отырып, ахатин ұлуы туралы жалпы мәліметтерді зерделеу;
- ұлулар өмір сүретін террариумның жағдайын көрсету;
- өз ұлуыма ұдайы бақылау жүргізу.
- жиналған мәліметтер бойынша қорытынды шығару.

*Болжам:* ахатин ұлуларына күтім жасау туралы толық ақпарат ала отырып, оларды үйде асырау үшін қолайлы жағдайлар жасай алу. Осы жобамда қызықты да пайдалы мәліметтерді айта отырып, құрбы-құрдастарыма ахатин ұлуын тіршілік иесі ретінде құрметтеу және жақсы көру керектігін түсіндіргім келеді.

*Зерттеу объектісі:* өзімнің «Боди», «Боби» атты ахатин ұлуым.

*Зерттеу жаңалығы:* Зерттеу барысында интернет желісін, әдебиеттерді оқу арқылы ахатин ұлуы және оның түрлері туралы мәлімет жинастырдым. Кішкентай кезінен сыйға алған ұлуларыма бақылау жүргіздім. Жиналған мәліметтер бойынша қорытынды шығардым.

### *Негізгі бөлім*

*Ахатин ұлуы* - АҚШ және Африкада кең таралған. Қолда өсетін үй жануары. Оның 100 ден аса түрі бар. Бұл жануар көбінесе - үй жануары ретінде асыранылады.

Ахатин ұлуының ыңғайлы болуын қамтамасыз ету үшін оларға үнемі күтім қажет. Ең алдымен террариумды дайындау қажет. Ахатин ұлуларына арналған лайықты террариум – шыны немесе пластиктен жасалған контейнер. Бір ахатин ұлуы үшін террариумның көлемі 15-20 л болуы керек. Кейін әр ұлуды орналастырған кезде 10 литрге үлкейтіп отыру қажет. Террариумдегі қажетті заттардың бірі - топырақ. Ұлулардың күндізгі уақытта сол топыраққа кіріп демалуы үшін, террариумның төменгі жағында топырақтың қалың қабаты болуы керек. Топырақтың келесі түрлері пайдаланылуы мүмкін: кокос субстраты, шымтезек, орманнан немесе бақшадағы қарапайым топырақ. Пайдалануға болмайтын топырақ: үгінділер, тыңайтқыштары бар топырақ.

Ұлулар тропикалық Африкалық жануар болғандықтан олардың өмір сүретін жері 25-30 градус болғаны дұрыс. Олар жылу сүйетін жануар. Террариумдегі температураны бақылау үшін термометрді орналастыру керек.

*Ұлуларды тамақтандыру.* Ахатин ұлуын күн сайын тамақтандыру керек. Ахатин ұлуы күндіз ұйықтап, кешкі уақытта тамақтанады. Көптеген жемістер, көкөністер, астық қоспалары, саңырауқұлақтар, жоңышқа т.б. ұлулар үшін азық болып табылады. Террариумде қажетті ылғалдылықты сақтау қажет. Ахатин ұлулары дымқыл ортаны жақсы көреді. Сондықтан, күніне 1-2 рет террариумның ішін дымқыл шүберекпен ұлудың сілекейі мен қоқыстан тазартып, қабырғаларына су шашатын пистолеттен су шашырату қажет.

### *Зерттеу бөлімі*

*Ұлуларыма арналған террариумды дайындау*

Ахатин ұлуы үшін террариум керек. Менің екі ұлуыма террариум ретінде 30 литрлік пластмасс контейнерді таңдадым. Ұлуларға ауа жақсы өтуі үшін контейнердің бір қабырғасының төменгі жағынан, екінші қабырғасының жоғарғы жағынан тесіктер жасадым. Топырақ ретінде кокос субстратын пайдаландым. Кокос субстратын үй жануарларына арналған дүкеннен сатып алдым. Кокос субстратын сатып алғанда ол тығыздалған күйінде болды. Оны арнайы ыдысқа салып үстіне 2 л су құйып құйдым. 20 мин соң кокос субстраты топыраққа айналды. Оны алып, террариумге орналастырдым. Террариумның ішіне термометр орналастырдым. Террариумның ішін тазарту үшін арнайы шүберек, су шашатын пистолет дайындап қойдым. Террариумды дайындап болып, ішіне ұлуларымды орналастырдым.

#### *Ұлуларымды тамақтандыру*

Ұлулар тамақтандыру үшін кешкі сағат сегізге дейін тамақтарын дайындап қоямын. Ұлулар кешке ұйқысынан оянып, тамақтарын жей бастайды. Мен бастапқы күндері барлық көкөністер мен жемістерді беріп жүрдім. Бірақ, ұлулардың қандай тамақты жақсы көретінін анықтау үшін эксперимент жүргіздім. Ол үшін 3 күн зерттеу жүргіздім.

#### *Бірінші күні.*

Ұсынылатын өнімдер - қияр, салат, қызанақ, қабақ (кабачки)

Қиярды толық жеді, қабақты 50%, салатты 25%, қызанақты 5% жеді.

#### *Екінші күні.*

Ұсынылатын өнімдер - сәбіз, алма, салат жапырағы.

Сәбізді 15%, алманы 40%, салат жапырағын 70% жеді.

#### *Үшінші күні.*

Ұсынылатын өнімдер - банан, қырыққабат, дафния, астық қоспасы.

Банан 20%, қырыққабат тегіс қалды, дафния мен астық қоспасын толық жеді.



Сурет 20

Бұл тәжірибенің нәтижесінде менің ұлуларым ең алдымен, қияр, қабақ, салат жапырағын, дафния және астық қоспасын жақсы көретінін анықтадым. Әр күні тамақтарын алмастырып беріп отыру керек. Ұлуларға берілетін тағамдар дәрумендерге бай тағамдар.

#### *Ахатин ұлуларының пайдасы*

Ұлу шырышының бет күтіміне пайдасы мол. Бет терісіне қоймас бұрын ұлуларды бөлме температурасында жылы сумен жуу қажет. Ұлу шырышының

құрамында коллаген, гликоль қышқылы, табиғи антибиотиктер мен дәрумендер бар. Олар беттің әрін келтіріп, әжімді кетіреді. Денеге түскен тыртықтарды, безеудің, жараның орнын емдейді. Күйген теріні қалпына келтіреді. Сонымен қатар, жүйке жүйесін тыныштандырып, күйзелістен арылтады. Ең бастысы, ұлу шырышы аллергия туғызбайды.

#### *Қорытынды*

Осы ғылыми жобамды қорытындылай келе, ахатин ұлуларын өсіруге және күтуге қатысты келесі тұжырым жасадым:

1. Террариумның ең аз көлемі 15-20 литр болуы керек.
2. Ұлуларды күн сайын тамақтандыру керек. Террариумдегі топырақтың ластануына жол бермеу үшін тағамды ыдысқа қою керек.
3. Күн сайын террариумды тамақ өнімдері мен қалдықтардан тазалау керек.
4. Террариумның ылғалдылығы мен ауа температурасын бақылау керек.
5. Күнделікті тамақтандырғанда кальций беру оның қабығының беріктігін өсіруге және ұстап тұруға өте маңызды.
6. Ұлуларды тамақтандырғанда тұзды, тәтті қышқыл тамақтарды беруге болмайды.
7. Ұлуларды қатты суыққа немесе қатты ыстыққа қалдыруға болмайды.
8. Ұлулар ауырса, оны емдеу керек.

Ахатин ұлулары балаларға арналған ойыншық емес, оларға ерекше күтім керек. Ерекше күтім жасаған кезде ұлулар өз қалпында жақсы өседі.

#### *Құрбы-құрдастарыма ұсыныс:*

1. Жан-жануарларды жақсы көру керек.
2. Уақыттарыңызды тиімді әрі пайдалы өткізу үшін ұлумен дос болыңдар.

Дүниетану пәнінен жоба жасалынды.

#### *Жобаның тақырыбы: Кемпірқосақ*

#### *Кіріспе*

*Тақырыптың өзектілігі.* Табиғат құбылыстарының өзгерістері мен тынымсыз қозғалыстар себебін білмегендіктен бұрын жұлдыздар мен күн, ағаштар мен өзендер, бұлт пен желді тірі жандардай туатын, өлетін, дем алып, тыныстайтын, көбейетін, жүретін нәрселер деп ұққан. Сондықтан найзағайдың күркіреуі, жұлдыздардың ағуы, кемпірқосақтың шығуынан адамдарға тән мінез-құлықты байқап, олардың қозғалыстарын жануарлардың әрекеті, тіршілігі деп бағамдаған. Анимистік түсініктер кейін із-түссіз жоғалып кетпей, мифтердің өзегіне айналған, ертегілердің сюжеттік желілерінде де оның сілемдері айқын. Сондықтан да біздер өзіміздің ғылыми жұмысымызда халық ауыз әдебиетіндегі табиғат құбылыстарын, жұмбақ сырларын, құпиясын танытатын жанрлар жайындаға тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Ғылыми жобаның мақсаты: жаратылыстың, қоршаған ортаның сырлары құпия болған, кемпірқосақ ұғымын нақтылау және тәжірибе арқылы оның пайда болуын физикалық құбылыс екенін дәлелдеу.

Ғылыми жобаның міндеттері:

- Аспан әлеміне қатысты еңбектерді, халықтық аңыздарды талдау;
- Кемпірқосақ ұғымын нақтылау;
- Табиғат құбылысы ретінде тәжірибе жүзінде кемпірқосақтың пайда болуын дәлелдеу.

*Ғылыми жобаның теориялық негіздері.* Ғылыми жобаның дереккөздері ретінде зерттеуші-ғалымдар О.Жанайдаровтың «Ежелгі Қазақстан мифтері», Ә.Байбатшаның «Қазақ даласының ежелгі тарихы», Б.Әбілқасовтың «Телқоңыр» атты еңбектері, халық аңыз ертегілері.

Ғылыми жобаның дереккөздері. Ғылыми жобаның дереккөздері ретінде «Қазақтың мифтік әңгімелері», «Қазақтың бақсы-балгерлері», «Қазақ халық ауыз әдебиеті» атты жинақтар алынды.

*Зерттеудің ғылыми жаңалығы.* Зерттеу жұмысымызда кемпірқосақтың ерекше табиғат құбылысы екенін анықтай отырып, түрлі тәжірибелер арқылы қалай алуға болатынын дәлелдеу.

*Ғылыми жобаның құрылымы.* Жұмыс кіріспе, негізгі бөлім мен қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімімен тұрады.

1. Кемпірқосақ – ерекше табиғи құбылыс атты бірінші тармақшада аспан әлеміндегі оптикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Кемпірқосақ тікелей түскен күн сәулесінің жаңбыр тамшыларынан өткенде сынып, құрамдас бөліктерге (қызыл, сарғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін) бөлінуінің және тамшы бетінен шағылған толқын ұзындығы әр түрлі сәулелердің дифракциялануымен интерференциялануы нәтижесінде пайда болатыны ғылыми еңбектерге негізделіп дәлелденеді.

Сонымен қатар, "Кемпірқосақ" сөзі "Кем бір қосақ" сөз тіркесінен шыққан. Жеті түсті доғадан құралғандықтан, доғаларды үш қосқа және бір дара (қосақсыз) доғаға бөлуге болатыны, ол сөздің шығу тарихына ғылыми еңбектер мен интернет көздері не сүйеніп тоқталады.

Келесі тармақшада кемпірқосақ жайындағы аңыз-әңгімелер, ертегілер талданады. Қазақ тілінде кемпірқосақ атауының мифтік санамен байланысты пайда болған ең көне атау деп пайымдауға болады. Олай дейтініміз, бұл атаудың ізі сонау кездегі мифтік ертегі-аңызға апаратыны сөз болады.

Зерттеу жұмысымызға байланысты осы жобаның тәжірибе арқылы жасаған жұмысын толығымен береміз.

Біз, кемпірқосақ тақырыбын ала отырып, осы бір табиғаттың ерекше құбылысын арнайы күттік. Өздеріңізге белгілі, кемпірқосақ кез-келген уақытта шыға бермейді, біз оны жоғарыда да айттық, оның қай уақытта шығатынын. Осы ретте біздің көрген кемпірқосақтарымызды суретке түсірдік:

Кемпірқосақты жанды көргенмен, біз ғылымда қалыптасқан екінші түрін тәжірибе жасау арқылы түстің сынуы кемпірқосақты ала алатынымызды дәлелдеу болып отыр. Оны төменде жасаған тәжірибеде көрсетеміз:

- Ақ парақтағы кемпірқосақ

Құрал-жабдықтар: ақ парақ қағаз, шыны әйнек, күн сәулесі.

Күн сәулесінің түскендегі қолайлы сәтті пайдаланып, жалюзді жауып, арасынан кішкене саңылау қалдырыңыз. Шыны әйнек арқылы параққа түскен сәуледен кемпірқосақ пайда болады.

Көпіршектегі кемпірқосақ

Құрал-жабдықтар: табақша, су, шампунь, күн сәулесі.

Бұл жұмыста да күн сәулесінің қолайлы кезін күтіп, табаққа су құйып, шампун салып көпірту керек. Әбден көпірік пайда болған кезде күн сәулесін шыны әйнектен өткізу керек. Осы кезде кемпірқосақ түстері пайда болады.



Сурет 21

Тәжірибе арқылы кемпірқосақ түстерін қалай алуға болатынын тәжірибе жүзінде келтірді. Ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы жасалып, онда тәжірибе жасау арқылы түсті сындырып, табиғаттың түрлі-түсті бояуларын алуды дәлелденгені айтылады.

*Төртінші жолы*, зерттеушілік іс-әрекетті шығармашылық іс-әрекеттің бір түрі ретінде қарастыратындықтан бастауыш сыныптарға арналған әдебиеттік оқу пәнінен қосымша «*Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар*» атты әдістемелік құралы дайындалып, баспадан жарық көрді.

Әдебиеттік оқу пәні бойынша 2-сыныпқа арналып дайындалған шығармашылық тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын тұлғалық, пәндік, оқу-танымдық зерттеушілік және

коммуникативтік дағдыларын қалыптастырады. Әдебиеттік оқу пәнінен ұсынылған *аналитикалық және логикалық жаттығулар, танымдық, зерттеушілік және шығармашылық тапсырмаларды* орындау арқылы оқушылардың өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі жүзеге асырылады. Шешім қабылдауға және проблемалық жағдаятқа құрылған тапсырмаларды топтық, жұптық, жеке орындату барысында олардың танымдық қызығушылығын арттыру, зерттеушілікке бағыттау, шығармашылықпен ойлауын, интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ете отырып, бастауыш сынып оқушыларының біртұтас оқу әрекетін қалыптастыруға ықпал етуді көздейді. Ізденуге, зерттеуге баулитын шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ғылыми жобаларды орындауға ынтасын арттырады.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша шығармашылыққа баулу мақсатында құрастырылған тапсырмаларды орындауда оқушылар аса қызығушылық танытады. Мысалы: «Көңілді еді қыс қандай!» бөлімінде оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытуға арналған төмендегідей тапсырмалар ұсынуға болады. «Жұмбақты аяқта» деп онда жұмбақтың бастапқы жолы беріліп, оқушыларға оны аяқтау ұсынылды. Мысалы, Қалқиып ұзын құлағы, ... .

Әңгімеге жоспар құр, әңгіме мазмұнына сурет салып кел, тақырып мазмұны бойынша топтық тапсырмаларды орындау, өлеңнің екі жолы ұсынылып, аяқтап көр сияқты шығармашылыққа баулуға арналған тапсырмалар орындатылады. *Әдістемеде шығармашылық түріндегі нәтижелі іс-әрекетке арналған тапсырмалар берілді.* Оған ұғымдар мен байланыстардың, сондай-ақ оқу мен өмір тәжірибесінде жинақталған әрекет тәсілдеріне сүйене отырып, қиял мен белсенді ойлау күші арқылы қандай да бір жаңа, белгілі мөлшерде өздерінің даралық бейімділігін көрсететін тапсырмалар жүйесі жатады.

Мысалы: Өтебай Тұрманжановтың “Туған өлкем” атты өлеңінен екі жолы ұсынылып, өлеңнің екі жолын оқушылардың өздеріне құрастыртуға болады.

Неткен сұлу, неткен көркем,	Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем	Осы менің туған өлкем.
Неткен сұлу, неткен көркем,	Асқар-асқар таулары бар,
Осы өлкемді сүйіп өтем немесе	Жасыл желек баулары бар.

Оқушыларды ізденімпаздыққа баулу мақсатында өтілген тақырыптың мазмұны бойынша мәліметтер жинауға тапсырмалар берілді [164].

а) *көркем-образды жұмыстар* – бұл тапсырмаларды орындау нәтижесінде оқушылар шындықты образды бейнелеп, танылатын фактілер мен құбылыстарға эмоциялық қатынасын білдіруге тиіс (шығармалар, өлеңдер жазу, сурет салу, саяхаттар жасау және т.б.); Мысалы: *Егеменді елім, Менің Отаным, Тәуелсіз Қазақстан, Менің қалам, Туған елім және т.б.* тақырыптар ұсынылды. Үлгі ретінде «Егеменді елім» тақырыбы берілді.

б) *оқушылардың мұғалімнің тапсырмасы бойынша орындайтын шығармашылық жұмыстары* (қиындатылған міндеттерді шешу тәсілін іздеу

және қорғау, пәндік үйірмелерге қатысу, жобалар жасау және оны қорғау); берілді. Қорыта келе, бұл тапсырмалар жүйесі оқушыларды шығармашылыққа баулып, өздігінен ізденуге, кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, әдебиеттік оқу пәннен зерттеушілік іс-әрекетке яғни ғылыми жобалар орындауға жетелейтін тапсырмалар аясында алған білімін қажетіне қарай тәжірибеде қолдана білуге дағдыландыруға негіз болады деп есептейміз.

Қалыптастыру эксперименті барысында болашақ мамандардың бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану, әдебиеттік оқу пәндерінде зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың әдіс-тәсілдері, зерттеу жұмысын ұйымдастырудың құрылымы, кезеңдері, әдістемесі туралы білімі мен біліктері қалыптасты. Оған жоғарыда студенттердің педагогикалық практикасында ұйымдастырған жұмыстары дәлел бола алады.

### 3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперименттік жұмыс нәтижелері

Тәжірибелік-эксперименттің қалыптастыру кезеңінде болашақ мамандардың зерттеушілік іс-әрекетіне мотивациясын анықтау үшін әдістемелер іріктелді. Жоғарыда таңдалған әдістемелер бойынша тәжірибелік эксперименттің нәтижесі шығарылды.

Тәжірибелік-экспериментке қатысушылардың нәтижелерін сандық талдауда арфметикалық ортаның мәндері бойынша өзгерістің сенімділігін бағалау үшін тәуелді және тәуелсіз таңдамалар үшін Стьюденттің t-критериясы қолданылды. Сандық талдау Excell бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Тәуелсіз таңдамалар үшін топтардағы сыналушылардың саны әр түрлі болғандағы Стьюденттің t-критериясы келесі формуламен есептелінді:

$$t = \frac{M_1 - M_2}{\sigma_d}, \quad \sigma_d = \sqrt{\frac{\sigma_1^2 \cdot (N_1 - 1) + \sigma_2^2 \cdot (N_2 - 1)}{N_1 + N_2 - 2}} \cdot \sqrt{\frac{1}{N_1} + \frac{1}{N_2}}$$

Мұнда N1 және N2 сыналушылардың жалпы саны,  $\sigma^2$  дисперсиялары  
Тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критериясының формуласы қолданылды:

$$t_s = \frac{|M_d|}{\sigma_d / \sqrt{N}}, \quad df = N - 1$$

Мұнда  $M_d$  - мәндердің орташа көрсеткіштері;  $\sigma_d$  - айырмашылықтың стандартты ауытқуы.

Анықтау экспериментінің нәтижелерін жүргізілген сауалнама бойынша нәтижені төменде көрсетеміз. Сауалнама 10 сұрақтан тұрады. Анықтау экспериментінің сауалнамасына 120 студент қатысты. Төменде бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы талдауы келтірілді.

«Педагогикалық үдерістегі зерттеушілік іс-әрекет дегенді қалай түсінесіз?» атты сауалнамаға бақылау топтағы 59 студенттің 8% - «орташа», 14%- «орташадан сәл жоғары», 39%- «орташадан жоғары», 30% - «жоғары», 9%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды. Эксперименттік топтағы 61 студенттің 3% - «орташа», 10%- «орташадан сәл жоғары», 30%- «орташадан жоғары», 39% - «жоғары», 18%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды. 70 те 70 болған көрсеткіш, оны өзгертеміз.

«Оқу-танымдық зерттеушілік іс-әрекетке қандай әрекетті жатқызасыз?» атты сауалнамаға да бақылау топтағы 59 студенттің 8% - «орташа», 14%- «орташадан сәл жоғары», 39%- «орташадан жоғары», 30% - «жоғары», 9%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды. Эксперименттік топтағы 61 студенттің 3% - «орташа», 10%- «орташадан сәл жоғары», 30%- «орташадан жоғары», 39% - «жоғары», 18%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды.

«Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке қандай әрекетті жатқызасыз?» атты сауалнамаға да бақылау топтағы 59 студенттің 8% - «орташа», 14%- «орташадан сәл жоғары», 39%- «орташадан жоғары», 30% - «жоғары», 9%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды. Эксперименттік топтағы 61 студенттің 3% - «орташа», 10%- «орташадан сәл жоғары», 30%- «орташадан жоғары», 39% - «жоғары», 18%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды.

«Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда оқытудың қандай технологиялары тиімді деп ойлайсыз?» атты сауалнамаға да бақылау топтағы 59 студенттің 8% - «орташа», 14%- «орташадан сәл жоғары», 39%- «орташадан жоғары», 30% - «жоғары», 9%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды. Эксперименттік топтағы 61 студенттің 3% - «орташа», 10%- «орташадан сәл жоғары», 30%- «орташадан жоғары», 39% - «жоғары», 18%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды.

«Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тиімділігі неде?» атты сауалнамаға да бақылау топтағы 59 студенттің 8% - «орташа», 14%- «орташадан сәл жоғары», 39%- «орташадан жоғары», 30% - «жоғары», 9%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды. Эксперименттік топтағы 61 студенттің 3% - «орташа», 10%- «орташадан сәл жоғары», 30%- «орташадан жоғары», 39% - «жоғары», 18%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды.

«Зерттеу жұмысын ұйымдастыру кезеңдері туралы не білесіз?» атты сауалнамаға да бақылау топтағы 59 студенттің 8% - «орташа», 14%- «орташадан сәл жоғары», 39%- «орташадан жоғары», 30% - «жоғары», 9%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды. Эксперименттік топтағы 61 студенттің 3% - «орташа», 10%- «орташадан сәл жоғары», 30%- «орташадан жоғары», 39% - «жоғары», 18%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды.

«Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда тұлғалық-бағдарлы оқыту және жобалау технологияларының орны қандай?» Мысал келтіріп дәлелдеңіз. атты сауалнамаға да бақылау топтағы 59 студенттің 8% - «орташа», 14%- «орташадан сәл жоғары», 39%- «орташадан жоғары»,

30% - «жоғары», 9%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды. Эксперименттік топтағы 61 студенттің 3% - «орташа», 10%- «орташадан сәл жоғары», 30%- «орташадан жоғары», 39% - «жоғары», 18%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды.

«Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда қандай қиыншылықтар туындады? Оны қалай шештіңіз?» атты сауалнамаға да бақылау топтағы 59 студенттің 8% - «орташа», 14%- «орташадан сәл жоғары», 39%- «орташадан жоғары», 30% - «жоғары», 9%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды. Эксперименттік топтағы 61 студенттің 3% - «орташа», 10%- «орташадан сәл жоғары», 30% - «орташадан жоғары», 39% - «жоғары», 18%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды.

Педагогикалық практика кезінде студенттердің зерттеушілік дағдылары нақты зерттеу тапсырмаларын шешуге байланысты жеке тапсырмалар шығармашылық тұрғыда берілді. Зерттеу тапсырмалары негізінде алынған нәтижелер іс жүзінде, студенттердің диплом жобасының тақырыптарына байланысты мазмұнына енгізілетіні, қорытынды біліктілік жұмысының эксперименттік бөлімінің көрсеткіші болатынын терең түсінеді.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижесі зерттеу тақыбымыздың құрылымдық-мазмұндық моделінде берілген мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерге негізделген көрсеткіштерді айқындайтын сауалнама қайта алынып шығарылды. Сауалнамаға эксперименттік топтың 61 студенті қатысты.

«Педагогикалық үдерістегі зерттеушілік іс-әрекет дегенді қалай түсінесіз?» атты сауалнамаға жалпы барлығының түсініктері 100%- ды құрады. Бұл көрсеткіш «Бастауыш сыныптарда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі» атты арнайы курсты толығымен меңгергенін көрсетеді.

«Оқу-танымдық зерттеушілік іс-әрекетке қандай әрекетті жатқызасыз?» атты сауалнамаға 98% -ы оң жауап берді. Бұдан шығатын қорытынды мектепте өткен практикаларды «Зерттеу алгоритмі» атты күнделік-дәптерді қолдану барысында оқушылармен ұйымдастырған оқу-танымдық тәжірибелері жақсы естерінде қалғанын көрсетті.


«Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке қандай әрекетті жатқызасыз? Қалай ұйымдастырасыз?» атты сауалнамаға 85%-ы дұрыс жауап берді. Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке жататын іс-әрекетті айтқанымен, қалай ұйымдастыратынына қиналғандар болды.

«Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда оқытудың қандай технологиялары тиімді деп ойлайсыз?» атты сауалнамаға 95%-ы дұрыс жауап берді. Негізі жауап бергендер өздерінің жұмыстарымен де байланыстыра білді.


«Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тиімділігі неде?» атты сауалнамаға да 100%-ы оң жауап берді. Бұдан студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгергенін көреміз.«Зерттеу жұмысын ұйымдастыру

кезеңдері туралы не білесіз?» атты сауалнамаға 87%-ы дұрыс жауап берді. Қалған пайыздары әлі де кезеңдерді толық ажырата білмейтінін көрсетті.

«Бастауыш сыныптарда зерттеушілік іс-әрекетті дамытуды тұлғалық-бағдарлы оқыту және жобалау технологияларының орны қандай?» Мысал келтіріп дәлелдеңіз атты сауалнамаға да 86%-ы оң жауап берді. Өздерінің және практика кезінде ұйымдастырған зерттеушілік жұмыстарымен байланыстыра жауап берді. «Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда қандай қиыншылықтар туындады? Оны қалай шештіңіз?» атты сауалнамаға 93%-дұрыс жауап берді. Туындаған қиыншылықтарды оқушылардың зерттеу жұмыстарының тақырыптарын таңдаудағы тұрақсыздықтары, шешімдерінің өзгермелі болуы, зерттеу жұмысы туралы толық түсіндіргеннен кейін алғашқы тақырыпқа қайта оралғандарын мысалға келтірді. Сонымен, мамандық бойынша оқитын студенттердің оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлықтары бар екенін және оны тәжірибеде қолдана алуын тәжірибе жүзінде дәлелдеулерінен айқын байқадық. Студенттердің оқу мотивациясын Пакулина С.А., Кетько С.М. бойынша және оқудың ішкі мотивациясының дамуын анықтайтын Т.Д. Дубовицкая сауалнамасы бойынша эксперименттік топтың зерттеушілік іс-әрекетке қызығушылықтарының артқанын, яғни жоғарылағанын көреміз. Бұл мамандық студенттерінің зерттеу жұмысымен айналысуға университет қабырғасынан дайындығының жоғарылығын реферат, курстық, диплом жұмыстарын орындаумен қатар пәндік олимпиадаларға қатысуы, мектеп практикасында ұйымдастырған зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтары деп түсінуге болады. Зерттеудің қорытынды нәтижесі төмендегі кестеде келтірілді. Бекіту экспериментінде зерттеудің бастапқы анықтау кезеңі мен қалыптастыру эксперименті кезеңіндегі нәтижелерді салыстырмалы көрсеткіштері диаграммамен келтірілді.




Сурет 22 – Пакулина С.А., Кетько С.М. бойынша  
«Педагогикалық ЖОО студенттерінің оқу мотивациясы»



Сурет 23 – Оқудың ішкі мотивациясының дамуын анықтайтын Т.Д. Дубовицкая сауалнамасы

Кесте 20 – Эксперименталды және бақылау тобындағы студенттердің креативтілігінің даму деңгейі


Студенттердің креативтілік деңгейі	Эксперименталды топ		Бақылау тобы	
	Эксп дейін	Эксп кейін	Эксп дейін	Эксп кейін
Өте төмен	7,4%	2,3%	9,2%	8,3%
Төмен	23,9%	16,2%	25,9%	25%
Орташа	32,5%	39,2%	31,7%	32,5%
Жоғары	19,7%	24,2%	19,9%	20,8%
Өте жоғары	16,5%	18,1%	13,3%	13,4%



Сурет 24 – Дж. Рензуллидің креативтілік сауалнамасы (Е.Е. Туник адаптациясы бойынша)

Кесте 21 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Өзін-өзі дамыту мен өзіндік білім алу қабілетін бағалау (В.И. Андреев) нәтижелері


Педагогикалық тәжірибе- эксперимент алаңы болған жоғары оқу орны	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	ЭТ (n=78)	БТ (n=79)	ЭТ (n=78)	БТ (n=79)
Шкала 1. Өзіндік білім алу	20%	27%	24%	24%
Шкала 2. Өзін-өзі тану	10%	6%	5	7
Шкала 3. Өзін-өзі анықтау	12%	9%	8	10
Шкала 3. Өзін-өзі басқару	13%	10%	14	10
Шкала 5. Өзін-өзі жетілдіру	15%	14%	17	16
Шкала 6. Өзін-өзі жүзеге асыру	17%	15%	18	17
Шкала 7. Өзін-өзі дамыту	13%	19%	14	16
Барлығы	100%	100%	100%	100%



Сурет 25 – А.А. Реанның тұлғаның зерттеу бағытын анықтау әдістемесі - жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеу

Келесіде В.И. Андреевтің шығармашылық, жауапкершілік шешімдерді қабылдау қабілетін бағалау әдістемесі бойынша салыстырмалы көрсеткішін келтіреміз.

### В.И. АНДРЕЕВ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАБІЛЕТІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ



	Шешім қабылдаушы	Жауапкершілікті	Стратег	Интуитивті	Шығармашылық	Шыншыл
■ Бақылау тобы	15,5	15,4	18,6	18,4	20	12,1
■ Эксперименттік топ	14,2	13,3	21,1	17,1	21,1	13,2
■ Алғашқы көрсеткіш	15,1	12,6	19,3	18,7	19,2	15,1

Сурет 26 – В.И. Андреев бойынша шығармашылық, жауапкершілік шешімдерді қабылдау қабілетін бағалау

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үшін Дж. Рензулли мен В.И. Андреевтің креативтілік және өзін-өзі дамыту мен өзіндік білім алу қабілетін бағалау әдістемелері қолданылды. Бұл тесттерді қайталап жүргізуде эксперименттік топта айтарлықтай нәтижеге қол жеткіздік. Оған дәлел эксперименттік топта экспериментке дейін өте жоғары 16,5 %, жоғары деңгей 19,7%, орташа деңгей 32,5%, төмен деңгей 23,9%, өте төмен деңгей 7,4% көрсетсе, эксперименттен кейін өте жоғары 18,1%, жоғары деңгей 24,2%, орташа деңгей 39,2%, төмен деңгей 16,2%, өте төмен деңгей 2,3% көрсетті. Осы айырмашылықтардың сенімділігін бағалауда тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критерийі бойынша келесі болжамдарды белгіледік.

1.  $H_0$ : эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасындағы даму өзгерісі бар;

2.  $H_0$ : эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасындағы даму өзгерісі жоқ.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау студенттердің өздерінің кәсіби таңдау әдістемесі бойынша қайта тексерілді. Алынған тест нәтижелерін қорытындылайтын болсақ, зерттеушілік іс-әрекетті бақылау тобында 17,5% эксперименттік топта зерттеушілік іс-әрекетті 18,3% таңдаған. Сауалнама нәтижесі диаграммада берілді. Қорыта келе, болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеу іс-әрекетін дамытуға даярлығы жүйелі ұйымдастырылған жұмыстың барысында теориялық талдауларға сүйене отырып, дайындалған арнайы курс бағдарламасы мен әдістемесі негізінде алдымызға қойған болжамның дұрыстығы дәлелденді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ұсынылған болжамды дәлелдеген зерттеу жұмысының нәтижесі төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Жоғары оқу орнында болашақ мамандарды даярлау мәселесі зерттеуде психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар негізінде теориялық тұрғыда негізделеді. Психологтардың ғылыми еңбектеріне негізделген психологиялық даярлықтың басым бағыттары талданады. Болашақ мамандарды педагогикалық даярлау тұрғысынан зерттеулерді талдау барысында зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастырудың кезеңдері, құрылымы, оқу-танымдық зерттеу мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының айырмашылығы көрсетіле отырып, студенттерді ізденуге баулудың зерттеушілік дәрежесімен сипатталады.

2. Философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектердегі “зерттеу”, “зерттеушілік іс-әрекет” ұғымдары кешенді және жүйелі зерттеу нәтижесінде нақтылануымен мәні мен мазмұны ашылды. «Зерттеушілік іс-әрекетті» ұғым ретінде жеке тұлғаның ақыл-ой дамуының жеткілікті деңгейімен және оны жүзеге асыру бойынша білім беруде оқыту үдерісінде және студенттердің өзіндік зерттеу жұмыстарында жүзеге асырылатынымен сипатталатын, ізденімпаздық пен шығармашылық іс-әрекетті қамтамасыз ететін күрделі құрылым ретінде қарастырамыз.

3. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері шетелдік және отандық ғалымдар еңбектеріне сүйеніп айқындалды. Психолог, педагог, әдіскер ғалымдардың зерттеулерінің қорытынды ой-пікірлеріне негізделіп, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мәселесі зерделенді. Болашақ бастауыш сынып мамандарының ғылыми-зерттеу әрекетіне даярлығы – бұл зерттеушілік іс-әрекетке тұлғаның ұмтылысын, әдіснамалық білімдер жүйесін, зерттеушілік біліктер кешенін және әртүрлі жағдайларда ғылыми-зерттеу әрекетін орындау тәжірибесін қамтитын тұлғаның кешенді мүмкіндігін көрсететін сапалық қасиеті.

4. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, құзыреттілік, синергетикалық, кәсіби бағыттылық тұғырларын негізге ала отырып, студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қойылатын талаптар түрінде оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың дамыта, ғылымилық, өмір мен практиканың байланысы, жүйелілік және бірізділік, нәтижелі шығармашылық, проблемалық, субъектілік принциптері басшылыққа алынған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Ұсынылған модель негізінде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үдерісінің өзара байланыстағы және

өзара тәуелділіктегі мотивациялық когнитивтік, іс-әрекеттік компонентердің мазмұнымен анықталады.

